

12015

3623к

ЕРКЕГҮЛ АРЫҚҚАРАҚЫЗЫ

ӘҢГІМЕЛЕР

ЭССЕ-ЕСТЕЛІКТЕР

ӘДЕБИ СЫН, ЗЕРТТЕУ

ТҰМАР МҰҢ

ЕРКЕГҮЛ АРЫҚҚАРАҚЫЗЫ

ТҮМАР МҰҢ

Әңгімелер

Эссе-естеліктер

Әдеби сын, зерттеу

УДК 821.512.122 + 22.502.122.09

ББК 84 (5 Қаз)

А 86

«Көкше» академиясының Ғылыми Қеңесінде талқыланып,
баспаға ұсынылды.

Пікір жазғандар:

М.Ә. Топашов – филология ғылымдарының кандидаты,
«Көкше» академиясының профессоры

А.Т.Қажыбай – филология ғылымдарының кандидаты,
«Көкше» академиясының доценті

Арыққарақызы Е.

А 86 Тұмар мұн. Қысқа әңгімелер. Эссе-естеліктер. Әдеби
сын, зерттеулер. / Е. Арыққарақызы – Көкшетау: «Көкше»
академиясының баспасы, 2015.– 288 бет

ISBN – 978-601-206-084-3

Еркегүл Арыққарақызының оқырман қауымға ұсынылып
отырған бұл кітабына „Жан дауа”, „Сағыныш”, „Өмірзая”,
„Запыран” сияқты философиялық әңгімелері мен мифопоэтикалық
иірім мен ырғак, мистикалық болмыс, бояуға құрылған „Күн
қызы”, „Нәр”, „Тұмар мұн”, „Қызық лебіз” туындылары енгізілген.

Ал, еңбектің екінші бөліміне «Жақсының жақсылығын айт...»
төптамалы эссе-естеліктерінен «Жақсы адам – басқага жақсылық
жасаған адам», «Әке сенімін ақтаған», «Откен күнде белгі бар...»,
үзінділері ұсынылса, үшінші бөлімінде «Алтайдан ұшқан ақын –
Ақыт ақын», «Жүрші әке, намазға жығылайық!», «Монголиядағы
қазақ әдеби сынны» т.б. жаңа ғылыми мақала, зерттеулері
толастырылып отыр.

Еңбек әдебиет сүйер, сөз мәйегін таныр көпшілік оқырманға
арналады.

УДК 821.512.122

ББК 84 (5 Қаз)

ISBN – 978-601-206-084-3

АЛФЫ СӨЗ

Өзінің тұщымды әңгімелерімен жан жадыратып, жақсы әсерге бөлеп жүрген Еркегүл Арыққарақызының бір топ мөлтек әңгімелерін оқып шықтым. Олар: „Күн қызы”, „Әбу”, „Қызық лебіз”, „Запыран”, „Жан дауа”, „Нәр”, „Тұмар мұн”, „Өмірзая” т.б.

Осылардың ішінде „Әбу”, „Запыран”, „Жан дауа”, „Нәр”, „Тұмар мұн”, „Өмірзая” әңгімелері „Жұлдыз” журналының 2011 жылғы №2 санында жарияланды.

Еркегүл әңгімелерінің аяқ алысы ширак, ой-сезім үшқырлығы басым. Көнігі прозаның тіл бедері менмұндалайды. Жанр табиғатын жақсы игерген қаламгердің кең тынысы сезіледі. Шымырлап, қайнап жатқан дүниенің сыр-ұштығы Еркегүл кейіпкерлерінің ішкі жан-дүние толқынысы, ой-сезім бүрқағы арқылы оқырмандар назарына жайып салынады. Көңілінді баурап, ой-сезімінді еліктіреді. Автордың көркемдік танымы өз тереңіне тартып, сарабдал сана түкпірін шымырлатады, шамырқандырады. Оқырманның ой, сезім, қиял дүниесін дүр сілкіндіріп, тыншу бермес, алапат нұрлы ағынның селіне тап қылғандай, бей-жай, самарқау көңілдің тынышын алғандай, ойран-асыр ететіні бар. Автордың көркемдік көкжиегі, ой тұнықтығы, сезім парасаты жанынды шабактап, ой-қиялышызға қозғау салып, әлдебір нұрлы әлемге, сәулелі дүниеге үмсіндырып, арбайды. Бір сәттік сәуле-ғұмырдың болмысына үңілдіріп, адам жан-дүниесінің таусылып болмас, мәңгілік саударына жауап іздейсін.

Бір ерекшелігі Еркегүл әңгімелерінде авторлық таным, сезім сырлары, шындық сипаты өз болмысын толық ашпай, жадағай, жалаң күйде көрінбей, жартылай жұмбақ, емеурін, түспал тәсіліне құрылып, ақиқат сырын өзі жасаған көркемдік, поэтикалық әлеміне бойлату арқылы ұсынып отырады.

Анық байқалған бір жағдай: Еркегүл әңгімелерінде қазіргі жаһандық әдебиеттегі постмодерндік үрдіс, әуен, сыр-сымбат бар. Кейде автор өзі жасаған поэтикалық әлемнің иррациональдық қабатына тым терең бойлайды. Сондай жағдайда оқырмандар

әлемін де ескеріп, реалдық ситуация болмысының қеңістігі мен ахуалынан хабардар етіп отыруды ұмытпаса болғаны.

Мистикалық, мифопоэтикалық палитрасы басым әңгімелердің бірі – „Құн қызы”. Дағдылы оқиға желісі жоқ. Кейіпкерінің жан әлемі, жан сыры ғана бар. Ішкі болмысының жан жұмбағы бар. Ой мен сезім өз тұңғиғына тартады.

Жан драмасы, жан трагедиясы „Әбу” әңгімесінде жақсы өрілген. Кейіпкерінің сергелден тағдыры шамырқандырады.

Жастардың өзіндік қызық мінез-болмысы, психологиясы „Қызық лебіз” әңгімесінде көрінеді.

Осынау тіршілік болмыстың бір сәттік жалған сипаты мен бұралаң болмысы „Запыран”, „Жан дауа” әңгімелерінде сыр үштығы болып тартылады.

„Нәр” мен „Тұмар мұң” әңгімелерінде де мифопоэтикалық иірім мен ыргак, болмыс, бояу бар.

Қатпары қалың қейіпкердің бірі „Өмірзая” әңгімесіндегі – Тамыржан. Тағдыр соққысын бір кісідей көтерген осынау әйелдің ішкі тіні берік. Тағдыр дауылына төзімді. Қалып, болмысы белекше осы бір әйел өзіндік ішкі жан сырымен оқырмандарын өз тұңғиғына тартып, баурайды.

Ішкі жан трагедиясымен көнілге қаяу мұң ұялататын Тамыржан тағдыры, болмысы әңгімеге тақырып болып отырған өмір зая сөзі арқылы оқырмандарын тіршіліктің осындау түйткілді пәлсапасына өкелгендей.

Қорытындылай сөйлесек, қазіргі қазақ прозасына лирикалық, пәлсапалық сипаттағы әңгімелерімен жарық етіп көрінген Еркегүлдің қалам қуаты ширақ, поэтикалық өрісі кең де, тынысты. Алдағы уақытта да біз Еркегүлден ой мен сезім дүниесіне еркін шарықтата беретін сәтті, өрелі туындылар күтеміз.

Жәмбек Сәбит Нұрмагамбетұлы
доцент, филология ғылымдарының кандидаты

ЖАН ДАУА

Алладан адамзатқа берілген алғашқы ақыл – нұры бәлкім осылай сезілген шығар? – деп өз-өзіме сұрақ қойдым да, дереу мен ақылдан алжасқан шығармын деп ойладым.

Қақ төбем екіге жарылып кеңістіктегі саф ауаны сезе түйсініп тұрган сияқты. Екі көзім жұмулы, ұйықтап жатқан да сияқтымын. Бірақ көкірегім сایрап тұр, санам сол қалпы ояу. Түс емесіне күмәнім жоқ. Міне басым, міне қолдарым, иә, бірін-бірі сезеді. Демек, бәрі рас... Оң жағымда ұлым, сол жағымда қызы балам тәтті үйқыға шомылған. Кереуеттің шетінде жан-жарым, әйелім ақырынғана тыныстал қара барқыт тұн тыныштығын жамылған. Үстіне жартылай жамылған атлас көрпенің бір шеті суси сырғақтап төсектен төменірек түсіпти.

Ақын жігіттің өзіне осы көріністер төбеден үңіле бақылап тұргандай сезілді. Бір сәт жар көрпесін көтеріп алып қымтап қойғысы келді. Бал үйқыға балбырап жатқан балаларын аялы алақандарымен сипағысы келеді. Бірақ... Қолынан келмеді. Өзі олардан тым алыста тұрган сияқты. Неге еkenін де түсінбеді. Элде суынып кеткен бе? Неге?

...Сұнғақ бойлы, ашық мінезді, жайдары жарының көрген адам көз тоқтатарлықтай сымбаттылығын іштей мактан тутатын. Өмірдің аты – өмір. Осы бір ғұмыр атты жалған дүние пендесіне әр күн сайын әрқиылды бетін ашады. Сан құбылған бүл фәниде жарының ақылға бай, атақты жерден шыққан әйел болып жолыққанына көнілі тогайып қалатыны рас.

Сонда, санаға салмақ түсіріп алшақтық араласатындағы еш себеп жоқ.

Аяқ асты бір әзәзіл ой сап ете түсті. Әп-сәтте тұла бойы тітіркеніп шошып кетті. Жоқ, мүмкін емес! Әлі ерте емес пе. Оның үстіне екі баламның тағдыры не болады. Ерте, тым ерте фой...

Қай - қайдағыны ойлап не болды маған?!

...Сонғы кездері мазасыз ойлар қаптап кетті. Біраз демалып тынығу керек – деп күбірледі, өзін-өзі жұбатқысы келгендей Ақиық. Ертең ерте жұмысқа бару керектігін тағы есіне алды. Үйықтау керек. Бірақ әлгі бір сүм ойлар тағы қаптап бас көтере бастады...

– Шынымен-ақ, алданыш. Осынша жалғандықты сезінгенімнің сырлы неде. Әлде үлкендерден еститін Алланың сездіргені ме?! – деді, өзінен сұрай сыйырлап. Тағы өне бойы түршіге қорқынышқа бой алдырды. Әйттеуір бір арпалысқа түсті. Ішкі әлемінен біреу үн қатып қарсыласып отыр. Бұл іштей өз айтқанын, өзінің сұрақтарын қойып әлдекіммен қатарласа тілдесіп отыр.

Көшे бойлап келе жатқан Ақиық бір сәт айналасына көз тастай қарап еді, еріксіз бір қимастық сезімге бой алдырды... Өзімен қатарлас келе жатқан ешкім болмаса да дәл жанынан шыққан оқыс дауысқа селт ете қалды. Құлағының түбінде сақталып қалған үн „әлі ерте фой, неге асықтым” – деп жанғырыбып түр. Ой ауанына шырмалған жас жанының дауысы екенін енді ғана анғарған Ақиық сасқалақтап жан-жағына жалтақтай қарады. Бір тілегім бар – деді, тағы да жан әлемімен қарсыласа. Осы сәтте бірін-бірі қуалай ойнап, күміс құлкіге шомылған қос балдырғанының дауысы құлағына келді. Осылардың жанында отырғаным мынау, соншама алыста отырғандай өр түрлі ойлар қалай келіп отыр маған, – деп тағы сұрады. Іле - шала: Қос қанатым қатайса деп едім. Соны көруге сзызығымды жеткіз! – деп, Алладан сұрады. Бозамық бояуға малынған бозғыл түске бой алдырғысы келмегендей орнынан көтерілді.

Магнитофонға жана шыққан кассеталардың бірін қосты. Жабырқаған жанына бір сөуле шашырағандай қуат сезілді... „Жанарлардан тіл қатып жүректерді жырлатып, Өмір атты айдында

мың бүлкынып бір батып, шын сую де бір бақыт” – деп аяқталған ән өуесіне қосыла ыңылдады. Дауысын естіп қуанып қалған Ақыық есіне құйтақандай қара қызды алды. Жаны жадырап бір сәт өне бойына жылыштық лебі сезілгендей болды..

– Оу, махаббат, не деген киелі едің, – жанымда жетпей жатқан, жанымды жалғызыратқан да сен екенсің ғой! Қашан сені жоғалтып алғам?! Мүмкін, жанымда жүрген шағымда таба алмаған болармын. Махаббат?!

Ән әуені тұла бойын түмшалап жасырған мұңын сыр сандық құпиясынан ақтара салғандай күйге бөледі. Қара қыз, кара қыз сен менің періштемсің, Оны өзің білмейсің, сезбейсің! – деді қуаныштан жүрегі жарылардай шаттанып...

...Жастық шақтың жалынды шағы алыста қалғандай сезілді. Сағыныш деген қандай құдіретті сезім. Откен өміріне қайта оралғандай күйге бөлейді екен-ау?!. Осы күндер қашан сағынышқа айналып кеткен. Әнді қайталап тыңдады.

Кішкентай қаршығадай ғана қара қыздың бойына Алла қандай қуатты дауыс берген десенші – деп таңданды ішінен. ...Жаным, періштем, түрған түріңнен сенің айналдым, Қара қыз! – деді, Ақыық жан сырын жасыра алмай. Құйқылжыта салатын қоңыр даусыңың жағымдылығы, жайлыштық жанға рахат сыйлайды ғой, Қара қыз.

Жайдары жаз жамалындағы жазира жаратылысқа ие қоңыр даусың жан шуағына бөлейді-ау, Қара қыз! Жаным жалғызырап барады. Сенің даусыңың толқын қуаты жанымда дауа, Қара қыз. Әнші қыздың құдіретті дауысы:

„Кім екен мені өзіңе дуалаған?!

О, тоба!

Мен неғылған өлермен ем?!” – деп келіп, аяқталар шақта Ақыық та қосылды. Ән өуені сезімнің селін, сенімнің тінін ағытқан сәтте жас жігіттің жанына ерекше күш бергендей болды.

Бойды билеген бозкемік ойлар шеруі тағы бой көтерді. Ойлы-қырлы орағытқан ойлардың шыңырауынан жан - тәнін арашалар пәрмен берсе екен...

Таңның атар шағымен арпалыса асыққан Ақынқ аз аялдауға да шамасы жетпей тездете киінді де үйден шыға жөнелді. Тез кездескісі келді ме, жанына жылу іздегені ме өзі де түсінбеді. Әйтеуір дүрсілдей соққан жұдырықтай жүргінің бүйрүғын екі етуге дәрмен жоқ, соған қарай ұшып келеді...

Жаңбырдан кейін айнадай жарқырап жатқан қара жол бойында сырғанай жүйткіп келе жатқан жеңіл автокөлік. Артқы орындықта домбырасының қос ішегін алма-кезек саусақтарымен іліп-қағып әр пернеге әлсін-әлі әуез қоса ыңылдан салған жайлыш дауыс Ақынқ жанына жайбаракаттық сыйлас, бір жасап қалған еді.

Бүгін міне, сол сәтті есіне алғысы келгендей тағы да жолға шықты. Бірақ... Көлденеңінен көлбей берген көк пері елес жол кесіп, бар болмысына күдік кіргізді. Екі көзі шоқтана жанған, құйрығы қызық қап-қара мысық иен даладағы ағаш арасынан оқтай атылды. Бір-біріне жол беріспей, аңдыса арпалысқан қас-қағым сәт сондай ұзаққа созылып кеткендей болды. Жан-жағына аландай қарап аласұрған жігіт жолдың келесі бетіне көз салғанымен „әлгіні” көре алмады. Осы нағыз... нағыздың өзі емес пе? – деп ойлай бергені сол еді...

Қателеспеді... Бәрі де тәмам...

...Бисмиллаh, бисмиллаh!!!

30.10.2003.

САҒЫНЫШ

*Аңызғаққа шаң шудасы түрліп,
Сол татырдың беті кеткен тілініп.
Қалтырайды жұлма-жұлма сағыныш,
Сексеуілдің бұтауына ілініп.*

*Күмдақ дала. Дода-дода күзгі уақ,
Қаңбақ өтеді бір жыраға «мызығып» ап.
Сары белде сары орамал бір қыз түр,
Айдақ жұзін ыстық моншақ сыйылан.
Көкей Жаңжұнұлы.*

Тағы да сол жерге келді. Күту үшін.

Жапырағы сарғыш тарта бастаған еменнің саясындағы ағаштары қурап, өңінен айырылған ескі орындық. Орындық арқалығына ойылған жазулар өлденеше жылдардың ізі. Қашан қашалып таңбаланғаны, кім жазғаны зымырап жатқан уақыт ағысының қойнауына сіңген құпияға айналған. Бүгіндері беймәлім сырғын сыралғы етпей сақтаған сиқырлы дыбыстар сияқты сартап сағыныштың сазынан ғана елес беретін белгі іспеттес.

Айшөрек артына бұрылып орындық арқалығына қарады. Осы орындықтағы әрбір өзек пен өрнек көзіне оттай ыстық. Тек осы орында ғана отыз бес жыл, тек осы саябақта ғана отыз бес жыл гұмыры өтті. Күтумен. Келіп қалса көрмей қалып жүрмесін деген ізгі үмітпен. Отыз бес жыл көкірекке толған сыр мен мұнды сағынышты, арайлы асқақ арманын бөліскең ғапыл уақыт.

...Жарты өмірін үрлаған, қиял қуып, тәтті мұнға, тылсым сырдың жетегіне бөленіп, сағыныштың қамқа тонын жамылып, жанарлардан үміт шоғын жандырып, жабығыңқы өмірінің мәнін мәңгілік отты сезімге айырбастап жалғыз жарты, жарты да емес һәм екеку болып елес өмірге жұтылған жарты гұмыр өтті.

Сол елес, сол сұлу бекзат бейне... бір күні анау күз өмірдің сарғыш тартқан алтын жапырақтарының сыйбырымен ілесе келіп қулағының түбінен ақырын ғана сыйырлап, „Мен келдім, Айшөрек!” дейтін сияқты. Бұрылып қараса... сол баяғы сұлу да маң тере, сол баяғы қалиқалы сабырлы қалпы, құдай-ау, тіпті мына уақыт деген өлшеуіштің тізгінін тоқтатып коярдай, ...әлі ...әлі де болса бұларды күте түрардай... өздері де, не тәйірі, қартаймай мәңгі, мәңгі бірін-бірі асқыпай күтіп, жасарып жүрердей...

Жан әлемінің бар сұлұлығын қос жанарына жинаған, ақшыл түстес көзіндірік әйнегі де сол жарқын жанарынан төгілген

шапағатты жасыра алмаған. Сол баяғы, бекзат бейне, сол баяғы ақыық, байсалды болмыс.

Жаны нұрланды... өмір кітабының сарғыш тартқан әр парагы сағыныштың сартабына сарғайған, сары алтын түстес өріппен қашалып, сары баяуға малшынған, мұңлы да болса тәтті сағыныш күйіне айналған... өмірінің әр сәтін... өмірінің сарғайған алтын күздін адад ақ арманына арнағанына... мәңгілік арнағанына...

Жаны нұрланды... Осы ескі саябақтағы емен саясындағы ескі ағаш орындық екеуінің ең алғашқы ең соңғы тіл қатысып, сөз байласқан сәттеріне күә болған, дәл сол мезеттен бері жастықтың жалынды жаз шағын күтуменен күз өмірге алмастырған, әр кеш сайын қолына жазған жаңа хатын төрт бүктеп – сезім кілтін бос қойып, сері қаламын қайқандатып ой маржанын отты жалынға орап, ешкімнен де именбей бар әлемін жан әлемін ақ қағазға ақтарып, „жаным” деген жалғыз сөзben қос жүректі жылығтар, қос тілекті үғысар сәтке асырып келіп, жауынға да, дауылға да қарамай, қайтпай өткізген жас ғұмырының жалынды сәті, жанының жас үміті босқа өшпегеніне... мәңгілікке біржола күте беретініне...

Тек сол ой, сол сезім басқа ешқашан... ешуақытта... басқа біреу мұның жастық өмірінде де, сағынышқа айналып сағымға жұтылған сары күз өмірінде де болған емес...

Бәлкім... соңғы үміті үзілер сәтте... „өзекті пенде өкінішсіз болушы ма еді?!”, сол оқиға есіне еміс-еміс келе бастанды...

Өң-тұс екені, өткен өмір елесі екені, әлде не еді?!

Әйтеуір құпиясы тым терен, тұңғылғық бір күй. Өзі „Алланың сынағы” деп жорыды.

...Сол күні қаңғалақтап қаңбақша үшып жергілікті басылымдардың біріне барды. Пенде шіркін „әр табалдырықты аттағанда не күтіп тұратынын білмейді”. Сол жерде тұңғыш рет емес, әйтеуір осы жігітпен ойда-жоқта үшырасты. Әуелі көзіне жас кезіндегі қалпын елестетті. Алғаш кездескенде мойнына мінгізіп алған алтын асықтай қызы, сымбатты сұлу жары қасында еді. Содан кейін... жолыққанда Ақберенше айтқанда, „саусақтарының үшында тірі пендеге көрінбес алтын қауырсын дірілдеген” арындаған асасу қалам, арғымақ-шабытты ол ел-жүртyna танымал тұлға болып қалыптасты. Жақын барып амандастып еді танымаган сыңай танытты. Содан бері де біршама уақыт өткен еді.

Бұл жолы күтпеген кездесу болды.

Қала сыртындағы адам аяғы аз саябақта екеуі отырып әңгімелесті. Бірақ сез сезге жуыспай, ой оймен қыыспай әңгімедүкен қызбады.

Бұл кеш қыз үшін қиянатты сұраққа жауап таптай тығырыққа тіреліп, далбаса күй кешкен, бәлкім, өмірдегі өзінің шындығымен бетпе-бет келген сәт болды. Жан сарайын өлем тапырақ етсе де ақтала алар шамасы да болмай әуреге түсіп еді.

– Сенің жеке өмірің қызықтырады! – деген күмәнды сұрақ қыз жанының жарасын тырнаң өткенін сезімтал жүректі ақын сезді ме екен сол сәтте?!

Осыдан бастап жалғыз басты емес... әйелге ақынның барниетті ақ жолға бағыштаған ақ қанат жырлары арнала бастады.

Өлең... Сөз... Өлең сөздің қуаты...

Сол сезім... сөз құдіреті еліткен сұлу сезім...

Жаралы жүргегімді қансыратып өшірме? – деп жалбарынды өуелі Тәнірден, содан соң ақыннан.

Бүгін тұс көрді. Сары алтынға оралған су перісінің жанына жантайып жатқысы келді. Алау нұрдың жылуын жанымен сезінгісі келді. Жанды пенде болып жаралғалы бері жанына жетпей келген жылуды осы періден табатында сезіледі. Ол қос қанатын жайып жанына тартады.

Шіркін-дүние... Сол жылуға жанын біржола бергісі келеді, сол алтын нұрдың шүғыласына бөлөнгісі келеді. Бірақ, байыпташ қарал еді, басы адам тектес, бірақ жануар текті түркы бар мақлұқат екен. Адамға ғана бұйырған сезім патшалығына аялдаш көрмеген жаратылысы, адамның сезімімен ойнағысы келетінін жасырмайды.

Бұл жан-дәрмен су перісінің алтын шағылысқан сөулесінен алшақтай бастады. Ол отты қанаттарын жарқ-жүрк өткізіп жая салып қызға үмттыла түсті. Қатты қысып, қанатына тартқысы келетін төрізді.

Қыз қатты қорыққанынан артына қарай-қарай жүзіп келеді. Көз қарықтырар алпауыт шүғылалы алтын қанат су перісі өкшелеп жүзіп әне-міне жетті-ау деген кезде...

Кенет көк мұнар мұхит аралын алысқа, тым алысқа қалдырып сар татыр шағыл құмға кез келді.

Енді артына бұрылыш қарауға жүрексінді.

Сырғып өткен уақыттың тағы қанша сағаты соққаны белгісіз.

Сол татыр, сол шағыл құм, сол օқиға бәлкім, бәлкім...

Қос ғасырдың тоғысында Эз-Ұяның төрінде байырғы түркілердің Қара шаңырағын еншілеген Қазақ жерінде ел

астанасының қазығын қадап, аяғын тәй-тәй басқан баладай қаз түріп, қатар тізіп, аз ғана уақыттың құмсағатын жылжыға беріп, төңіректегілермен терезесін теңеп, тыныштық пен татулықтың төл нышаны мәрт мінезді дархан далада мәрмәр тастан көз жанарындай мөлдіреп бой түзеп әсем шәр салынды.

Бұл жаңа ғасыр көшіне ілесе келген Қазак Елінің жаңа Астанасы еді.

Жадыраған жаз құндерінің бірінде туыскандарының жеңіл көлігіне отырып Астанадан жиырма-отыз шақырым қашықтығы бар кішкене ауыл іргесіндегі Сары бұлаққа су алуға барған.

Бұлақ басына келгенде бұлар кәдімгі алып адамдарға тап болды.

Екі жұз, үш жұз літрлік бөшкелерге су толтырып тұрған алпамсадай жігіт ағасымен қол алысып амандақсан жездем одан әрменіректе отырған ақсақалға көзі түскенде таңданып қалды.

Жездей қол алдысуға бұрыла бергені сол еді ақсақал орнынан ылп етіп жылдам үшүп түрді да үпір-шүпір болып таңданысып қалған бізге қарай адымдап келе жатты. Мұндай алып адамдарды үшырастырғанымызға барлығымыз аң-таңбыз.

Ел астанасының айналасына алыс-жақыннан көшіп келіп қоныстана бастаған адамдар бір-бірін жатсынбай-ақ „әу дегеннен” таныстықты бастап, ел мен жер тарихынан, тіршілік, қоныс жайынан сыр тартып „Еліміз, елдігіміз берік болсын, Отан тыныш, қоныс құтты болсын!” – деген бір тілекке үйып, терең-терең тарих қойнауларынан сыр шертетін әңгімелер өрбітетін.

Ақсақал әуелден-ақ осы өнірді өзінің бірнеше атасынан бері мекендереп отырғанын зор үнімен, тамағын кенеп-кенеп қойып баяндап берді.

Бұлақ басына нышан ретінде темірден жасалған үлкен шаңырақ қойылыпты.

– Сарбұлақтың сүйнің емдік қасиеті бар, жер астынан шығып жатқан таза бұлақ көзі. Осы бұлақ сүйнің шипалық киесінің нышаны ретінде көне көз кариялар осы Шаңырақты қойған – деп, әңгімесін сабактай түсті ақсақал.

Бірінші көргенде орасан үзын бойлы, алып денесін тік ұстаған, шырайлы, қонырқай жүзіне жарасқан қою қас, қалың қабақты қайсар тұлғасына қарап алпыстың асқарындағы ақсақал ма деп ой түйген Айшөрек, карттың „сексеннің сенгірінен шықтым” деген сөзін естігенде таңданысын жасыра алмады.

— Өзімнің атам өмір бойы осы Сарыбұлақтың ғана сүйнішті, жүз үшінде дүниеден өтті, әкем де „Сарыбұлақтың сүйнің қасиетіне ештеңе жетпейді” — деп, қысы-жазы ішуші еді, тоқсанның тоғызында өмірден өтті. Бұл өлкенің сүйе да шипалы киеге ие. Топырағы да қастерлі — деді, ақсақал.

„Ел іші – кениш” дейді гой, қарттардың айтуынша, бұлақ сүйнің қаншама уақыт сарқылмай, тұнба, тұма қасиетін сақтап келе жатуының себебі, бұл өнір, осы Сарыарқа алқабы өте ерте замандарда түпсіз терең теңіз, тіршіліктің киелі бастауы болған. Фасырлардан фасыр өте теңіз сүйе суалып, тартылып қалған деседі. Мына жердің әр тасына қарасаңыз, балықтың қабыршақтары секілді бедерлі, бейнелі келеді, — деп ақсақал әр жерден бедер белгісі бар тастарды іздей бастады. Әлден уақытта қолына жинап әкелген мық тәрізді тастарды көрсетіп, — мінеки, — балықтың қабыршақтары тәрізді, құрамында кальций көп, өзі боркеміктеу келеді, бұларды үгітіп қаз-үйректердің балапандарына жегізсе жақсы тойынады, бұл жердің бұлағының бір тамшысы да, тастопырағының бір түйірі де жанға дәру, қасиетті — деді, ақсақал.

Содан бері, Сарыбұлақтың тұмасынан таралған көк мұнар мұхит дариясы тарих толқындарына сіңіп ғайып болғаны туралы аңыз-әфсаналар ел аудында айтыла ма еken деп елең-алаң қүй кешетін ғадет таптым.

Содан бері, санамның сүмбіл сарайында сағыныштың сарғалдақтары бүр жарған-ды.

Иә, тарихтың талай толқыны, фәни жалғанның қайырлы күмсағаты уақыт қана төрелік ете алатын — мәңгілік алмасулар заңына бағынышты.

Ал, мәңгілік алмасулар заңын — бір ноқат белгі, бір нышан ғана айғақтай алмақ!!!

КҮН ҚЫЗЫ

- Күн! – дейді құстар да сайраган.
- Күн! – дейді сөбі де ойнаған.
- Жердің де тілі бар: – Күн! – дейді.
- Шөптің де тілі бар: – Күн! – дейді.

Ақ сөуле жарығы жетпеген,
Ақ сөуле жылуы оттеген.
Бар ма екен биқтер, тереңдер?
Корқамын, бар екен демеңдер!

Ә. Төжібаев

Толқындана түскен қою қара шаштары бота жанар көздеріне
сөндай сұлу жарасады.

Ашаң жұзді, ақша бет болмағанымен қараторы хас сұлудың
нақ өзі. Жайдарлы құлкісі де, жай жымысы да екі миығына ерке
наз үйіре салады. Әдеттегі арулардай қыпша белі қызылып тұрган
да жоқ. Есесіне етженділеу келген. Сенгіш те адап, пәк көңілді
балалық бейнесі бет-әлпетінен-ақ анғарылады. Бет-жүзін көрмесең
де көзінді ала алмай әуре-сарсанға салатын сиқыры бардай. Тұла
бойы болмысы бар бояудың бедерінен, бар әдеміліктің әрінен, бар
мінездің мінсізінен құя салған сымбатты мұсін тәріздес. Иә, иә...
Тұла бойында тұлғаланып, тұтасып тұратын бір жұмбақ сыр бар.
Басқа арудан басқаша. Бөгде бикеш атаулыдан бөлекше. Сол
жұмбақтың қупиясына үңілдім. Үңілдім де тұңғиық бір теренге ой
тастадым...

Жайдары жаз нұрының шұғыласына жылынып Даға жатыр.
Жап-жасып пүліш жамылған. Күн – Ана бар мейірім жылуын бір
сөтке ғана аяусыз төге салғандай.

Тосыннан бір ой келді. Қөптен әуре-сарсанға түсіп, ілдалдалап
іздегенім табылған сияқтанды. Иә, сол сұлудың сыр жұмбағы...

Ару Күн-Ана алтын кірпіктерімен бар айналаны жадырата
жылы шуаққа бөлеп, атырап атаулыны жасыл нұрға малындырған
сәт...

Жанымды жылындырғын сәт...

Тіршілік атаулыға жылуудың қуатын сезіндірген сәт...

...Маған үлкен ой салды.

Екеуіміз келістік...

Рас, міне өзі шақырды, дауыстап. Қарағаным сол еді, не керек, бар айналам құлпырып жүре берді.

Ақша бұлттар арасынан сағымданып қана көрінген сымбатты да сұнғақ мұсін енді көдімгідей болмысқа айналып алдында түр. Нұрлы мұсін, ерекше сүйкімді, сөні ешкімді ешуақытта қайталауы мүмкін емес. Ең қызығы, оны тек өзіме ғана сезуді берген, Тәңір! Тағы да алдыннан алып тұлға аңғарылады. Сол сәтте мен не істейін; тағы да кіріп-шығып жүрген есіме ие болудан қалдым. Қолымнан бар келгені бірденелерді сыйырлап-құбірлеп қана қоямын. Анда-санда бар жаныммен күлімсіреймін. Жаным рахаттанып бара жатса, басқа не келсін қолымнан?! Сөйлеу деген қайда, сөздің бәрін ұмыттып қалғамын. Ойлау деген қайда, ойларым шатысып кеткен.

Алақтап айналама қарай берем. Бар өлемнің керемет күйге бөленіп құлпырып кеткеніне таңданамын. Басым тасқа айналып кеткен, еш...еш.... ештеңе деген ұғымға кіріп кеттім.

Әуелі Жер-ананың бауырынан жас талшын тамырлар көтерілді. Бар өлемге шұғыласын шашыратып тұрған құн нұрынан нәр ала жаратылған талшын-тамырға байланған үлдір алақай жапырақша әп-сәтте серпе көтеріліп шұғыла шырай шуақа алқызып алақандарын жайып, тағзым етті. Әр талына тамыры арқылы нұр сіңірген нәзік жапырақшалар арайы аяулы арудай бастарын оң иыққа сүйей салды. Құдды жанында бір Кун-зада күтіп тұрғандай. Оны ешкім елей алмайды. Ақиқатына келгенде жанында Нағыз Зада құшағына алып, бар игі жылылық қуатымен бойын балқытып түр еді. Ақ өлемнің арайына малынып әуелі жалғыз, сол жалғыз болғандықтан да екі Жарық, жайнап-жанып түр. Бірақ бұл Жарық арай ешкімге жылу бермек емес. Өйткені, ол...

15.04. 2005.

ТҮМАР МҰҢ

Ауада кәдімгідей тыныс алып отырмын, бірақ ауа жетпейді.
Айналамда бәрін көріп отырмын... Бірақ көз-көңілім қанбайды.
Шындығына келгенде сенбейтін сияқтымын. Бұл жерде тек Мені
айтамын...

Ал Жан болса жапан түзде жалғызырап, қанғырып іздел жүр...
Жартыны... Таба алмай жүр. Жо-жоқ! Айтпақшы, тапқан еді,
әлдеқашан бұрын жолықтырган. Бірақ, бірақ... бәрібір кеш, кеш те
болса әйтеуір тауып алған болатын...

Үкілеген үміт жолындағы жалғыз жарық, сәуле шашыратқан
шам шырақтың отты қаны ысыды, сұымайды. Шырадай жанған сол
сәуле сезімнің ең нәзік қылдарына дейін түгелдей жылу жіберіп
түйсіндіре алып түр, Бір ғажабы. Алпауыт апатқа тап болса да дір
етпей, нәзік нұктешелерді бір-бірімен сабактастырып жатқан
жалғыз шуақтан шашыраған жібек жіппер мәңгі үзілмейді. Үзілсе
де әп-сәтте өткір қуаттарының құдіретімен бір-бірінің сынық
ұштарын адаспай таба алатын да тәрізді...

Енді кәдімгідей ойлансан бір ой келеді маған:

Ол жаттық. Көз көріп түр, жаттікі. Мойыннадым. Тәнірімнің
алдында. Олай болса бір сұрағым бар: Жаттық неге менікі? Бұл
тағдырдың маңдайыма қателесіп жазған жазуы ма, сонда, әлде
калайша...

Жүрек-ая, кімнен жауап ала аламын?!

Сезінген сұлу сезімім үшін саған кіна тағайын ба?!

Ал Ақыл, сенің есің, ойың қайда, Не болдық...

Аяқ-қолсыз болсаң да тапырақтап талпына бересің, қолың
жетпейтініне көз куә, және ОЛ ӨЗІ куә.

Ессіз, бұлдіршін сезімім, алдында алаулап жанып от жатыр...
Жануға барсың ғой. БАР. Бар онда...

ҚЫЗЫҚ ЛЕБІЗ

Университетті бітіргеннен кейін оқуды тағы жалғастырған біз үшеуіміздің жатақхана бөлмесінде бірге тұрған бір жылдық мерзіміміз аяқталды. Бірақ құдайға тәубә, достығымыз жалғаса берді.

Үшеуіміз дегенім – Қара қызы, ол өзі керемет әнші еді, сары қызы, ол бүгінде жас ғалым және мен.

Бүгінгі туған күннің иесі Қадірлі Қара қызы.

Жанымыздай жақсы көретін құрбымызға барып жанжүрегімізден шыққан лебізімізді ғана білдіріп қайттық, ештеңе сыйлай алмай қайттық дегенім ғой.

Жан қалтамыздың тесілген шағына уақыттың да дөп келгенін қараңыз.

Бұл жиынға Сары қызы келе алмаған-ды, не керек, күйеуі жібермеді. „Тойға бару – қалта қағу” деген екен, ол данышпан.

...Бүгін сол өткендегі олқылықтың орнын толтырығымыз келді ме, сый-сияптымызды алып, Сары қызы екеуіміз қолтықтасып құрбымызға қарай бет алдық.

Мұғалімдерге арналған жатақханада тұратын құрбыларымыздың босағасын аттадық. Жүқалтаң қалталы мұғалімдердің тұратын баспанасы бізге мәлім емес пе? Бүгін бір үлкен өзгеріске тап болдық, тап болдық та тан қалдық.

Аядай бөлменің іші жап-жарық, алтын түстес сары бояумен боялған, жана линолеум, жан-жағына шұғылалы арайын жұлдызшалармен шашыратқан сәнді люстра. Таңданысымызды жасыра алмай сұрақтың астына алдық.

– Жөндеу жасалыпты ғой?

– Иә, бұл жатақханалар күрделі жөндеуден ету үшін министрліктен ете көп қаржы бөлініп, алты ай уақыт берілген екен. Бізге екі ай жасады, тез-ақ аяқтап шықты. Бірақ құбырлардан ақкан су қабырғаларды сарғайтып кетті. Онымен қоймай әр бөлмеге сегіз мың теңге төлеу керек, ал екі бөлме иеленген отбасы бар жас семьялар айына он алты мың теңге төлеу керек. Мұғалімнің айлық

жалақысы жиырма мың теңге. Сонымен осындағанда бағаны кім қойған да белгісіз.

– Иә, „үй болмай күй болмайды” – деді, Мұнтаз сөзді басқа жакқа аударғысы келген сиңдай танытып.

– Откенде туған күнің қалай өтті?

„Шағын төртбұрышты үстел үстіне дастархан жайылды. Үш құрбы өткен күндерді сағынышпен еске алды. Әңгіменің көрігі енді қыза бастаған шақта Гүлден келді.

Жаңа достарымның бірі – деп таныстыруды, туған күн иесі Қара қызы. Осы Гүлден өткен туған күн кешінде бірінші болып сөз алмағаны және төрден орын тимегені үшін өкпесі қара қазандай болып жүргенін де ескерте кетті.

Расымен, жақын досы болсам, сырласы болсам неге МЕН төрде отырмауым керек, неге МЕН бірінші болып сөз алмауым керек, неге МЕН... неге МЕН... – деп достық назын айттып жатты.

Осы әңгіменің жалғасын Мұнтаз естімеді. Ондай әңгімені тыңдауға қалайда құлқы жоқ. Жанындағы арқалықты орындықта отырған бүлдіршін сәбін үйіктатуға төсекке жатқызды.

Енді бұрылып өз орнына келе бергенде байқағаны: Жаңа ғана сәби отырған орынға ОЛ жайғасыпты. Өзінің жанының жалғасы – Ахат. Мұнтаз іштей риза болған кейіппен сөл ғана күлімсіреп қойды. Ә, келген екен гой!

Дастарханда жиналған достарға барлай қарап еді, ешкім де Ахатты елемеген сияқты.

– Жарайды, жаным – деді, Мұнтаз тағы да өз-өзімен сыйырлай тілдесе.

Әңгімеге ден қойып көріп еді, әлгі МЕН – нің дауы үлкенге ұласып кетіпти.

Гүлден құрбыны қостаушылар да табылған. Айтқандары да ақылды. Орынды-ақ.

– Эрине, бөтен адамға адам өкпелемейді, өкпелесе тек жақын тартқан адамға ғана өкпелейді – деді Наз.

—Достың өкпе-назына кешірімділікпен қарау керек. Дос болған соң кешірімділік, түсінушілік болмаса несі дос – деп достықтың теориясын түсіндіргендер де табылып қалды.

—Ана кіслерге сөзді неге бірінші бердің, неге оларға сөздің кезегі екінші берілді – деген өкінішті әңгімелер де айтылмай қалмады.

Сол сәт Мұнтаз жаңында таудай болып отырған алып Ахатқа қарап еді, ол аса сұуланып маңғаздана жымып отыр екен. Екеуі өзара тілдесе бастады, бірақ олардың әңгімесін ешкім естімеді.

Мұнтаз:

—Мен де, мен де...неге өклемді айта жөнелмеймін. Мен де сейлегім келді, мен де төрді қаладым ғой?!

Аса салмақты бұрыла қарап, шапағат төккен жанарымен жартысының нүр дидарын аймалап:

— Тек сен ғана емес, бәрі... – деді, Ахат.

Мұнтаз:

— Неге маған өкле-назымды білдіруге болмайды?! А-а?!

Ахат кірпияздана:

— Керек пе?

Мұнтаз:

— Иә, керек емес. Ең негізгісі–шын ниет, таза көңілден шыққан лебізде емес пе – деп ойлай бергені сол еді, Ахаттан әрідегі орындықта отырған Айкүн бұған бұрылып:

— Ойланып кетіпсің ғой? – деді.

Қара қызы бар, бәрі де „көп сейлемейсің” деп жатыр екен, өзөзіне енді ғана келтіндей есін жиған Мұнтаз сөз кезегі берілгенін түсінді.

—Алыстан жеткізіп айта алсақ, аса қымбатты құрбымызға арнаған шын жүргегімізден шыққан шынайы лебізімізді білдіргіміз келеді: Жалпы БАРЛЫҒЫМЫЗ үшін, БІР-БІРІМІЗ үшін, БІРГЕ ЖУРГЕН КҮНДЕРІМІЗ үшін, БАРЛЫҒЫМЫЗДЫҢ БАҚЫТЫМЫЗ ҮШІН – дейік, ДОСТАР!!!

ӘБҮ

Жазмыштан озмыш жок. Құдайдың қу маңдайға жазғаны осы болса амалың қаша? – деуші еді, Әбу екі сөзінің бірінде. Ердің жасы елуте келгенде ел қатарлы бала-шағасының қызық-куанышына бөлөніп, немересін жетелеп жүрудің орнына „екі қолға бір күрек” ұстап, әркімнің босағасында жалшылық жасап, бейшара күйге түсken тағдырына нали отырып.

– Жас кезімде серілік құрып көп жүрдім – деуші еді, елден бұрын өзі күліп, – Қалжың емес. Мен өте сымбатты болған едім... дейтін сосын .

Қазіргі мұшкіл халіне қарап, езуіңіз еріксіз тартылса да, ойыңыз шығанға шарықтап кетері анық. Рас, қазіргідей қайыршы шал болып жаралмағаны да шындық. Бұл да – балдай бөбек сәтті бастан кешкен, бір ананың құрсағында әлдиленіп, сәби шағында тәй-тәй басқан балдырған қылышымен ата-ананың көзайым қуанышына айналған, балалықтың бақытты дәуренін кешкен кешегі кішкентай бұлдіршін... бүгінгі бұлдіргіш пенде...

Шынымен жас шағында сері болды ма екен? – деген күдік арапас ой екі ұштана көңіл түкпірінде көлденендей берері сөзсіз.

... Қайратты қалың шаштары, қою кара сұлу мұрт, бытыраның оғындар өткір, от шашқан тұмса жанарына ашаң жүзі келіскең, алқам жауырын, алшақ иық осы көрікті жігіттің сымбатына қазақи киіз үйдің жақтауындағы саңылаудан сұқтанбаған сұлу қыз болмаған, заманында, – дейді көрі көз қариялар. Біреудің көз қуанышына, біреудің көңіл қуанышына айналған сұлу кескін талай ару тағдырдың көз алдында көкжиекке жұтылған көрікті күн келбетіндей қиял қуғызып, елеске айналып жоғалған деседі көзкөргендер. Ол ел есінде сан-саққа айналған әңгіме боп қалғанды.

Осы Әбудің әкесі құдай қосқан қосағынан ертеректе айырылған екен. Қанаты қайырылған акқудай жалғыз өткен ғұмырын жүрегіне, жанына балаған – балапан ұлына арнапты. Он сегізге толған ұлын азамат атандырып, әскер қатарына

аттандырғанда ұлым ержетті деп қатты қуанып, „Ел-жұртыңың алдындағы борышыңды өтеп қайт, балам!” – деп, көзіне жас алып, шығарып салыпты. Әскерге жіберген жалғызынан хабар күтіп, көз жанарын тауысып, өкініш пен күрсініске толы тағдырына „мың тәуба” айтып, „тұяғым қалды өмірде, тірі екенін білем” – деп талығып, көз жұмыпты жарықтық.

...Уақыттың сағымына жұтылып кеткен осы жай... ауыл ішіне шаштарына ак аралас, шұңғірек көзді, жалғызбасты, томага түйік адамның пайда болуымен қайта оралды. Ағайын жатсынбады... жазғырмады... жалғызыратпады...

- „Жалғыздың тұяғы еді” – деді.
- „Жаңылmas жақ, сүрінбес тұяқ болмайды” – деді.

Осы жалғызға бүкіл ғұмырын арнап, бір өзі ата да, ана да бола білген әкей дүние салғанда көзіне жас алмаған жан болмаған, сол жалғызынан бір уыс топырақ бүйірмай өкінішті өшкен өмір егделеген әр журекті бір тырнап өткені бар. „Бала бер, бала берсең сана бер, сана бермесең ала бер” – деді, қарт аналардың бірі Аллаға ак тілегін айта.

Көп ұзамай жігіт ағасы өзінен жасы біраз кіші ауыл қыздарының бірімен отасты. Ағайын асарлатып Отау құрып, „Бәрекелді, бақытты болындар!” деп, ак ниетін аямады. Көп уақыт өтпей сырдан мінез тағы да сыралғы бола бастады. Жүріп үйренген женіл аяқ сүм ғадетінен жаңыла алмады.

...Жас балаларымен үбірлі-шүбірлі келіншек орман шетіндегі жалғыз үйінен құндіз де, түнде де шығуы қынадады. Есік-терезені қар басып қалды. Отын жоқ, тамақ таусылды. „Кедейдің жеті қаңтаруы” келіп, толғақ қысканда, шыбын жаны көзіне елестеді. Соңғы үміті үлкен қызы он жасар Алтынына қараған жалынышты жанарында. Ана жанын жүргегімен үққан қыз бала келіп, Анасының қолын қысты. АНА жүрек шырылдал, әуелі қайырсыз мына жалғанға, сосын қайырымы аз жарына деген мұң-наласын көз жасымен жуса да, дауысын шығарып жылап назаланбады... үнсіз ғана көз жұмып, жанын тыныштықта берді...

Анасы дүниеден өткен соң өзінен кіші інілеріне Алтын бас-көз болды. Экесінен еш үміт-қайыр болмасын білген Алтын анасының өсіетін орындаады.

...Есік алдына жиналып әңгіме дүкен құрып отырған ауыл адамдарының ішінде сұрықсыздау кейіпке қос жаңарың қайта-қайта қадала береді. Аузы да абайсыз. „Берекеті кеткен беудәурен” – деді, тағы да санғырлап. Сосын айналасындағылардың өзара екі-үштен жиналып, әңгімелесіп отырғанына назар салмастан: „Осы маған қыздардың қарғысы қатты тиді, көз жастары жібермеді” – деді, дауысы жарықшақтанған, жерді тіміскілей.

Шұңқірек көздегі отты жарқыл сұсты да ызғарлы. Қудай кейпіне келіспеген сүр шапанның белін сым темірмен екі орап байлап, құмырсқаша будақталып тұрған түрі, ыңышағы шыққан кедейшілігі өмірінің өтеуі сияқтанады. Сіра да, үлкендер айтатын „бұл дүниедегі жаманшылық іс о дүниеге адаммен бірге кетпек емес”.

Бәлкім, „тозак оты” осы болар?!

Асыл әкенің үкілі үмітін ақтай алмаған, балалық борышын өтей білмеген қайырымсыз бұл пендеге кәріллік тезірек келген бе?!

„Өмір кезек, Тәнір бір” – деген ой келеді.

ЗАПЫРАН

Кеше өмірімдегі ең қуанышты құндерімнің бірін өткіздім. Ондай құндер мандайыма тым мардымсыз жазылса да. Осы қуанышыма орайлас іштей көп күтіп едім. Ең болмаса бір телефон шалар деген үмітімнің болғанын неге жасырамын. Өмірдегі үлкен өкінішімнің бірі де осы шығар.

Қайран менің тағдырым, жетім сезімдерім сол...

Жүргегіңе ешуақытта, ешқашанда жетпейді...

Нағыз бишара – ынтық жүрек... Бәрі де күр далбаса екеніне көзін жетпеді ме? Осыдан басқа саған не керек?! Иә, әбден қансыратып, өшіргенше бетің қайтпасын көріп тұрмын, ендеше...

Наз өзінің күнделігін ары қарай оқымастан жаба салды да асығыс киініп шыға жөнелді.

...Есік алдында оның сүйкімді қалпын көз алдына елестетіп күтіп отыр еді. Енді, міне кезегі де келді.

Табалдырықтан аттай бере сәлем берген Назды көргенде Faфур ішінен мырс етті. Мына „алжасқанды“ кім осында босатты, неге есік қақпады. Рұксат сұрау да жоқ.

Қыз айналасына жанарын тастай бір шолып шықты. Ең бірінші көзіне түскені бұрынғы арқалы орындығын қара қырыммен қапталған үлкен де айналмалы кресләға ауыстырыпты.

Сағат санап өткізіп жатқан мына жалғанда еріккен адамдарға қиган уақытымды кімнен қайтарып аламын. Жауап беретін бір адам табылар ма екен. Әйттеуір күтылу керек болды ғой, не істейміз енді:

– Сайлауға дайындалып жатырмыз. Қазір уақыт жоқ,— енді шығып кетер деп күткен. Бірақ одан естіген сөзіне сенер-сенбесін білмей аңтарылды да қалды.

– Мені мұнда шақырмасаңыз да болады. Бірақ, сізге бір сөз айтайыншы деп едім.

Күлерін де, күлмесін де білмей түр. Мынау қай сасқаны, мен қашан шақырдым, есімде жоқ. Дегенмен не айтқысы келгенін тыңдай салайын деп ойлады.

– Иә, тыңдал түрмyn.

—Сайлауға неге дайындаласыздар. Дайындалып сайлласа оның несі сайлау. Елге еркіндік керек, сондықтан, әркім өз қалаған адамын сайласын. Сіз үлкен ойдың, халықтың сүйікті адамысыз, осы жолда ғана сізді ешкім қайталай алмайды. Мұндай жұмыс жат, сізге! – деді Наз.

—Әуелде осыдан мен ақыл сұрадым ба дегендей келеке еткісі келді де ол ойынан тез айныды. Іле-шала ойланып қалды...

Терезе алдына келіп ойланып түрған кең жаурындарына сүзіле қарап отырған қыз жанарының қуаты өтіп кеткендей - ақ, жауап ретінде сүк саусағын көтеріп бір қойды да жайлап бұрылып бұған қарады.

Алғашында ойлардың шырмауынан шыға алмай қалғанымен көңілі енді орнықсандай болды. Бұлар тегіс Ел ағасын жақсы көретініне шәк келтірмеді.

Бет - жүзіне жылу жүгіре бастаған сымбатты жігіт ағасына бажайлап қараған қызы енді ішкі ренішін жасыра алмастан орнынан сүйретіле тұрып есік жаққа беттеді де, артына бұрылып бір қарал сыртқа шығып кетті.

Фафур стол үстінде жатқан қолжазба күйіндегі жаңа өлеңдерге көз салғысы келді. Әкелген иесі ешкімге танымал емес, тіпті өлеңі ешқайды жарық көрмеген жап-жақсы ақын екен.

—Сізден бір ауыз лебізіңізді тыңдасам деп едім, аға – деп өлеңдерін өзімен ала келіп таныстырып кеткен жігіттің аты Нәби екенін есіне алды. Көзімен әр бір жерін шолып тұрғанымен мына шумактар еріксіз назарын аудартқандай болды.

Бір қыраны құлады, биік таудың
Хан тәңірдей аскарлы шың құзардың
Қарқылдан қарға, құзғын өмір сүрсе,
Биіктеуін күтпейді сұнқарлардың.

Әп-сәтте көңілінің ауаны басқа жаққа ауды да, қолындағы жүқалтан оқушы дәптерін стол шетіне қоя салды.

Бірақ, ойларын орап өткен бір түйткіл ғана нағыз запыран болып көмекейде тұрып қалды. Кеше ғана өз қатарында жүрген заманының нағыз Азамат Begі, қазактың арысы бүгін мұндай күйге үшінраганына сенгісі келмеді.

„Казақ әнінің, қазақ жанының нағыз жанашыры еді ғой, жарықтық” – деп, күбірлей берді ойына әлденені түсіргендей өкінішпен.

15.11.2005

ӨМІРЗАЯ

Көктем мезгілінің басталар шағы. Поезд станциясы мен ауыл арасындағы төрт - бес шақырымдық жолды бірнеше күн бойы үдей соққан қарлы бүрқақ жауып тастаған.

Бүгін жұма. Аяу райы алмағайып бір күйге ауысқан. Бірде қарлы бүрқасынға айналған дала төсін әп - сәтте сұық бүршақ аралас жаңбырлы жел алмастырып, тәулік бойында - ак сан құбылды. Шанаға жеккен ат аяғы қасат қарға кіріп жүре алмай өлсін - әлі тоқтап қалады. Қар жамылған қара жолдың да арқа - жоны осы қайғы - қасіреттің ауырлығына қайысып қалғандай біртүрлі қатігедене томсырайып алған. Жаяу жолаушылар ішінде әйелдер жағы қайта-қайта күрсініп, үнілеумен келеді. Дауыстап жылауга дәрмен қалмады. Қары аралас жаңбыр сұы тым сұық, қасаттанып қалған қарға бір жығыла бір тұрып алға адым басып жүрудің езі азапқа айналды.

—Айт, шу! – деп айқайлаған ерлердің дауыстарынан үркіп секіре жөнелген аттың оқыс қимылынан киіз сырмакқа ораулы мәйіт денесі бірнеше рет шанадан құлап қалды. Екі көзді еріксіз аударған бұл әрекет қайталанған сайын ерлер жағы сүмдық қара терге малшынып, қызуы алапат күйдіргі наизағай оты тұла бойды тесіп өткендей күйге түсті.

—Артыңа алты бірдей балапаныңды қалдырып қайда кеттің, тәте. Неге асықтың. Не жақсылық көрдің, бұл өмірде?! – деп жоктай жылап отырған әйел дауысы кеңістікте жіпсіз ілініп қалғандай - ак жаңғырығып тұрды...

Аурухана бөлмесі. Ақжаймада жатқан Тамыржан мойылдай мөлдір, қара көздерімен айналасын шолып шықты. Темір кереуектеке қарсы қойылған стөлде кезекші мейірбике отыр. Көзілдірігінің үстімен қарап „қалайсыз?” – деді күлімсіреп, – сусын әперейін бе?

Тамыржан күндегіден қарағанда өзін жақсы сезініп жатса да жауап беруге құлық танытпады. Керісінше осының барлығынан өзін тым алыс сезінді. Өзінің жаны тек тыныштықты қалап тұрғанын білді, асықты.

Жаңында неше тұн үйіктамай отырған қызына қарап қояды. Әлденеше рет айтқысы келсе де осы ойынан қайта-қайта айнып қалады. Сәлден кейін тілегін айтпаққа бекінді...

Өз өмірінің соңғы сәттері екенін Тамыржан іштей сезіп жатыр. Өткен өмірін қайта - қайта көзіне елестетумен болды.

Расымен де қимай бара жатқан ештене де жоқ. Керісінше соған асығулы. Барлық арман - тілегі сонда ғана орындалатындей. Бұл фәниде жетпеген арманына бақи әлемінде жолығып бақытты шаққа жолығатындей сезілді. Мынау ғұмыр атты жалғанда маңдайына жазылмаған шын бақытын тауып, мәңгілік мәнді өмір кешетіндей. Әйтеуір асыға түсті.

...Бәрі жақсы басталып еді. Сол кезде екінің бірінің қолы жете берметен жоғары оқу орнын бітіріп келіп ел қыздарының қиялына айналған Санат құдайдың бүйрығымен бе, әлде қалай өзінің маңдайына бүйірган - ды. Қою, қалың, бүйра шашты, қыр мұрынды, бойшаң жігіт бір көргеннен көңліне жағып қалғаны да рас. Әкесі ел - жүрттына аса беделді адам деп естітін. Жалғыз қызын қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай өсірген жесір ана бұл жігіт туралы естігенде қуанышын жасыра алмай бірнеше күн бойы толқып жүрді.

Көп уақыт откізбей - ақ шешесі қою қоңыр шайын жасап, қазакы дөңгелек, аласа стөлін кәмпіт, құрт-ірімшікпен толтырып қойып, қызын жанына шақырып алып:

—Караңыым, өлер шағымдағы бір арманым сенің тағдырынды жайлы орынға тапсырсам деп едім. Осы баланы мен жөн көремін. Сен де көп ойланбассың – деген - ді. Бар өмірін жалғызына арнаған кейуана жиі-жіп жанарына жас алып, өзімен - өзі дайындала бастады. Қызы шешесінің бұл қылығына әуелде тосырқай қараганымен Ана сөзін жерге қалдыра алмады....

Барған босағасы күт-береке үйыған, бақытты отбасына жолыққанына Алласына тәуба айттып жүрді. Өмірге іңгәлап келген тұңғышы Ағайша туған күнгі ата - енесінің қуаныштары ұлан асыр тойға ұласты. Кіршіксіз көнілдерден төгілген ақ ниетті алғыстар мен бата тілектер той қызуын арттыра түсті. Тек осы қуанышта досын күтумен алаң болған жолдасының көңіл - күйі ғана пәс тартып қалғандай еді. Өзі де жан - жарының қабагын бағып қайта - қайта қарайлай берді. Сол кезде жанары жарқ ете қалған Санаттың көзін қадап қалған жаққа бұл да назарын салғанда байқағаны...есіктен үйге кіріп келе жатқан Керімді көрді.

Дәл осы сәттен бастап тағдырының бақытқа балаған қос доңғалағы кері айналып кеткендей күйге беленді...

Өмірдің әр күні бірін - бірі қуалап жүргендей зымырапт өтіп жатыр.

...Төсектен басын әрең көтерген Тамыржан ауыр соққыдан денесі қақсан қатты ауырып қалғанын сезді. Бейкүнә біткен, перште шаранасын түсіріп алғаны жүргегіне шашудай қадалды

Жайшылықта жайдары, ақкөңіл күйеуінен мұндай мінез күтпеген - ді. Екі көзі қанталап, ақшыл жүзі сұрлана ашына бой алдырған ол есіктен кірген бойда өзін отырған орнынан жұлып алып тепкілей бастағанының сырын өуелде түсінбекенімен, кейін ақталуға шамасы болмады. Тек есін жиганда түсінгені, бойжетіп өсіп қалған қызы Ағайшаны дәрігерлер жүлкылап алып бара жатты. Сол сәтте қызына көмектесе алмаған пұшайман халіне ызаланды. Бәріне кінәлі адамды іздеп жан - жағына ашулана қарайды. Кереуектің үстіндегі бетін жапқан өлі бала тәнін байқаусызда ашып қарап қалып, шошына есінен айырылған қызының жанкешті әрекеті анасына арашаға келген бейкүнә тілегінің жауабы еди.

Тамыржанды жедел жәрдем әкеткеннен кейін үйлеріне асыға жүгіріп келген Ақ апасы не келинімен, не ес білетін немересімен тілдесіп үлгермегеніне қатты өкінді. Ал қолына үстай келген ұзын қонышты қырым етіктің бір сыңарымен ұлын аямай соққылады. Өмірінде жан баласына дауыс көтеріп көрмеген Ақ апа ұлына ақыра:

— Біреудің жас қызын алдың. Адам қылам дедің, бейбақ анасына. Балаларыңың анасы болды. Сонда саған несі жақпады, ол бейшара, не жазды. Кеміс қылып обалына қалайын дедің бе, қу шешек! — деп үрысқанымен ұлынан бір ауыз сөз ала алмады. Тек тәсекте бұғып, басын бүркеп теріс қарап жақ ашпай жатып алған ұлының бүл оқыс мінезіне таң қалды. Балаларына мейірімді әке, жарына, ағайынына қамқоршы отағасының бүл мінезін ел - жұрт сан - сақта жүгіртті. Құмалақшы, қарт әженің айтуынша, „өнегелі отбасы болып отырған бақытты жұптың арасынан қара мысық өтіп кетіпті, сол кесірдің кез қылған ісі” көрінеді.

Есейіп қалған балаларының бәрі әкесіне қатты ренжулі. „Әке, сен арақ ішіп алып шешемді неге үрдүң” деп мойнына оралған кіші ұлының сұрағына жауап берудің орнына оның жіцишке білектерін мойнынан жүлкі жұлып, ақыра айқай салды:

—Жоғалындар, иттер!—Енді бала жүрегі әкесінен біржола қаймығып қалды. Сәби жаны жазықсыз жарапанып қалғанымен себептің сырын ешкім түсіне алмады. Бар шамасы келгені кішкентай Айбар үйдің айналасынан мысық көрсे болды тастың

астынан алып қуып беретін болды. Апасы айтқандай, тағы да әке - шешемнің арасынан жүгіріп отпесін деп ойлайды.

Шешелері ауруханадан оралғанда балаларын жинап басу айтты.

—Балаларым, сендер әкелеріңе ренжімендер. Отбасы болған соң ыдыс - аяқ сылдырамай тұrmайды.

Осы оқиғадан кейін өмірінің әр бетін бірқалыпты қоңырқай тірлікке ауыстырған Тамыржанға екі дүние бір сияқты көрінетін болды.

Берекесіз тірлікке ауысқан осы ғұмырында Тамыржанның көрген қызығы жоқ екені де рас. Балаларының тұңғышын үйлендіргеннен кейін жарты жыл өтеп ұлы асылып қалды. Артында аңырап аяғы ауыр келіні қалды. Босанатын уақыты жақындағанда келінін „өзім бағайын” деп туған анасы алып кетті. „Баланың көзі гой, немеренді алып қал” деген ағайынның сезіне: „Өзім өліп қалсам бала жетімдік көреді. Шешесінің қасында жүрсін” – деп алмап еді, марқұм дүниеден өтерін сезгендей.

Күйеуі үлкен абырайлы адамның ұлы. Бұл отбасына келін болып түскенде ең бірінші өзіне ерекше ұнаган Ақ апасы – енесінің бейнесі әлі күнге көз алдында. Сабырлы да мейірбан ана өзінің үл - қыздарымен бірге бұған да ана болғаны рас. Үйде әрқашан жинақылық, әр нәрсенің, әр заттың орны бар. Ыдыс - аяқ, ас - дәмді берекелеп үқыпты ұстайтын Ақ апа орны келіні Тамыржанға өмір бойы үлгі болды. Дауыс көтеріп сөйлеуді білмейтін биязы апа балалары үрсысқан сөтте бір - ак ауыз сезімен сап тиятын:

— Әлі есіп, әржакқа кеткенде бір - бірінді бір көруге зар боласындар! – деуші еді. Осы сөздің қаттылығы кімге арнап айтылса, соған үкім сияқты болып көрінетін. Ал бір тарыққан шақта „Алла әр нәрсенің бір ыңғайын берер” – деп сабырға шақыруши еді.

— Қызым, үйдегі апам марқұмның көне кебежесіндегі кимешек-шылауышын әкеп берші, иіскейін деп едім – деп тілегін жеткізді. Қызы шешесінің бет-әлпетіне таңдана қарады. Даусы бір түрлі ширақ. Тіпті ауырып отырған адамға үқсамайды. Неше күн науқастанған ауру жеңіп алғандыктан ба, жанаарына бозғылт түсті шырамыш пайда болып еді. Ал қазір қос жанаарынан бұрынғыдай отты жарқылды көріп қуанып қалды.

— Апамның кимешек-шылауышын алып кел дейсіз бе, жарайды, мен тез барып келейін сіз үйіктап демалыңыз, иә, апа, — деп, қыз орнынан ақырын тұрып, шешесінің көрпелерін қымтап жауып есікке беттей бергені сол еді.

— Айтпақшы сол апамның кимешек-шылауышының ішінде менің бір ескі естелік дәптерім бар еді. Соны ала келші – деп сезін аяқтады.

Жас та болса қызының есінде қалғаны: осы кебежеде ең аяулы заттарын сактайтындықтан оны шешесінен басқа ешкім ашып қарамайтын. Анда-саңда ашып „Апам марқұмның иісі өлі кетпепті, Құдіреттің құштісін-ай, апам бұл дүниеден кеткелі қай заман” – деп таңдана отырып құшырлана іскеп қоятының есіне алды.

Жұбайымен баянсыз да бақытсыз өткен бұл ғұмырына тіпті де өкінбейді, оған кіналы адам - ау деп біреуге күнә артудан да аулак. Дәл осы мезетке дейін жұбайлық жұп жарасымының рахатты сәттерін бастан кешті. Тұңғышы Ағайшаның дүниеге келгені қуаныш пен шаттыққа бөленген бақытты құндерінің бірі еді. Сол жылдарда алғаш қазақ аймағы болып бөлініп шыққан қала текtes елді өлкеде өзі ғана автолавка – дүкен үстап сауданы қолына алған дәүлетті, қайырымды ата ас та төк дәм мен ас - мәзіріне дастарханын толтырып, ағайын, туған - туысқандармен көрші - қоланды жинап, үлкен той жасағаны есінде. Күйеуінің өзіне сыйлаған сыйы бүйра - бүйра жұмыр қара жасыл шыны құтыдағы өтір суды алғандағы қуанышында шек болмап еді. Өзінің күрбыластарына таңсық бағалы затты алғашқылардың бірі болып қолына түсіргендіктен оны қалай тұтынуды білмей тәбесіне құйып алғаны, тіпті сиыр сауып отырса да мұрнына исі, аузына дәмі келіп неше күн жүргенін есіне алып кеңкілден бір күліп алды.

Жанында қарап отырған қызы көптен бері қабагы ашылмаған шешесінің бетіне үңіле түсіп сұраулы пішінмен қарап еді, оған анасы жадырай түсіп, көнілдене тіл қатты:

— Қызыым, „адам өмірі – қамшиның сабындай” деуші еді үлкендер, сол рас екен. Жас кезім есіме түсіп күліп отырмын ғой – деп, осы жайды әңгімелеп беріп еді, қатты демігіп әлсіреп қалды.

— Апа, шаршап қалдыңыз ба, әлі - ак жазылып шығасыз, үйге барған соң жақсы әңгімелер айтып бересіз бізге, апа балаларың сіз қашан келеді деп күтіп отыр ғой, тез жазылшы, – деп көрпесін қымтап жауып, өзі шешесінің жанына басын қойды.

– Қызым сен жазылып үйге бар дейсің бе, жоқ, – деп әлсіз қарсыласып қойып, әлсін-әлсін анасының кимешегін иіскең отыр, – Марқұм апамды сағынып отырмын – деді, сосын бір шешімге келгендей.

– Апа, ондай сөз айтпашы, үйге баrasыз, жазыласыз – деп үні дірілдей шыққан қызына ана әлсіз ғана қарсылығын білдіріп, басын изеді:

– Қызым, міне сен еркеттің. Енді тұрмыс қурып, өз өмірінді бастайтын кез келді. Менің саған айтарым: Ер адамды сыйлаған дұрыс. Ешкімге айтпаған жан сырым сол, сендердің әкелерің жаман адам емес. Ағат басқан, қателік жасаған мен, менмін қызым. Құдай өзің кеш! – деп, ескі жұқалтаң дәпптерін қөкірегіне басқан күйі сәл ғана күлімсіреп қараған ана – жаны ұзак ұнсіз қалды... Бағжанның құлағы шулап, көз алды күнгірттене бере құлап түсті.

Бүгін таң атқалы бері қөңілді жүр. Рас, бүгін бе, өмір бойы зарығып күткен күн келіп жетті ме?! Өзіне - өзі таң қалып та қояды. Қалай ғана осы шешімге батылы барды... Шынымен осы тәуекелге бел байлағаны ма?! Алда - жалда біліп қалса...не істеймін...жо – жоқ, сөзімнен таймаймын. Өмір бойы аңсал күткенше... Мейлі, не көрсем де өкінбеймін. Жанымның аңсағанын, жүргігімнің қалауын, сыналап кіріп алған санамның сағынышын қайда жіберем, әлде өмір бойы құмартып, аңсал өтем бе?!

– Алла, жаратқан ием, не істеймін, жанымның қалауынан қалай қашып құтылам. Жаратқаным - ау, бәрі де қолында ғой, не істеймін. Пенделігімді кешір, кешір, кешір...

Тамыржан айна алдына келіп өзін жаңа көргендей көп қарады. Біраздан кейін күлімсіреп қана: -жарайды, анамын ғой, тым кәртайып та тұрган жоқлын – деді, өзін - өзі жубатқандай. Бос қып өрген ұзын, қара қос бұрымының бір сыңарын әуелі кеудесіне қойып көрді де, сөлден соң иығын асыра желкесіне жеңіл лактыра салды. Арқасының оң - солына алма кезек бұраландай, тілерсегін соға еркелеп жатқан қос бұрымы жас келіншектің бүгінгі әрекетін қош көрмегенін сездіре өкпелеп қалған тәрізді. Ілгері басқан адымы асыққан сайын аяғына оралып алға журуге кедергі келтірген қос бұрымын алдыңғы жағына әкеліп екі қолына көтере ұстан алды да, айналасына сақтана көз салып қарап еді, анадайда жапырақтары жайыла өскен саясы кең тал - теректерді көрді. „Қос ағаш қай жерде” – деді, өзіне - өзі күбірлей, сосын тоқтап қарайлап еді ашық аланқайлау жерден әрменіректе ағаштар жиілей бір - біріне жанаса

тығыздала өскен түс та басталады еken. Сол жақты бетке алып жүрісін жылдамдата түсті. Бір сәт жүргі алқына кеп аузына тығызып қалардай қүйге енсе әп - сәтте ақ, қуанышты бір шақты аландай күте әрі дегбірсіздене қатты - қатты соға жөнеледі.

Алаңқай аумагы алыстан аз сықылды көрінсе де, жүре келе біраз уақытты алатын көлемде еken. Асыққан сайын жол алыстай берді. Иен даладағы орман ішінде жалғыз келе жатқаны есіне түсіп кеткенде қорқыныш пен күдік қатар бой көтерді. Келмейді, қалай сеніп қалдым? – деп өзіне үрсып келеді. Біреу мені көріп қалса не болдым? – дегенді ойлап ашуланды. Енді бірде жол алыстығын түсінгенде аң - құсқа кез болсам не істеймін? – деп тіпті үрейлене бастағаны сол еді, арт жағынан ақырынған ғана ысқырған ер адамының дауысы келді. Бұрылып қарауға шамасы жоқ, шошып кетті, кім кім деп қубірлей көзін тас қып жұмып алып, алаканымен қос бұрымының үштарын қыса бүрай берді. Сөл үнсіздіктен кейін қорқа көздерін ашып қараганда қарсы алдында ұзын бойлы, қою қара қастарын көтере күлімсіреп өзіне қарап түрған Керімнің бейнесін көрді.

- Келдің бе, келмей қала ма деп едім – деді, қара көздерінен үшқындана от шашып түрған жігіт сабырсыздана.
- Келдім – деп үяңдана үн қатқан Тамыржан енді өзінен үяла бастады. «Мен туралы не ойлады, мен не істедім?.. Сәлден кейін не болса да...деп өзін - өзі іштей жұбатып түрдьы...

Дәл осы шақты ешкім мазаламаса еken – деген бір тілек, бір ой ғана бос кеңістікті шарлай қалықтап үшып жүрді. Пәк сезімнің қуәгері де, үкілі үміттің үкімі де сағыныштың сыры болсап бос кеңістіктегі қалықтап қалды...

Ауылдан алшақтау орналасқан орман алқабының ашық алаңқайына балалар апай - топай, тоғыз құмалақ ойнауға жиі жиналатын. Әдеттегідей жаздың жаймашуақ жадыраған күндерінің бірі, бүгін де балалар бас қосып, ойын қызығына түсken. Ересектеу қыздар асық қағып үпай жинап ойнаса, ер балалар бүге мен шіге жарыстырып, енді бір топ бүлдіршіндер қой көгенденеп, түрлі - түске боялған асықтардан ұзыннан - ұзак тізбек қураған. Сырттай көз салған жан болса балалардың әдемі ойын әлеміне қарап қызығары сөзсіз. Тек осы айрандай үйыған тыныштық берекесінің бұзылуына себепші болған – қорғасын қүйып, сары бояуға салған атақты „Алтын сақа” атты үлкен асық. Кенже ол асықты өткенде апасынан көрген. Осыдан саған сырмак тігем деп жұн - жүрқаларды неше

түрлі бояуға салатын да соңынан асықтарды да түрлі-түске бояп шығаратын. Сонда апасы бояуға алған дорбадағы асықтардың ішінен көрген ұлken сақа осы, оны айнаңтай танып тұрганы қорғасын құйылған. Қорғасынды сақамен құрбыларына барып үпай жинап ойнаса бәрін ұта алатынын сезгенде куанып, ертең мақтануға дайындалып жүрген. Енді міне, оны Ағайша қалай алып алғанын түсінбеді.

— Менікі, менің алтын сақам! – деп, жармаса жылаған Кенжениң сөзіне ызаланған Ағайша:

— Менің әкем қорғасын құйып берген, ол менікі! – деді, жас шамасы Кенжеден сәл ұлкендеу болса да әлі де ойын баласы екендігін танытқандай. Бара - бара ұлкен төбелес үстінде алтын сақаны Кенжениң қолынан жула қашқан Ағайша алды - артына қарамай зытып берді. Қыз баламен төбелескенде төтеп бере алмағанына ашуланып әрі намыстанып кеткен Кенже айқайлап жылай бастап еді оған болысқан ешкім болмады. Ойынға жиналған балалардың барлығының ішіндегі ең ересегі де өздері екен. Енді ол ойланып тұрмaston Ағайшаның артынан тұра жүгірді. Әжептәуір альста артына қайта - қайта қарай дыздақтап бара жатқан ол Кенжениң жете алмасын білсе де жүгірісін тоқтатпады. Тек әлден уақыттан кейін ғана жүгірісінен кілт тоқтап қолындағы алтын сақаны лақтыра берді. Алты-жеті жас шамасында болса да табиғаты қатарластарынан алғыр, пысық Ағайша альстай жерде кетіп бара жатқан Керімді айнаңтай танып тұр.

...Орман ішінен алшаң басып, жеңіл жейдесін желбегей тастап, иығына қара көк костюмін іліп алған Керім бұларға бұрылмастан асығып өлдекәйда бет алған.

—Керім аға, Керім аға! – деп айқайлаған Ағайшаның нәзік даусы ауамен жұтылып жоғала берді. Кенеттен қыздың ойына шешесі мен көрші Кәләйдің әңгімесі түсті.

— Нұржамал кемпірдің Кенжесінің туған әкесі ана Керім болса керек. Өзі көрікті, оқымысты деп – қатындардың ауыздарының сұзы құрып жүр – деген бетін шымшып алып, сосын: Кейуана кемпір оны білмейтін сықылды – деп еді. Осы сөзді естіп қалған Ағайша әрі қарай айта түссе деп кулагын тосып еді. Отырған орнынан тұрып кеткен шешесі әңгіменің ары қарай жалғасуына кедергі келтіріп:

— Басым ауырып отыр еді, жата тұрайыншы! – деді. Ал Кәләй тәтей назар аудармастан- ақ, әңгіме бағытын басқа жаққа

аудара: шайың жақсы екен, сары шәй ма, өлде қағаз шәй ма – деп сейлем кетті. Әңгіме ары қарай жалғаслады.

Ағайшага бұл сөздер ерекше әсер етті. Өзі аға деп, үйлеріне анда - санда қонаққа келгенін мақтаныш етіп жүретін келбетті де сәнді, әнші жігіт Кенжениң әкесі... Қалайша, ол апасы мен атасының баласы емес пе?!

Ағайша артына бұрылып қарап еді, Кенже анадай жерде Алтын сақаны көрсетіп бұған мақтанып тұр, алып алдым – дегені. Енді өзіне қарай тұра жүгірген Ағайшадан қаша жөнелді.

–Кенже токта, сенің әкең... сенің әкең деп айтқан Кәлей апам! – Ағайша ентіге жүгіріп келеді...

Кенжеге жете алмасын білген Ағайша енді кері бұрылды да Керімнің артынан жүгіре жөнелді.

–Керім аға, Керім аға-а, -aaa.

Ағайша ағасының бұрылмағанына қарамай артынан ере жүгіріп келеді. Әдетінше бұл үйден домбыра әкелуге жұмсар деп үміттенген - ді. Керім ауыл жастарын жинап өлең айтып, күй тартып, ұсақтарға шешеке ойнатқызыды деп ойлады.

–Керім аға, домбыра әкелем, қазір.

Жүгірістен шаршаган Ағайша демігіп жиі-жиі тыныс алады. Керімнің бағыты өзен жақ екенін андаған ол енді үйге қарай тұра жүгірді. Ауылдың шет жағына орналасқан үйінің жанындағы жуан дөңбектерге өрмелей шығып, өзен жаққа бұрылып қарағаны сол еді аңырып тұрды да қалды. Жігіт иығына костюмін ілген бойы, әуелі өзен жағасындағы үлкен үйдей, бұжыр-бұжыр ақ шомбал тастанға жүгіре шықты да, сөлден кейін ағысы қатты өзенге секіріп кетті.

Мынау тосын көрініске есі шыға қорыққан Ағайша жүгіре, үйге айқайлай кірді:

–Апа, апа, ағам суға... – деп жан-даусы шыққан ол үйге кіріп келгенде қызыл қанға боялып төсек үстінде әлсіреп жатқан шешесін көрді, ал жанында ақ жаулықпен жабулы жатқаны не екенін түсінбеді.

Жасы ондарды шамалаған кезінде бақытсыздыққа душар болған бишара қыз өмірінің жеті жылын өзен жағалаумен өткізді.

Кенже таң сәріден өзен жағасына келетін „жынды қыздың” қылышын қызықтап қарап ермек ететін. Бірақ онымен бетпе-бет келіп қалуға қатты сескенетін. Ұзын, қою қап-қара жалбыраған шаштары, өңменіңнен ететін жанарындағы аса өткір де сұық жарқыл, қашан көрсөн де асырып өзен мен үй арасында арлы-берлі

жүгіріп жүретін ол қарсы кездескен кәрі-жастың бәріне тоқтап қарап, тұрады да:

– Домбыра алып келші, балапан–деуші еді.

Жадыраған жаз мезгілі жеті келіп, жеті күзге ауысты. Бұғін де жаздың аптап ыстық құндерінің бірі. Аспаннан тіке түсіп, шағырайған құннің көзі жер әлемді өзінің жылуымен қыздырып тұр.

– Апа, денемді құнге қыздырамын, – деп Кенже дауыстай шығып бара жатқанда құлағының мүкісі бар кәрі әже:

– Әу, кімге барамын дейсің, – деп немересіне сұраулы жүзben қарап еді, үл жонын беріп шығып кеткенін көргенде:

– Ә, барсан бара бер, құлымым – деді. Сосын тағы да, көз жасына ерік берді: – Жалғызыманан қалған қарашығым-ау, шешеңнің осы өмірге сыймай кеткені сенің көрер жарығыңың болғаны ғой, балапаным. Қайтейін, жалғыздың көзіңің. Алла амандығынды берсін – деп кимешек-шылауышының ұшымен көз жасын сұртті. Қолына ұршығын алған кейуана енді өткен күндерді есіне алып отырып қалғып кетті.

Керім мал қораның жанындағы сабан үйдің төбесіне шығып апасы қолымен өзіне арнап тіккен бірнеше сырмақ-көрпешелерді төсеп алып, киял қуып армандап жатыр.

Аптап ыстықтан еріндері кеберсіп кеткен Керім орнынан әрең көтеріле керіліп, бір көзін сығырайта түсіп айналасына көз салды. Кенже бір көзімен қарап тұрса да бұғінгі Ағайшаның киім киісіне таңданып қарап қалды.

– Ө-ө, өй, кешегі апамның айтқаны рас еken. Тәуіпке апарып ұшық салдырыпты, кешікпей есіне келеді – деген еken, деп еді ғой.

Үй тұсынан өтіп бара жаткан Ағайша бұғін біртүрлі сұлупланып кетіпті. Кою қара қос бүрымы ақ шаңқан кейлегінің арқасында тілерсегін соға кезек-кезек бұлғандайды. Әдетінше тағы да асығып жүгіре кетіп барады.

Бозбалалық женіп, Ағайшага дауыстай „Жол болсын!” деп қойды. Оқыс шыкқан қатты дауысқа селт еткен Ағайша әлде бірденелерді айтып сөйлеп бара жатыр.

Қора төбесінен асыға секіріп түскен Кенже Ағайшаның артынан ере ақырын аяндап жүріп келеді. Екі қолын жамбас қалтасына салып алған ол жан-жагына қарайлап аллады да анда-сақта ысқырып қояды.

Енді ауылдан алыстай бастаған соң Кенже жынды қыздың сөздеріне құлақ тіге бастады.

— Тастан қып-қызыл, қып-қызыл. Қызыл қызыл – дейді, сосын тез-тез сөйлеп түсініксіз өлденелерді айта жөнеледі. Сонын сыйылықтай күледі.

Кенже не айтты келе жатқанын түсінгісі келіп сұрақ қояды:

— Не дейсің, қызыл тастан, сосын?

Ағайшаның артынан жүгіре еріп келеді. Сондай жылдам жүреді екен. Әдетінше қарсы келуге беттей алмағанымен біртүрлі батымды. Қыз да бұрынғысындағы ызғарлы емес, сөзді түсінетін сияқты ма. Кенже тағы дауысын көтере жөтеліп алды да:

— Ақырын айт! — деп қояды. Қыз көп сөздер айтты. Кебі түсініксіз болса да, кейде ұғынықты айтады, кей жерде тіпті сай адамша сөйлей жөнеледі.

— Қып-қызыл тастан, жаңып жатыр, өртеніп барады, тастандың бәрі–деді де тағы да бұлынғырлатып бірденелерді айта жөнеледі. Артында адам келе жатқанына назар аударар халде емес екенін Кенже енді ғана түсінгендей жерге шырт-шырт түкіріп тастанды.

...Кенже ауыл шетіне шыға өзен жағасына келді. Бірақ Ағайшаның асыға жүріп кетіп бара жатқан бағытын бақылаумен отыр. Ол қыздың өзен жағасын бойлай ылдилап кетіп бара жатқанын байқады да, бойын билеген жеңсік ойына ерік берді.

Үстіндегі жеңіл көйлегін шешпестен өзен жағасына аяндай барып, ағысина еріп шомыла құлдилай жөнелді. Біраз жер шомыла-сүңги журіп жағалауға көз салып еді Ағайша төменірек барып теріс қарап тізерлеп отыр екен. Кенже ауыл жаққа бұрылып қарап еді біраз алыстап кеткенін көрді. Жүргі қатты соғып алқымына тығылғандай болды. Ол енді сүни тастан сүңгі, ағыс қатты өзеннен шығуға асықты. Соңғы рет суға күмп беріп лезде судан басын шығара айқайлай жағаға қарай жүгірді.

Оқыс шыққан құлақты жарапдай қатты айқайдың не екенін түсінбеген Ағайша енді селт ете артына бұрылып қарағаны сол еді ақбүйра ағыстың арасынан екі көзі от шашқан аппақ тістері сақылдай бір біріне соғылып қатты айқайлап келе жатқан Керімді көргендегі болды. Сол сәтте періштесі сездірді ме, әлде ақылы жеңді ме қыз қатты шошына айқай салды.

— Керім аға! — Қыз бұдан әріге шамасы келмей талықсып құлай берді. Үсті-басы малмандай су Кенже енді шынымен сасқалақтай бастады.

ЖАҚСЫ АДАМ – БАСҚАҒА ЖАҚСЫЛЫҚ ЖАСАҒАН АДАМ

«Кім тозаңның түйіріндеі жақсылық істесе,
ол оны көреді»
Кұран Кәрім «Зілзала» сүресі

Өткен ғасырдың соңы, жаңа ғасыр басы дүбірлі де түбірлі өзгерістерге, замана ғажайып оқиғаларға, құбылыстарға толы уақыт болды.

Ал Еліміздің тарихындағы ұлы оқиғалардың бірі – халқымыздың бостандығы, тәуелсіздік жариялауы.

Қазақстанның тәуелсіз мемлекет болып танылуы, оны дүние жүзінің көптеген елдері мойындауы әртүрлі тарихи кезендерде тағдыр тәлкегімен шет жүрттарға ауып кеткен, кейіннен әлемнің әр елдерінде тұрақтап қалған қандастарымыз үшін айтып жеткізгісіз куанышты оқиға болғаны анық.

Қанша алыстай бастаған сайын сонша алғып та сұсты көрінетін асқар таулар сияқты Отан да өзінен жырақта жүрген перзенттеріне керемет қадірлі, аса құрметті болады.

Қазақстанның тәуелсіздік алуына байланысты шет елдердегі казақ ағайындарымыз Ұлы Отан – Ата жүртқа оралу бақытына қол жеткізді десек артық айтқандық емес.

1991 жылы Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың алыстағы ағайынға **Атамекенге оралу туралы** үндеуінен кейін бұл куанышты хабарды жақсылықтың жарышысына балап, туған топырақтан шалғайды өскен ата-әжелер үрпағымды тілі, ділі өзге елде өз тамырынан ажырағандай өгей балаға айналдырмас па екенмін, жат жүртта жатып жақын қандастарына жат қылыш алmas па екенмін деген сан жылғы үрпақтан үрпаққа аманат болған сансыз сұраққа жауап, сағыныш-шерге толы ақық арман мен үкілі үмітке пырақ

тапқандай, алыс-жақын шетелдердегі қандас ағайындар көп ойланып жатпастан-ақ ат басын Ата Жүртқа бұрган еді.

Әсілі, Ағажай-Алтай атырабында мөлдір бұлақ тұмасынан сусынын қандырып, Бес Тәнірі – Бес Бөғданың шың құзына одан әрмен алқара көк аспанға Ақ боз үйдің киелі Қара шаңырағынан көз тігіп, еркін дала төсінде, төл табиғат аясында емін-еркін өскен, Бай - Өлкенің қазақтары дөн-дәулет жиып, дүние-мұлікке қарық болып, біреудің атақ-данқына бас иіп я болмаса материалдық байлықпен «дүниені өлшеп-танып» қараган ба еді... оның есесінен өр еңесін тік үстап, «Керек емес өuletің дәулетінмен, Мен сенің көңіліңе-ақ мас боламын» деп, ақын Кәкей айтқандай, сыйлағанға ғана сыпайылық танытып, «Аса байлық не керек, дең сау болса болады, ай-ая!» деген дүние танымының өзгеше өлшемімен «Кішілігін арқалап Kіcі келді» болмыспен туған топыраққа аяқ басқан еді.

Еліміздің өзге өңірлерінен гөрі географиялық жағынан да, саяси-әлеуметтік, ұлттық қалыптасу, тілдік-ділдік, танымдық түрғысынан да кеңес кезеңінің жетпіс жылғы басым ықпалына көбірек түсіп біршама орысшаланған қазақтардың ортасына түскен шетелден келген қазақтарға бұл ортаға бейімделу, қарым-қатынас жасап ортақ тіл табысу, әлеуметтік мәселелерді шешу жайы орасан үлкен кедергілерді тудыргандығы жасырын емес.

Бұл жайды тізбелеп айтып отырғанымыз елден ел ауып, жерден жер ауып қаншама тағдыр, қаншама адам Отан атты Ұлы Ұфымға Ұлы Үміт арқалап келген сол бір киын шақтарда, өткен ғасырдың соны, жаңа ғасыр басындағы Елдігіміздің алғашқы кезеңдерінде, қайта құрудың қауырт ауыртпашылығына қарамай Ел бастаған атпал азаматтардың алдарынан кездескеніне Аллаға тәубә дейміз!!!

Іскер басшы, көкірек көзі елден ерек зерек, таным-түсінігі терең, бәрінен де азаматтық болмысы, адамгершілік қасиеті ерекше парасатты тұлғалардың бірі – Қасым Жанат Жақыпсейітулы болды.

Алыстан келген ағайынның кез келген шаңырағына бас сұға қалсаңыз дастархан басындағы шай үстінде «Қасымо-ов Жанат адамгершілігі жоғары, қарапайым азамат екен, Алла разы болсын»,

«жағдайымызды айтып едік, түсіндіріп, балдарымызды оқытып жатыр», «хал-жағдайымызға түсіністікпен қарай білген парасатты азаматтардың бірі еді» деген өнгімелерді кез келген ауылдағы ағайыннан естіп өстік.

Қасым Жанат Жақыпсейітұлы сынды ел бастаған зиялы азаматтардың адамгершілік танытып, ізгілік көрсете білген парасаттылығы алыстан арман арқалап, үмітін үкілеп келген ағайынға көптеген қындықтарды қайыспай көтеріп, Қазақ Елінің киелі Қара шаңырағында үлттық рухтың, қазақы намыстың оянуына Елдіктің еңсесін тік ұстап, Көк байрағымыздың биікке көтеріле беруіне өз үлестерін қосуға, Ел болашағына сеніммен қарauғa иғi өсер етті.

Ел мақтаған азамат Қасым Жанат Жақыпсейітұлы сол кездегі қазақ балаларына арналған оку ошактары аз ортада алғашқылардың бірі болып – қазақ лицейін ашты.

Бұл әрине, жаппай қазақы танымға бетбүрган сол кездегі көзі ашық, көкірегі ояу ел азаматтарының Елдігіміздің тәуелсіздігінің алғашқы іргетасын қаласуға, яғни бұрынғы орыс мектептерінде оқып-білім алып жатқан үл-қыздарын қазақ лицейінде, қазақы ұғым-танияммен оқытып өсіруге тағы бір мүмкіндік беруі еді.

Қазақ лицейінен кейін колледж және университет ашып, онда қазақ тілінде оқытатын бөлімдердің ашылуы да қазақы қауым үшін қуанышты қөзайым болды.

Осы оқу орындарында сандаған қазақ баласы білім алып, қанаттанып, одан кейін білімдерін Шетелдерде (Францияда, ҚХР т.б.) жалғастырып оқуға жолдама алып, я болмаса республикалық, халықаралық жарыс, сайыс, мушайраларға қатысып елге танымал азаматтар болып қалыптасып отырғандығы белгілі.

Ал мынадай алмағайып заманда жақсы жанның жақсылығы, жаны жайсақ азаматтың шарапаты тиіп өмір жолының бетбұрысы оңға айналуына иғi ықпал еткен қазақ жастарының бірі – өзіміз едік.

Арнасы кен, ағысы қатты өзеннің жағасында қағаздан қайық жасап ойнап, бақылап отырған бала сияқты, бүгін ғылым атты алып айдындағы «ұлы толқындардың жағасына жармасып» жүруімізге мүмкіндік тудырған азамат та – Қасым Жанат Жақыпсейітұлы еді.

«Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын!», – дейді дана халқымыз.

Ерте, ерте ертеде... деп басталатын ертегінің желісіне түсірсек...

«Көкше» деген көркем таудың есімін еншілеген оқу ордасының самаладай жарқырап тұрган шамдары айналасына жарық қана шашып тұрган жоқ, иә, өзінің ақылманды басқарушысының жан жылуы мен ыстық ықыласы, парасатты парқы бұл ошақта талай тағдырды өмір атты күрес бәйгесіне қосып, тайдан түлпар, сәйгүліктен саңлақ қанатты сұңқар жаратып сан мәрте мәре биғіне көтере берді. Бұл жеңістер мен жетістіктерді көре алмаған бақас жандар сан түрлі айла ойлап, көрікті «Көкше» шаңырағына шүйлігетінді тапты. Әрине, «Жарықтағана көлеңке пайда болады» – деп, айналасындағыларды ақылға шақырды ақылманды абыз. Бұл жолда сансыз қындықтар бастан өтті. Бұл – шындық.

Ел басына ауыртпашилық түскен қын шақтарда халқымен бірге жасаган, айналасына ілтипатты ізгілік жылуын сыйлаған ақылманды басшы халқының жан жылуына, ыстық ықыласына бөленіп, «көп тілеуі көл болып», көрікті мекендерді «Көкше» ордасы бай да бақуатты БІЛІМ ошағына айналған еken. Бұл ордадан білім алған жас талап шартарапқа танымал тұлғаға айналып, даңқы дәуірлерден дәуірлерге жеткен еken...

Халыққа жақсылық еткен адам ғана – бақытқа жетеді.

«Алпыс – тал түс» дейтін асудың асқарынан Қасым Жанат Жақыпсейітұлы жетпісті жеңіспенен, сексенниң сенгірінен селт етпей тоқсанның тоғызын да тосырқамай – денсаулық – зор байлықпен бағындырып, жан-жарыңызбен қоса қартайып, балаларыңыздың, немере-шөберелеріңіздің қызық қуанышына бөлене беріңіз!!!

Еңбегіңіз жемісті де жеңісті болсын, еліңізге елеулі, халқыңыздың қалаулы қалпыңыздың даңқ тұғырынан көріне беріңіз!!!

«Жақсы адам – сол, кімде-кім басқаға жақсылық жасаса» – деген еken Платон.

ӘКЕ СЕНІМІН АҚТАҒАН

«Атадан жақсы туса иgi,
Ата жолын күса иgi».

– Күләтәй, Күләтәй, анау көрініске қарашы! – деп өлденеге тамсана таңырқаған әкесінің дауысы құлағына жеткен жас бүлдіршін елең етіп артына бұрылып қарап еді, әкетайы табиғаттың тамылжып түрган тамаша сәтіне ойланған қарап көз тігіп түр екен.

Қанатын жайып қаз тізіп қалықтап үшіп бара жатқан қаздар батар қүннің шұғыласына шомылып, айдын көлдің ақ дидарына сағым сыйып сөруәр кеш көрінісіне көрік беріл барады.

–Осы сәттің көрінісін біз қазір суретке саламыз – деді әкей, сурет салуға арналған тақтайшалардың жиналмалы қондырғысын құрып жатып...

Күн Ананың алтын кірпіктері айнала атырапты кешкі шұғылалы шырайына малындырып, бір сәт тыныштықтың құшағында мұлгігендей болған бұл сәттегі әке бейнесі әлі күнге дейін көз алдында қаз қалпында қалып қойды.

Табиғаттың тылсым тынысынан сыр аулаған төл перзенттері – Әке және Бала.

Ол балапан қаздай тұлымшағы желбіреген құлышағын өмір – дария дүниесінің сан қылышағына баулып, жаңа өскен көк талшын жапырақ жанының көзін ашып, көкірегін оятқанда жүргегіндегі балаға деген ыстық ықылас ең өуелі шұғылалы күн Арудан дарыған мейірім мен жылудан, жер Анадан дарыған рақым мен шапағаттан құйылғанын Құдіреті құшті Жаратушының жазған жазира жамал жазмышы дегей.

Бала қыранды баулыған хас сонаршыдай табиғатпен тете өскен жастуlectің жас жүргегіне жайдарлы жақыт жансебіл күй еккенде әке «үміт еткен көз нұры» Күләтәйіне сенім артты.

Парасатты да бек дегдар ғалым Сейтен Сауытбековтың саналы да салиқалы, ғибратты ғұмырының бір қыры – «бала жанының бағбаны» бола білгендігінде.

Қазақ халқының қайраткер қаламгері, ағартушы ақыны Сейтен Лиманұлы Сауытбеков сынды ұлағатты ұстаз, тағылымды тәлімгердің «үясынан үшқан» перзент перизаттық пәктік пен адамгершіліктің ақ туын арда ұстаған аяулы азамат болып қалыптасуы өсте, занды секілденеді.

Халқымыз «жақсыдан жақсы туар жарқылдаған» демей ме??!

«Тағылымды тілден» тарихты текten таратып талай буын үрпақты «Балуан» ауылындағы орта мектептік білім ордасынан-ақ қанаттарын қатайтып, қазақтың қара домалақтарынан халқына қалаулы қайраткерлер, ұлтына ұлағатты ұстаздар мектебін қалыптастыра білген, еліне елеулі ер оғландар баптаپ, бала жанының бағбанына айналған, «келеді есіп менің сепкен гүлдерім» деп ақын жүргегінің ақжарма тілегін өлең өрнегіне өріп, бек сенім артқан кеменгер ақыннан жеткен ақық гүл, «алтынның сынығы» өсте, асыл текten жаңылыстық етсін бе??!

«Сенде құлышынан бір қасиет бар, артынан бір үл, екі қыз ерді» – дейді екен Зұбира анасы Құләтәйі – Гүлнәріне.

Ана аузынан шыққан аталы сөз – ана жүргегінің үкілі үміті жөргекте жатқан жас Гүлнәрдің келешегіне киелі-ие қасиет бол үйіған секілді.

Әмманда, аналардың ақжарма тілегі, ұлпіл қаққан әзиз жүректерінің өз үні – Алланың құлағына шалынар болса керек...

Гүлнәр Сейтенқызының әке жолын қуған иғлікті істерінің бірі – ұстаздық жолды таңдау болса, екіншісі қаламгерлік қасиетінде.

«Саусақтарының ұшында тірі пендеге көрінбейтін алтын нұрлы қауырсын дірілдеген» қаламгерлікпен бірге әке тегінен еншілеген ақынға тән адалдық, балаға тән аңғалдық, қиянатқа қарсы тұrap қайсарлық пен турашылдық, сыйдыр еткен сыйбыстан сыр аулаған сезімталдықтың биік өресі мен әйел затына тән нәзіктік, анаға тән мейірбандық қасиеттер қатар-қатар тұтаса өріліп жатады.

«Ой-санамды ерлікке жеткізген, бала жүрегіме адалдықтың сәулесін күннің көзіндегі шаша білген өкем еді» – дейді, «Әкеме» атты естелігінде:

«Әкем аспанға көтеріп алғанда, өзімді ұшып бара жатқан құстай сезіндім. Жерде тұрган ата-анамның махаббаты мені бақыттың, адалдықтың аспанына ұшырып жібергендей болып көрінді» – дейді ақын жанды, сезімтал жүректі Гүлнэр Сейтенқызы.

«Әке – асқар тау, шеше – қайнар бұлак, бала – жанып тұрган шырақ» демекші, әке өнегесін өміріне ұлғі тұтқан, ана ұлағатын есіне ерен тоқыған Гүлнэр Сейтенқызы отбасының үйтқысы – ошақ қасының киесі – От аласы болу мақсұтын «Анашым – арым менің» деп «аппақ–арына» балайтын аяулы анадан дарыта білген.

Қазақтың ақының ақыны Төлеген Айбергенов: «Өз ғасырым өзімнің иінімде, Өз биігім өзімнің биігімде» дейді.

Гүлнэр Сейтенқызының алдындағы арда арман, мағыналы мақсаты – от басының береке-бірлігін, ошақ қасының жылу шырайын кіргізіп, Отагасына жан серік – Отанасты парызын, Ақ жауалықты аналық парызын адаптацияру еді.

Арайлап атар әр таңға аналық жүрекпен үн қатқан, аймаңдайлы айдарлы ақ балапан-балаларының бағына балаған ақ арманы Гүлнэр Сейтенқызының «Төрт шырағым» өлеңіндегі:

*«Мақтансын» – деп қазақ халқы,
Менің ұлым, қыздарыммен*

–деп Жаратушы Тәңірден тілеген шырайлы шумақтар түрінде періштенің құлағына шалынып шынайылыққа айналды.

Қазақ халқының қалаулы азаматы Қасым Жанат Жақыпсейітұлының ер ұланы, ардақты ана Гүлнэр Сейтенқызының айдарлысы бала қыран – жас Шоқан 2003 жылдың 27 сәуірі күні сонау Күн Шығыстағы Жапонияның астанасы Токио қаласында кекүшинкай-каратэден «Әлем чемпионы» атанып бір өулеттің ғана емес, қаймана қазақ халқының мақтандышина айналды.

Қазыбек бабамыздың «Атадан жақсы ұл туса, елдің туы болады» деген сөзінің жаны осы болса керек!

Айбарлы елдің ұлы – айтаңбалы, айдарлы Бала Шоқанды балапан шағынан баптап, шашасын шаң шалмаған сәйгүліктер сайысына қосып:

*Балапаным, ертерек сұңқар болдың,
Кемеліңе келмей тұлтар болдың.
Намыс үшін айқасқан бабалардай,
Он алтыда еліңе қамқор болдың»*

– деп жүргегінің қуанышты толғанысын жыр шумағымен шырайлап берген ана жүректің арда қасиеті ақ жаулықтылар алдында өнеге боларлық, ел мақтанарлық ерен үлгі көрсете білді!!!

Бұл «Төрт балама да әкемнің адалдығын, тазалығын, еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін мақтанышпен айтып отырамын» – дейтін Гүлнэр Сейтенқызының өмірлік мұратының биік шыны. Әке тағылымының текті сыры.

Дана баба Қазыбек бидің:

*Туган балаң жақсы болса,
Тән мен жсанның шырагы емес ne!
...
Алған жарың жақсы болса –
Жиганың мен мейманыңның тұрагы емес ne!*

– деген қадірлі сөзіндегі асыл жар, парасатты ана орны – отбасының бақ-киесі, шаңырақтың шаттықты иесі екенін айтпай ма?!

Мынау дүние ғұмыр – жалғаны жақсылардың жақсылығы мен шарапатының арқасында мағыналы болмысқа айналып түрғандай.

Айналаңда ала да құла дүние.

Ай мен күндей, күн мен түндей алмасқан, ақиқат пен жалғаның ара жігі алмасқан, жақсылықтың жағасынан

жаманшылық жармасқан... аппақ пенен қара түс сияқты қатарласып арбасқан... пәни жалғанында адамзат басында «өмір сынағы» атты сын сәттер болатыны да айдан анық.

Улкен ұжым.

Жаратушы Алланың шеберлігімен бірін біріне ұқсатпай жарататын пенделері секілді алуан-алуан адамда, алуан түрлі мінез бар.

Мінез. Тартыс. Мәселе. Қажеттілік. Талап. Тілек.

Адамзат қоғамы осы үғымдарды айналып өте алмайтындығы және шындық.

«Кемедегінің жаны бір» қағидатындағы өмір теңізінде «ізгіліктен жасалмаған» ескексіз кемелі, ертегінің жағымсыз кейіпкері кейліндегілер рөл ойнайтын кездер болып қалатыны және ақиқат.

«Тағдыр құмсағатының» қыын қыстау сәттерінде Мінездер, Мәселелер тағы да келіп қағатын бір есік бар...

– Иә, дұрыс ойладыңыз.

Ол, кәдімгі данагөй қарттың әйгілі ізбасары.

Кез келген Мәселенің, кез келген Мінездің көңілін орнына дөп түсіріп, ушықкан оқиғаның «тігісін жатқызып», Жиренше ақыл, Қарашаш айлаға айналатын ақылды ару кейпіндегі Ақық гүл, данагөй қарттың ізбасары.

Ана орнына аналық жүректің алақанын жайып, ұстаз орнына ұстаздық ұлағатты ұғындырып, қамыққан сәтте көңілге дем беріп, жаураған шақта жүрекке жылу мейірім төгіп, Қасиетті Оку Ордамыздың жарқыраған шам-шырағындаидай айналага жадыраған жайдарлы шуақ таратып аңқылдап жүрген аппақ көңіліңізге Алланың рақым-нұрлы шапағаты жауа берсін!

ӨТКЕН КҮНДЕ БЕЛГІ БАР...

*Ұлы Отанымызға оралған
ағайын-туыстарыма арнаимын!*

1990 жылдардың басында Қазақ елінің тәуелсіздігін жариялауымен тікелей қатысты Алтай бауырындағы «Бес Богда» қазақшаласа «Бес тәңір» тауын жаз жайлап, қыс қонып жүрген қазақтың бір бөлігі Ана Жүртқа – Ұлы Отанға көш түзеді. «Озге елде сұltан болғанша, өз елінде ұltан бол» деп Отанына оралған ағайындар алғашқыда «еңбек шарты» деген желеумен келгенімен, оқыған зиялышы да, оқымай мал бағып-жан баққаны да түгелдей ауылды жерлерге орналастырылғаны белгілі.

Бұл жағдай расын айтқанда «сізге өтірік, маған шын» дегендей-ақ, көп дүниені сан рет саралап қарауға, қайта-қайта ойлауға талай рет мәжбүр еткені бар. Иә, оның себебі де жоқ емес.

Әуелде біз балалықтан енді ересектер қатарына қосылып келе жатқан түсқа, яғни өмірге, жалпы қоғамға, адамға деген көзқарасымыз енді қалыптасып келе жатқан кезге дөп келді, бұл кез...

...Монгол елінің батыс өлкесін мекендерген аз ғана қазақтың ел өміріндегі жаңағын атаулыны жарнамалап тұратын «Жаңа өмір» атты қазақ тілінде жарық көретін аймақтық газеттің 1991 жылғы бір нөмірінде Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Қазақстаннан шет тұратын қазактардың келуіне мүмкіндігі бар екендігін айтқан, сол жат жайлап, шет қоныстанған қазактар үшін көзайым қуанышқа айналған үлкен жаңағы-ұндеуі шықты. Бұны естіген Ел қуанышында шек болсашы!!!

Көшеде кездескен екінің бірі көш туралы ғана әңгімелеседі...

Ел-жүрт теңселіп кетті. Қуаныштан!

Қазак Елі өз алдына Елдік алды!

Ойланып-толғанып жатуға дәрмен болмаған сияқты, көштің алдыңғы легі лезде буынып-түйініп «Камаз» күтті де қалды.

Ол жақта ел-жұрт қалай қарсы алады, қоныс, көші-қонның қынындығы деген, елден-ел асу, жерден-жер асу, үғым-түсінік басқа орта, әрі-беріден соң «әр елдің салты басқа...» деген дүние жайлы дәл сол тұста ел-жұрттың қаперіне де кірмеді-ау деймін.

Қазақстаннан бұ жақтағы елді көшіріп алуға келетін көліктер, Камаздар келе бастады. Олар Бай-Өлкенің тасты топырағының үйпа-түйпасын шығара шудалып шаңын көкке бірақ шығарды. Ол жақтағы қазақтар, әсілі, дүние қуып, дәулет жиган ба еді... іріл - ұсақты малдарын ағайын-туғанға тапсырып. үй-күй, қызметтерін қалдырып, бар байлығын... көліктерге тиеп, ақыр-соңында презент жабулармен қапталған бійк жүкті Камаздардың ең үстіне «Мен келемін!!!» дегендей, бір екіден Қазақтың Қара Шаңырағын артып, Атамекенге қайтарады да, өздері ұшақтың кезегін күтіп жатады.

Буынды-түйінді кетті. Болды. Тіпті ұшаққа қазақтың қара шаңырағын артып алған тарих тек осы Бай-Өлкесі қазақтарында кездеседі...

Баян-Өлгийдің аэродромынан самолетпен көтеріліп, асқаралы шыңдарын қар көмкерген Бес-боғданы әуеден қарап, төменге көз салғанда, әншейінде асай, аждаға толқындары бүйра-бүйра Қобда өзені кемерінен тасып ашуланар мінезінен жуасып жылғаларды қуалаған бұлақтай ағысын аялдатып, арыны қайтып қалғандай күйде көргенде ең алғашқы қимастық әр көкіректе әуелі есіл - өзен күйге айналып, «әттеген-ай» дегізіп ауыр бір курсінеді де, содан кейін ауаны тілген айырплан құс қанатында аңсаған ақбоз-арман Атамекенге сағынышты жүректерінің үлпілін жеткізеге асығар еді. Асығып жеткен, аңсап жеткен сол сағыныштармен әуелі Өскемен топырағы жолығысады.

Өскеменнің көк көзді жұрттының «көзін шығарып», «бас» деген сұраққа «құлақ» деп жауап қатып, бері кел десе, ары кетіп, жетпіс жыл бойы қалыптасқан «орысшыл» қатаң қагиданы «белден басып, сындырып» ақ жаулығы желбіреп апам келе жатса, иіскейін деп еңкейіп, асфальтқа танталған топырақтан түйір де таба алмай сасқанынан көзінің жасын кимешегінің шетімен көлегейлеп үздігіп кіші апам, үкілері желбіреп, тақиялары қисайып у-шу

болған бала-шага, буып-түйген ұсақ-түйек жүкке қарайлласпай, домбырасын қолына ұстап «Армысың, Атамекен» деп, арқырап Атажүртқа сәлем салған ағалар сырлы саз, сағынышты күйлерін айтып түрушы еді сол кезде...

Тек алғашқы көш кеткен соң ғана аймақта үйіп отырған ел берекесінің қашқаны сезілді. Ағайын алысқа кетті. «Көштен қалған» көнілдерге алаң кіре бастиады. Есік-терезелері үнірейіп қалған бос үйлер, қынырайп қирап жатқан қора-қопсы, бос көшелер «жүртта қалған» дегенді еске өлсін-өлі салып әлек қылды. Сонымен, екінші көшке дайындалған жүрт та жинала бастиады...

Қалған елдің жайы жайлы айтып-айтпай не керек... Келген елдің жайы бұдан да қызығырақ болды.

Солтүстік өңірлердегі ауылды жерлерге «еңбек шартпен» орналастырылған алыстан келген ағайындардың көбісі бұл жақтағы шаруаның қыр-сырының мәнісін көп өтпей-ақ түсіне бастиады. Әсіресе, алты ай қақаған қыс, қалың қарды көрмеген Алтайлық ағайынға өуелі қалың қардың шектірген азабы өз алдына... қыс айларында ғана емес тоғыз ай қорада тұрып, «дайын ас» жейтін мал азабы рас, жандарына батты. Ол жақта малмен жан баққан адамдар үшін «шаруасы дәңгеленіп» жүре берді. Ал жоғарғы қызметте тұрып, мал соңына түсіп көрмеген адамдар бұл істе нағыз «күлкілі кейіпкерлерге» айналғаны жасырын емес.

Бірде тұс әлетінде аталас туысқаным, қазіргі көршінің үйіне топырлад бір топ сығандар келді. Өлем-жәлем киінген, көздері оттай жанып, жарқылдаған сұлу қыз-келіншектер табалдырықты аттай бергені сол еді, босағаға сүйеніп отыра қалған бозбала «боздап қоя» берді. Құлаққа жағымды. «Құлғы Аллаһ» деді. Антарылып есіміз шыққаны сонша «басыма шыт байлай қояйыншы» деп, женгей орамалды оқып болған соң ізdemесі бар ма?!

О заман да бұ заман ежелден көшпелі «малы аралас, қойы қоралас» Шыңғыс бабаларының жер кайысқан мыңдаған қолынан «мың қол» монгол атанған, бертініректе Будда дінін қабылдаған бұрынғы тарихта, тіпті қазақтың Абайдан кейінгі заңғар ақыны

Мағжанда «ер түріктің» бір баласы, арғы тектері түркі, меркіт, керейт атанған халықтың ішінде көбінесе «бас жару, көз шығару» болса да, алдау, арбау дегенді көп көрмей олардың адамға сенгіш, бауырмалдығын алған ағайын мұндайды алғашқы рет көргені. Бәрі де аң-тан.

Аңтарылып алдануға лайықталып отырған жұртты қабагынан андаған пысықай бойжеткеннің бірі лезде женгейдің білегінен шап берді.

—Тәте ертең үйден алыс сапарға аттанғалы отырған адамдарыңыз бар екен — деді.

—Үйбай-аяу, мынау оны қайдан біліп қойды? — деп, ауыз жапқанша, — дүға оқып берейін, сәтті сапар болсын! — деді сыған сұлуы.

—А, а — деп женгей оның бұғауына біржола тұсті.

—Босағанда бір үлкен ұшық тұр! — деді, женгейдің аласұрып қатты қорыққанын аңғарған қызы ұстемелете.

Ортаға ақша әкел, алтын әкел, жаңа заттан не бар...

Бай-Өлкедегі тігін фабрикасынан шыққан судай жаңа түскиз бөлмеге жайылды. Жұдырығына сыған ұстатьп қойған түйіншектүйіншек ала жіпті қысып ұстап женгей отыр ортада. Бар деп айтуға тұрарлық киім-кешек, ине-түйме, мата, сиса т.б. барлығы үйіліп тұр.

—Ойбай, өткен жылы бір жақын адамдарың дүниеден өтіпті — соған Құран бағышта! — деді. Енді женгей біржола сенді. Ол жағдай рас еді.

...Ұшық-бәле қаланы өзіммен алып кетем, сендерді тазартам, — деп аяқтады сөзін сыған қызы.

Женгей «Сүйтші, қарғам, сүйтші» — дей береді, есінен айырылған адам сияқты. Бір кезде сыған:

—Енді осы бәлекеттің бәрінен сендерді біржола құтқаруым үшін маған қой бересін бе? — деді, екпіндеп.

Женгей баж ете қалды.

— Ойбай, қой жоқ қой менде, қой жоқ! Енді не істеймін, мынаған? — деп жалтақ-жалтақ етеді.

— Онда не бар?

— Тауық бар.

Сығанға тауық беру қыын болған жоқ, тауықты сою қыын болды.

Бұл жолы қораға бара жатқан ағаның қолындағы қынама пышаққа қарағанда-ақ сүлкіні түсіп кетті. Бұрын бір жылғы соғымға жылқы, түйе, иә болмаса ірі қара мал сойып үйренген алламсадай ағай кез келген ірі малды сұлатып сойғанда әп-сәтте жайратып, мүшелеп тастаушы еді.

Бір кездे қора жақтан түрлі дыбыстар шығып, азан-қазан басталды да кетті.

Ә дегенше болмай, қыт-қыттап жүрген тауық екеш зып етіп тайқып, қорадан тұра қашты. Артынан көрші ағай жүгіріп шығып, тауықты қуып жүр.

— Құдай-ай, құрып қалғыр, мынау баж-бұж еткен не деген қыын, пәле еді, ааа?! Не аң емес, не мал емес – деп, көрші ағай ашуға басты.

Тауық жасырынбақ ойнап жүрген сияқты, қораның о жағынан кіріп, бұ жағынан шықты.

Өмір бойы әскери қызмет атқарып келген офицер ағайдың жағдайы, «ойпырым-ай» деген халге жетті. Қатал тәртіпке сыйптай ағайды қораның қарапайым шаруасына мұншама қырсыз деп кім ойлаған?!

— Мына құс қуған деген не деген қыын, а? Үстаттайты, енді үстай берсем үшып кетеді, құрығыр!..

Құс қуып шаршап-терлеп ағай енді тізе бүге бергенде жаңа көршілердің бірі Күнімжан апай ойбайлап, желбегей жамылған шапаны желбіреп жүгіре басып келе жатыр. Қайран шежіре қартым-ай, қандай жанашыр десеңізші?!

—Ай, Бәрәкет, ана сениң дүнгене қатының қайда? Үйлеріңе сигандер толып кетті. Үйбүүү, қонақ қып отырмысындар, а?

Біз үн-түнбіз, ағай да тіл қатуға шамасы жоқ. Енді оларды қонақ қылғаннан ары төрде отырғызып, алдына бар-жоғын жиып, ашса аузына, жұмса көзіне қарап отырған соң...

— Ай, дүнгене қатын, мыналар сендерді тонап жатыр! — деп, қолына сыптырғышты ала салып бас-көз демей сыйандарды үрғылай бастады, Күнімжан апа. Олар сасатын емес, дүние мұкамалды жиып теріп, будақ-будақ түйіншектеніп, шай-бүй десіп үйден шаңқылдаш шықты...

Жаңағы тауықтарды сары балапан кезінде жеңгейге осы Күнімжан апа отызын беріп, мал қылып өсір, балаларыңа ас болады депті. Балапан бағудың бабын үйрене бастаған жеңгей, шыр-шыр еткен күлдей ұсақ сары ауыз шымшықтарды жемдеп отырғанда аяқ астынан «алыстан ат арытып» сағынып апайы келе қалған екен. Сағынысып көріскең апайы мауқын басып, әңгімелесіп отырғанда, жағдайларыңды білуге келіп едім «торғай бағып қалыпсың ғой, қарғам-ай» деп, көз жасын кимешегінің ұшына сүртіп жылапты.

Өткен күнде белгі бар. Алғаш елден ел асып, жерден жер асып келген шақта қаншама қыындыққа қарамай қасқайып өмірмен қүресе білген ағайындарымның қайсарлығына басымды иемін.

Мәре. Жеңіс. Жеңімпаз – деген магыналы сөздер бар тілімізде.

Сайыстаған жеңіп, жарыстаған жеңімпаз атандып Мәрекеге жететін дәстүр бар.

Қаншама қыын сөттерді бастан кеше жүріп, басты мұрат – үрпактарын Ұлы Отанға жеткізіп, тәуелсіз Еліміздің Қасиетті Қара Шаңырағында, ұлды-ұяға, қызды кияға ұшыра білген бүл буын атабабаларымыздың асыл армандарын қанаттандырған сайыпқырандар еді!!!

Өмір атты қуресте жеңіліс бермей мәрекеге жеткен жеңімпаз мәртебелілерім менің!!!

Анамның «Сендер қазақсындар. Қазақтың жерінде, қазақтың елінде өмір сүрсөндер, менің құдай алдындағы, ата-бабаларыңың алдындағы парызым, Үрпактарымды Ұлы Отанына жеткізіп кетсем арманым болмайды» деп, Қазақстанға көшуге шешім шығарғаны өлі құнгеге көз алдында.

Қазақстанға көшеміз деген шешім шыққан күннен бастап алтыс-жақын, қыр-ойдағы ағайын-туыстар үйге көптеп келе бастады.

«Енді қашан көрісер екенбіз?!» десіп, барлығы жиналып суретке тұсті. Осындағы естелік суреттердің бірінде кимешек-шылауышпен апам ортасында, айналасы толған немерелері, шөберелері. Туған балаларынан мен ғана бірге түсіппін. Сондағы балалардың ішіндегі әр шаңырақтың екі-үш жасар кенжетайлары бүгіндері бірі жоғары оқу-орындарын бітіріп жатса, бірі енді үйленіп, тойын жасап дегендей, есейіп қойыпты. Уақыт сырғып өтіп жатыр.

Апам өзінің он баласының тоғызынан (өкінішке орай, менің ғана балаларымды көруді жазбаған) өрбіген немере - шөберелерін шүпірлетіп айналасына отырғызып қойып «осыған жеткен де бар, жетпеген де бар, Құдайға шүкір, шүкір!» деп отыруши еді, жарықтығым!

Апама Алла Қазақ жерінің топырағын басып, ауасын жүтудың бес жылын жазған екен, биыл дүниеден озғанына он жеті жыл болыпты.

Ағайын-туыстарыма барғанда: «Екі елге де үлкен рахмет. Монголияда да жамандық көрген жоқпыз. Қазақстанға келіп те жамандық көрген жоқпыз. Балаларымыз оқыды, білім алды. Өздерінің елінде ер жетіп азамат болды. Елімізге, Елбасымызға рахмет!» – деп отырған, хош көңілдерін көріп қатты толқымын.

Қыншылықты қын екен деп, ауырташылық салмақты ауыр екен деп ананың баладан, баланың ата-анадан, ағайынның кедей-кепшік деп туысқаннан, әкенің отбасы-ошак қасынан айнып, айрылып, өмір-күресте жеңіліс бермегені көңілге демеу, жүрекке куаныш үялатады!

Осының өзі «құрыштан құйған құдірет, дария-кеуде» қарттарымыздың үрпақ үғымына иман үялата білген зерделі жүрек, терен танымын болса керек.

АЛТАЙДАН ҰШҚАН АҚИЫҚ – АҚЫТ АҚЫН

Ақыт Үлімжіұлы Қарымсақов Алтайский (1868-1940) – дархан аумақта көсіліп жатқан қазақ деген үлттың ұлы да кең шашырағынан шет қалған ұлы философ – ойшылы, халықтың өмірін, тұрмысын, тіршілігін, өмірдің баяндылығын жырлаушы ақыны, ғұлама Ислам танушы, қасиетті Құран Қерімді қазақ тіліне тәржімалаушы, әлемнің әр түкпіріндегі жеті үлттың тілін игерген қажы, медресе устазы, мемлекет қызметкері.

Өзі ғұмыр кешкен Алтай мен Қобда бетіндегі Қытай Халық Республикасы мен Монғолия қазақтарына ғана емес, құллі қазақ халқына ортақ дүлдүл ақын, ғұлама ағартушы, сонына ғасырдан-ғасырға жалғасып, үрпақтан-үрпаққа ғибрат боларлықтай өлмес мұра қалдырыған халқымыздың біртуар перзенті, кеменгер, үлтшыл қайраткер, бостандық жолындағы жарқын құрестің көш басшысы.

Төл әдебиетіміздің тарихындағы арғы бастаулары бірнеше ғасырлар үлесінде жатқан діни шығармалардың, Құранның әдебиетке тигізген әсері мол. Ислами әдебиеттің дүниеге келуі – өзіндік ішкі заңдылығы бар тарихи үрдіс. Ислам діні негізінде туған күрделі образдар мен сюжеттердің, тәлім-тәрбиелік хикаялардың қазақ даласында бірнеше ғасырлардан бері көшіп жүруі көптеген әдеби мұраларда желі тартқан дәстүр жалғастығы деп білсең, оның жарқын көрінісі, имани сенімдегі ізгілік тағызылдарын өлең - жырларына арқау ете отырып Ислам құндылықтарын поэзиясы арқылы уағыздаған ақындардың бірі әрі бірегейі XIX ғасыр II жартысы мен XX ғасырдың басында өмір сүрген қазақ поэзиясының көрнекті өкілі, ақын – Ақыт Үлімжіұлы Қарымсақов.

Ақыт Үлімжіұлы қазақ әдебиеті тарихында алғашқылардың бірі болып кітап шығарған ақын. Тұңғыш кітабы шағатай тілінде жазылған «Жиһаншаң» дастаны Татарстанның Қазан шаһарында

1891 жылы жарық көрөді. «Осы тұргыдан алып қарағанда Ақыт қазақ жазба әдебиетінің негізін салушылардың бірі, Шығыс Түркістанда, Абак Керейде біріншісі және бірегейі. Өлең-жырмен дін таратқаны, мешіт-медресеге бас болып, қажыға барып, Құранды тәржималағаны үшін ол – ғұлама дінбасы».

Ақынның 1891-1914 жылдар аралығында, яғни, көзі тірісінде онға тарта кітaby басылып шығады.

Қазан қаласынан «Қисса и Сәйфұлмәлік» 1895 жылы араб тілінде, «Тәржұма Ахитибин» 1897 жылы шағатай тілінде, «Қисса и Ғабдұлмәлік» 1902 жылы, «Ахуаль хиямет» 1908 жылы, «Қисса и Мінахіп» 1909 жылы, «Фибрат жыры» 1909 жылы, «Әбіят Faxилия» (1909), «Керей Ешаны Мұхаммед Момин» 1909 жылы, Құсайынның мұрагерлері баспасынан еларалық саудагер Ноғай Ғабдул-Хамиттың жеткізуімен жарық көріп отырған. Соншама қыыр шетте жатқанына сол кездегі мүмкіндік-болмыстың қыыншылығына қарамастан сонау Қазан шаһарында 7-8 кітabyн шығартты. Бұл Ақыттың сұңғыла көрегендігінің және тынымсыз еңбегінің нәтижесі еді. Өзі Қазанға бармаса да, шығармаларын Алтай, Қобдаға келген ноғай, қазақ саудагерлерінен жалғастырып жіберіп тұрган.

Ақыт өлеңдерінің көвшілігі (1914 жылдан кейінгі шығармалары) қолдан-қолға көшіріліп ел ішіне қолжазба күйінде тараған. Алайда Гоминдан өкіметі оны тұтқындағанда ақынның аса мәнді қолжазбалары мен жинаған әдеби-тарихи материалдарын қоса құртады.

Ақын Ақыт қажы және Ислам ұлағаты

Ақыт Үлімжіұлының өмір жолына көз салсақ болашақ ақын бала шағынан-ақ Ислам дінінің кәусарынан сузындағанын аңғарамыз.

Ақыт Үлімжіұлы Қарымсақов Алтайский 1868 жылы Қытай Халық Республикасы Алтай аймағы, Көктогай ауданы, Қайырты

жайлауында Абақ-Керейдің Молқы руындағы Үлімжі деген кісінің отбасында дүние есігін ашқан.

Жастайынан зерек бала Ақыт төрт жасынан бастап Садық молладан, кейін Ғұсман имамнан сауат ашып, діни білім мен тәлім алды. Алғыр шәкірт алты жасында Бұхарадан жер аударылып келген Махбубулла деген үлкен дін ғұламасынан араб, парсы, шағатай тілдерін үйренеді. Ақын өзінің сол кезін:

*Пақыр Ақыт сөйлейді өрбір тұстан,
Жастан түркі танытты молла Ғұсман.
Садық ага үйретті «Әліф-би» деп
Танытты хат-қагазды асығыстан.
Ержетіп дамолладан алдым сабақ,
Есімі дүр Махбубулла асыл талап.
Бұқардың ақ сүйегі дәл өзінен
Шығады демі сайын гылым тарап, [1,7] -*

деп еске алады.

Сонымен қатар, Керей ишаны Мұхаммед Мумин хазіреттердің алдын көріп, Тәрбие-өнегесін алады, көзі ашылып, көкірегі оянады.

Жас кезінен халық әдебиетімен сусындал, өлең-өнерді зердесіне сіңіріп өскен жас талап оқуға ерекше ынталы болады. Қазан, Стамбул шаһарларынан шыққан Фирдоусидің, Низамидің, Қожа Хафиздің, Шайхы Сағидидың, Науайдың, Сопы Аллярдың араб-парсы, түрік, шағатай, оғыз тілдеріндегі кітаптарын оқып, діни қиссалармен бірге ескілікті жыр-дастандармен танысқан оның ақындық таланты үштала түседі.

Ақыттанудың алғашқы қадамын жасаған ғалым Қ.Қалиасқарұлы: «Көзі ашық, көнілі ояу, еті тірі Үлімжі Ақытты бай малының соңына, жалшылыққа салмай «үміт еткен кезінің нұры» болған соң діни оқуға береді. Жүрттың айтуынша оған Алтай, Қобдаға өйгілі ғұлама молла, тәуіп атанған Мақан деген кісі сабақ береді.

Ол кезде қазақ қоғамында молла алдынан басқа мектеп жоқ еді. Өжет, өнерлі, сауыққұмар Ақыт екі-үш жылда оқып, хатқа да, дінге де жүйрік болып алады. ...

...ақын хатқа жүйрік болған соң, сол кездегі әкімшілік орталығы Қобда қаласының (Қазіргі Монгол Халық Республикасы, Қобда аймағының орталығы) жеминіне хатшылыққа келеді. Бұл Ақыттың 1889 жылғы хатшылыққа мұнда алғашқы келуі /бұдан кейін де бірнеше дүркін келеді/ [2,130] – деген деректі келтіреді, – Ақыт ақын туралы зерттеуінде.

Ақыт 1890-1900 жылдары аралығында Алтай мен Қобда арасындағы почта бөлімшесінде (меденде) жұмыс істейді. «Ол кезде қазіргі Монголия Жунғоның отарында болып, өз алдына бөлініп шықпаған, Монголия қазақтары ол кезде Чин хандығын Еженхан деп айтады екен. Еженханнан келетін хат-шектер Алтайдан Қобдаға ат почтасы арқылы жеткізілсе, Шарруссиядан келетін хат-шектер Қобдадан Алтайға ат почтасы арқылы келтірілетін болғандықтан сол кездегі жергілікті әкімет Жуанған (сол кездегі Молқы руының үкірдайы, өрі хажысы Жота хажы деп те айтылады) үкірдайдан почта таситын сауатты, пысық екі жігіт сұрағанда біреуіне Ақытты, біреуіне оның құрдасы Қобдабайды шығарып береді» [2,7-866].

Б. Бопайұлы «Ақыт Ақиқаты» монографиясында: «23 жасында сондагы Мәнжин әкімшілігінде хатшылық қызметке жоғарылатылған. Сол уақытта монғол, қытай тілдерін қатар үйреніп, аудармашы қызметін қоса атқарған» [3,4] – дейді.

Ақыт осы кезде «Жиырма бөлешке баға тыын», «Ғылым – сөүле, нүр – жарық», «Керей ишаны Мұхаммед Мұһмин», «Құлтайболат Тұңғышбай», «Кесікқол келіншек» т.б. өлең, қисса-дастандарын жазып, біртуар таланттымен белгілі болды.

Алтай тауының теріскей бетін (Монголияның Қобда беті) мекен еткен Ботағара руының ауылдары Ақыттың білімі мен таланттын танып, өз араларына көшіріп алушмен бірге оның білімі, ой - өрісінің өсуіне ғылым, әдеби шығармашылығының өрлеуіне жағдай жасайды. Мұнда келуі Ақыттың өмірі мен көзқарасы,

шығармашылығының мүлде жаңа сапалық деңгейге көтерілуінің басы болды.

Ақыттың Қазанда 1891 жылы тұнғыш жарық көрген төл туындысы «Жиһаншаһ Тамуз шаһ үғлы» кітабы туралы ақыттанушы, ақын Ш.Рахметұлы: «Жиырма екі жасында Алтай, Қобда шекарасындағы жамин атты меден үйде жатып жеті сағатта жазып шықкан алғашқы хиссасы, әрі Қазан қаласында басылған қазақтың алғашқы әдеби шығармаларының бірі» – дейді.

Қырық жасқа дейінгі өмірінің дені Қобда бетінде (Монголия қазақтары), Делуін өлкесінде өткен Ақыт Лайық қажы, Бардам үкірдай ауылдарында көп жылдар бала оқытады. Жуанған лұцнің, тағы басқа керей билерінің хатшылығын істеп, Қобда маңында біраз болады.

Ақыт 1903 жылы Шәкенбай үкірдайдың ауылында бала оқытады.

1908 жылы Бардам, Лайық, Оразбектер бастаған алпыстай адам Қобда, Алтай, Тарбағатай өңірінен қажыға барады. Қажы сапарына бет алған адамдарды шығарып салуға ілескен Ақытты да олар қолқалап, жол қаражатын өздері көтеріп, аудармашы ретінде бірге ертіп кетеді. Ақын осы сапарында ел көріп, жер тану мақсатымен серіктерінен бөлініп қалады. Арабияның бірнеше қалаларын аралап, араб мәдениетімен танысады, білімін толықтырады. Осы сапарынан "Қажыбаян" атты көлемді дастанын жазады. Бұл сапарда бір жарым жылдай болып оралғаннан кейін Шәкүртідегі мекеніне мешіт-медрессе салғызып бала оқытады. Халықты білім-өнерге үндеп, Ислам құндылықтарын насихаттай отырып, тәлім-тәрбие таратуға құлшына кіріседі.

1912 жылы Көктоғай, Шіңгіл, Бурылтоғай жеріндегі төрт тәйжі ел оны қазы етіп сайдайды және мешіттің бас имамы болады.

«Ақыт ақын 1937 жылы Қобда бетінен, Монголиядан Алтайға біржола кетеді... Бұған дейін Ақыт Қобда бетінде ұзак жыл тұрды...

...Ал Ақыттың Шыңжанға қайтып келген кезі Алтай жерін, қазіргі Шыңжанды, жаппай басып алған гоминдандықтардың

халықты алдап, жаңа зұлымдыққа өзірленіп жатқан кезі-тін. Осы бір ұлы өлкенің үнін біржола өшіріп, «Ұлы Қытай империясының» ойран салар, ордасы болдыру үшін олар тіпті ел ағасы, ел көсемі ерлерді қойып, екі адамға тілі өтер ұғырып, қазақ т.б. халықтың ер азаматына алапат түнін өзірлеп жатты. Бұған қарсы азаттық қозғалысының алуан түрі бар жерінен қауалап тұрған осы өлкені біржолата тұншықтырып, бар билікті жалғыз түнде қолға келтірген Шиншіңсайлықтар ел сандактарын ...бірер жылда қырып салды» [2,125].

Ақыт ақынды ел бірлігін дәріпте, халықты азаттыққа, оянып жеке ел болуға шақырғаны және ұлт-азаттық қозғалысты қолдағаны үшін гоминдаң өкіметі 1939 жылы жиырма төртінші желтоқсанда "күдікті" адам ретінде тұтқынға алады да, 1940 жылы тамыз айында Үрімжі түрмесінде (жетпіс екі жастағы ақынды) жан түршігерлік қинау көрсетіп өлтіреді

Өз жырларында өшкөреленген басқыншы Шен-Чи-Цай өкіметі мен олардың қолшоқпарлары, Алтай өлкесіндегі рухани қазынаның бірі болған Ақыт қажының әйгілі Ақмешітін қиратып, ондағы мыңға жуық кітапты өртеп, құртып жібереді.

«Әуелі Әліп – Алланың есім заты, кітаптағаян болар мың бір аты»

XIX ғасырдың соңы, XX ғасырдың басында өмір сүрген қазақ поэзиясының көрнекті өкілі, ақын Ақыт қажы Үлімжіұлы Қарымсақовтың Қазан баспаханаларында жарық көрген, ел арасында жатқа айтылған өлең-хикметтері мен дастандарының қалың оқырмандары мен тыңдаушыларын имандылыққа, адамгершілікке, ерлікке тәрбиелеудегі мәні зор болған еді.

Ақыт ақын өз еңбектерінің негізінде қазақ халқы әдеби туындыдан рухани қуат алатынын пайдалана отырып ұлтқа, халыққа имандылықты, адамгершілікті – Ислам діні арқылы уағыздап, оны халықты қайырымды, ізгі адам етіп тәрбиелеудің құралы ретінде негізге алған. Ақынның бүл әдісті

пайдалануының себебі: ол «халыққа жақсылық жасаудың, бақытты етудің бірден-бір жолы тек өнер-білім үйретіп, имандылық жолын нұсқау» деп үғады. Сондықтан да ол халқын ізгілікке, адамгершілікке, білімпаздыққа баулуға өзінің төл туындыларын бағыштады.

Кешегі тоталитарлық жүйеге негізделген кеңес үкіметі тұсында халықтың рухани жәдігерлерінен саналатын діни мазмұндағы көне мұраларды кеңінен насиҳаттап, таратуға мүмкіндік болмаған еді.

Академик Мұхтар Әуезов: «Қазақ арасына Ісләм дінінің тарауына көбінесе қазактың ақындықты суюі себеп болды деген дұрыс пікір. Елге не жайылса да, әдебиет жүрнағы болып, әдебиет елшеуінің біріне түскен соң ғана жайылатын болған. Өлеңсіз, әңгімесіз, сұлу сөзсіз келген күргақ үгіт болса, ондайды ел тыңдамаған да үқпаған, ықылас қоймайтын болған» [4, 226] – деп жазған.

Бүгінде әлем әдебиетінің алтын қорына қосылған мұсылман шығыс сөз өнерінің асыл жауһарлары осы діннің ықпалында дүниеге келгені аян.

*Әуелі Әліп – Алланың есім заты,
Кітапта гаян болар мың бір аты.
Жігітлер, құлақ салып алышы гибрат,
Баян гып пахыр Ақыт жазған хаты.
«Жиырма тогызы әліп»*

деп, өлең-жырын Алла атымен бастайтын ақындардың актантегері – Ақыт қажы да туындылары арқылы туған халқына Ислам құндылықтарын уағыздады.

Имандылық, әдептілікті қалыптастырудың діннің де рөлі зор, дінді қастерлеу керек екенін айта келіп:

*Не сұраймыз агалар,
Құбылмалы заманнан.
Дініңді өбден күтіп қал,*

*Айрылмай тұрып шамаңнан
...Қор болған жсоқ еш адам
Дін ушін жсанын қиганнан...*

деген түйінді ой айтады.

Ақын поэзиясындағы Ислам ұлағатын ұлықтай отырып, шеберлікпен өрнектелген өлең шумактары жақсылықта сүйсіндіріп, адам бойындағы ізгі қасиеттерді оятады. Ақын шығармаларындағы философиялық, педагогикалық көзқарастардың негізгі түйін, арнасы құлықсана (мораль) мәселелері төнірегінде шешімін тапқан. Ол қоғамда қалай дұрыс өмір сұрудің жолдарын көрсететін, адам өмірінің мәні, адам баласының баянды гүміры, адамдармен қарым-қатынас мәдениеті, «ар-ұят», «адамгершілік», «қайырымдылық», «жақсылық», «бірлік», «татулық», «ұлттық таным өзегі не?» деген сұрақтарға жауап береді.

Көркем әдебиет қоршаған ортаның шындығын бейнелеп қана қоймайды. Ол адам табиғатын, қоғамның болмысын өзгертуге, жақсартуға ат салысады. Көркемдік сана айналадағы өзгерістерді де бағдарлап, бейнелеп отырмақ. Оның қайшылықтарын, шешімін таппаған түйіндерін, келешегін барлайтын да, халыққа түсіндіретін де көркем сана. Аталған қасиеттерді бойына сінірген көркем ой туындылары ғана классикалық сапаға көтеріледі

Ақыт қажының әдеби мұрасының құндылығы – оның рухани бастау көздерінің күрделілігінде. Ең алдымен ол өзі өсіп өнген қазақ жүртіның халықтық мұрасын терең меңгеріп, асылын бойына жинақтай отырып, Шығыстың ой алыптарынан даналық іздел, Арабтың Ислам құндылықтарымен суарылған өркенді әдебиетінен өзгеше өрнек тапқан, хакім Абай поэзиясынан рухани нәр алған ақын.

Хакім Абайдың «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» тағылымын жалғастырған адап шәкірттерінің бірі, өрбір өлеңін «Бисмиллаң» деп Алла атынан бастайтын, балаң шағынан-ақ танымының негізін, тінін мұсылман дінінің көусар бұлағынан үйіта мейірін қандырған діндар ойшил.

Хакім Абайды өзіне рухани ұстаз тұтқан ақын «...Шіркін Абай, адамның жуырманда есіне түспейтін сөздерді тауып, соны өрнектеген екен...» деп таң қалып, тамсанып оның артықшылығын қабылдауды, тіпті Араб өдебиетінен үйренуді де Абайдың шығармалары арқылы игерді десек артық болмас.

Мұның үлкен айғағы Хакім Абайды өзіне үлгі етіп өмірінің соңғы кезеңінде Абай әуенімен «Дала дилул: ғахилиясын» /Фақылиялық үндеулер/ жазып, ұлы Абайға құрмет білдіруі, Алтай, Қобдадағы қазақтарға Абайды жырлап, құрметпен таныстыруды еді.

Ақыт қажы өзінің ақындық орнын:

*Ақындар бізден бұрын өткен талай,
Әсіресе Құнанбай баласы Абай.
Солардай өткір сөзді таппасам да,
Ойымды жеткізейін құрай- жасай.*

деп бағалағанымен, талай жылдар бойы шалғай шетте жүріп Абайды да, өзге ақындарды да жақсы тани алмаған Алтай (Шығыс Түркістан), Қобда (Монголия) қазақтары өлең - өсиетте тек Ақытты ғана пір тұтып, ғибрат алды.

«Ақыт ақынның ұлылығы – оның мешеулік пен отаршылдық бүғауы торлаған Алтай, Қобда қазағының мәдениетін әлеуметтік биікке көтеріп, алып шығуында жатыр. Іслем дінін халқына кен таратып қана қоймай, қазақ халқының бостандығы, теңдігі, мәдениеті жолындағы күресте оның адастырмас бастаушы екендігін жүртynna уағыздауында, үқтыруында жатыр. Ол осынау зор мақсат үшін халқымыздың өлеңшіл қасиетін дарындылықпен де, данагәйлікпен де пайдаланды» [2,12] – дейді ғалым Қалиасқарұлы.

Ақыт пен Абайды ортақтастырытын мәселе, ол екі ақынның да қазақтың дәстүрлі жырлары, ауыз әдебиеті, жыраулық дәстүрді молынан игерумен қатар, сонау шығыс ақындарының бұлағынан сусындағандығы. Шығыстың әлемге әйгілі шайырлары Фердоуси, Хожа Хафиз, Низами, Науай секілді жарық жүлдөздарынан Абайда, Ақыт та өз халқына керекті болшектерін ала отырып, жаңаша поэзияны қалыптастыруды.

Бір-бірімен ой жүйесі тен түсетін екі ақын терен сезім, идея, мазмұн жағынан түгелімен шығыс ақындарының ықпалына берілмесе де өлең құрау шеберлігі, түр жаңалығы жөнінде көп нәрсе табады. Осы түрғыдан, «Абай өзіне ең жақын үстаз етіп классик ақын Науай шығармаларынан үлгі іздейді. Дастан жазған Науай емес, ғазалдар жазған Науайға еліктегісі келеді. Сейтіп шығыстың ұлы классигіне еліктей отырып, Абай өзінің «Әлифби» өлеңін жазады. Науайда да сол араб алфавитімен тізілген ғазалдар бар. Бірақ, ол әр жолдың басы емес, қайта аяғындағы үйқасты сөздердің ең соңғы дыбысын әлифби ретімен келтіреді» [6,86].

Науай мен Абай арасындағы үқсастықты (түрлік) сөз етіп отыруымыздың себебі, хакім Абайдың араб алфавитін өлеңге қосуы.

Бұл үрдіс Ақыт ақында да кездеседі. Оған ақынның «Жиyrма тоғыз әліп» деген өлеңі дәлел бола алады. Ақыт ақын бұл өлеңді жазу үлгісін Абай үлгі тұтқан Науайдан алды деп айтуда әбден болады.

Әйтсе де, ақын Ақыт қажы «Жиyrма тоғыз әліпте» әуелгі әліпті Алланың есімімен бастап, /Өуелі Өліп – Алланың есім заты, Кітаптағаян болар мың бір аты [7,15] яғни, өлеңнің басқы жолдарын араб алфавитімен тізбектей келе, әр екі такта жолда өсиет, ақыл-нақылға үндейді. Барлығынан түйінде, Имандылық жолынан таймай, мұсылмандықтың бес парызын етеуге шақырып, соңғы әріп Я-ны сол Аллаға құлшылық етуден тәмамдап, өзінше бір ерекшелікпен сөйлетеді:

*Би-бисмилла Алланың атыменен,
Зікір айт бар құдайдың затыменен.
Ғылым оқып танымақ салып зікір,
Тагайын парыз болдық затыменен [7,15]
Ти – демек тілмен айтып ихар қылмақ,
Құдай деп тәспіх гып түзу жүрмек.
Қырық парыз мұсылманның мойнында бар,
Парыз болды тексеріп мұны білмек.
(сонда, 16-б).*

*Си-сөнә етпек құдайдың бірлігіне,
Тәні жсоқ, әм жсаны жсоқ тірлігіне
Сұбутия сипатын түгел сөйтіп,
Бірлігін бір Алланың білдің міне.*

Қасиетті Құран-Кәрімде: «Алла жалғыз. Алла мәңгілік. Ол ешкімнен тумаган және ешкім одан туған жоқ» – деп хатқа түскен.

*Тіріде бұл сипатын ескермесең,
Магына жсоқ ғұмыр жасап жүргуіңде
(сонда, 15-б.)*

Ақыт қажының шығармашылығына араб әдебиетінің жасаған мол ықпал-әсерін ақынның елеңдерін «Бисмилла деп бастайын» деп келетін тілдік қолданысынан-ақ аңғарылады. Бұл тек түрлік тұрғысынан, ал мазмұндық-идеялық қырлары өз алдына бір үлкен зерттеу жұмысқа арқау болатын мәселе екендігін айтып өту ләзім.

Ақынның «Қажыбаян» дастаны:

*«Бисмилла сөз бастайын қалам алып,
Сансыз хамид, өзіңе жаббар халық» [7,123]*

«Мұнаджат хази әл-хажат» - мінәжаты:

*«Бисмиллаһи я Алла
Алла саган жылайын»*

(сонда)

«Ақыт Алтай ғазалы» түйндысы:

*Бисмиллаһ кеңес сөз басы,
Кызыл тілім сайрашы*

«Ақыт Алтай ғазалы»

деп басталады.

«Ақыт шығармалары» кітабының I том 186 – бетінде: «Бисмиллаһ рахман рахим, ей, момын қарындастар, қазақ ұлтының керей елінен шыққан мен әлсіз бақыр пенде-қажы және қазы Ақыт Үлімжіұлы момындарының көзін ашуды, оларды опық жеуден сақтандыруды негіз етіп, соғылық әдебиеттен өрнек алып, осы ғақлиялышқ, нақылдық үндеулер кітабын жаздым» [1,123] – дейді.

Қытайда және Монголияда тұратын зерттеушілер ғұлама ақын, ағартушы, философ, қоғам қайраткері Ақыт Үлімжіұлының әлеуметтік көзқарасы, ағарту идеясы, шығармашылық жолдары тағы басқа жақтарында көптеген мақалалар жариялады.

Осы зерттеулердің ішінде Қабылбек Қажыкенұлы «Ақыт және араб әдебиеті» атты мақаласында Ақыттың ашылмаған әлемінің бір қыры – араб әдебиетімен байланысы туралы сөз етті. «Мұнда ең байырғы мәдениет пен әдебиеттің ошағы болған араб әдебиетінен үйренуі, үйреніп қана қоймай ақындық қуатын әйгілеп назиралық жолмен жыр жазып, арабтың әйгілі аңыз-ертеғілерін қазақ тілінде сейлетуі жағына баса назар аударуы, тоғыз тілді менгерген ғұлама ақынның әдебиетке келуінде өз халқының бай ауыз әдебиеті ең басты рөл атқарады десек те, оның таңдамалы шығармаларындағы (2 том) қисса, дастан, романдардың назиралық жолмен жырланғандығы бізге Ақыт Үлімжіұлының ең көп үйреніп, нәр алған қайнар бұлағы араб әдебиеті екенін түсіндіреді – деп ой туюі, – осындай гүлденген ықпалды әдебиеттен Ақыттың нәр алуы,

ондағы дүниелерді назиралық жолмен жырлауы Ақыт жасампаздығының мазмұны терең бір қойнауы болмақ,— деген тұжырымы ойға өте қонымды. Бұдан әрі автор Ақыт ақынның 1891 жылы Қазан баспасынан «Жиһаншаш» атты назиралық қиссасын жеке кітап етіп шығаруын қазақ әдебиетіндегі Араб әдебиетінен нәр алушы әрі таратушы—дей келе, Ақыт ақынның Араб әдебиетімен кеңінен танысып, бауырын жаза жырлаған тұсы, 1909 жылы Қажылых сапардан оралғаннан кейінгі уақыты болды, —...Ақыт шығармаларының таңдамалы 2 томдығын зерделей барактайтын болсақ таразының басар жағы негізінен назиралық жолмен жырланған қисса-дастандар. Міне, бұл Ақыттың араб әдебиетімен бел шеше араласқан, ең көп жырланған, недауір толықсыған яғни, екінші басқышы болмақ.

Ақыттың араб әдебиетімен молынан танысып тұнығынан сусындауға оның араб тілін жеттік игеруі басты себеп болды десек те, енді бір жағын ол жасаған ортадан, дәуірден бөле қарауға болмайды. Демек, Ақыт жасаған әлеуметтік орта, оның ақындық өнеріне табиғи түрде өріс ашып берді. Мәселен 1891 жылдары Қобда мен Алтай араласында хат-чек таситын почталион болуы, 1907 жылдары сабак беріп, бала оқытуы, 1908 жылы Қажылых сапарға аттанып араб елінде бір жылға жуық уақыт тұрып келуі, оны араб әдебиетімен онан ішкерлеп таныстырады да, жасампаздық жақтан қадам сайын шыт-жана жаңалықтар жаратуына жол нұскады.

Көзін жарық дүниеге ашқаннан ислам дінінің ықпалына үшыраған Ақыттың ислам тағлымын алғырлықпен жасампаздық жүзінде өз шығармаларында жаңғыртуы ерсілік емес, қайта, ол Ақыттың жаңалығы, Араб—Парсы әдебиетінің көркемдік ерекшелітерінің бейнелеу тәсілдерін қазақ әдебиетіне өзіндік формамен енгізіп, әдебиетіміздің кемелденуімен, өсуіне зор дәрежеде септігін тигізді деуінізге болады. Бұл Ақыттың араб әдебиетімен танысуындағы үшінші ерекшелік болып саналады—деген қорытындыға келеді.

Ақыт қазақ сөз зергерлері тарихында алғашқылардың бірі болып 1891 жылы Қазанда «Жиһан шаһ» [7] кітабын тұнғыш рет бастырып, әдебиетте алып қадам жасаған ақын екендігін жоғарыда айттык.

*Атынан айналайын әуел Алла,
Есен қыл түзу жолды барша жсанга.
Хикаядан тысқары сөз сөйлемін,
Тозаққа шерменде гып бізді салма.
Құдая тұра сөйлем тілімізді,
Өткізбе күнәменен күнімізді.
Әликирахым қылып фәзіліңмен,
Сақтай көр жаман жолдан дінімізді [7, 35]*

дегеніндей, ақынның «Жиһан шаһ» назиралық хиссасы адамға Ҳақ жолынан таймауды уағыздап, дін тазалығын, имандылықты, адамгершілікті дәріптеуге арналған.

Ақыт қажының «Мунаджат хази әл-хажат» туындысы

Алтай–Қобда жерінде ақындығымен даңқы шыққан Ақыт 1908 мешін жылы Һижра ай санауының рамазан (9-айы) айында Қобда беттегі қазақтардың ішінен парасатты адамдарды қажылық сапарға бастап барып, келесі тауық жылы рабиғұл-ахыр (4-айы) айының соңында еліне оралған.

Бұл сапар ақынның өмірі мен философиялық көзқарасы, саяси санасы, шығармашылығы сапалық жоғары деңгейге өрлеуіне орасан иті ықпал жасады.

Ол қазіргі Монголияның Баян - Өлгий аймағы Дэлүүн жерінен қасиетті сапарын бастап, Жайсан, Семей, Омбы, Пенза, Одесса, Измир, Бейрут, Шам, Мекке, Медине, Иерусалим қалаларында болып, хал-ахуалын өз көзімен көріп өзі билетін қазақ халқының жайымен салыстыра қарайды.

Араб елдерінде біршама уақыт тұрып араб әлемі мәдениеті, әдебиетімен кеңінен танысып өз білімін жетілдіріп, өлемдегі сирек кітаптарды жинастырып, ғылымға терен бойлайды. «Осы елдердегі жетекші ғалымдар Ақыттың білімділігін мойында, Мекке, Медине қалаларына аты Әйгіленіп «білімпаз адам» (тәйіп) атанады. Бұл сапарда көпті көріп, үғып, білімін жетілдірумен қатар философиялық көзқарас, бағыт - бағдары шынайы қалыптасып, ары қарай шығармашылығында көрініс тапты».

Хажылық сапардан соң шығармашылық қызметін онан ары жалғастырып, «Хажыбаян», «Абак - Керей» шежіресі, «Ер Жәнібек» секілді туындыларын жазған» [8,120] – дейді ғалым Қ.Мұхамәдиұлы.

...Меккеге барып келген хажы ақын «1910 жылдан бастап Алтай жерінде тұрақтап, Шәкуіртідегі мекеніне мешіт-медресе салдырып, діни де, іліми де, әдеби де қызметімен халықты ағартуға, ғылым-білімге, өнерге шақырып, көп еңбек етеді» – деген деректі ақын Кәкей Жаңжұнұлы Ақыт қажы Улімжіұлының «Қажыбаян» [9] (Өлгій, 1991 ж. 3-бет) жинағына жазған алғы сөзінде келтіреді.

Осы қажылық сапарында жазған «Қажыбаян» дастаны ақынның шоқтығы биік туындысы.

*Бисмилла сөз бастайын қалам алып,
Сансыз хамид, өзіңе жаббар халық,
Салауат расуліңе болсын Алла,
Сыйынган бір өзіңе мен бір гарып.*

*Аллаһи саган жылап қалам алдым,
Тәуекел бір ісімді саган салдым.
Жаранлар, атым – Ақыт молла тәйіп,
Жасымда отыз тогыз Мекке бардым [9, 11]
«Қажыбаян»*

дей келе, ақын қажыға бара жатқан жол сапарды тізбелей: «Аттанып дүйсенбі құн Бисан бардық» [9, 14], «Семейден тоғыз сөтке Омбы бардық» [9, 20], «Онан ары біз өттік Уфа, Самар, Ортасында Еділ мен Жайық қалар» [9, 22], «Онан ары пойызбен Харьков бардық, Қайта ауысып пойызға мініп алдық, Омбыдан шыққан бойы екі арасы, Тоғыз сөтке Әдеске (Одесса қаласы) барып қалдық» [9, 22], «Он тәртінші Шәуелде сәрсөнбі құн, Барып кіріп біз түрдүк енді екі тұн» [9, 23], «Қара теңіз, Азов теңіз, Ақ теңіз бар, Ақ теңіздің ар жағы қазған канал» [9, 24] деп баяндайды.

Қажылық сапар баяны бірінен кейін бірі өрбіп отыратын шытырманды оқиғалардың жиынтығы сияқты көрінгенмен, ақын жол сапар барысындағы бастан кешкен барлық оқиғаларды керкем сөзбен суреттеген:

*Шайқалып кеме кетті қатты толқын,
Қисайып, болып кетті олнық-солтық.
Адамзат қойдай шулап иман айтып,
Бишара төмам жандар кетті қорқып [9, 25].*

Сауд Арабиясының қажылық жолындағы қаласы Жиддада кеме қайырлап: «Қанша жан дүние салды қалың топтан, Тұрады қашар жер жоқ шара жоқтан» [9, 23], «Ауру, аштық екеуі бірдей келді» [9, 23], «Жиырма үш құн дегенде кеме жүрді, Өлгені өліп, кемеге тірі – мінді» [9, 24].

Адам баласының басына ауыртпашылық түсіп, қыншылыққа үшірағанда шын ниетімен Алла-тағалаға жалбарынып медет тілеп, мінажат еткен ақынның «Мұнаджат хази әл-хажат» жыры қазақ поэзиясындағы Құдайға жалбарыну өлеңінің ең озық үлгісі деп атауға болады.

*Бисмиллаһи я Алла,
Алла саган жылайын.
...Мың бір атың құрметі,
Өзіңнен қуат сүрайын.*

*Жалғыздың жары бір құдай,
Пәледен сақта, құдайым!*

...

*Сапар жүрдім, я Алла,
Мұхаммед достың хақы үшін,
Мединенің ішінде,
Жатқан ұлық заты үшін.
Арманым бар өкініш,
Рұқсатсыз Ата үшін.
...Күрметіңе хабибің,
Кұлды Алла қор қылма!
... «Төүекелту-гала Алла»,
Тапсырдым ісім Аллагас.
Сүйер достың хабибің,
Рөузасына бармага.
...Я иллаһи жәрдем бер,
Я иллаһи құат бер,
Я иллаһи мәдем бер,
Имамагзам құрметі.
Сүйер достың Мұхаммед.
Мұстафаның құрметі.
Елден бұрын жаралған,
Дүниеге таралған,
Атамыз Адам құрметі... [9, 33],*

«Мұнаджат хази өл-хажсат»

«Әлемдегі куллі ат-атаулардың ең жақсысы – Алланың асыл есімдері. Мұсылман адам осы есімдерді айтқанда Алладан көретін жақсылық шарапат өте көп. Құранның ағырап сүресінің 179-шы аятында «Ең жақсы атаулар Аллагас тән, оған сол аттарымен жалбарыныңдар делінген.

Көркем есімдердің кереметтері көп. «Олармен шын ықыласпен дұға қылғанның дұғасы қабыл болады әрі олардың адамның жаны мен тәніне тигізетін рухани һәм шипалық пайдалары мол»[10,68] – делінген.

Ақын бұдан әрі «Үжымактан шығып зарланған, Ерін таппай сандалған, Хауананың құрметі», «Кенже болып туған ол, Ата жолын қуған ол, Шеши нәби Алла құрметі», «Хақты танып білген ол Еріштіріп рисалат Қаумымен кеме мінген ол, Нұқ нәби Алла құрметі», «Тірідей жанын берген ол, Хақ жолына ерген ол. Тамашағып тозақты, Әдейі барып көрген ол, Қызығын көріп үжымактың, Шықпаймын деп төнген ол, Ілдырыш нәби құрметі», «Тастан түйе шығарған, Сүтімен елді суарған, Салих нәби құрметі», «Фаламға наđ болған ол, Рисалатка қонған ол, Һуд пайғамбар құрметі», «Жамандықты қылма деп, Залалға мойын бүрма деп, Халқына айтқан ақылды, Лут пайғамбар құрметі», «Әмірімен Алланың, Байтолланы жасаған. Хақ жолына баласын, Құрбандыққа атаған, Жанын пида қылған Ісмайыл», «Әмір естіп атадан, Сол мұрсәлат құрметі. Хақ әмірін жүргізген. Рисалатын білгізген, Ісхақ-нәби құрметі», «Баласы үшін жылаған, Шынымен тілеп – сұраған. Баласы да зарланып, Тілегін алған құдайдан. Тілегі макул қауышқан: Якуб, Юсуп құрметі», «Алламенен сырласқан, Зарын айтып мұндақсан, «Төурат» беріп қолына, Тәжіл нұрын хак шашқан Мұса нәби құрметі», «Юнус нәби, ол – Һарун, Олардың қылған мұң-зарын. Қабыл қылған құдайым, Сол мұрсәллар құрметі», «Дәуіт нәби пайғамбар, Патшалық мәнсап алғандар, Патша болып Сүлеймен, Фаламға үкім жайғандар, Бір Аллаға жалынып, Бек жылаған һәм анлар, Сол мұрсәллар құрметі», «Жүніс, Жержис, Илиясы – Алланың досы баршасы. Жүністі жүтып бір балық, Шығарған аман патшасы. Жеті өліп Жержис тіріліп, Мехнат қөрген қаншасы Сол мұрсаллар құрметі», «Дүние кезген Ескендір Алласының жәрдемі. Мың жасаған Ұлықпан Жазған соң өзін су дәмін, Сол нәбілер құрметі» [9, 33-34] деп, пайғамбарларды атап кетеді.

*Фаламды Алла бар етіп, Достың үшін жараттың,
Жер жүзіне жіберіп, Әр мекенге тараттың.
Тәуба қылып достыңа, Жүзімді Алла қараттым.*

*Мақсұтыма жеткізіп, Ақырын қылғыл қайырлы,
... Хабибыңа жеткізгіл, Зиярат сөлем еткізгіл.
Құрметі үшін солардың. Қатерлерден өткізгіл.
Әнбия, өулие құрметі – Қайғыны Алла кеткізгіл! [9, 34]
«Мұнаджат хази әл-хажат»*

– деп, мінәжат етеді.

Кімде-кім шын пейілімен Алла Тағалаға оның ұлы есімі арқылы дұға қылып, тілегін сұраса, иншалла, қабыл етеді.

Аллаға шын ниетпен жалбарынса, адам баласының тілегі қабыл болады деген байламға келген ақын: «Жел соғып, дария толқып шықты кеме, Жасаған жәрдем берсе қыын деме» деп парасатты ой түйеді.

*Жөнелдік, кеме шығып түзу жүріп,
Онан соң тоқтамадық бір кідіріп.
Дариядан есен-аман өтеп шығып,
Янбудың шаһарына түрдөық кіріп [9, 35].*

Жырдың «Мединеге келіп салауат-сөлем бердім», «Мінәжат» бөлімдеріндегі оқиғалар аса ұлағатты терең ойға құрылған.

«Қажыбаян» жырында сол кездің өмір суреті мен қажыға барған ел ағалары туралы, қажылық сапар хикаялары мен мекнанттары жайлы жырлап, Мекке, Медине, Шам, Бейрут, Измир, Одесса, Пенза, Омбы, Семей, Жайсан секілді қалалар мен Сауд-Арабиясы, Сирия, Түркия, Ресей елдерінің хал-ахуал жай-күйінен де хабардар етеді.

Қиссада сегіз айға созылған қажылық сапарда басынан кешкен хикаяларды аса көркем тілмен әсерлі де нақты шынайылықпен сипаттайды.

Ғалым З.Сейітжанұлы бұл дастан жайлы: «...Ақыт дастанында көзі көріп, көңілге түйгендерінің бәрін баяндап отырады. Қиссадастан стилімен жазылған шығармада қажылық сапары кезінде басынан өткен оқиғаларды жол жазба ретінде нақтылы сураптеген.

Сондықтан шығарманың сапарнамалық сипаты басым. Ақынның нәзира дәстүрінде жазған дастандарынан бұл шығармасы оқшау тұрады. Өйткені, «Қажыбаян» сюжеті шындық негізде өрбиді. Қажылардың мақсаты – күнәдан арылып, мұсылмандық парыздарын өтеу. Шығыстық кисса-дастандарға тән қиял-ражайыптық сарын жоқ. Тұындыда дінге деген тұзу ықылас-ниет жақсы көрініс тапқан және оны уағыз-насихат ете жазған».

Бұл дастанның басты ерекшелігі – адам баласы басынан өткізген қыын сөттерді көркемдікпен көмкере отырып шындыққа айналдырып, сөз қуатымен сөүлелендіріп сезімге, ойға, адамзаттың болмысына, ең әуелі Жаратушы Иенің құдіретті тылсымына таңдандырып, терең ойлардың тұңғызына жетелейді.

Ақыт қажы діни жырларды, насихаттық толғауларды таңғаларлық талантпен, соны стильмен, қызық та құпия оқиғалармен айшықтап, әрлеген, жұртына тәлім-тәрбиелік мәні терең ойларды мирас етіп қалдырған ақын.

Ақыттың асқан білімдарлығы, заманынан ойы озық көреген данасы болғандығы Алтай еңіріндегі парасатты адамдарды бастап қажыға баруынан да аңғарылады.

Көпшілікке шам-шырақ боларлықтай адамзаттың арда қасиеті мен текті мінез-құлқын бойына жинаған Ақыт қажы халқын «карлығаштың қанатымен су сепкендей» білім нәрімен сусыннатқан рухани ұстаз, Ислам құндылықтарын насихаттаушы діни ағартушы, ғұлама ойшыл.

Ақыт қажының Исламдық ілімді жыр шумағына айналдырған туындыларының бірі – «Ақыт Алтай ғазалы». Бұл мазмұндық жағынан да, түр, болмысы жағынан да ерекше туынды. Ғазал – монорифтамен келетін лирикалық өлеңнің түрі. 12-15 бәйіттен немесе 24-30 жолдан тұрады. Тағу және Орта Шығыс, Оңтүстік-Шығыс Азия поэзиясында кездеседі. Исламға дейінгі парсы халық лирикалық поэзиясында пайда болған. Ғазалдың түп-төркіні қасидадан шыққан деген божам бар, ба-са-да схемасы бойынша жалғасып, кете береді.

«Ақыт Алтай ғазалы» қажы ақынның басқа да біршама туындылары секілді араб ақындарының дәстүрімен «Бисмиллаһ» дан басталады:

*Бисмиллаһ кеңес сөз басы
Қызыл тілім сайраши.
«Ақыт Алтай ғазалы»*

Хакім Абай «Әуелі, аят хадис сөздің басы» дей отырып, өлеңді «сөз – патшасы» дегенде сөздің рухани мағынасына баса назар аударғандығы зиялты, зерделі қауымға түсінікті екендігін ескерсек, Ақыт ақынның «сөз басын» «Бисмиллаһ» -дан бастауының мәні қажы ақын өлеңдерін де адам баласына рухани дәруменділік үшін жазғандығының көрінісі деп тануымызға болады.

Бұл ойымызды Ақыт қажы ғазалының келесі жолдары дәлелдей түспек:

*Алла иар демек өзалдан
Ақ сүйек үглы асыл-ды.
«Ақыт Алтай ғазалы»*

Аллататала рухынан адам жаны бөлінген күн, жанның жаратқанға үйіған кезі мистикада – өзал күні деген атқа ие. Өзал күні – адамның шынайы келбеті айшықталған. Адам рухының әлі денеге қондырылмай азат жүрген, асқақ жүрген кезі

Шығыстың ғажайып бұлбулы, әлемге әйгілі ғазалшы «Лисан ал Файып», яғни «Файыптан келген құпия тілді» Хожа Хафизде:

*Әзелде жұзің сениң жарқырады,
Іңкөрлік пайда болып, от тарады.*

– деген тылсым мен құпияға толы шумақтар кездеседі.

Я болмаса хакім Абайда:

*Мекен берген, халық қылган ол ләмакен
Түп иесін көксемей бола ма екен?
Және оған қайтпақсың, оны ойламай,
Өзге мақсат ақылга қона ма екен?*

Бұл жолдардан данышпан ақын Абай мұрасының мақсаты мекен беріп, халық қылған мейірімді ләмәкан (мекенсіз) Алла тағала екенін көреміз... . Ал өмірдің мақсаты – Түп иесін көксеп, оған қайту. Өзге мақсат ақылға қонбайды., яғни жоғары мұддеге үмтүлған дана адамда басқа мақсат болуы тиісті емес [11, 7 б.].

Ақыт қажығанда өрнектелген шумақтар шырайына назар салсақ:

*Осы күнде адам жоқ
Ақылдыны барлаган.
Ақылдыны барласам,
Іеш адам жоқ алманған.
Fapin Ақыт сен түгіл
Мұхаммед те қалмаган.
Бауыры сүүқ қара жер
Көрінгенді жсалмаган.
Жалмамай да не етеді,
Адам гафыл кетеді.
Дүние қуып жсан шіркін
Тентіреп жүріп өтеді.
Баяны жоқ дүниенің
Кім түбіне жетеді*

– деп, «арты қысқа» баянсыз, алдамшы дүниенің жалғандығын айта келе, дүниедегі «Діні бійк ғайратты, Жүректі туған ер болар, Ер екенін кім білер, Ауызда сезі шын болар» деп бір қайыра отырып,

*... Өлімнен аман тұрганды айт,
Өрмегін бөлек құрганды айт,
Аш-арыққа ага бол,
Жанына қоңсы жиганды айт.*

*Харамга көңіл салмастан,
Нафсіні басып тыйғанды айт.
Ақ, қараны аңгарған,
Шаригатқа сиғанды айт –*

деп әуелгі мақсұт – адамдықтың ак жолын үстануды, қайырымдылық пен адамгершілікті уағыздайды. Дүниенің жалғандығын айта отырып осы қысқа өмірді баянды да мағыналы еткізудің басты бағыт-бағдары дін жолында, имандылықта, яғни адамзаттың рухани дамуып, кемелденуінде дегенді ескерtedі.

Ақыт қажы адамның ізгі қасиеттерін дамыту жолдарын айқындалап, бұл тұрғыда адамзаттық игі дәстүрлерге сүйенеді. Мысалы, қазак жүртшылығы үшін мұсылмандық жол, Құран ілімі ... дейтін тұжырымды үстанған. Ол ойы ақынның кез-келген туындысымен тұтаса өрілген танымынан танылады, анғарылады.

Ол ақынның шығармашылық мұрасында өсіресе, сюжетке қурылған туынды-дастандарда молынан байқалады және кейбір эпикалық шығармаларының желісін «Құран», «Қисса исләмбия», «Мың бір тұн», «Тотынама» тағы басқа кітаптардан алғанын ескертіп отырады. Өйткені, ақын Құрандағы имандылық, даналық, ғибраттар мен арғы түбірі араб, парсы, ұндіден тараган жыр, тәмсіл-мысал, азыз-ертегі қатарлы көркемдік қазынаны жақсы білген және соны өзінің идеялық мақсатына орай «Жарандар мұнан ғибрат алса дедім, жауыздық жапа шегіп қалса дедім» деп, халыққа ғибрат етуді жөн көрген. Осы себепті Ақыттың алғашқы дастаны нәзира дәстүрі негізінде жазылған. Сондай-ақ нәзираның тереңнен тамыр тартқан үзак тарихы бар. Ақыт осы дәстүрге сүйенген.

Сөйтіп, шығыстық желі негізінде оқиғалы шығармалар жазып өлкे әдебиетінің тақырыптық аясын кеңейтүгे үлкен үлес қосқан.

Осындай сарындағы туындылардың бірі 1908 жылы шағатай тілінде жарық көрген «Ахирет баян» яғни, «Қиямет-ахуал» атты дидактикалық дастаны-қазақ поэзиясындағы Исламдық-ағартушылық дәстүрдегі шығарма. Осы шығарманы баспаға өзірлеген Кәкей Жанжұңұлы Ақыттың кітабының алғы сөзінде: «Ғұлама ақын, дін ғалымы Ақыт қажы Үлімжіұлының халыққа кең

таралған насиҳаттық жырлардың бірі – «Ахиретбаян», «Қиямет қайым» деген атпен де мәлім. ...Жырдың екі дүниелік те танымдық және тәрбиелік ғибраты зор» [12, 3] – деген.

Ақыт қажының аталмыш дидактикалық толғау-дастанының идеялық-композициялық желісінде біраз мәселелер жүйелене, сабақтаса жырланады: бірінші – ақынның жырды әуелі Аллаға сыйынып бастап, оқырмандарына арнайы жырлауы; екінші – Алла жаратқан Адам Атадан басталған азаматтың, пайғамбардың бір-біrine жалғасқан тарихнама жолын жүйелеуі; үшінші – он сегіз мың ғаламның ахирет күні кезеңін, бақыға барғандардың фәнидегі қылыштарына орай тозаққа және жұмаққа жіктеле жіберілгендейтерін суреттеу; төртінші – ахиреттің сипаттамасына адамдардың дайын болуына арналған ақынның насиҳаттық уағызы.

Ақыт өмір шындығын ислам уағызымен сабақтастырады. Үш мың жылдық көпірдің жуандығы қылдай, оның жерден өтіп жатқандарында айқындалатыны айттылады.

*Өтеді кейбір адам аттай шауып,
Кейбірі аяңдауды қылган қауіп.
Күнәсі көп адам мен көпір дүштан,
Қисайып ауып кетер аяғы ауып.
Күнә - тұман болады, сәуап – жарық
Жарықпен жол табылар анықталып [12, 40]*

Сонымен, дастанның идеялық мәнін осы шумақтар арқылы терең үгіпна аламыз. Мұнда о дүниедегі өмір-көпір арқылы өткен немесе өтетін адамдардың жүру жолы, одан өтудің ауыр немесе жеңілдігі. Әр адамның бұ дүниедегі қылған қылыштардың күнәсі мен жасаған сәуаптарының көлемі мен салмағы арқылы негізделетіні көрсетілген. Сондай-ақ, күнә мен сәуапты бозарған боз тұман мен жарық сәулелеге теңеп көрсетіп, жарық, сәулелі жолды уағыздайды.

Сонымен қатар, дастанда ақын құранда негізделген жұмақты өмір шындығының суреттерімен үндестіре бейнелейді. Ал тозақтың

поэтикалық бейнелеуінде де кұналары үшін бақидан тосып тұрган Алланың жазалану мекені анық елестейді:

...Бай, жарлы болсаңдагы дініңді күт!
Күлишіліксыз тозақтан құтылмайды»
Бар дейді жеті тозақ қайнап тұрган,
Шынжырлап қылмыстыны байлан тұрган[12, 39]

—дейді.

Аталмыш дастанда Ақылтың бү дүние мен о дүниедегі адамдардың пиғылдарына қатысты көптеген философиялық ой-толғаулар түйіні орын алған.

Ал дастанның ең соңында «Ахиреттік дос болайық!» дейді. Алланың рақымымен және досының арқасында көрген жақсылық негізінде «Ахиреттік дос» үғымының ұлагаттылығын айқындай айтады:

Бұл күнде достық деген бейне сауда,
Жарандар, ойлан тұрсам тіптен бекер.
Солайша ахиреттік дос беріп пайда,
Сөүабын бөліп алар Мизан жайда [12, 33].

Сонымен қатар, дидактикалық дастанда «Бисмилладан» жарылқауға кенелетін төрт адам ата, ана, ұстаз, бала екендігі де көрсетілген.

Қазақ әдебиетінің тарихында исламдық-ағартушылық бағдардағы әдеби шығармашылықтың өзіндік тарихы, поэтикалық-эстетикалық ерекшеліктері бар. Ислам дінінің қасиетті қағидалары Құран кітабы сүрелерінің аяттары бойынша халық арасындағы имандылық-адамгершілік тәрбиесінің насиҳаты ақындардың шығармалары арқылы тарапалды. Қазақ әдебиеті тарихындағы ислам дінін насиҳаттаған ақындардың шығармалары халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі әдет-ғұрып жолымен үйлестіре жырланды. Сондықтан Ислам дінінің қасиетті уағыздары

халқымыздың тарихында үрпақтан-үрпаққа жалғасқан үлттық тәлім-тәрбиенің де өзегі болып келеді.

Ақындардың имандылық-адамгершілік тәрбиесіне арналған мұраларының ішінде фөни мен бақидың жалғастығы үнемі басты назарда болады. Фәнидегі тіршілікті мағыналы, мазмұнды өткізу арқылы бақидағы салтанатты кезеңге ауысатын жағдайды адамдардың есінен шығармауы үнемі насиҳатталауды.

Сондай-ақ Қытай гоминдандарының азабын түрмеде бірге көрген Тарбағатайдың Финаят деген азаматына «ұшқан құстар болса да еліме жеткіз» деп тапсырған «Ақтық төрт өсietі» де Ақыт ақынның ой қазынасының құнарын құрайтын қоштасу – аманаты:

Айналсын елі-жұрттым берекеге.

Бақ қонбайды алты бас сүм жекеге.

Береке бір отырса ел мен жұрттым

Сала алмас қас-дүшіпән келекеге

дейді. Бұл өсietте ақын жұртына ұлағатты сөз берілген тәрбиелік мән, терең ой мирас етіп қалдырған. Өсietтің әрқайсысының өз ерекшелігі мен маңыздылығы дараңанды. Бірінші өсietте, пенделердің өмірдегі алауыздығының салдарынан олар мәңгі тозақ отынан арылмайды десе; екінші уағызда, адамдардың бір-біріне деген қатынасының дұрыс-бұрыстығы, көңілдерінің пәктігі мен қастығының ара-жігі туралы, үшіншісінде, ел-жұртының қунә мен арамдықтан аулақ болуына шақырады; ал төртінші өсietтінде, «Болады шын дегенің мұлде жалған», яғни, халқымыздың «жалған дүние», «қамшының сабындағы қысқа ғұмыр» деп түйіндейтін өмірдің өткіншілігі, қысқалығы туындыға арқау болған.

Ақыт қажы – о дүние бұ дүниенің жалғасы екендігін, фәнилік дүние бақильтық дүниені жалғаушы көпір, бұ дүниедегі адамдықтың мақсұты о дүниеде пәктікке, ізгілікке жетудің мұраты дегенді өз туындыларында дәлелдеген ғұлама философ, терең ойлы, көреген ақын.

Ақыт қажының кез келген туындысында – ақынның дүниетанымының даралығы оның көрегендігімен үштасып отырады. Ойшыл-философ о дүниені көзбен көріп, қолмен ұстамаса да туындыларында оны нақышына келтіріп, айқын суреттейді. Онда суретtelген барлық бейне, барлық сурет шынайы көрініс тапқандай әсерде қалдырады. Жазушы шығармаларында адамдарды имандылыққа, адамгершілікке шақырып, қысқа ғана ғұмырда алауыздықтан, арамдықтан сақтанып, ниет-пейілді дұрыстал, адал тазалыққа, мағыналы өмір сүрге уағыздайды.

Ақыт қажының үлгі-өнегелік мәні зор өлеңдерінің тақырыбы адамгершілік, адами қасиеттер, адам дамуының рухани жетілуі мәселеісі. Бұл мәсселелер бүгінгі таңда да өзінің өзектілігін жоймайтын, жастарды жақсылыққа, өнегелі болуға, қайырымдылыққа, кішіге құрметті, үлкенге сыйлы болуға шақыратын тәрбиелілігімен де, танымдық, тағылымдық мәнімен де құнды, Кейінгі үрпақтарға берер ұлағаты мол.

Ақыт шығармалары жанр жағынан өлең, толғау, қисса, дастан болса, тақырып жағынан адам, қоғам, заман, адамгершілік, махабbat, дін, салт - сана, Алтай тауы қазақтарының тарихына арналған, мазмұны терең, тілі аса көркем, өз шығармалары арқылы халқының тағдырына бағдарлама беріп, дүние танымын кеңейтіп, өмір үшін, елінің еңесесін көтертіп, қайрат беріп, құрескерлік рухқа баулып, өрге басып, өзгеден қалмаудың жолы береке - бірлік, ақыл - парасат, құрес, білім - ғылым екенін зерделейді.

Ақыт хажы ғұмырында сансыз көп шығармалар жазып, артына өшпес із қалдырды.

Ақынның өмірі қазақ тарихындағы аса құрделі дәуірде өтті. Ол XIX ғасырдың соңғы отыз, XX ғасырдың бастапқы қырық жылында өмір сүрді. Бұл кез күллі қазақ тарихындағы аласапыран оқиғалар қасіреттерге толы жылдар еді. Алтай тауынан Меккеге дейінгі кеңістікте өмір кешіп, шығыс пен батыс ой алыптарының шығармаларымен танысып, жеке дара дүние танымы қалыптасқан қазақ әлеміндегі жарқын құбылыс, өрен тұлға болды. Ақыт ақын өзі өмір сүрген дәуірдің саяси, қоғамдық құбылыстарын ұлттық мұдде тұрғысынан суреттеген шынайы ұлттық ақын екенін танытты. Ол азаматтық ақындық ғұмырын халқының азаттығы, бақыты, ынтымақ-бірлігі, ғылым-білімге бет алу жолындағы құреске бағыштады.

Ақыт ақын шығармашылығының зерттеуі

Ақыт ақын шығармаларын басу, жинап-зерттеу, жұмыстары XX ғасырдың екінші жартысынан басталды деп айтуда болады.

Ақыт қажы еңбектеріне арналған ғылыми зерттеудің негізін қалаушы ғалым – Қабидаш Қалиасқарұлы. Филология ғылымдарының докторы, проф. Қ.Қалиасқарұлының өз сөзімен айтсақ: «Ақыт шығармаларына назар салу, бізде Қ. Соян екеуімдің ізденуімізben тек 60-жылдары ғана қолға алынды да, Ақыт шығармаларының таңдаулыларын баспа бетіне жариялау талабының алғашқы қадамы жаңадан жасалынды»,—...Ақыт жырларының басылғандығы жайлы естіп, оның баспа нұсқасын іздегенде қазақ тіл білімінің ғулама ғалымдарының бірі, филология ғылымдарының докторы, проф. С.Аманжоловтың «Вопросы диалектология и истории казахского языка» («Қазақ тілі диалектологиясы мен тарихының мәселелері») еңбегінде керей диалектісі мәселесін сөз ете отырып, өз түжірымдарына дәлелдеме етіп Ақыт өлеңін алған» [2, 139 бет]. – деген дерекпен бірге, ...1969 жылы Алматыға келіп, қазақ ғалымдары И.Кеңесбаев, М.Фабдуллин аксақалдардың тікелей қолдауымен Қазақ ССР Ғылым Академиялық кітапханасының «көне кітаптар мен қолжазбалар» қорындағы Ақыт қажының Қазан қаласында басылған бес кітабымен танысып, тиісті белгілеулер жасағандығын айтады.

Ал Ақыт ақынның өмірі, шығармашылығына қазіргі қатынас-кезқарас туралы өзінің ғулама балаларының бірі Ақытулы Фазез былай дейді: «Бізге қарағанда шет елдерде ертерек ауызға алды. Мысалы, Мұнғылиялық Қабидаш Қалиасқарұлының мақаласы 1972 жылы жарияланды. Бұл мақаланы еліміздің (Қытай) іші, сыртында Ақыт жайлы жазылған мақалалардың көлемдісі әрі кемелдісі деуге болады» – деуі ойымызды дәлелдей түседі.

Ғалым Қ. Қалиасқарұлы жинақтап бастырған «Халық ақындары» (Өлгій, 1972) еңбегінде Ақыт жайлы алғаш сөз етсе, «Замана жыршылары» («Монголия Қазақ әдебиеті» сериясымен шығатын бес томдық жинағының екінші кітабы, құрастырып,

баспаға өзірлеген екінші автор Қ. Соян), (Өлгій, 1989) кітабына ғұлама ақынның бірқатар шығармалары, ал «Монголиядағы қазақ әдебиеті» (Алматы: «Арыс» баспасы, 2009) ғылыми еңбегіндегі «Шырқауға үшқан қырандар» бөліміне «Ақыт ақын туралы» зерттеуі енген.

Содан кейін Ақыт қажы мұрасы МХР, Өлгій қаласында талантты ақын, «Ақыттанудың алғашқы қарлығаштарының бірі» Кәкей Жаңжұнұлының жинап, баспаға өзірлеуімен «Хажыбаян» (1991), (Хажыбаян, Қобда кеңес, Жеті хажы, Қырық төрт назым), 1993 жылы «Ақыретбаян», ал Қ.Қалиасқарұлы мен К. Жаңжұнұлының құрастыруымен «Ақыт Ұлімжіұлы», Шынай Рахметұлының құрастыруымен «Фахилия» 1994, Айқанұлы Марат, Рахметұлы Шынайлардың құрастыруымен «Жиһанша» кітаптары криллица харпімен қайта басылып шықты.

Ақыттануға ұзақ жылдар бойы еңбек сіңіріп келе жатқан Монголиялық қаламгер, ақын Шынай Рахметұлы «Абақтан шыққан ақылгөй ақын» («Шұғыла» Монголия қазақтарының әдеби журналы, 1993, №1), «Абай және Абақ елі» («Шұғыла» журналы, 1995, №2), «Ақыт ғылымының ауқымды саласы», «Ақыт ақын» т.б. мақалаларында өзекті мәселелерді көтергендігін ерекше атауға болады.

Қазақстанда Ақыт туралы қазақ энциклопедиясында жазылды.

Сонымен бірге, Үшқұлтай Субханбердинаның (құрастырып, алғы сөзін, ғылыми түсініктерін жазған) «Фашықнаме» Шығыс хикаяларының желісіне құрылған қазақ дастандары (Алматы, «Жазушы» баспасы, 1976) жинағында ақынның «Сейфулмәлік» дастаны туралы ақынның жыр жолдарынан келтіре дәлелдей отырып: «Осы үзінділерде қиссаны жазған Сейітгереймен бірге Ақыт аты да айттылады. Сейітгерей туралы қолымызда ешқандай мәлімет жок. Ал, Ақыт ақын Алтайда, қазіргі Шыңжаң өлкесінде және Монгол Халық Республикасында «Ақыт ақын», «Ақыт қажы» деген атпен белгілі болған. Ол – революциядан бұрын Қазан қаласында төрт-бес кітабы басылып шыққан Ақыт Ұлымжыұлы Карымсақов. «Сейфулмәлік» қиссасының осы нұсқасын Ақыт

жазды дегенге көбірек саятын тағы бір дерегіміз – Ақыт революциядан бұрын Қазан қаласына бастыруға жеті қиссасын жібергені, солардың ішінен тек қана «Қисса-и Жиһаншәһ Тамузшәһ үғлы» кітап болып шыққаны туралы дерек бар» – деген.

Ақыттың діни қисса-дастандары жайында сез қозғаған алғашқы адам 1898 жылы «Деятель» жүрналында Қазан университетінің профессоры Н.Ф.Катанов. Бұл Ақыттың 1897 жылы Қазанда шыққан «Төржіме-и Ақыт уаляди Өлімжі Алтайский» кітабы жайында мақала екендігін ескерткен «Қазақ кітабының шежіресі» атты еңбекте әдебиетші ғалым Ү. Сұбханбердина былай дейді: «Халық даналығынан туған өшпес мұраларымыз – «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Айман-Шолпан», «Біржан-Сара айтысы», «Қызы Жібек» жырлары және қиссашыл ақын Ақыт жайында жазылған Н. Ф. Катановтың мақалалары кейінгі зерттеушілеріміз үшін бірден-бір нақтылы дерек екені сөзсіз» деген деректі айтыскер ақын, ғалым Д. Көпұлы «Ақыт қажының Қазанда басылған қисса-дастандарының бірі – «Сейфулмәлік» мақаласында келтіреді.

Ақынның әдеби мұрасын әр қырынан зерделеп, сырын ашып, айтар ұлағаты мен тағылымдарының мол сырына тереңірек ден қойған ғалым, филология ғылымдарының докторы Зұфар Сейітжанұлы «Ақыт ақын» (Алматы: Қазақ университеті, 2002) атты оқу құралын шығарды.

Ғалым З. Сейітжанұлы еңбегінде: «Ақыт өмір баяны күрделі, көзқарасы, дүние танымында қайшылығы мол ақын. Бұған дейінгі зерттеушілер оның діни сарындағы туындыларынан қашып келгені белгілі» – десе, ғалым Қ.Қалиасқарұлы: «Ү. Ақыт шығармалары МХР, ҚХР және бұрынғы СССР қазақтарына XIX ғасырда-ак таныс болғанын айттық. Алайда алғашқыда Ақыттың діндар насиҳатшылығы қорқытса, кейін оның азаттық құресінің басшысы өрі идеологы ретінде халыққа мәжбүр болуы үрейлендірді» – дейді.

Шығыс Түркістанда Н.Мыңжани, А.Татанайұлы ақынның өмірбаяны, шығармалары жайында жазды. Фазез Ақытулы, Қалман Ақытулы, әдебиеттанушылар Шәмси, Құмархан, Шәкен Оңалбай

т.б. еңбектер жазып, 1984 жылы Ақыт ақынның шығармаларының үш томдығын баспадан шығарды. I томында ақынның төрт хисса, бес толғау, 126 өлеңінен құралған 15556 жолдық шығармалары кірген.

ФРГ-де Хасан Оралтай Ақыт туралы алғаш рет шындықты айтып, баспасөзде, «Азаттық» радиосында кең көлемде сөз етіп келді.

Қабдеш Жұмаділұлының «Ақыт ақын» жайлы зерттеу мақалалары да бар.

Ақынның өлеңдері 1984 жылдан бастап ел арасынан жиналып мерзімді басылымдарда (Шалғын, Мұра) жарияланады. 1994 жылы «Шыңжан халық баспасынан» үш томдық шығармалар жинағының бірінші томы жарық көреді.

Ақыт Үлімжіұлының екі томдық толық шығармалар жинағы Коня қаласында 2012 жылы философия ғылымдарының кандидаты Гүлнэр Омарованның құрастыруымен жарық көрді. «Т.Кәкішев, Н.Бәйтенова, З. Сейітжанов қатарлы профессорлардың келелі кеңесімен, әрқайсысы 700 беттен тұратын көлемді еңбекке Абдоллах Жафар Учар демеушілік жасаған».

Қазақ халқының аса ірі тұлғаларының бірі ғұлама ақын, кеменгер ойшыл Ақыт қажы Үлімжіұлының шығармалары баспадан жарық көргелі бір ғасырдан астам уақыт өтті. Кеңес кезеңінде, тоқырау жылдарында Ақыт шығармаларын жинау, насихаттау, зерттеу ісі шектеулі болғанымен қазақ тарихшылары, әдебиет зерттеушілері Ақыт ақынның есімі мен еңбектерін ел есінен үміт қалдырмауға тырысып бақты.

Сондықтан да, Ақыт қажының өмірі мен шығармашылық дәстүрін жан-жақты терең зерттеу, жыр, дастандары мен хикметтерін бүгінгі күннің талап, талғамына сай сарапап, әдеби мұрасының қазақ халқының рухани, мәдени өмірінің дамуына қосқан үлес салмағын зерделеу қазіргі күннің өзекті мәселесі.

Адам баласын ізгілікке, қайырымдылыққа, адамгершілікке шақыру, ислам дінінің негізгі қағидаларына шын көңілмен берілу, оны көздің қарашығындей сақтау — Ақыт Үлімжіұлы

шығармаларында кең қамтылған еді. Бұл бүгінгі таңда да мәнманызын жоймай отырған руханияттың көусар бұлағы.

Олай болса, Ақыт қажының шығармаларының өмірі үзак, әдебиет тарихы үшін маңызы зор болмақ.

Шағын зерделеуімізде А.Байтұрсынұлы, М.Әуезов, Ә.Қоңыратбаев, М. Мырзахметов, Ө. Күмісбаев, Д. Омаров, Т. Жүртбай, F.Есім, К. Қалиасқарұлы, З.Сейітжанұлы, Ш.Рахметұлы, Б. Бопайұлы, Қ.Қабықенұлы, Ө.Күмісбаев, т.б. ғалымдар мен зерттеушілердің еңбектері теориялық - әдістемелік түрғыдан басшылыққа алынды.

Халқымыздың мәндайына біткен біртуар азаматтарының бірі – Ақыт қажы Үлімжіұлының мұрасы да көп жылдар бойы аты аталмай, шығармалары жарияланбай ақтандактар қатарында келді. Қазақстанның шығыс өнірі мен шетелдегі қандастарымызға Үлімжі есімімен белгілі ғұлама ойшыл, қайраткер діндар ақынды Кеңестік қызыл саясат кеңестік қазақтардың есіне салуды қажет деп таппады.

Ақыт Үлімжіұлы Қарымсақов Алтайский кім еді?

- Ақыт – мұсылман дінінің көусар бұлағынан мейірін қандырған ғұлама **Ислам тануышы**
- Мұсылман дінін насиҳаттауши, туын көтеруші **діндар ақын**
- халқын өнер мен ғылымға, азат ел болуға үндеген **қайраткер**
- дін-шариғат, имандылық жолын жете менгерген **қажы, медресе үстазы**
- араб, парсы, шағатай, түрік, үйғыр, өзбек, монғол тілдерін жетік (орыс тілінен хабардар) менгерген, яғни, әлемнің әр түкпіріндегі жеті үлттың тілін игерген зерделі **білімпаз**
- мемлекет **қызметкері**
- патша үкіметінің отарлау саясатына зердесі жеткен зайыр ғұлама, өз қарсылығын жырмен білдіріп, халқы үшін жанын піда еткен **қаһарман**,
- Отарлаушыларға қарсы насиҳат өлеңдері үшін есімі **казақ әдебиеті тарихында аталмаған ақтандак**,

- 1891 жылы Татарстанның Қазан шаһарында өр Алтай қазақтары тарихындағы тұңғыш кітап «Жиһаншаш» дастанын шағатай тілінде жазып, **бастырушы**;
- Улкен қазақ шаңырағынан бөлініп қалған Алтай мен Қобдадағы, яғни Монғолия мен Қытайдағы дүйім қазақтың ғұлама ойшылы
- Бостандық жолындағы жарқын құрестің **қөш басшысы**
- Абаймен тұстас өмір сүріп, өшпес әдеби мұрасын қалдырған – **данагей ақыны**
- ел ішіндегі әділ қазы, **бас қажы**
- қазақ жазба әдебиетінің алғашқы **өкілдерінің бірі**;
- Қазақтың біртуар кеменгөр перзенті, ұлтшыл **қайраткерлерің бірегейі**
- Алтай тауынан Меккеге дейінгі кеңістікте өмір кешіп, шығыс пен батыс ой алыптарының шығармаларымен танысып, жеке дара дүние танымы қалыптасқан қазақ әлеміндегі **жарқын құбылыс, өрен тұлға**
- Нәзиралық дәстүрді жана слог, соны стиль, таңғалар талантпен тың туынды түрінде **тұғызуши**.

Ақын өз заманының, қоғамының айнасы іспетті болса, Ақыт поэзиясының да өзіне сай өрі терен, өрі сырлы мазмұн, мәнері бар.

Ақыт Үлімжіұлы өзі өмір сүрген ортадағы қарандылық-надандық, ескілік-мешеулік салдарынан туған сан түрлі жағымсыз мінез-құлық, салт-ғұрыптарды сынға алғып, оларды халықтың ілгерілеуіне мәдениетті ел қатарына жетуге кедергі болар кесепат деп қарап, көвшілікке, әсіресе жастарға бағыт-бағдар боларлық жол сілтейді. Ол жол – өнер-білім жолы, ел алдындағы парыз бен қарызы, адамгершілік жолы. Осы арқылы қазақ қауымын жан-жақты дамыған, өркендеген ел қатарына жеткізуді көкседі.

Ақыт ақын осындай келенсіз жағдайдан шығудың жолын қарастырып, қаламын қару етті. Сейтіп, озық ел қатарына жетуге шақырады. Ол үшін өнер-ғылымды, адаптацияның таралып келе жатқызып, тату-бірлікті үлгі етіп ұсынды.

Тәрбиелік мәндегі ұлағатты сөз, үғынықты ойлар Ақыт поэзиясының тірегі болды.

Ағартушы ақын халқын білімге шақыруда тек өлеңдерін ғана қару қылған жоқ. Ол өзінің Шәкуіртідегі мекенінде мешіт-медресе салғызып, өзі де бала оқытады. Өлеңін де, өмірін де ағартушылық қызметке арнады.

СӨЗ. СӨЗ ӨНЕРІ. СЕЙТЕН САУЫТБЕКОВ «СӨЗ ТӨРКІНІ».

«Әуелі аят, хадис сөздің басы» – дейді, хакім Абай.

«Сөз патшасы, сөз сарасы» атанған – сөз өнері барлық өнер атаулының текті төресі, дара дегдары.

Шығыстың жеті жарық жүлдізының бірі – Қожа Хафизден тәржімалаган ғазалдарының бірінде қазақ халқының ойшыл ақыны Шәкәрім:

*Шошыма достым, Сөзімнен,
Сөз – Құдайдан шыққан бу.
Үқпасаң көр өзіңнен
Жұтқызыайын нұрлы су! [13, 141]*

деп, Сөзді – Құдайдан шыққан «Бу» метафорасындағы көзге көрінбейтін ой үғымымен пара-пар трансцендентті нұрлы суға теңеп астарлы мағынада қолдана отырып, ой мен сөздің астарын адамнан жоғарғы жаратылыстың бастауынан іздейді.

«Шығыстың әлемге әйгілі жеті ақыны бар, ең осалы менен мықты» – деген дана сөздің иесі, Қожа Хафиздың «Файыптан келген құпия тіл» – «Лисан ал Ғайып» атты тылсымға толы туындыларына тамсанған неміс халқының ұлы ақыны Гете «Фауст» трагедиясында Фаустың латын тіліндегі Інжіл мәтінін неміс тіліне аударып отыратын тұсындағы: «О баста алдыменен Сөз жаралған!» [14, 125] деген жолдарды келтіре отырып, оқиға барысын ой жетегінде дамыту арқылы «Сөзді» бір мезетте «сөз-ой-күш-істің» бірлігі ретінде үқтыруға тырысса, Шәкәрім «Сөз» арқылы «Ел билетем» жеті ру», – деп, Сөздің жеті қасиетіне, бәлкім, Жаратушы

Иенің махаббатпен жаратқан адамзатына тәбәрік еткен ізгілікті жеті әрекетіне: мейірім, ынсап, әділет, шыдам, шынышыл, харекет, ақ ниетті жатқызды.

Хакім Абай 38-қара сөзінде Алланың бір сипаты ғылым дей отырып: «...ғылымның бір сипаты көләм, яғни сөйлеуші деген, сөз харіпсіз, дауыссыз болушы ма еді? **Алла сөзі – қаріпсіз, дауыссыз.** Енді, олай болса, айтқандай қылып білдіретүғын құдіреті және басар, сәміг, яғни көруші, естуші деген. Алла тағаланың көрмегі, естімегі біз секілді көзбенен, құлақпенен емес, көргендей, естігендей білетүғын ғылымның бір сипаты. Бірі тәкуин, яғни барлыққа келтіруші деген сөз» [15, 125.] – деп түсіндіреді.

Осы жерде Құранға қатысты діни мифке назар аударсақ.

Мифте: «Уахи әкелуші періште – Жәбіреіл тас түнек қараңғылықты жарып, сымбатты жігіт бейнесінде айналасын нұрға бөлеген қалпында Хазіреті Мұхаммедке (с.а.у.) көрінді. Тәтті әрі қатты даусымен: «Оқы!», – деп бүйірды. Хазіреті Мұхаммедтің (с.а.у.) бойын үрей биледі. Жүрегі кеудесін жарып шығардай қатты соғып кетті. Соңан соң бойын жинап: «Мен оқи алмаймын! Оқи білмеймін!», – деді. Жәбіреіл Хазіреті Мұхаммедті (с.а.у.) қатты құшағына қысты да, қайтадан: «Оқы!», – деп дауыстады. Екі дүниенің сәруары – Мұхаммед (с.а.у.) алдыңғы жауабын тағы да қайталады. «Мен оқи алмаймын!». Жәбіреіл Оны (с.а.у.) қатты құшақтап, сосын қоя берді де: «Оқы!» – деді. Бұл жолы Хазіреті Мұхаммед (с.а.у.): «Мен оку білмеймін», – деді де, сәл кідіріп: «Айта бер, нені оқыын?», – деп сұрады. Періште Аллаһ тарарапынан жолданған, Расулына қолма-қол табыстауға әкелген Аллақ сүресінің алғашқы аяттарын басынан аяғына дейін оқып шықты да:

«Оқы! Сені жаратқан Раббыңың атымен!

Ол адамды үйыған қаннан жаратты.

Оқы, сенің Раббың қаламмен жасауды үйрететін, адамга білмегендерін үйрететін асқан жомарттылық иесі!» (Аллақ сүресі, 1-5 аят).

Толқу мен қорқудан арылған Хазіреті Мұхаммед (с.а.у.) өзі сейлейтін тілде түсірілген аяттарды сөзбе-сөз қайталап шықты. Ә, дегеннен-ақ айтылған аяттарға Аллаһтың Расулының тілі төсөліп, жүргінің төрінен орын алды. Міндегін орындаған Жебірейіл періште сол сәтте-ақ көзден файып болды» [16, 124-125].

Шындықты миф бізге осындағы қалыпта жеткізіп отыр.

«Білім адамға харіптерді тану, яғни оку жүйесі арқылы беріледі, бұл дәстүрлі жағдай. «Сонымен бірге адамға білімнің харіпсіз (әріпсіз) берілетіні болады. Харіпсіз білімге ие адамдар адамзат тарихында аз болған. Сондай адамдардың бірі Мұхаммед пайғамбар. Файса пайғамбар да осындағы білім иесі болған. Сөзімізді жалғастырсақ, періште Мұхаммедке оқы дегенде, ол харіп арқылы Алладан түскен аяты оқып кеткені жоқ, ол оның сірә жадында жатталады.

Абай айтпаушы ма еді: «Алла сөзі харіпсіз, дауыссыз» – деп. Демек, аят алла сөзі. Ол Абай айтқандай «харіпсіз, дауыссыз». «Аят пайғамбарға үйіп келген сана. Ол кейін харіпке, дауысқа түсіп, Құран-кітапқа айналған. Аятың көпшілікке түсініксіз болуы, санаға қонымды мәселе. Жаратушының «сөзін» тіл арқылы түсіну даулы. Тіл адамзаттың қазынасы, оны біз танимыз, білеміз, мейлінше тіршілігіміз үшін колданамыз. Аят болса өзге «тіл». Ол жаратушының тілі. Ол тілде харіп жоқ, ол мүмкін қуат, ғылыми лексикаға салсақ өлемдік энергетика жүйесінің көрінісі» [17, 279-280].

«Ей, адам баласы. Сендерге Раббыларынан дәлел (яғни, Мұхаммад с.ғ.с.) келді. Сондай-ақ, сендер үшін бір жарық сөүле (Құран) түсірдік» Ниса сүресі, [18].

«Қорқыт ата» кітабынан: «Қорқыт ата тағы да сөйлеп кетті, тыңдал көрелік, не сөйлер екен:

Аузымды ашып, тілге келтірген көктегі Тәңірі көрікті. Тәңір досы, дінгүтқасы Мұхаммед көрікті. Мұхаммедтің оң жағында намаз оқыған Әбубекір – Сыдық көрікті. Неше жұз рет оқыса да «Йасин» аяты көрікті.

...Жазылып-түзіліп, көктен түскен Тәнірі ілімі - «Құран» көрікті. Ол «Құранды» хатқа түсірткен ғалымдар сұлтаны Осман Аффанұлы көрікті. Ойпат жерге салынған Тәнір үйі – Мекке көрікті. Ол Меккеге сау барып, аман-есен еліне қайтқан қажылар көрікті. Құндердің жақсысы - жұма күні көрікті. Жұма күні оқыған құтба намазы көрікті. Құлақ қойып тыңдаған үмметі көрікті.

– Ешбіреуге ұқсамайтын, бүкіл әлемді жаратушы Аллах Тағала көрікті!» [19, 128-129].

Аят сөз басы, бірақ ол адамның ойынан туған дүние емес, Мұхаммед пайғамбарымызға өлең кейпінде түскен аян.

...Адамзатқа Жол тану және тандай осы аяттардан бастау алған.

«Абай өлеңді сөздің патшасы деп бағалап, сөздің басы өлең деп түсінген, себебі аят – дүние көркі туралы сана».

«Неге сөздің басы аят дегенге келсек, үш мәселеге назар аударғанымыз жөн.

Біріншіден, Абай айтқандай аят сөз басы, яғни сөзге негіз, бірақ сөздің өзі емес. Сөз деген адам-заттың қасиеті. Алланың «сөзі» – аят, оны адамның сөзіне айналдырыған пайғамбар. ...Аят сөздің басы дегенде, Абай оның тылсымдық табиғаты туралы айтып отыр. Сөз басы деген нөлдік есеп, оның аржағы туралы мәлімет жоқ, болса да адам-зат үшін беймәлім, құпия. Аят мәнісі Жаратушының сыры екендігінде.

Екіншіден, аят деген Жаратушының адам-затқа мәлім болу мүмкіндігі бар өз құпиясы. Жаратушы адам-затқа белгілі болғысы келгенде аяттарын аян арқылы жария етеді. Ендігі арада аятты насиҳат ету пайғамбар үлесінде, сондықтан аяттан кейінгі сөз басы – хадис, яғни пайғамбар сөзі...

Үшіншіден, аят өлеңнің формасы, түрі. Демек, Жаратылыстың құпиясы, оның кереметі адамға өлең түрінде белгілі болады екен. Бұл мәнде нағыз ақын – Жаратушының өзі, тіптен ақындық оның бір құдіреті. Ақындық табиғатында першшелік бар десек, ізгілік туралы айтқанымыз, демек ізгіліктің басы аятта, жаратушы «сөзінде». Демек, Жаратушының, Жаратылыстың тілі – поэзия.

Абайдың «өлең сөздің патшасы» – дегені де осы түсініктен туса керек. Өлеңнің нәрі аят, себебі ол сөздің басы» [17, 282-283]. Енді осы ойларға өзек болған өлең шумағын келтірсек:

*Әуелі аят, хадис – сөздің басы,
Қосарлы бәйтсымал келді арасы.
Қисынымен қызықты болмаса сөз,
Неге айтсын пайғамбар мен оны Алласы,* [20, 48]

Сөз ретіне қарай айта кетер мәселе: С.Сауытбеков «Тағылым тілден» атты мақаласында: «...Абай мұрасын сүйсініп окушы едім. Оның шығармаларына тозаң тұрса, бүкіл ана тілім кірлегендей көретін адаммын. Сондықтан әттеген-айларымды баспасөзге ұсынуды жөн көрдім» – дей келе, 1993 жылы жіберген қателер келесі басылымдарда бұрынғы күйінде кешіріле берген. 1977 жылғы «Ғылым» баспасынан шыққан екі томдық пен 1986 жылғы «Жазушы» баспасынан шыққан екі томдықты салыстырыңыз» – деп кеткен қателерді толықтай келтірген.

Мәселен, жоғарыдағы келтірілген өлең шумағына қатысты түсіна тоқталсақ; «бұдан кейінгі 57-і түсінірме мәселесі қатеден қалып қойыпты. «Қосарлы бәйтсымал келді арасы» I т., 63 б. Бұрынғы басылымдарда: Қосарлы бәйтсымал келді арасы, «Бәйітсымал» Түсінігі: Өлең, жыр. Мұндай араб сөзін кездестірmedік. Бәйіт емес бәйт болып жазылады. Себебі. Түп нұсқасы: (...) өлең. Бәйтсымал емес, бәйт сымак. Өлең сымак дегені. Келешекте осылай түзетілсін» [21, 56] – деп ескертпе жасаған.

«Ақындық – Алладан» – деген сөз бар біздің халқымызда.

Поэзия – имандылықтың нұрына шалынған Алланың мейірімі.

Қазақ халқы «Өнер алды – қызыл тіл» деп, сөз өнеріне, тіл құдіретіне бас иген. Сөзге ғана тоқталған. Өнер атаулының төресі – сөз өнерінің адам өміріне, адам тәрбиесіне ықпалы аса зор екендігіне зейін қойған.

Сөз өнерінің дара қасиетін бала кезінен тал бойына дарытып, арда өнерді «Сөз төркіні» деп қастерлеп, өлең өнеріне өзіндік «Үлес» қосып, тексті өнерді «Тағылым тегі» арқылы таразылап, «тарыдай болып кірген» талшыбық бүлдіршіндерден тастуlep тәрбиелеп, «таудай» талантты тұлға қалыптастыра білген тәлімгер үстаз, қоғам қайраткері, қазақ халқының маңдайына біткен ғизатты ғалымдарының бірі – Сейтен Лиманұлы Сауытбеков.

Әкесі Лиман молдадан... бес жасынан бастап арабша діни дәрістер алып, шығыс мәдениетімен ерте танысқан бала Сейтен он үш жасында араб тілін жетік менгеріп, Құран сүрелерін жатқа білген.

Бала шағынан имандылық көусарымен сусындаған әке өсері есейе келе жас Сейтеннің балаң танымының шапағатты мейіріммен үйүүсінде, адаптацияның шыншыл, ересі биік адами болмысының қалыптасуына, өмірлік мұраттарының ізгілікке бағытталуына игі ықпал етсе керек.

Қасиетті Құран Көрімнің аят-сүре, хадистерінің көусар күйі бекзат білім, шалқар шабытқа айналып Сейтен Сауытбековтың сан салалы туындыларында адамды ең әуелі иманды, өділетті, кішіпейіл, парасатты, қайырымды болуға тәрбиелу құралының үздік үлгісі ретінде бірде өрелі ойға құрылған өлең, бірде әсерлі әнгіме, бірде тереннен тербеген тексті тағылым, бірде салиқалы да сардар «Сөз төркіні» түрінде «алыстан сермеп», ғалымның зиялдығындағы қасиеттерінің заңды құбылысы іспеттеніп көрініс берді.

Ғалым Сейтен Сауытбеков ағартушы, үстаз Ыбырайдың «Шаригат - үл исләм» – Мұсылманшылықтың тұтқасы – атты кітабын араб тілінен аударып, оның мағынасын таратып, талдаған «Теріс мінездерге қарсы ізгілік тағылымдары» – ғалымның сүбелі зерттеулерінің бірі.

«Адамның піғылышы екі түрлі. Бірі көркем, екіншісі бұзық сипатта. Аят пен хадистerde баян етілген жаман мінез алпыс түрлі, соның негізгі жеті түрлісін сөз етеміз – дей келе, ондағы адамның жағымды, жағымсыз мінезд-құлықтарына тоқталып әрқайсысының тарам-тамырларын да толық атап берген: «Бірінші теріс мінез –

КАФІР. «Кафір дегеніміз – Құдай бір, Құран шын, Пайғамбар хақ деп – білмейтіндер. Ондай мінезділер қасандай қатып, адал, арамды айырмай, бұзықтықпен өмір шегеді, ...обал мен сауапты айыра алмайтындар, Өз өмірінде ешкімге қайырым жасамағандар, Әділетсіз, мейірімсіз, қысымшыл қатал, осылардың бәрі Кафір болып табылады»; Бұзық мінез-құлықтың екіншісі – БИДФАТТЫҚ дін бұзғыштық, үшінші теріс мінез – РИЯ деп аталады. Оның мағынасы – сайқалдық. Арамдық деп те атайды, теріс мінездің төртіншісі ТАКАПАРЛЫҚ, жаман мінездің бесіншісі ХҰСЫТТЫҚ (күншілдік) күншіл мінездер. біреудің дәулетті тұрмысын, ғылыми жетістіктерін, қоғамға келтірген пайдалы ісін, өнерін, оку үлгерімін т.с. жетісітігін көре алмай қызғанып... қас болады, жеркенішті мінездің алтыншысы БАХИЛ (сараңдық), жаман мінез-құлықтың жетінші саласы ЫСЫРАПШЫЛДЫҚ».

Бұларға қарсы мінез-құлық Жетпіс сегіз түрлі» – дей келе олардың жеті түріне тоқталған: Біріншіден Кафірлікке қарсы – имандылық, екіншісі – санад Бидғатқа қарсы – әділет – Магния, үшінші Рияға қарсы – Ихлас / Яғни тәнірғе сүйікті болуды тілеу/, төртінші Күпирге қарсы – менмендікке қарсы – Тауазығ – кішіпейілділік, шарасаттылық, бесінші Хұсыдтыққа қарсы – Насиқат, алтыншы Бахилға қарсы – Саяхат яғни камқорлық, жомарттық, мырзалиқ, жетінші Ысырапқа қарсы – Машруғ яғни ғұрыштық, діни тыйым.

Фалым Сейтен Сауытбековтың зерттеу еңбегінде бастау алған «Теріс мінездерге қарсы ізгілік тағылымдары» акынның поэзиялық туындыларында өзекті, өнегелі өлең өрнегі ретінде қоса өрілген.

Сейтен Сауытбековтың «Арлы адам азбайды» өлеңінде имандылық, ар мәселесі:

*Арлы адам азбайды,
Сара жолдан жазбайды,
Түиссе де тікенек,
Алауы өршил маздайды [22, 56]*

деген өлең түрінде түзілсе, енді бірде.

*Ардан безген тірлікten.
Ар алдында атылған артық.
(сонда)*

Ақынның поэзиясындағы «ар» контекстік қолданысына тоқталсақ, «Ар дегеніміз не?»

Хакім Абай пайғамбардың көптеген хадистерін тілге тиек етіп, Құран Кәрімнің бірталай аяттарын да ауызға ала отырып, әр сүреден сүзіп алған аяттарының мазмұнына қарасаңыз ұлы ағартушының өз сара жолынан айнымағанын аңғарасыз. Ол – үнемі имандылық – арлылық пен әділеттілікте деп уағыздайды».

«...ар деген адамның сырына, құпиясына қазы болатын – рухани субстанция. Ар – адам ісінің төрешісі.

*Мениң сырым жігіттер, емес оңай,
Ешкімнің ортағы жсоқ, журсін былай!
Нені сүйдім, дүниеде неден күйдім,
Қазысы оның – арым мен бір-ақ құдай [20, 56]*
(Аударған Абай)

Михаил Лермонтовтан аудармасында Абай Арды Құдаймен бірге төреші дейді, адам ісіне. Ардың ақын қолданған орысшасы «совесть». Түсінікті болу үшін осы өлең шумағын толық келтірейін:

*Я не хочу, чтоб свет узнал
Мою таинственную повесть,
Как я любил, за что страдал,
Тому судья лишь бог да совесть.*

Екі ақын да Ар мен Құдайды қатар айтЫП отыр. Сонда ардың Құдаймен теңесетіндей қандай құдіреті бар. Әлде ар деген Құдайдың адам-затқа берген бағасы ма екен? Немесе, Ар деген адамды Құдайына бастайтын жолы ма екен?! ... Ар адамға қатысты

және оның өз соты болып тұр. Құдай құратын «сотқа» дейін, адам өзінің арының алдында жауап бермек. Адамның ісінің ақ-қарасы өзінің Арының алдында анықталмақ...» [23, 271-272].

«...Абайдың «имани гүл» концепциясы (Жаратушыны сүюді – (Біріншіден Кафірлікке қарсы – имандылық), адамзатты сүюді, әділеттің сүюді (екіншісі санад Бидғатқа қарсы – әділетті – Магния), осы ар білімінің негізі емес пе екен?»

Ал Ар туралы халықтық түсініктер бар, олар: арлы адам, арсыз адам. [23, 271-272]. Көпшілікке арлы адам түсінікті, ол бойында ұяты, қайраты, жігері, жауапкершілігі, кіслігі (төртінші күпирге қарсы – меммендікке қарсы – Тауазығ – кішіпейілділік, парасаттылық), намысы, талабы, ерлігі, өмірге, ізгілікке (алтыншы Бахилға қарсы – Саяхат яғни қамқорлық, жомарттық, мырзалық) құрылған құмарлығы т.б. асыл қасиеттері бар адам.

Ақын Сейтен Сауытбеков өлеңінде:

*Ауырлыққа ақылдылар төзеді,
Жеңілдікпен алмасарын сезеді.
Қындықтың таба алмай қиуын,
Тайқалақтан ездер одан безеді [22, 24]*

Ақын қолданысында «ауырлық» деп аталған мекнат пен мاشақаттың көтерер жүргі бар, сырты терең харекет.

Өлеңдегі адамға берер ой қуаты асқақ!

Ауырлық деген қазақ ұғымындағы «қайда барсаң Қорқыттың көрі», пенде маңдайына жазған өмір азабы. Әр жанның мына «қысқа, шолак дүниедегі» жазмышы.

Абай ақылды адам қайратымен қанаттастырады.

*Сенбе жүртқа, тұрса да қанша мақтап,
Әүре етеді ішіне құлық сақтап.
Өзіңе сен өзіңді алып шыгар
Еңбегің пен ақылың екі жақтап [20, 24].*

Сейтен ақында «Ауырлыққа ақылдылар төзеді» деп ақылға тәзім – серік күйде келеді және ақыл «бақытқа бастайды».

*Бақытқа бастайтығын ақыл делік,
Көркем сөздің зергері ақын делік.
Өзгеріске өмірі қоз тікпесе
Қалайша оны жсанга жасақын делік? [22, 24]*

Абай поэзиясындағы діни уағыз өлеңмен кестеленген көркем өрнекке айналып адамға игі ізгіліктер жайынан сыр шертпеуші ме еді?!

Ақыл, қайрат, талап, (Абайды), ой, ынсап, мейірім (Шәкәрімде) – адамның арының көрсеткіші.

Имандылық тәрбиесіне байланысты Сейтен Сауытбеков өзінің «Теріс мінездерге қарсы ізгілік тағылымдары» атты еңбегінде: «... адам баласының пигылымдағы екі тарам жолды бағдарды білудің моральдік, психологиялық маңызы зор» – деген парасатты пікірін қалдырган.

«Тағылым – тілден» деп таным баспалдақтарының бағдаршысын тіл қасиетіне, сөз өнерінің арда құдіретіне арнаған ғалым Сейтен Сауытбеков: «Мамандығым физика-математикағылымынан болса да Абай мұрасын сүйсініп оқушы едім» [21, 56] деген екен.

«Әр сөзінің қыры мен сыры анықталмайынша Абайды оқысаңыз да тоқи алмайсыз» деп аса парасатты пайым жасаған Сейтен Сауытбеков «Абай сөздері жалпы адамның түсінуіне ауыр екені рас. Бірақ ол ауырлық Абайдың айта алмағанынан болған кемшілік емес, оқушылардың түсінерлік дәрежеге жете алмағандығынан болған кемшілік» – деген А.Байтурсыновтың пікірін «Тағылым – тілден» туындысында басшылыққа ала отырып, «Ұлы Абайдың 150 жылдық мерейтойының дайындық жұмысының бірі – Абай шығармаларының текстологиясын мұқият зерттел төл қалпына келтіру болып табылса керек» деп, одан әрі Абай

шығармасындағы араб сөздерін өркім өзінше бұлдіріп айту орын алған» дей келе ондағы қателерді мысалдар арқылы дәлелдейген.

Сейтен Сауытбеков бойындағы парасатты білімдарлықты «Фылымның баһадүрі» атанған профессор, Халықаралық Фылым Академиясының Құрметті академигі Тұрсынбек Кәкішұлы: «...Мақамы керемет екен, естігендердің бәрі қайран қалды. Құран сүрелерінің мән-мағынасын түсіндіріп, оқығанда арабша білмесекте ұғып отырдық. Бұл зиялыштың үлкен белгісі. Сейтекең бізге осы жағынан да үлкен сабак берген Мұғалім...» [24,97] – деп жазады.

Сейтен Сауытбеков Ұлы Мұғалім болумен қатар, мұсылмандық қасиеттер мен рухани-адами парасаттылық құндылықтарын бойына сіңірген тұлға, дінді, Қасиетті Құран Кәрімді игерे білген өресі биік ғалым, қайраткер азамат ретінде ғалымдардың назарын аудара білген.

Профессор Қажыбай Қабыл-Фазыл: «...Маңайы толған кітаптар, журнал-газеттер, алып денелі, кәдімгі Сократ маңдайлыш, маңғаз да байыпты үлкен кісі қақ төрге орналасқан екен. Мен де ашық, көпшіл жаннның алдында отырғанымды сезіндім. Сексеннің сеңгірінен асса да интеллигенттік кескін-кейпін сақтай білген» – деп, ғалымның парасат пен зиялыштың күйилған болмыстылғасын есіне ала отырып, – «...Талай тақырыптың сырларына үнілдік. Бір-бірімізді кезек тыңдастық. Бірақ ақсақалдың ақыл қоржынының өзімдікінен мол, толық екенін өрдайым іштей мойындал отырдым. Дін мәселесіндегі кем-кетігімді толтыруға мүмкіншілік алдым.

Сейтен Лиманұлы исламды ғылыми түрғыдан түсіну керектігін баса айтатын, дінді Абайша түсіндіріп, Абайша ұғындыратын. Ол кісі үшін кеменгер ойшылдың «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» деген философиялық тұжырымы бұлжымас қафидар іспеттес еді» [25, 6] – дейді.

Ұлыларды ұлылар гана таниды.

«АДАМҒА ЕКІ-АҚ НӘРСЕ ТИРЕКТЕГІ, БІРІ-ТІЛ, БІРІ-ДІЛІҢ ЖҮРЕКТЕГІ»

Жалпы жер жүзінде 2 мыңға жуық этнос болса, олардың әрқайсысы әлемде, өркениетте өз орнын алуға үмтүлүү – тарихи күбылыс. Ал олардың ішінде Еуразиядағы ата тарихы, аты, заты бар, ұлан-байтақ жері, тілі, діні тереңнен тамыр тартқан ірі халықтардың бірі – қазақ халқы.

Тарихқа үңіліп тасқа қашалған, қағаздарға жатталған жырларды оқығанда ғасырларды көктей өткен ұлы сарын – азаттықты, тәуелсіздікті аңсау сарыны болғанына көзіміз жете түседі. Азаттықты аңсау сарыны бүкіл адамзаттық мұрат-мұддемен үштасып жататындықтан да өміршең әрі мәңгілік. Себебі, жер бетінде қаншама халық қаншама ғасыр ғұмыр кешсе де бейбітшілікті, бірлікті, тәуелсіздікті бәрінен жогары қояды. Сол үшін күреседі. Соны келер үрпаққа аманаттайды.

Сан мың мәрте жауға шығып шайқасып, қасықтай қаны қалғанша ұлтарақтай жері үшін жан-беріп, жан алысқан ата-баба арманы XX ғасырдың соны, XXI ғасыр басында Қазақ Елінің Егемендік алуымен орындалғандай.

Тәуелсіздік! Қазақ елі тәуелсіздікке қол жеткізіп, ата-бабаларымыздың аманат – арманы ақыры жүзеге асқан тұста, төрткүл дүниенің бұрыш -бұрышына мынау жұмыр жердің бетінде тағы бір тәуелсіз, еркін, зайырлы, құқықты, демократиялы мемлекет көк байрағын көтерген шақта қаны қазақ, рухы қазақ, тілі – ділі қазақ атаулы жүргегі жарылардай қуанғаны анық. Бұл бостандық таңын, азаттық таңын біз асыға күттік, сарыла күттік, сағына күттік.

Жаңа ғасыр басталар шақта Елдік егемендігін алған тәуелсіз еліміздің тарихында түбейлі өзгерістер мол болды.

Соның бірі – Қазақстан өз тәуелсіздігін жариялағаннан кейін қазақ тілін мемлекеттік тіл деп жариялауы. 1995 жылғы 30 тамызда респубикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясының 7-бабында мыналар атап

көрсетілген: «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл - қазақ тілі» [26]. Конституцияға сүйене отырып, «Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы» заң қабылданды. «Тіл туралы» заңға сәйкес 4-бапта: «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі - қазақ тілі. Мемлекеттік тіл - мемлекеттің бұқіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі. Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру - Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы. Үкімет, өзге де мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдар: Қазақстан Республикасында мемлекеттік тілді барынша дамытуға, оның халықаралық беделін нығайтуға; Қазақстан Республикасының барша азаматтарының мемлекеттік тілді еркін және тегін меңгеруіне қажетті барлық үйымдастырушылық, материалдық-техникалық жағдайларды жасауға; қазақ диаспорасына ана тілін сақтауы және дамытуы үшін көмек көрсетуге міндettі» – деп көрсетілген [27].

Қазақстан Республикасының тіл саясатының тұжырымдамасы және Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы қабылданды.

Мемлекет болған жерде оның мемлекеттік тілі болуы да керек. 1997 жылғы 11 шілдедегі Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы» Заны қабылданғаннан бері қарай Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі болып – Қазақ тілі белгіленді. Қазақ тілі – қазақ халқының ана тілі. Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі.

Мемлекеттік тіл–тек қазақтың тілі емес, Қазақстанда тұратын барлық үлттың үлтаралық ортақ тілі.

Алайда, Қазақстанда мемлекеттік тілді енгізу және дамыту мәселеі қазіргі уақытқа дейін толық шешімін таппағандығы жасырын да емес.

Осы ретте, айттар ойымызды өлеңмен өрілген өзекті ойға айналдырысқа:

*Пір тұтатын өулием, Ана тіл-ау;
Ана тіл-ау, ұшатын қанатым-ау,
Жүдеу тартып күн сайын барасың-ау!*

*Замананың сай болса да құты басым;
Бүйте берсең –тозғындаң жұтыласың,
Кеңес іс-қағаз тілінде сөйлей алмай,
Жиындарды ресми тұтығасың... [28, 106.]*

Авторы – ақын Кәкей Жаңжұнұлы. Өлең «Тілім-пірім» деп аталады.

1985 жылы қағазға түскен өлеңде осы бүгінгі күннің тыныс-тірлігі жатқан жоқ па?!

Ендеше: «Адамға екі нәрсе тіректегі, бірі–тіл, бірі–ділің жүректегі» –деп, Ж.Баласағұн айтқандай, қазақ тілінің көсегесін көгерту алдымен өзін қазақпын деп санайтындар ғана емес, Қазақстан топырағында тұратын таза ниетті әрбір азамат, мемлекеттік тіл - қазақ тілін өзіне тірек етіп, ол тілді жүргімен сүюі тиіс.

Еліміздегі білім беру жүйесінде жүргізіліп отырған реформалардың бір өзекті саласы – тіл мәселесі болуы орынды.

Мемлекеттік тілдің ерісін кеңейтіп, оның конституциялық мәртебесін көтере түсуге мүмкіндік беретін бірнеше басым бағыттардың бірі – жоғары оқу орындарында қазақ тілін пән ретінде оқытудың жүйесін жетілдіру.

Еліміздің өзге өнірлерінен гөрі географиялық жағынан да, саяси-өлеуметтік, ұлттық қалыптасу, тілдік-ділдік, танымдық түрғысынан да кеңес кезеңінің жетпіс жылғы басым ықпалына көбірек түскен солтүстік аймақтарда қазақ тілінің қолданылу аясының тарлығын, оның қолданылу мүмкіндігіне кедергі келтіретін тосқауылдардың жоқ еместігін ескерсек, бүгінгі күннің көкейкесті мәселелерінің бірі екендігі дау жоқ.

Тіл мұддесі – ел мұддесі. Осы ретте жоғары оқу орындарында қазақ тілін оқытудың жана, тиімді жолын үйымдастыру мәселелері,

тілді оқытатын орталықтарда аяибай тер төге білуі – бүгінгі филолог мамандардың білім беру ісіндегі тынымсыз ізденуі, жан аямай еңбектенуінің арқасында іске асырылып отырган мемлекет, қоғам, халық алдындағы биік парызы екендігін атап айту орынды болмақ.

«Тіл туралы» заңның 4-бабына сәйкес, Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы екенін үнемі есте сақтау керек. Міне, осы жағдайда ғана мемлекеттік органдарда құжат айналымының қазақ тілінде жүргізілуін қамтамасыз ету мүмкіндігі арта түседі.

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты, ғалым Фарифолла Есім: – Қазақ тілі шын мәнінде Қазақ елінің тілі болса, оның этносаралық қатынас тілі болудан басқа жолы жоқ. Себебі, көптіншілік Қазақстан жағдайында бір ғана мемлекеттік тіл бар, ол қазақ тілі. Сондықтан, Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы заңына, қазіргі жағдайды ескеріп, тиісті өзгерістер жасау қажеттілігі туындалады. Бұл іс «акылдастып пішken тон келте болмас» деген принциппен атқарылуы керек. Осы атаптаған мәселелердің басында сөзсіз қос палаталы Қазақстан Парламенті тұруы табиғи жағдай. Комитет, Палата отырыстарында заңдар жобасы мемлекеттік тілде талқыланып, қабылдануы тәжірибелеге ене бастаса деген қоғамда тілек бар.

Қазіргі кездегі заң жобалары орыс тілінде дайындалып, қазақ тіліне аударылуда. Осы тәжірибелінің нәтижесінде әкімшілік жүйе тек аудармаға икемделген. Бұл мәселені шешу үшін жоғары оку орындарында мемлекеттік тілде заң дайындауда алатын мамандар даярлау қажеттілігі бар. Заңдарды қазақ тіліне аудару бүгінгі орын алған тәжірибе болғанымен, ілгері уақытта талапқа жауап берे алмақ емес. Мемлекеттік құжаттың түпнұсқасы мемлекет тілінде болуы табиғи мәселе» – деген.

Ана тілі – қатынастың басты құралы ғана емес, үлттық ақыл - ой, сана - сезімді жеткізуши, бабадан балаға жалғасумен келген асыл қазына, бай мұра. Ана тілін қастерлеп құрметтеу, үрпаққа

ұластыру әр халықтың, әрбір азаматтың абырайлы міндеті болмақ. Расул Гамзатов: «Егер менің тілім ертең құриды десе, мен бүгін-ақ өлуге әзірмін» [28, 10 б.]. – деген еді. Үлттық тілін жоғалтқан халық – халықтығын да жоғалтумен бірге, үлттық мәдениеті мен өнерін, әдебиетін жасай алмайтыны да белгілі.

*Ана тілім сен үшін өлімдімін:
Сенің күнің емес не менің күнім.
Халқым өшіп кеппесе бұл тарихтан
Сен де өлмессің дегенге сенімдімін! [29, 10 б.]*

Бұл өлең шумағынан ақын Кәкей Жанжұнұлының ана тілі тағдыры үшін қиналған жан даусын естісек, бүгінгідей алмағайып заманда үлттың сүйген әр азаматтың көкірек тұмасында халық құндылықтары тілі, діні, салт-санасы жолында жан аямай құресерлік үлттық рух, отанышыл сезім сақталса игі дер едік!

Тіл – дегеніміз қай халықтың боласын кешегі, бүгінгі ғана тағдыры емес, бұрсігүнгі де тағдыры.

Елбасы айтқандай, «Қазақстанның болашағы-қазақ тілінде».

Дегенмен, қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін шын мәнінде алуы ғана мемлекетті мемлекет ете алады.

АНАХАРСИС – САҚ ФҰЛАМАСЫ

Соңғы жылдарда қазақ этногенезі мен қазақ этномиміне байланысты бірталай еңбектер жарық көрді. Бұл мәселені нақтылау үшін зерттеуді сонау көне заманнан бастап, қазақ халқының этникалық нышандарының байыргы тарихын карастырған жөн. Негізінде қазақ халқының этникалық ілкі элементтері ете ерте заманда, алғашқы құл иелену қоғамының кезеңінен калыптаса бастағанын ғылымдағы соңғы жаңалықтардан естіп отырмыз. Қазақ халқының осындай этникалық ілкі нышандары, олардың арғы аталарапы сақ - массагеттер жайлы Парсы сына жазуында (Зенд-

Авестада) айтылады. Бұл жерде атальып отырған парсы сына жазуы дегеніміз – адамзат тарихында алғаш жазылған қадым заман кітаптарының бірі «Авеста». Осы түнғыш жәдігерлікте сақтар мен олардың мекенін «Тұр» деп атаған. Ал «Тарихтың атасы» атанған Геродот парсылар скифтерді сақтар деп атағанын мәлімдеген. Демек, гректер де сақтарды скифтер деп атаған.

Фирдоусидің әлемге әйгілі эпопеясы «Шахнамада» сақтар елі «Тұран» деп көрсетіледі [30, 12].

Үнді елінің кеңе ескерткіштерінің бірі санскриттік әдебиеттерде, солардың ішінде Рамаянада, Махабхаратада, Ману заңдарында сақ жеке халықтың есімі ретінде қолданылған. Осы тарихи еңбектерге сүйенген Лассен барлық Тұран жұртына ежелгі үнділердің берген жалпы аты сақ екенін атап көрсетеді.

Ал Қытайдың белгілі тарихшысы Су Бейхай еңбектерінде [31, 4]. қазақ халқының тарихына кемінде 2,5 мың жыл болғандығы айтылады.

Осы сақ, қас (сақ) тайпасы қазақ халқының қалыптасуына арқау болғанын білеміз. Бұл деректерді тізбелеп келтіріп отырғанымыз, біз әлі күнге дейін «Қазақ мемлекетінің тарихы 1465-1466 жылы Жәнібек пен Керей сұлтандардың Әбілқайыр хан билеген өзбектерден бөлініп, Моголстанға қарасты Шу тарапындағы Қозыбасы төнірегінде Қазақ хандығын құруынан басталады деп есептейміз». Бұл тұжырым негізінен кешегі Кеңес Одағы кезінде айтылған. Алайда, Қазақстан тарихын петерборлық ғалымдар С.Кляшторный мен қандасымыз Т.Сұлтанов үш мың жылдың жылнамасы [31, 4]. ретінде қарастырған.

Сонымен, дүниежүзінің бұрын-соңды қөптеген ғалымдарының еңбектерінде, тарихи жәдігерліктерде жазылғандай, хас сақтар ең алдымен қазіргі қазақтардың тікелей ата-бабалары. Тек ҚАЗАҚ халқы ғана Тұран – Сақстан жерін жайлаған ертедегі хас сақтардың тікелей үрпақтары – мұрагерлері болғандығына көзіміз жете түседі.

«Тарихтың атасы» Геродот пен Страбон сақ жұртынан шыққан аты аңызыға айналған Анахарис дананы әлемдегі «Жеті гүламаның» бірі деп мойындаиды.

«Анахарсис туралы біршама тарихи мағлуматты Геродот өзінің «Тарих» деген еңбегінде келтірген. Геродоттың айтуы бойынша: «Анақарыс – скиф патшасы Спаргапиптің шөбересі, Ликтің немересі, Гнурдың баласы».

«Анахарсис б.з.д. V-VII ғасырларда өмір сүрген, сақ елінің ғұламасы, тарихта Анахарсис Скифский деген атпен белгілі, ол патша тұқымынан шыққан ханзада, анасы эллиндік, ол Грек мәдениетімен таныс болған, тіл білген» [32, 265] – дейді ғалым Фарифолла Есім.

Көне тарихтың қатпар-қатпар қойнауларынан шыр шертіп, бағзы заманғы бабаларымыз туралы жазған қаламы қарымды жазушы, ғалым Тұрсын Жұртбай өзінің «Дұлыға» [33]. атты еңбегінде Анахарсис Скифский жөнінде тұжырымды дерек келтіреді:

Біріншіден, Анақарыстың шешесі грек қызы екендігі, *екіншіден*, соның арқасында грек тілін жете білгендігі және ең басты ұстанатын белгі – Анақарыстың сол тұстағы гректің даналары Солон, Питтак, Клеобул, Фалес, Биант, Хилон сынды данышпандармен қатарлас, дәрежелес екені.

«Адамнан беті қайтып көрмеген, кісіден сескенуді білмейтін еркін елдің бекзадасы білімнен де кенде емес еді. Туған анасының тәркініне деген құрметі бала кезінен қалыптасып... сол елді көрсем-ау деген арманмен ер жетті.

Анақарыстың Эллада еліне жетіп, онда гректерге танымал емші-балгер, қазіргі тілмен айтқанда дәрігер, ата-тегі скиф Тоқсарымен (Токсарид) жүздесіп, әйгілі жақсы жерлерді, қалаларды көрсетуді, атакты философ Солонмен кездестіруін етінеді» [34, 34]

Анахарсис Афинаға келгенде оның дос болған адамның бірі Солон. ...Солонның арқасында ол шешендік өнерді үйренген.

Ол қоғамдық құрылыш пен құқықтану мәселелерімен айналысты. Философ әділ өмір үшін жақсы зандардың болуы жеткіліксіз, ол үшін занды қорғайтын әділ қорғаушылар керек деп есептеген. Ғұлама жайлы мынадай бір деректі келтіруге болады:

«Бір күні Халық Жиналышын бақылап отырған Анақарыс: «Элладалықтар өте қызық халық. Білгір сейлегендерімен, мәселелерін ақымақтар шешеді», – деп таңқалған» [35, 7].

Анахарсистың көркем бейнесін Плутарх жасаған, оның «Жеті ғұлама сауығы» деген еңбегінде «Жеті ғулама» – Фалес, Солон, Периандр, Питтак, Биант, Хилон, Клеобулдармен бірге Анахарсис те болған.

Диоген Лаэртский «Атакты философтардың өмірлері, ілімдері, нақыл сөздері» деген кітабында Анахарсис айтты деген афоризмдер келтірген, мысалы:

«Басқа пәле тілден», «өлі көппе, тірі көппе деген сұраққа ол «Ал теңізде жүзіп жүргендерді қайсысына қосамыз» – деп қайыра сұрақпен жауап беріпті. Анахарсис шешендігін мойындағаның белгісі ретінде Афина зиялды қауымында «Скиф осылай сөйлейді» деген мәтел болыпты.

Анахарсис әртүрлі халықтардың эпосы, әдет-ғұрып, салт-санасын, білу үшін жиһан кезгенді үнатқан. Халықтың менталитетін, тілін білу үшін ғұламаның өмірінің басты мақсаты болған көрінеді. Мәселен, Лидия мемлекетінің ақырғы ханына жазған хатында: «Лидиялықтар ханы, мен элладалықтар жеріне алтын үшін емес, жергілікті халықтың салт-сана, әдет-ғұрпын үйрену үшін келдім. Менің Скифияға бұрынғынан да жақсырақ болып оралуымның өзі жеткілікті» [35, 8]. – деп жазады.

Скифияға оралғаннан кейін ол өз отандастарын элладалықтардың жақсы қасиеттерінен үлгі алуға шақырады. Адамзат өмірінің қызықты да мәңгілік мәселелері, Эллада ағартушыларының көзқарастары жайлы әңгімелер айтқан.

Анахарсистің өмірі өз елінде аяқталды. Лукианның айтуынша оны туысы Савлий атып өлтірген. Өлім аузында жатқанда Анахарсис былай деген: «Элладада мені ақыл сақтаса, туған жерімде қызғаныш құрбаны болдым», [32, 265] – деген екен.

Анахарсис Афинада кең танылған, оған арнайы мүсін орнатылған, ол ойшыл-ақын, оның сегіз мың жолдай өлеңі болған. Оның біразы «Латын антологиясы» деген неміс тілінде шыққан

жинақта бар. Орта ғасырда француз абатының «Бозбала Анахарсистің басынан кешкендері» деген романы жарық көріпті.

«Сонымен, философия тарихында «Анахарсис Скифский» деген атпен енген ғұлама жалпы түркі жүртynы ортақ тұлға. Ол сақ жүртynың ойшылы. ...Түркі тектес халықтардың атақты бабасы екені анық».

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ӘЛЕМ ӘДЕБИ МҰРАЛАРЫМЕН БАЙЛАНЫСЫ

(Шекерімнің «Крез патша» поэмасы және Солон)

Көркемдік дамудың әдеби процестік маңызды бір заньдылығы – әдеби байланыстар – әдебиет әлеміндегі тоғысулар, қарым-қатынастар, рухани байлықтар алмасулары. Қоғамның прогресс жолымен дамуы қажеттілігінен туған мәдени, әдеби байланыстардың өзіндік мол тарихы, бай мазмұны бар. Қай халықтың болсын өнер жағынан дамуында әдеби байланыстар сол үлт әдебиетінің өркен жая өсуіне, оның әлеуметтік ықпалының күшеюіне септігін тигізіп, сөз өнерінде көрінген халықтың рухани қалпын, арман-мұддесін, өмір тарихын басқа халықтардың даму тарихымен үштастыруға, сөйтіп, олардың өзара білісуіне, түсінісуіне, бірін-бірі құрметтеп достасуына дәнекер болады. [36, 123]

Қазақ әдебиетінің тарихына үңілсек үлт әдебиетінің құнды да бай алтын қорына әдеби мұрасын қалдырған ақындарының бірі, ойшыл, аудармашы, асқан білімпаз ақын – Шекерім Құдайбердіұлы.

«Шекерім көп оқыған адам. Бірнеше тіл білгендейтін әлемдік тарих пен мәдениеттен мол хабардар болған. «Крез патша» поэмасы осы сөзімізге айшықты дәлел. Ақынның 1988 жылы «Жазушы» баспасынан жарық көрген жинақында «Алты әңгіме» деген топтамасында «Крез патша» деп аталатын 24 шумақты шығармасы берілген. «Крез патша» - ақынның 1924 жылы казақ тіліне аударған

«Алты әңгімесінің бірі» [37, 211] – дейді белгілі ғалым, философ Фарифолла Есім.

Крез патша тарихи тұлға. Ол Лидия елінің ең соңғы патшасы (б.з.б. 560-546) Кіші Азияның батыс бөлігін жауап алып, патшалығын үлғайтып, бірінші алтын ақша шығарған аты аңыза айналған өте дәулетті адам, бірақ осы атақ, ересен байлық құмға сіңген судай боп жоғалып, Крездің басынан бағы тайып, дүшпаниң қолынан қаза табады. Оны ақын дәп басып байлайша жырлайды:

*Ей, Крез! Сенен менің ойым болек,
Бұл дүние–шыр айналған бір дөңгелек.
Өлімнің сагатына кірмей тұрып,
Еш адам мен бақыттымын демеу керек! [38, 245]*

Шәкәрімнің бұлай дейтіні Крез Парсы патшасы Кир II мен соғыста тас-талқаны шығып жеңіліп, тұтқынға түседі. Сонымен Лидия патшалығы тарихтан өшеді... [37, 212]

Осы Крездің шақыруымен Сардаға Солон-ғулама келеді. Оған Крез-патша байлығын көрсетіп мақтанаңып, дүниеде менен бақытты адам бар ма деп сұрақ қояды. Солон бар дейді. Бұл жауапқа ашууланған патша, Солонды ренжітеді. Солонмен болған әңгімені Кирмен соғыста жеңіліп, тұтқынға түсіп, отқа тірідей жаққалы жатқанда есіне түседі. Сонда жан дәрменімен «О, Солон!»- деп үш рет айқайлады. Сонда есіне түскен Солонның сөздері еді. Кир бұл Солон деген кім құдай ма, адам ба, біл деп кісі жіберсе, Крез Солонмен арадағы болған әңгімені айтып, ғұламаны тыңдамағанына өкініш білдіреді. Ақылды Кир бұл сөзді ғибрат көріп, Крезді өлтірмей, қасына ертіп серіктес қылған көрінеді, дейді Плутарх.

Шәкәрімнің Солон – ғұламаның аузымен Крезге «өлімнің сағатына кірмей тұрып, еш адам мен бақыттымын демеу керею» деуі осыдан.

Шәкәрім «Бұл дүние – шыр айналған бір дөңгелек» - дейді. Бұл ақынның дүнистанамына қатысты әңгіме. Мұндай идеяны

көптеген ғұламалар айтқан, бірақ оның ғылыми түрде концепциясын жасаған итальян философ Дж. Вико (1668-1744) оның «Айналым теориясы» атты еңбегі өзінен кейінгілерге зор ықпал еткен ілім.

«Крез патша» поэмасы аударма емес ақынның төл шығармасы деп қарau керек. Бұл жерде Абай дәстүрінің жалғасы бар. «Ескендір» поэмасында негізгі бейне Аристотель хаким болса, мұнда Солон-философ. Мәселе Крезде немесе Кирдің ақылдылығында емес, негізгі сюжет қазығы Солон бейнесі. Оның данышпандығы үрпақтарға ғибрат. Өлмейтін, өшпейтін, солмайтын, ескірмейтін- даналық.

*Солонның өзі өлседе, сөзі дұрыс,
Жастарды соны үгуга қақпалаімын.
Адамның зор кеселі осы мақтан,
Бұл құргырдан ешкімді ақтамаймын. [38, 245]*

Солон тарихта «жеті ғұламаның» бірі атанған ойшил.

Ол б.э.д 640 және 635 жылдар. аралығында туып 559 жыл шамасында дүниеден өткен, Афина мемлекетінің саяси қайраткері өрі өлеуметтік реформаторы. Б.э.б 594ж Солонды архонт етіп сайлады. Оны Аттиканың бүкіл тұрғындары құрмет тұтты. Ол өте өділ, ақылды, дарынды, шешен болған. Солон өмір бойы оқып, өзінің білімін тереңдетіп отырған. Әр түрлі тақырыпта өлеңдер де жазған.

Шәкәрім Солон данышпандығын суреттеген. Осы тұста біз бір мәселені есте ұстауымыз керек; Шәкәрім тарихты баяндап отырған жоқ. Тарихтан бізге не қалғанын айтып отыр. Шәкәрімнің «Крез патша» поэмасынан ақынның эрудициясының гажап кендігі аңғарылыш түр. [39, 211]

Солон тарихта жеті ғұламаның бірі атанған ойшил. Шәкәрім Абайдың жолын қуып өз ұлтын, халқын надандықтан, қараңғылықтан, өзімшілдіктен арылтамын, тұзу жолға саламын деп алдына жан салмай еңбек атқарған ғұламаның бірі. Бұл екі

ғұламаның атқарған жұмыстары бір екенін осы Шәкәрімнің туындысы «Крез патша» поэмасынан көрініп түр.

Жоғарыда келтірілген деректерде сөз болған мәселені қорытындыласақ мынадай түйін шығаруға болады; Адам еш уақытта мен баймын, бақыттымын, қол созған арманыма жеттім, менен ұлы адам жоқ деп жар салуы міндетті емес. Өйткені ол ең алдымен алдағы өмірі жайлы ойлауы керек. Болашағы қалай болары пендеге, адам баласына белгісіз күйде, жұмбақ қалыпта болмақ. Бұл ойды, осындай терең гуманистік идеяны көтере білген, әрі әлемдік мәдениет пен әдебиет тарихынан мол хабары бар Шәкәрім ақынның әдеби мұрасын бүгінгі күн түрғысынан қайта танудың мәні зор деп ойлаймын.

Қай әдебиет болса да өзара байланыссыз, қарым-қатынассыз толық кемеліне келе алмақ емес. Қазақ әдебиетінде әлем әдебиетімен өзара байланыс, әсер-ықпал, қарым-қатынас өте ерте кезден бастап қалыптасқаны да белгілі болып отыр..

Қазақ халқы өз тарихында әлем халықтарының рухани байлығынан хабардар болған, ұлт дамуының қажет мұқтаждарына сәйкес өзіндік қарым-қатынас, байланыс жасап отырган. Әрине бұл тарихи-әдеби құбылыста әлем әдебиеті мен мәдениетінің үлкен рөлі, маңыздылығынан бар.

Үйлемдағы бүгінгі жаңалықтарға сүйеніп, үлттық әдебиетімізді қайта танып, саралап, ой қорытып, түйіндеудің маңызы зор болмақ. Өйткені, осы кезеңдерге дейін қазақ әдебиетінің әлем халықтарының, шығыс шайырларының әдеби мұраларымен байланыстырылығы, сабактастыры жайлы өте аз айтылып жүргендігі ацы да болса шындық. Сондықтан үлт әдебиетін жан-жақты танып, білу үшін оның әдеби байланыстарын белгілі бір жүйеде зерттеп біле беру қажет.

ЖҮРШІ, ӘКЕ, НАМАЗҒА ЖЫҒЫЛАЙЫҚ!

(Жас ақындар поэзиясында Ислам құндылықтарының жырлануы)

«Көкшетау жас ақындар антологиясы» атты ұжымдық жыр жинақ 2010 жылы Ақмола облыстық Мәдениет басқармасының бастамасымен, Ақмола облысының халық шығармашылығы орталығы және мәдени демалыс орталығының қолдауымен жарық көрді.

XXI ғасырдың жиырма бір жас ақынының өлеңін құрастырып, баспаға өзірлеген талантты ақын – Алмас Теміrbай.

Көкшетаулық ақындардың жаңа буынының алдыңғы толқынын есімі ел есінде талай топты жарған «жүзден жүйріктердің» қатарында танылған А.Теміrbай, А. Бердалин, Б. Қарағызылы, Ұ. Шаменова, А. Зағыпарлар, кейінгі толқынды М.Тоқсанбай, Қ. Оспанов, Ж. Зандыбайұлы, Қ.Құралхан, Н. Оқашева, С.Есжан, М. Ұйымбекұлы, Б. Бекмұратұлы, А. Алмасбек, А. Жүсіпов, Ә.Нұрмагамбетова, Ә. Есенаманова, Ж. Панкей, М. Есенова, Е. Едрисов, М.Ермекбаевалар күрайды.

Киелі Көкше жеріндегі ақындардың бүгінгі жас толқынының өлеңмен өрген өмір шежіресінен сыр мен сымбатқа тамызық маздақ ойдың ғана емес, тереңнен терберген телегей теңіз білім мен көркем кестелі тіл, образдылықпен астасқан шүрайлы да құнарлы рухани әуен – Ислам құндылықтарын бойына барынша сіңіре білген, имандылықтың нұрына шалынған поэзия туғандығын аңғаруға болады.

Қос ғасырдың алмасуында, дұрысы, құлы дүниетанымдар тоғысында, үлттық әдебиетке келіп қосылған жас ақындар ең әуелі – Жаратушыға иман келтірген, қасиетті Құранға жүгіне келген буын. Бұл буын – Өлең өнерінде, Өмір атты болмыста – «тылсымнан жұмбак сыр аулаған, өлеңнің құдіретін білгісіз жетінші түйсік арқылы қабылданап, сол арқылы Тәңірге үмтыйлап..., соны күн астындағы, жер бетіндегі адамдарға жеткізуге тырысып, ғасыр мен ғасырды, Ақиқатты, Адам – Затты жаңаша жырлай

келген буын. Жөне бір назар аудартар тұсы – қатып қалған қағидаларды бұзып-жарып Жан тілінде сөйлей келген қаламгерлер шоғыры».

Жас ақындардың туындыларын оқығанда:

Ең алдымен Құдіреті қүшті бір Алла – Ақиқат жайлы, Жаратылыстың жүмбағы, Жалғаннның жалғандығы, Бақи болмысының мәңгілігі мен Фәни дүниенің, Тіршіліктің, Адамзаттың аз күншілік “қызығының қысқалығы” жайлы бұрынғы танымынды, бұған дейінгі ой-өрісінді “жанғырта” жаңартса түсестіндей өсерлілігі, ақындар зердесінен туған бірде баллада, бірде тұтас болмысымен “метафора” өлең, енді бірде тылсымның тұңғиғынан сыр тартқан тұмса табигат – антропоморф, терең түйсік арқылы жасалған көркем айшықтаулар ақындардың *дүниеге көзқарасын танытып*, қайталанбас қолтаңбасын аңғартады.

Жаратылыс құпиясы мен сырлары жайындағы ойлары философиялық таныммен астарласа отырып, дүниенің шынайы болмысына тереңдей бойлап, алыс ойға тартады...

Бауыржан Қарағызыұлының «Жан» деп аталатын өлеңі:

*Ол мұлде жоқ еді,
Жаратты.
(Жаратушы – шексіз, мұңсыз, мәңгілік,
Барлық мақтау оған гана лайық!!!) [40, 35]*

деп, ғажайып «құпия» тілде басталады.

*Жан... тамишадай тұнық еді басында,
Періштедей мөлдір еді расында.*

*Қайдан келді мына жаққа қаңғырып?!
Арманы не,
Аңсары не, Тәңірім?!*

(сонда, 35-б)

Ақын өлеңі оқыған жанды тылсым ойға жетелейді.

Алланың аманатқа берген жаңының «Арманы, Аңсары не?»

Қасиетті Құран - Кәрімде: “Алла тағаланың жер бетіндегі халифасы-өкілі ықыласпен жаралған – адам” Бақара сүресі, 30-34 аягтарындағы аян.

«Алла тағала әу баста хазреті Адам атаны (ғ.с.) жаратып, оны жер бетінің халифасы ететіндігін перштегерге білдірді. Соңда перштегер Алла тағалаға уәж айта бастады. Олардың уәждеріне қарсы Алла тағала Адам атаға (ғ.с.) барлық нәрсені үйретіп, перштегерден де артық және барлық жаратылыстан үстем ететінінен хабар берді. Осылайша, Алла тағала сүйіп жаратқан құлдары – адам баласына Өз ілімінен дарытып, үнемі ізденісте болуды, сол арқылы Ұлы Иесін тануды нәсіп етті».

Алланың сүйіп жаратқан халифасы-өкілі, Адамзат әмманда, бұл мақсұттан, бұл тұнықтықтан ажырамас болар еді.

Ол тұнықтықтың негізі – қасиет пен кие тұнған таза, пәк, адамзатқа тұра жол нұсқаушы Ислам дінінде сақталған.

Ислам діні «бір ғана Жаратушыға иман етуді және оған бой ұсынуды уағыздайтын дін». Сонымен қатар, «Әр діннің (өзіне тән) мінез-құлқы бар. Ал ислам діннің мінез-құлқы болса ол – ұят» (Муатта, Хуснұл-Хулук, 2).

«Ұят пен ар иманның негіздері. ...Дін адамның ұтында, арында, яғни оның иманында. ...Ұты, ары бар жан Жаратушысын танып иман келтірмек» – дейді, философ ғалым F. Есім... [37, 59]. Жалпы, «дін дегеніміз – адамның шексіз болмыспен арасындағы байланысты білдіретін сана» болса, «Ислам діннің негізі – Аллаhtы бір деу». Ислам сенімі иманның шарттарына негізделеді. Иманның шарты алтау. Ол Аллаһқа, Оның перштегеріне, Кітаптарына, Пайғамбарларына, Ақырет күніне, тағдырға иман келтіру.

Яғни, адам баласына бәрінен де иман қымбат. Иман адам баласын ізгілікке, тұра жолға жетелейді, рақымшылдыққа, қанағатшылдыққа, мейірімді, қайырымды болуға тәрбиелейді, тәубесіне келтіреді.

Иман – бұғ дүниелік мақсұт болмақ керек. Себебі, «дүние – ахиреттің егіндігі».

Ал ақын Б. Қарағызыұлының өлеңінің келесі жолдарындағы ой үшқыны оқырманың ойландырмай қоймайды:

Қара тәнін қартайту ма мақсаты?!

Күлкүн үшін ақыл-есін ақсатып,

Сенделу ме құр сулдені сүйретіп,

қатпар-қатпар қиялышың ішінде?!

(сонда, 35-б)

Адам «қара тәнді қартайтуға» яғни, тіршілік күнкөрістің қамында арпалысып баққанымен, саналы жанның өзегіндегі «Алланың аманаты» қарын тойғаннан, қызылды-жасыл дүниеден алданыш таба алмайды.

Өлеңде бүгінгі күннің жанды кейіпкері де жоқ емес...

Оқыстан кілт тоқтайсыз. Расымен, осы «заман қыын» дегенді желеу етіп қайда асығып барамыз?

«Қатпар-қатпар қиял ішінде» неге «сенделіп, құр сулдені сүйретіп» журміз?

Уақыт зымырап өтіп жатыр, адамзат та қалысар емес.

Бірақ ескерусіз қалып бара жатқан бір дүние бар.

Ол:

Мына жалған – ниетінде пенденің,

Ал, Ақиқат сан дыбыстық пішінде.

Азан болып қалықтайды ауада

Хақ Алланың құдіретті қүшінде!

(Сонда, 35-б)

«Мына жалған – ниетінде пенденің!».

«Байлық – мал-мұлік көптігімен емес, көніл тоқтығымен болады»
(Бұхари, Риқақ, 15) [41, 97].

Бұл мағыналы олен.

Рухани кәусар бұлақ.

Бұл қоғамға нәр беретін, рухқа дем беретін қуатты дәрумен. Дәл осы жерде гана «байлық, дүние» деген материалдық өлшемнің құны түкке тұрғысыз. Ойлы жанға.

Ол С.Елубайдың «Қияметқайым ғасырында» мынадай жолдармен берілген:

«Адам кеудесіндегі жан қарын тойғанға қанағат етпеді. Одан тыныштық таба алмады. Бебеу қағып бірнөрсе іздейтін болды. Бақыт іздейтін болды. Жан шырылдан нені іздейтінін білмеді. Дамудың осы тұсында адамзатқа Алладан уахи түсіпті. Пайғамбарлар арқылы. Иесіне қауышып Адам жаны тыныштық тауыпты. Шынайы бақытты сезіпті. Өмірдің бү дүниемен шектелмейтінін үғыпты. Мәңгілікті мойындан тынышталыпты. Сөйтіп, О Дүниенің бар екендігі Адамды Бұ Дүниеде адамша өмір сүрге бастапты» [42, 28-52].

*Тұн баласы көлеңкеде туганда,
Күбірлейді Ол етегінде фәнидің.
Санасында бақи күлсे келесі,
Көз алдыңда көлбеңдесе елесі.
Асып-тасып сезімі,
Ақыретке ақылымен тамсанып,
«Жалған дүние, қонақтын!» – деп, жарар салып,
Жалғыз қалса, жылайды еken түсінде. [40, 35]*

Ақын Б. Қарағызыұның өлеңіндегі метафораға айналған бұл шумақтар контекстік мәнде мистикалық әлеммен әрленген.

Әйткені, «... жан мәңгілік Құдай рухымен жаратылғандығы байқалады. Жан сөйтіп мәңгілік Құдай рухының тіршілікке дарытқан мұғзижасы болып шықты».

Ол ақын өлеңінің:

*Уа-а-ай... жасасып кеткен жүректер,
Ісіп кеткен кеуделер,
Көлкілдеген көңілдер – уақытша өмірлер!*

Ол... Алланы сүйеді.

Ол... Алланы сүйеді.

Ей.., еркіндік беріңдерши бір сәтке,

Болашақты ойласаңдар елжіреп.

Жан сөйлесін жсанарлардан мөлдіреп (сонда, 36-б)–

деген жолдарымен дәлелденеді.

Жаңа толқын жас буын әдебиет әлеміне өз үндерімен өзіндік таным көкжиегін таныта келді.

Қазақ Елінің ертеңі болар бүгінгі жастар Өз дәуіріне жар сала келді.

**БҮГІНГІ ЖАС ҮРПАҚ ИМАНДЫЛЫҚҚА БЕТ БҰРА
КЕЛДІ!!!**

Аллаға тәуба, Дінге шексіз ықыласты!

Ауыздарында – Алла, жүректерінде – иман, жұздерінде – ұят бар.

Мұны сөз жоқ, мойындау керек!!!

Бұл жинақтағы қарандыда да жарқырап жарық үшқын шашатын шоқ жүлдyzдар секілді шырайлы, жүрекке жылы тиетін туындылардың бірі өрі бірегейі ақын А. Бердалиннің «Жүрші, әке...» өлеңі:

Жүрші әке, намазга жығылайық!

Күбылала жүрекпен бұрылайық.

Жөннам багын біздерге бүйіртпайды,

Жаратқанның болмасақ құлы лайық.

«Айтты еken» деп тақпашы ұлыңа айып

Үл-қызыңа уағыз айт күнде қадап,

Жаратқанга айтайық бірге мадақ.

Сен тұрмасаң имам бол ұлыңыз берін,

Немереніз үйиды кімге қарап?!. [40, 46]

Кешегі кеңес кезеңінде империялық идеология жетпіс жыл бойы бірнеше буын үрпақты Ислам әлеміне жат көзқараста өсірді, Құран құндылықтарын ғайбаттады, «Құдай жоқ», адам «маймылдан жарапды» деген дүбәра дүниетаным қалыптастырыды.

Ең өкініштісі сол, керемет білімді, ақыл-оый мен күш қуат біліктілігі жоғары азаматтарымыз атеистік рухта өсті.

«Кешегі, кешегі кеңес үкіметі» дегенімізben, оның келмеске кеткеніне де ширек ғасырға жуық уақыт өтті.

«Уа-а-ай... жасып кеткен жүректер, Ісіп кеткен қеуделер, Көлкілдеген қөңілдер – уақытша өмірлер!» дегендегі өлеңнің бас кейіпкерлері, сол кешегі «Құдайсыз қоғам» өсірген «адам маймылдан тараған» (қоғам дамуының жоғарғы сатысында да маймылдың адамға айналмағандығын ескерсек) деген дарвинизммен уланған үш-төрт буын үрпақ, жасыратыны жок, өздерінің Жаратушысына мойын бүратьын уақыт келгендігі сөзсіз.

Оған жас ақындардың, бүгінгі жас буынның үні нақ дәлел.

«Болар елдің баласы» байыптаап, байсалды сөз айта алғанда, «ештен кеш жақын» дейік пе?!

Алпыстан асып, жетпіске жақындаған ағаларымызға «намазға жығылыңыздар», «әке, аракты ішпеніздер, қоятын уақыт келді гой» деп отырған жап-жас балаларының өтінішін ет-құлағымыз талай мәрте естіген.

Жаңа ғасыр жастарының көбісі, жұма намазға сабактан, жұмыстан сұранып кетіп жататынын көзіміз көріп жүр.

Әлімсақтан бері ата-бабаларымыз үстанған мұсылмандық жол, Ислам жолы – біздің зиялдысы көп, оқығаны көп бүгінгі қоғамда болашақ буынға ардақтаап аманаттар басты байлығымыз, руханияттымыздың негізгі көзі...

Жаңа ғасыр басындағы жас үрпақ, бүгінгі жас буын қажет деп тапқан, таңдал алған сара жол – Ислам діні өзінің лайықты деңгейінде әспетtelіп, ардақталуына әлі де болса елдік тұрғыдан баса назар аударылуы керек!!!

Құран оқып, намазға жығылғысы келетін, имандылыққа бет бүрган барша қауымға мемлекеттің тікелей қадағалауымен, діни

сауатты мамандар дәріс оқитын орталықтар, насихаттау үйымдары жұмыс істесе жақсылық болар еді. Бұл бүгінгі күннің сұранысы!

Ақын А. Бердалиннің «Үш дос» өлеңінде:

*Бұл өмір өте шыгар көш емес не?!
Түстейік сондықтан да бос егеске.
Оқыған намазың мен оразаңыз,
Құдайдың бізге берген хошы емес не?!
Зекетің, барып келген қажылығың,
Жанашыр жолдастарың осы емес не?!
Мал да емес, байлық емес, туыс та емес,
Пендереге иман мәңгі дос емес не?!. [40, 47]*

Бүгінгі жас ақындар поэзиясының басты құндылығы – имандылық тұнған, тазалығында деп ойлаймын.

Әрине, иман тұнған жүрекке салауатты парасаттылық тұрақтайды. Ол ең бірінші бойдағы азаматтық ар-намысты оятып, зиялдылыққа бастайды. Зиялдылық бойына сіңген азамат сөзсіз туған үлтynың, ел-жерінің, Отанының патриоты бола алады.

Қазақтың ұлан байтақ даласының бір ғана пүшпағы – Кекшетау жеріндегі жастардың жыр жинағының өзінде имандылық тұмасы өлең боп өріліп, өрнектелгендігі көнілге көусар күй сыйлайды.

Бір жинақтың көлемінде ғана таңдалған А. Бердалиннің «Намаз бен Ораза» балладасы, Б.Бекмұратұлының «Ішкі үн», Ж. Зандыбайұлының «Жәннұтты бізге нәсіп ет», М. Ұйымбекұлының «Иманға кел, ағайын!» өлеңдер шоғырына осы өнірдегі ақын Алмас Теміrbайдың «Аллажар», «Автопортрет», Б. Қарағызыұлының «Өң. Мен. Тұс» т.б. өлеңдер жинағын қоса отырып, еліміз көлеміндегі ақындардың мысалы, Қ.Сариннің «Алланың бары ақықат» (әнін жазған А. Бексұлтан, терменің орындаушысы М. Беслаев), Қ. Жылқыбайдың «Тәңірден тілеу» (әнін жазған әрі орындаушысы Е. Нұржанов), С. Қалиевтің «Кешір, Алла» (орындаушысы С. Әлібек), «Не пайда», «Бес парыз», Б.

Есебаевтың «Аллаға шүкір» (орындаушылары Қ. Нұртас пен С. Исабаев), «Жаралғаныңа қуан» т.б. тақырыптар туындыларын ғана сарапасақ та көтерер жүгі де, айтар ойы да салмақты дүние болмақ.

Бұл ХХІ ғасырда қазақ сөз өнеріндегі поэзия патшалығының ұлттық рухты қөтеруге, халқымыздың жас үрпағының ойсанасына имандылық шапағатын сініруге, елдігімізді, тәуелсіздігімізді нығайтуға тигізер зор ықпалын өрі ақындардың мемлекет пен қоғам алдындағы азаматтық позициясын, құрескерлік, қайраткерлік рөлін айқынданай түспек.

Ғасырлардың алмасуын бастан кешкен жас буын ақындарының ойлам-толғамының, талабының, өресінің өлшемі өлеңдерінен аңғарылады.

Себебі, жас адам екенмін деп, сезім жайлы жазып «үздіккен», я болмаса «партия – әкем сенсің», «үйімізде, төрімізде портреті Лениннің» өлеңдерінің «керісін келтіріп» кеткен кей ақындардың ізімен тым өсірелеуге үрынбай, «талғампаздық пен танымпаздық» таныта білудің өзі кеңге құлаш сермеген білім мен парасаттылықтың паркынданай сезіледі.

Жас буын ақындары өлеңдерінің өн бойына өзек тартқан ең өуелі – Алла - Құдай - Тәнір, Хақыкат жайлы терең ой, Парасатты Уақыт төрелігіндегі Адам-зат тағдыры туралы өрелі талғам, “тылсымнан жұмбақ суырған” зерделі таным ерекше назар аудартады. Әрі, сөз жоқ, сонылықпен, өзіндік тың өрнектелуімен ерекшеленеді. Өлеңнің «патша рухын» сезіндіреді, тексті терең иіріміне тартады. Ой-сананды қайта жаңғыртады. Қиялынды шығанға шарықтатады. Оқыған соң жан әлемінді жадырата түседі. Тағылым тарата алады.

Қарапайым ғана үғымда түсінгіміз келсе, дана халқымыздың «өнер алды – қызыл тіл» дегеніндей, сөз өнерінің басты үдесінен шығады.

Біздің еліміздің еңсесі биік, іргесі берік, мәңгіліктігінің негізгі кепілі – бүгінгі таңнан бастап-ақ, келешекте халқымызға, қоғамға

қызмет ететін ғалымдар, ақын-жазушылар, дәрігерлер, үстаздар, т.б мемлекеттік қызметкерлердің ортақ мұддесі ар мен үятты «жан таразысының өлшемі» еткен мұсылмандыққа бет бұған иманды үрпақ қалыптастыруға ат салысу, қолдан келгенше тырысу.

Сонда ғана, бүгінгі таңдағы Құдайсыз қайырымсыз қоғамның берген келенсіз «жемістері» – қарттар үйі, жетімдер үйі, өкінішке орай, ұлтты тәрбиелейтін қыздардың «аты жаман» жолға түсіі, кедей-кепшік ағайынның үш жұртының біріне де қажетсіз болып қанғыбастанып кетуі, «аңы судың» сергелденімен азғындаған ер-азаматтардың азабы т.б. айтуға дәтің бармайтын азапты қасіреттерден кейінгі үрпақтарымызды, ұлтымызды сақтандыра аламыз.

Мұсылман адам екі рет бір қателікті қайталамайды деген пайғамбарымыздың (ғ.с.) хадисі де бар.

«Құран Кәрімді менгермей, қоғам жайлы, жеке адамның жандуниесі туралы жақсы жетік білеміз деуге де болмас. Қоғамдық сананы қалыптастыруға қызмет етіп жүрген ғалымдар біздер, ілімді тануда, өлемді тануда Құран Кәрімді негізге ала жүргізбесек, адамды да, қоғамды да адастырып алу қаупіміз бар екенін мойындайтын да мезгіл келді.

...Сөздің қысқасы салауатты, білімді мұсылман интеллигенциясын қалыптастыруымыз керек. Эрине, бұған жетпіс жыл бойы атеизм қанына сіңген қазақстандықтардың бір парасы көне қоймауы да мүмкін, бірақ Құран Кәрімді менгерген малайлықтарға, олардың қарқындал өсіп бәсекеге қабылетті жиырма төртінші елдін қатарына енуіне Ислам діні еш кедергі болған жок» –дейді, ғалым философ F.Есім [37, 56].

Әл Фараби бабамыз: «Тәрбиесіз білім адамға қасірет альп келеді...

Адамға ең бірінші тәрбие беру керек, тәрбиесіз берілетін білім адамзаттың қас жауы. Ол келешекте оның өміріне және қоғамға үлкен апат әкеледі» деген екен.

АЛТАЙ ТАУЫНЫҢ АЯСЫНДА ...

Азия құрлығының алып тау тізбекгерін құрайтын Алтай ендік бағытта Орталық Азияның айдын шөлдерін Солтүстік Азиядан бөліп жатыр. Алтайдың батысы Сарыарқа тау сілемдерімен, Қалба тау жоталарымен, Шар өзені аңғарымен өтеді де, солтүстік батысы Батыс Сібір ойпатымен тұзу сыйық ретінде шектеседі. Солтүстік шығысы Кузнецк Алатауы, Батыс Саян тауларымен ұласып, онғұстік шығысы СССР шекарасынан шығып, Монгол Алтайна ұласады. Ал онғұстік шекарасы Қара Ертіс бойымен, Зайсан ойпатымен тұйықталады.

Алтай тау сілемдерінде көшіп-қонып жүрген қазақтардың төрт елге бөлініп қалуының өзіндік себебі бар: «Қазақ ел болып қалыптасқаннан соңғы төрт ғасырға жуық уақытта өз ата жүртінан бес дүркін үдерे көшуге мәжбүр болды. Оның алғашқысы тарихта «Ақтабан шұбырынды, алқақөл сұлама» деп аталатын Жонғар қысқан 1720-50 жылдар аралығы... Екіншісі бір бүйірден орыс, екінші бүйірден Қоқан қысқан XIX ғасырдың басы. Осы бір қысылтаяң заманда қазақтар өзінің бұрынғы ата мекені тау тәнірі – Тянь-Шаньның солтүстік өніріне көптеп қоныс аударуға мәжбүр болған. Қытайлар басында іштей қарсылық көрсеткенімен еті үйрене келе неге екенін кім білсін қазақтарға шекара қарауылы маңындағы қазақтың өз жерінен өздеріне қыстау, күзеу бөліп бере бастады. Бірақ бейуаз (момын) қазақ Қытайдың бұл жымысқы саясатының терең сырын түсіне қойған жоқ. Жылтытау мен Пекинде ұлықтарын қабылдап, сый-сияпат көрсетіп, «көшіп келген жерінен» кері көшіріп жібермегеніне мәз болып отыра берген. Құпия саясаттың сыры осыдан сәл кейінрек, 1860 жылдары ашылды. 1864 жылы шілденің 7 жүлдізында Ресей мен Қытай арасында «Батыс солтүстік шекараны тексеріп отыру шартының белгілері» деп аталатын «шартқа» қол қойылды. «Шартта»: «Осыдан байлай осы бір белгіленген шекара маңындағы шаруалар қоныстанған жер екі елдің қайсысына бөлінген болса сол елдің қарамағында болады» деп, кесіп тасталды. Мұнда екі түрлі жайды ескермеске болмайды. 1)

Шарт жобасын жасауға ешкім қазақтан пікір сұраған жоқ, керісінше шарт қазақ халқынан үрланып жасалды. 2) Қазақ жері саудаға түсті.

Қазақ көшінің *үшінші* бір ағыны Ресейдің империялық саясатына қарсы қазақ, қыргыздың 1916 жылғы Ұлт азаттық қозғалысының түсі. Бұл оқиға дүние жузі бірінші соғысының көмекі жұмысына қазақ жігіттерін шакырғанына қарсы өрістеген еді. ...1929-30 жылғы аштық нәүебеті, бірлестіктендеру өлегі, 1937-40 жылдардағы тап қыргыны... Халықтың бұл қорлыққа шыдамаған бір бөлігі үйірінен адасқан құлындағы күнірене шырқырап, артына қарай-карай ата мекенінен жырақ кете тұруға мәжбүр болды...» [43, 298]. – дейді тарихшы ғалым З.Қинаятулы.

«Алтайдың арғы беті немесе Шынжан қазақтары», «Ата жүрттағы жергілікті қазақ», «Шет елдегі кірме қазақтар» деген тарихи құбылыс осылай пайда болған еді.

Алтай тауларының Қазақстан жеріне кіретін батыс сілемдері геологиялық түрғыдан 4 ауданға бөлінеді: Кенді Алтай, Таулы Алтай, Оңтүстік Алтай және Қалба жотасы [44, 299].

Алтай тауларының жалпы биіктігі теңіз деңгейінен 450 метрден 4653 метрге дейін келеді. Оның ең биік тау шоғыры Табын-Богдо-Ола, яғни Бес Бағда (биіктігі 4653 метр) Монгол Халық Республикасы жерінде жатыр.

Алтай аймағы – Қытай Халық Республикасы Іле Қазақ автономиялы облысына қарасты әкімшілік аймақ. Батысында Қазақстанмен, солтүстік батысында Ресеймен, солтүстік шығысында Монголиямен шектеседі. 1758 жылдан бергі Қытайдың Манчжур империясының бұл өлкені өз қол астына қаратпақ болған ниеті 1864 ж. Қытай мен Ресей арасындағы шекара келісімінен соң жүзеге асты.

Алтай қазақтары – Ресей Федерациясы Алтай Республикасындағы Қосагаш ауданында тұратын қазақ диаспорасы. Қазақтар мұнда, негізінен, Столыпиннің аграрлық Реформалары салдарынан өткен. Алтай қазақтары Шүй даласына Қазақстан, Монголия, және Қытай территорияларынан келіп

тоғысқан. Шығыс Қазақстаннан Қатонқарағай, Үлкен Нарын жері арқылы өтсе, Монголиядан Қалуты, Қызыл кезең асулары арқылы асқан. Қытай қазақтары да осы Монголия арқылы келген.

Алтай тауының қойнауындағы оқиғалар, адамдарының болмыс-бітімі, мінез-құлқы, олардың бастаң кешкен сан қылы тағдыры, болмысы, табигаты жайлар көптеген көркем туындыларда көрікті оймен, көркем сөзбен шебер суреттеделеді.

«...Міне, осы терең тамырлы алып емендей қазақтың бір бұтағы Абақ Керей рулары Ару Алтайдың өрдегі үзілер сілеміндегі Қара Ертістің бастау алған басы көз тойғысыз Куй жайлауында отыр...

Бүгін Ақыт қажының ұлы Қалманның бөлек отау көтеріп, үйленген ұлан-асыр тойы.

...Ақыт орта бойлы дембелше, қара көзі шоқша жайнап, көбінде жылы леп әкеліп құлімсіреп тұратын, қызыл шырайлы, дөңгелек жұзді, қайырған қаршыгадай тым ширақы жан. Іс қимылы жылдам болатындаі көрінгенмен, өзін сабырлы ұстап, өте байыптап, ойлы, мәнерлі сөйлейтін әдеті» [45, 27-29].

Бұл өр Алтай қазақтарының өмір-салты жайлар жазылған жазушы Сейітхан Әбілқасымұлының «Оспан батыр» атты романында берілген қазақтың ақыны Ақыт бейнесі.

Асқар Алтайдың асқақ жыршысы, ой падишасы – Оралхан Бекей туындылары Өр Алтай табигатының тамаша суреттеріне толы. Оны автор кейіпкерлер өмірімен, тіршілігімен тығыз байланыста көрсетеді. «Апамның астаяу» атты хикаясында:

– «Апам Алтайдың арғы бетіндегі Керей елінің қызы. Әкесі аса бай болған, текті түкімьының тұяғы. Апам еркелеп өскен жалғыз қызы, он бескे толған соң іргелес байдың ұлына жасауын беріп сынсыта узатқан екен. Өз заманының аса көрікті қызы, әрі он саусағы өнер Апам босаға көрген бірер жылында-ақ маңғаз, инабатты, пысық келін атанады...

...Тегінде ол кісі өңгімеге сарап, көп сөйлемейтін, тек өз ісімен гана жүретін қақ-соғы жоқ инабатты жуас адам еді. Дүниеде өсек-аяң, қулық-сүмдықты білмейтін, не болмаса тірі пенденің бетіне

«әй, сен сондайсың» деп қарамаған, немесе тірі пендеге тілі тимеген, жарықтық ораза-намазы бұзылмаған таза да тәкаппар өйел еді. Бала кезімізде байыбына барып бағамдадық па, бізді қойып, бүкіл ауыл-аймақ, тіпті қазақ елі ең соңғы қасиетті әйел түрмистық-салттық өмірдің этикалық-этнографиялық, тіпті археологиялық байлығынан айрылғанын білді ме? Қазір ойлаймын, егер қазақтың әйелдері атқарар бүкіл ісмерліктің қолөнер институтын немесе фабрикасын ашып менің Апамды бастық сайласа, тұтас бір он саусағы өнер тамған үрпақ дайындал шығарар еді» [46, 84] – дейді

Табиғаты тамылжыған Өр Алтайда туып, шынайы табиғат жыршысы бола білген Оралхан Бекей Алтайдың қаншалықты сұлу болса, соншалықты қatal табиғатын, қайырымды мінезін оны мекендеғен адамдар бойынан көреді. Тау қазақтарының ешкімге жарамсақтанбай, білектің күші, наизаның үшінша сенетін бірбеткейлігін, атасы болса да айыбын бетіне айтатын өр мінезділігін паш етеді.

«...Ол аттан түсіп, қасат қарға мелдеп түрған жабағының мойнына шылбыр байлап кезек-кезек тасымалдай бастады. Терісіне ілініп, әбден көтерем болған жас малда мінез көрсетуге шама жоқ. Аспанның ырқына оп-оңай көніп еді. Ең соңғы жабағыны арғы жағалау – Үлкен жерге жетектеп шығарып, атына енді міне берген кезде...

– Ей, Аспан! – деген ұлы айқай естілді де, көкті күніренткен ұлан-асыр шуылға ұласты. Қапелімде не екенін білмей, өуестікпен селтиіп түрүп қалған Аспан, мың-миллион жылдың қызу сала құғандай құдіретті қуатпен дүрілдеген не? – деп, артына жалт қарағанда, тұра желкесінде көкке шанышла кірген жақпар тасты биік таудың тұла бойы шаңытып, айдаһарша ысқырып, өгіздей өкіріп, наизағай жарқылында жылдамдықпен ағып келе жатқан жойқын көшкінді көрді. Қөрген бойда «астапыралла» – деп азбанға қарғып мініп, қамшы басқан. Сатыр-гүтір шапқылап «Сайтан көпірдің» ортан беліне іліккенде сүмдық шапшаңдықпен сусыған аппақ айдаһарлар қуып жетіп үстінен басып-ақ қалғаны» [47, 212].

Шығармада Жақсылық өлемінің көрініс, үлгісі Аспан бейнесі арқылы берілсе, Жамандық дүниесі – Жаңғырық, Айқай, Анау. Осы жерде мынадай бір ой келеді. Жақсылықтың (адалдық, әділдік, шындық) қашанда беті ашық, жүзі жаркын, еңсесі биік, оны ешкім де, ешнөрсе де көлегейлеп, өшіре алмайды. Сондықтан да ол повесте нақты адам – Аспан бейнесінде көрінеді. Ал жамандықтың (зұлымдық, қараниеттік, арамдық, мансапқұмарлық) жүзіқара, алпыс айлалы. Ол көбіне қылмысты жасырын айла-тәсілмен істейді. Жақсылықты арттан шалуға тырысады. Оның нақты кім екенін кейде түстеп тани да алмайсың. Бұл туындыда оның – Жаңғырық, Айқай, Анау болып көрінуі де сондықтан.

«Әркімнің алдында түптің түбінде өтпей қоймайтын «Сайтан көпір» бар. Тек қорықпағандар ғана арғы жағаға шығып, мақсатына жетпек» – депті Аспан баласына. Бұл сөздің символдық мәні бар. Өмір философиясы. «Сайтан көпір» жазушы үғымында ерлік жолы ғана емес, ар алдында есеп беретін, сыннан өтетін жер.

«Сайтан көпір» повесіндегі Аспан өмірінде ешкімге жамандық істеп, ешкімнің ала жібін аттап көрмеген. Ежелден діні берік, әділдіктен айнымайтын, турашыл, қара қылды қақ жарап әділдігінен талай-талай таяқ жесе де, алған бетінен қайтпайтын өр мінезді таулықтардың жиындық бейнесі деуге болады.

«Тағдырдың, тағдырдың емес-ау, отарлау ниетін ғасырдан ғасырға жалғастырып келген Ресейдің большевиктік дәуір түсіндағы – 30-жылдар зобалаңы кімді өксітпеді?! Осындай аласапыран дәуірдің азапты, ажалды тырнағынан жырылып шыққандардың бірі – Сейітхан Әбілқасымұлы. Туған жерінен тыныштық таптаған адамға кісі елінде жұмақтың есігі ашық тұрсын ба?... Дауыл құған қайықтай Монгол жеріне тап болды. Араға жарты ғасырдай уақыт салып Сейітхан Қазақстан Республикасының жеке мемлекет болған кезін қозімен көріп, қартайған шағында тәңірісінде шүкірлік етеді...»

«...Айналайын, Алтайымның аспаны-ай, жаңбырынды сіркіретіп төге сап, әудемде «жарқ етіп жадырап, құлімдеп тұра

қалатын ақкөңіл, ашық көркіне тойдым ба мен бұл тірлікте» – деді Байсал күн ашылғанына қуана сыйырлап...

–Ару Алтайдың асқар тауларына мүлгіген мұнды сазды орманына, сыршыл сұлу мөлдір аспанына құныға құшырлана алма кезек қарап жатыр.

«Қайда жүр екенсің қарғам, жарқылдаған көзіңнен айналайын тірі болсаң болғаны ғой әйтеуір, бұл пәниде дидарыңды бір көре алмай кетер ме екем?!» – деді Байсал аспанға телміре қубірлеп әлде бір жалғыз баласы сағындырып, сарғайтып гарышта жүргендей.

Байсал Алтай тауларының асқақ тұлғасына, құлімсіреген нұрлы келбетіне, қызыл жалындан шалқыған гүлді беткейлеріне, жақпартасты жасыл орманды шындарына сұлу мекенінің шаңытсыз мөлдір аспанына құмарлана, ашқарақтанған қарап тесілүмен күн батыратын.

...Әрбір жұмыр бастар өзіндік жаратылыстарына, айналасынан қармап, қортып жиған қорына тән әрқылды пигыл, қасиетке ие. ...

...Соған қарай көтеріп жүретін ой арманы да бөлек-бөлек. Біреуін мәнсап, әлде біреулерін байлық мазалайды. Біреулерін еркіндік, тағы біреулерін тамақ ойландырса, біреуіне адамдық ар, адалдық қоныстанса, біреулерін зұлымдық, құлық, сұмдық мекендейді. Жұмыр бастар қанша көп екен оның қыры мен сыры сонша көп. Ал Байсалдың санасындағы сағынышты арман тірліктері пендениң алуан түрлі көксеуінің бірде-біріне ұқсамайды. Оның қазіргі аңсары ауып, армандап, көргісі келіп көксей беретіні біреуғана.

Ол алдыңғы жылғы ақындытың өз қолымен аспандатқан ақырғы балапаны...» [48, 232].

Ал жазушы Асқар Алтайдың «Алтайдың алқызыл модағайы» [49, 232]. (Алтай балладасы) деп аталатын роман-мифте алтайлық саяқ аңшы мен жыртқыш аю және қыз жайлы, олардың жалғыздықтағы жанкешті тағдыр-талаілары, психологиялық күйі табиғатпен шенделесе суреттеледі.

...Айқоңырдың арсаландаі жүгірген алпамса тұлғасынан Бұлабикенің біржола құты қашқан. Басы ауған жаққа бұлдырықтай,

бағдарсыз беле берді. Шыбын жанын үрэй билеген бойы жануышырган. Ақтер-көктегерге малшынған пендениң есі ауа, өкпесі жана безек қакты. Төбеден тік шаншылған өткір сөүле астында, желеміксіз тымық қолат ішінде бас жасырап, жан сауғалар жер жоқ еді... Қалай қарай бұрылса да кес-кестеп, күжілдеген құбыжық шыға келеді. Әлде есі кіресілі-шығасылы бойжеткеннің өзі білмestікпен Айқонырға қарай бұрыла ма, әлде әккі аю алдын орап үлгере ме – ол жағы жүмбак» [49, 11].

Қаһарман мен табиғат көріністерінің астаса суреттелуі арқылы, яғни психологиялық паралеллизммен жасалған суреттеулерде адамның ішкі көңіл - күй әуендері мен пейзаждық ортақ тебіреністер мол.

Жазушылардың туындыларында Алтай өнірі, Алтай аясының шығысы, құңгей беті мен теріскейін жайлап, қыстаған қазақтардың бастан кешкен тағдыры, өмірі, оның кешегісі, бүгін және ертеңі; халықтың тыныс – демі арқау болған. Қаламгерлер Алтайды географиялық үғымда ғана емес, әлеуметтік-адами үлкен орта ретінде жаза отырып адамзаттық ортақ шындықтарды шығармаларына айналдырды.

ДҮНИЕДЕ ДҮР РУХЫМ – ДУМАН КЕШКЕН

Біздің ата-бабамыз аңсаған заман тәуелсіздікпен байланысты. Иә, Асан қайғы бабамыз жерүйікты армандады, қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтында күнді күтті. Ата-бабаларымыз кіндік қаны тамған киелі жерін қорғап, сақтауды мұрагеріне аманат еткен. Жер-жаһанда азаттықты аңсамайтын ел, тәуелсіздікті тұғыр тұттайтын мемлекет жоқ. Тарихында тағдыр талқысымен басынан сан қилы ауыр қасіреттерді көтерген қазақ халқы Жаңа ХХІ ғасыр басталар алдында тәуелсіздікке ие болды.

Жалпы жер жүзінде 2 мыңға жуық этнос болса, олардың әрқайсысы әлемде, өркениетте өз орнын алуга үмтүлүү – тарихи құбылыс. Ал олардың ішінде Еуропадағы ірі халықтардың бірі, ата

тариҳы, аты, заты бар, ұлан-байтақ жері, тілі, діні бар—осы қазақ халқы. Халқымыздың тарихи болмысы географиялық, стратегиялық жағдайға байланысты. Оның күрделілігі екі империяның ортасында орналасуы. Бұл ел басына талай-талай қындықты салды. Жатса түсінен, жүрсе есінен кетпеген атабабаның ғасырлық арманы тәуелсіздік болған еді. Сан мың мәрте жауға шығып шайқасып, қасықтай қаны қалғанша ұлтарақтай жері үшін жан-беріп, жан алысқан ата-баба арманы XX ғасырдың соны, XXI ғасыр басында Қазақ Елінің Егемендік алуымен орындалғандай.

Тәуелсіздік! Жаңа ғасыр басталар шақта Елдік егемендігін алған тәуелсіз Қазақстанымыздың тарихында түбейлі өзгерістер мол болды.

Жаңа үрпақтың ой-санасында қайта тірілген күрескер рух та қазақ жырында айшиқты өрнек талты.

Адамзат өз жаратылысынан бері біреуге тәуелді болмас еркіндігі үшін арпалысып, күресіп келе жатқандығына көне тарих, сол тарихи кезендер мен дәуірлердегі түрлі оқиғалар күә.

Қазақ халқының қоғамдық, әлеуметтік және саяси өмірінің бейнелі көрінісі, соның сүрлеуі, ізі – қазақ әдебиетінің әр кезеңіндегі әдеби мұрағаттарда бедерленді. Халқымыздың бұрынғы соңғы тарихын бүгінгі күн түрғысынан теренірек танып-білуіміз үшін біз қазақ әдебиетінің түп-теркінін, оның қайнар бастауларын ежелгі дәуірін ғасырлардан ғасырга етіп, бүгінгі күнге жеткен рухани жәдігерлерімізден мол ғибрат алмағымыз аbzal.

Ежелгі түркілердің арғы ата-тегі саналатын сақтар мен ғұндардың ерлік дастандары және Түркі қағанаты түсында жазылған қаһармандық жырлар мен қазақтың батырлық жарлары арасында сан ғасыр бойы бір сәтке үзілмей, жалғасып келе жатқан бір байланыс бар. Ол көнеден жеткен **азаттықты аңсау сарыны** еді.

Ежелгі сақ, ғұн, түркі, қыпшақ, бертін қазақ болып қалыптасқан қас-сақтар өзінің болашақ үрпағының еркіндігін ешкімге бермес үшін алысып бақты. Алақандай жер үшін, аялы бақ

Отан үшін, қасықтай қаны қалғанша жауларымен шабысып, жанын пида еткен асыл арыстарымыз, ата-бабаларымыз өтті өмірден, Азаттық пен Еркіндікті армандал!

Біз тарихтың сарғайған көне парактарын ақтарып, жаңаша көзқараспен қайта саралап қарай білсек оған ежелгі Сақтан, Гүннен жеткен көне жыр-дастандарымызды, тасқа бедерленген түпкі-туркі тарихымыздан сыр шертетін еркіндігіміз пен азаттығымыздың аңсар арманға толы сындарлы жолдарын танимыз. Оған мысал міне, Түркі халықтарының арғы ата тегі саналатын сақтар тарихын бейнелеген сыр шертетін, көне түркі ауыз әдебиетінің дәстүрлі талаптарына сәйкес өмірге келген «Алып Ер Тоңға» атты қаһармандық жыр. Тұран елінің патшасы, өскери қолбасшысы Алып Ер Тоңға немесе Афрасияб жайлы өлемге әйгілі Фирдоусидің «Шахнама» дастанында:

*Алып Ер Тоңға келеді,
Жұз мың өскер ереді.
Жұз мың жесебе көреді,
Жер қайысқан қол еді.
Тәңір сүйіп жаратқан,
Әлемді өзіне қаратқан.
Қаһарын жауга таратқан,
Көк тәңірінің ұлы еді [50, 76]*

деп суреттеледі «Алып»—сақтар мен ғұндар заманынан бері ел қорғаған батырлардың, қолбасшы ерлердің атына қосылып айтылып келе жатқан мәртебелі есім, сол заманда «күшті», «батыр», «қаһарман», «ержүрек» деген мағынаны білдірген.

Абайдан кейінгі занғарымыз Мағжан Жұмабайдың «Пайғамбар» деген өлеңінде:

*Ерте күнде отты Гүннен Гүн туган,
Отты Гүннен от бап ойнат мен тугам.
Жүзімді де, қызық қара көзімді,
Туа сала жасалынменен мен жугам.*

*Қайғыланба, соқыр сорлы, шекпес зар,
Мен-Күн ұлы, жүзімде Күн нұры бар,
Мен келемін, мен келемін, мен келем,
Күннен туган, Гүннен туган пайғамбар [51, 50],*

деуі де осыдан. Мағжан ақын осы біз келтірген бірінші шумақтағы «Гун» деген ұғымға текстің астына «гун»—деген түріктің арғы атасы» деп түсінік берілті.

Көне түркі дәуірлерінен жеткен сарындарға құлақ тұрсек, елін, жерін қорғау, азат ғұмыр кешу, ел іргесін кеңейту сияқты мемлекеттік мәселелер көрініс береді. Халық бейбіт өмір сүру, бақуатты тұрмыс қуру, «кой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» тыныштықты аңсау сарындарын тікелей батыр туған ұлдарының есімдерімен байланыстыра жырлаған.

Әдебиет тарихын зерттеуші ғалым М.Жолдасбеков: «Орхон жырларының негізіне түркі руладын біріктіру, сыртқы жаулардан қорғау идеясы алынған» [52, 352]— дейді. Түркі руладының басын біріктіру, іргесін бүтіндеу, сыртқы жаулардан қорғау идеясы — азаттық идеясының байрағын көтеру деген сөз. Түркі тайпаларының бейбіт күнді, азат күнді аңсаудан, ел қорғаған қаһармандардың ерлік істерін кейінгі үрпаққа үлгі етуден, өнеге тұтудан туған жырлары тасқа таңбаланып қалды.

Ғасырларды қөктей өткен ұлы сарын — азаттықты, тәуелсіздікті аңсау сарыны болатын. Тарихқа үңіліп, тасқа қашалған, қағазға хатталған жырларды оқыған сайын бұған көзіміз жете түседі. Азаттықты аңсау сарыны бүкіл адамзаттық мұрат-мұддемен үштасып жататындықтан да өміршең өрі мәңгілік. Себебі, жер бетінде қаншама халық қаншама ғасыр ғұмыр кешсе де бейбітшілікті, бірлікті, тәуелсіздікті бәрінен де жоғары қояды. Сол үшін күреседі. Соны келер үрпаққа аманаттайды. Мұның айқын дәлеліне көне дәуірден, сонау сақ, ғұн, замандарынан бермен қарай үзінділері сақталған, үрпақтан үрпаққа мұра болып жеткен аса бағалы рухани құндылықтарымыз — жыр-дастандағы арман-аңсауларға назар аударту арқылы көз жеткіземіз. Ендеше, қазак

жырындағы азаттық, тәуелсіздік тақырыбының тамыры тым теренде жатыр.

ХХ ғасырдың аяғы, XXI ғасырдың басы дүбірлі де түбірлі өзгерістерге, замана ғажайып оқиғаларға, құбылыстарға толы уақыт болды. Тіпті мұндай құбылыстардың кейбірі бір ғасырды тұтас айшықтай алады.

Ол – құбылыс халқымыздың бостандығы, тәуелсіздік жариялауы,

ол құбылыс еліміздің социализмнен экономикасы – нарыкты, әлеуметтік саяси өмірі–демократиялық құқықты мемлекет орнатуға ұмтылысы;

ол құбылыс – қазақ ұлттық мемлекетінің қалыптасып, әлемдік қауымдастыққа енуі.

ол құбылыс – атадан балаға, бабаларымыздан болашаққа аманат болған барша қазақ баласының қасиетті ата мекеніндегі Қазақ Елінің тәуелсіздігінің нақты нышаны болып табылатын елдіктің ерен белгісі – **Тәуелсіздік. Елтаңба. Әнуран. Көк Туы. Қазақ тілі. Ата Заны. Астанасы!!!**

Міне бұлар бүгінгі таңдағы ұлтжанды әр қазақ азаматының, ұлтжанды әрбір қазақ баласының қасиет тұтар жеті қадірлі дүниесі болмақ! Өйткені бұл жетілік – Ел бостандығын, халық бостандығын, ар бостандығын айғақтайдын қасиетті ұғымдар жиынтығы!

Тәуелсіздік жолы – күрес жолы. Тәуелсіздік жолы – азаматтық жолы. Егемен елдің азаматы – арлы, зейінді, пейілді, патриот жан. Белгілі философ ғалым Фарифолла Есім: «Қазақ Ордасын құрушуылар» осы мәселемен мықтап айналысты. Ұлт болу үшін ұлттық идея керек. ... Ұлттық идеяның алғашқы тарихи формасы – Асан Қайғының Жерүйік ілімі болды. Бұл идея жаңа қауымдастық, яғни азаматтық қауымдастықты қалыптастыруда жетекші қызмет атқарды. Мемлекеттіліктің екі негізі бар: Жер және азаматтар. Жер анықталды, енді азаматтылықты қүшейту керек еді. Осы іс атқарылды. ... Азамат деген қадірлі ұғымға айналды. Азамат – тек ру, тайпа намысын қорғаушы емес, ол мемлекеттік мұддеге

қызметшіге айналды. Азамат деген бүтінгі патриотизм дегеннің қазақ тіліндегі табиғи баламасы» [53, 65] – дей отырып, тарих тағыымдарының сабактастығын тағы бір мәрте үғындырады. Тәуелсіздік жолы – ар-намыс жолы. Фасырлар бойы ата-баба аңсаған тәуелсіздік Одақ-империя құлап, қолымызға тиді.

Тәуелсіздік жолы – үміт жолы.

«Тәуелсіздік... құдіретті, ардақты үғым.

Ата-бабаларымыздың өмірі ат үстінде өтті, найзаның үшімен, білектің күшімен жаудан осы ұлан-байтақ жерді қорғап қалды. Тарихтың бір сәтінде халқымыз Ресейге бодан болды, үзақ жылдар бойы оның қарамағында тіршілік жасады. Эрине, оған қазақ көне қойған жоқ, ата-бабаларымыз 300-ден артық жаугершілік жорық жасап, тәуелсіз болуды армандағы.

Енді міне, XX ғасыр соны XXI жаңа ғасыр басында жүздеген жылдар бойы армандаған тәуелсіздігімізге қол жетті. Ал тәуелсіздік дегеніміз өзіне-өзі билік жасау, өз мүмкіндіктерімізді өзіміз үшін пайдалану деген сөз. Сондықтан да халқымыз осы бақытты сәтті құшағын жайып қарсы алды, шын жүргегімен қуанды.

Қаншама ардагерлеріміз осы тәуелсіздіктің өзі емес, тек сәулеңі үшін қанын төкті, жанын лида етті десеңізші! Тіпті тереңнен толғанып ойлансақ, халқымыздың барша тарихы онымен тығыз байланысты емес пе?

Бақытбек ақынның «Тәуелсіздік» атты өлеңінде:

*Көк туым дара шанишылды.
Кебіннен тілім аршилды.
Тәуелсіздік – жұртым-ау,
Шапагатты жар сынды.
Тұмар таққан таң сынды.*

*Қайтқаны хақ, қадамы—ақ,
Қаганым мінген қазан ат.
Қалың бүдүн қаганат,
Тоныкөк тасқа қашатып,
Қаганаттан жазған хат.
Қанагат, халқым, қанагат – [54, 23]*

деп, арғы тарихтан тәбәрік болып жеткендей тәуелсіздігімізді өлеңмен өрнектесе, «Қазағымның даласы» өлеңінде:

*Тұягы тасты үгіткен,
Тағыны туды қанатты.
Тебіні ерен түріктен,
Тегімізді жаратты.*

*Әз-ұяның төрінде,
Төрелік еткен азатты,
Түркілердің еліне,
Қара шаңырақ қазақты. [54, 6]*

деп, ел егемендігін әдемі, өсерлі жыр жолдарына айналдырған.

Тәуелсіздіктің бір саласы – рухани тәуелсіздік. Фасырлар бойы отаршыларға, келімсектерге табынып үйренген халық үрейден жаңа-жаңа есін жигандай. Ата-баба салтын, ата-баба даңқын еске алып, ата-баба жолын іздеген халық. Есенгіреп қалған ел қалың үйқыдан жаңа оянғандай тарихын таразылап, жоғалып кеткен салтын, ұмыт бола бастаған тілін, ділін, дінін жаңғырта бастады. Атасын іздеген үрпак, тарихын іздеген халық ... – осының бәрі сан – қиыл өмір сүріп, ескі мен жаңының сан араласып жатқанына куәміз.

Тәуелсіздік... Қандай рухты, жүрекке қандай жылы, жаныңа қандай жайлы үғым.

Қазақ елінің тәуелсіздікке жету жолындағы қаншама қасіреттер мен апаптар жайын еске алсақ, XX ғасырдың 90-шы

жылдарындағы ие болған азаттығымызды ұлы жеңіске, Тәнірдің берген жақсылығына, халықтың бағына балағың келеді.

— Тәуелсіздіктің негізгі мақсаты — елімізді іргелі ел қылу, халқын серпілту, түрмисын шалқыту, мәдениетін көгерту. «Тек өз тарихы бар халық, сол өз тарихын қастерлеп, мұқият жинал, оның тағылымдарынан нәр ала білген халық қана үлкен болашаққа жол тартады» — дейді халық. Ендеше сан қылы тарихи тағылымдарымызға бір мәрте көз жүгіртсек:

— XY ғасырда Керей мен Жәнібек сұлтандар Ақ Ордадан бөлініп, Шу бойындағы Қозыбасы деген қоныста «Қазақ хандығын» құрып, Қазақ елі деген үғымды орнықтырды. Ал ханның жанындағы ақылшы абыз Асан — халық бақытын, ел тыныштығын ойлап, желмая мініп жер шалған. Еліне шырайлы жер, шұрайлы қоныс іздеуді басты — мақсат етті. «Асанның келе-келе Асан Қайғыға айналуы өмір сүру философиясына қатысты. Ойшылдықтың мұндай дәстүрі Қорқыт-атадан басталған. Қорқыттың сұрағы «Қайда барсаң Қорқыттың көрі» деген — өмір философиясы туралы мәселе болса, Асан Қайғыда өмір философиясы емес, жайлы өмір сүру философиясы туралы мәселеге ауысқан, себебі оның мақсаты айқын, ол жана мемлекет құру, ол үшін жер мәселесін шешу қажет. Асан Қайғының экзистенциясы (ойлау кеңістігі) дерексіз ойлауға негізделмеген, ол позитивті, болашаққа нық сенімі бар, саяси бағыты анықталған — ойшыл. Ол тектен-текке дала кезіп жүрген жоқ, жана мемлекетке жер анықтау ісінде жүрген. Ел болу үшін ең әуелі жер керектігі белгілі. Оның қайғысы жеке басының мұңы емес, халықтың мұддесі. Шоқан Уәлиханов Асан Қайғыны «дала данышпаны» деген. Ойшыл болған соң, ол бар істің себебіне үнілген, сондагы оның түйгені халыққа Жерүйық керектігін айтқан» [53, 34]. Жерүйық деген не? Ол халықтың бақытты түрмисы...

Асан жайындағы аңыздардың ең таңдаулысы — оның «Жер үйекті» іздеуі. Асан Қайғы адамдарға Жерүйық идеясын ұсынған. Бұл халық жаксы түрмис кешісін деген асқақ идея...

ХХ ғасырдың соңғы он жылдығының дүниесі өзгеріп, саяси жүйесі әлі қалыптасып болмай жатқан өліара тұста Қазақстан сияқты алып елдің жаңа Астанасын Сарыарқаның сардаласының төсіне көшіріп, салғызып жатқан Елбасымыздың ерен еңбегін ерлікпен пара-пар әрекет деп бағалап, елі үшін сіңірген көзсіз батырлығы деуге болады.

«Қазақстан Республикасының президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың астананы Алматыдан Ақмолаға (қазіргі аты Астана) көшіргені – саяси стратегиялық бірден-бір дұрыс шешім, – дейді философ ғалым Фарифолла Есім: Осы мәселеде Президент кеменгерлік танытып, ...Целиноградты Егеменді Қазақстан Республикасының астанасы етті. Енді Қазақстанның Солтүстік облыстары, оның шет аймақтары емес, орталығына айналды, сөйтіп, ертеден келе жатқан қурделі мәселе шешімін тапты» [53, 27].

Тәуелсіздігімізді, яғни саяси бостандығымызды жарияладық, ата заңымызды қабылдадық, мемлекетіміздің рәміздері – әнұраны, туы, елтаңбамыз бар, шекарамыз айқындалды. Ел егемендігін алғаннан кейінгі бұл жаңалықтарды өнердің тарланбоздары сан қылы сырмен бедерлей білді. Қылқалам иесі майлыш бояумен әсем Астана көркін, көне тарихымыздың беттерін мағыналы етіп айшықтаса, әнші-сазгер қауымы жырлы, сырлы ән-әуездерін арнады дегендей, ал ақын-жазушы қаламгерлердің қаламдарының қарымына жан берген, шабыттарына қуат берген тың тақырып болды. Тәуелсіздік, Елдік және Елтаңба, Әнұран, Ту, Ата заң, Қазақ тілі мәселелері т.б. қазақ поэзиясында тұрақты тақырыпқа айналды.

Отан, ел, жер, үлттық тіл тағдыры, мемлекеттік рәміздер көптеген ақындардың жаңа шығармаларына өзек болып, өзіндік ерекшелігімен қазақ әдебиетіне қосылған, тәуелсіздіктің тағылымдарын айғастайтын құнды туындыларға айнала білді. Сөз ретіне қарай айта кететін мәселе;

Қанша алыстай бастаған сайын сонша алып та сұсты көрінетін асқар таулар сияқты Отан да өзінен жырақта журген перзенттеріне керемет қадірлі, аса құрметті болады.

Қазақстанның тәуелсіз мемлекет болып танылуы, оны дүние жүзінің көптеген елдері мойындауы әртүрлі тарихи кезеңдерде тағдыры тәлкегімен шет жүргіттарға ауып кеткен, кейіннен өлемнің әр елдерінде тұрақтап қалған қандастарымыз үшін айтып жеткізгісіз қуанышты оқиға болғаны анық. Қайталанбас қолтаңбасымен - ақ оқушысын баурай жөнелетін Отанына оралған ақындардың поэзиясындағы ұлтжандылық рух (патриотизм) әркімді де тебірентіп, толқытып алары даусыз. Қыыр қонып, шет жайлап жүрген қазақтардың ой - арманын, ұлы отанға деген сағыныш сазын, өлеңнен жасаған өмірлерінің шежіресін, ата-бабалар аманатын өлеңдеріне өзек еткен ақындарымыздың туындыларындағы өзіндік ерекшеліктер, жырлаған тақырыптарының көп шиырланбаган сонылығы тәуелсіздік түсіндағы қазақ поэзиясына келіп қосылған жаңа бір арна.

XIX ғасырдың соңы қазақ тарихындағы аласапыран оқигаларға толы жылдар болғандығы баршаға мәлім. Монгол жеріне қазақтар алғаш қоныстана бастаған тарих та осы тұстан басталады. Ұлы Отаннан тағдыры талқысымен іргесі алшақтаған қазақ халқының бір бөлігі Алтай тауының теріскей бетіне қоныс аударған кезден бастап – ақ, өздерінің әдеби – мәдени мұрасын жасады. Өткен өмірлерінен өлең шежіре жасап үрпаққа қалдырыды. Алғашқы ақындардан басталған артга қалған Атамекенді аңсау сарыны сағынышқа айналған сырлы саз күйіндегі өлең бол өрілді. Баян - Өлгий қазақтары поэзиясының басталу тарихындағы тұңғыш ақын Тауданбек Қабаұлының:

*Болғанда таудан найман, тастан найман,
Мен Тауданбек болғалы бірталаидан.
Атамекен артта қап, арман жұтып,
Жылқышыға сіңгенім осы жайдан [55, 6].*

деп, өлеңіне өрген асыл арманы 150 жылдан кейін орындалды. Ол Қазақ елі Азат ел атанған бүгінгі таңда алыс – жақыннан қандас бауырлар Ұлы Отанға оралу бақытымен

орайласты. Баға жетпес бақыттың қуанышы өлең боп өріліп, елім деп соққан жүректерге Есіл Ерлер рухындағы үкілі үміт, шемен бол қатқан шер, сағынышқа айналған сарын сыр боп ашылды. Ақын Кәп Құмарұлы «Сарын» атты өлеңінде:

*Мен – қазақтың ақының шыңдарда өскен,
Нар жетелеп таудан һәм қырдан көшкен.
Алты малта ас болып ат үстінде
Дүниеде дүр – рухым думан кешкен [56, 15].*

деп, Алты алашқа жар сала ағынан ақтарылуы бойдағы қазақ қанының қуатын, жүректегі қазақы жанының жалынын паш еткендігінің күесі.

Жаңа ғасыр жасынымен шағылысып, Ұлы Дала төрінде Қазақ халқының қасиетті шаңырағы көтерілді. Көк байрағын желбіретіп Азат Ел атанған күн – Ата - баба арманы орындалған күн болды. Ұлы Отаннан жырақ жүріп, шалғайда өскен қазақтан Азат Ел атанған қуанышқа қуанбаған жан бар ма. Тәуелсіздіктің қуанышын жүрегі жарыла бөлісіп, қарсы алған, Атажүрттағы ағайындармен бүл бақытты шынайы бөліскең жандар да әр тараңтағы қазақ үлтүнің перзенттері еді. Иә, бүл күн қазақ үшін «Ата – бабалар аруағы аунаған», «Ақ түйенің қарны жарылған» КҮН ЕДІ. Бүл күн қуанбаған, қуаныштан көзіне жас алмаған қаны қазақ, жүрегі мен жаны қазақ атаулы жоқ шығар.

*Арнадым бүрүн мен бар тілегімді,
Ар – багым аяладым киелімді.
Не берем?
Не қалайсың, Туган елім?
Ала гой қажсет десен жүргегімді!*

*Болса да жат жайлалған тың аласы,
Байгүстүң, сірә, жоқ қой еш аласы.
Ант ішкен бөтен ойсыз жүректердің,
Азаттық, үлттық, бірлік нысанасы? [54, 15].*

Бақытбек ақынның өлеңдеріндегі сезім шынайылығына шұба келтіруге еш хақымыз жоқ. Оқыған соң, шын жүрекпен сезінген соң әрбір саналы азамат өзінің арының алдында, өзінің азаматтық болмысының алдында өзіне сұрақ қойып көрсін. «Туған ұлтымды мен қалай сүйе аламын? Туған халқыма мен не берे аламын?»

Міне, жат елде өскен қандас ағайындардың Атажүрттың, туған топырақтың қадір - паркын қалай бағалайтындығын Бақытбек ақын «шындықтан шымырлап туған» шырайлы шумактармен жеткізеді.

*Өшпесе де көкейден табынганы,
Тұста бітер тартылып тамыр қаны.
Қандай жсақсы,
– Қайт дейтін, – жерің бары,
Елің бары, қарсы алаң қабыргалы.
Шерімді, енді зарымды шегеремін,
Қажсет десе өртенем, егер елім.
Бойда қалған бабамың рухымен,
Тағдырымды тасыңа шегеледім. [54, 3.]*

Төрткүл дүниенің төрт бұрышында тіршілік етіп жатқан қандастарымыздың жан сыры да, шындығы да осы бір өлең бол өрілген өмір дастан сынды жыр жолдарымен өрнектелгендей. Бабажүрттың баяндылығы, еркін еліміздің егемендігі – елден алышта өмір сүріп жүрген әр қазактың мақтанышы, көңілдерінің қуаныш – көзайымы. Қабыргалы қазақ елінің қадірін де, қасиетін де қастерлеп, туған ұлтын жанымен, жүргімен сүйе білетін де осы шетелде өмір сүріп жатқан қазақ бауырлар! «Атам қазақ, әкем мен шешем қазақ, мен неге қазактықтан намыстанам», - деп ақын С.Торайғыров айтқандай, қазіргі таңда, қазақ ұлтының басындағы алуан түрлі қындық, қасіреттерге (қазақ бола тұра туған ұлтының тілінде сейлеуге, ұлттық салт-дәстүр, әдет ғұрыптар т.б. ұлттық құндылықтарымызға жанашырлықпен қараудың орнына намыстанушылық) қабыргасы қайыса жанашырлықпен қарал ұлт

болашағына алаңдай білетін «қазақтың бір баласы» нағыз үлтжанды үрпақ та осы шет жүрттa өсіп жатқан қазақ ағайындар!

«Бойда қалған бабамның рухымен, Тағдырымды тасыңа шегеледім», дегеннен асқан қандай сөз, қандай сезім керек?... Естен кетпес елең! Оқыған сәттен-ақ тіліңе қайта-қайта оралып, жүрегінді қуаныш кернеп, жанынды жадыратып ала жөнелетін бір ғажайып өсерге бөлениесің! Бойдағы бабалар рухының құдіреті, қазақ қанының қасиеттілігі осы шығар.

Міне, жат елде өскен қандас ағайындардың Атажүрттың, туған топырақтың қадір – паркын қалай бағалайтындығын Бақытбек ақын «шындықтан шымырлап туған» шырайлы шумақтармен жеткізеді.

Біздің халқымызда «катасында көрмегенді ботасында көріпті» деп айтылған тамаша сөз бар. Сандаған жылдарды артқа тастап, ата - бабалар арманына айналған тәуелсіздік таңы арайлап атты. Осы қүнге жеткен бүгінгі қазақ үрләгы «бақыттымызды баянды қылғай, ел – Отанда тыныштық, береке болсын» деген бір тілекпен тіршілік кешуде.

Қазакстанның тәуелсіз мемлекет болып танылуы, оны дүние жүзінің көптеген елдері мойындауы әртүрлі тарихи кезеңдерде тағдыр тәлкегімен шет жүрттарға ауып кеткен, кейіннен өлемнің өр елдерінде тұрақтап қалған қандастарымыз үшін айтып жеткізгісіз қуанышты оқиға болғаны анық. Қазақстанның тәуелсіздік алуына байланысты шет елдердегі казақ ақындарының да жедел үн қатуы, оралмандардың көңіл-куйі, ата жүртқа асыққан қандастарымыздың сағынышты жырлары да өзіндік нақышымен ерекшеленді. Отан, ел, жер, үлттық тіл тағдыры, мемлекеттік рәміздер көптеген ақындардың жана шығармаларына өзек болды және тәуелсіздіктің тағылымдарын айғақтады.

1997 жылы 35 елде жүрген қазақтардың басы қосылып, қасиетті қара шаңырағы Қазақстанда тұңғыш бүкілхалықтық Құрылтай өткізілді. «Жинал, қазақ, жеріңе, егеменді еліңе», – деген дабыл шартарапқа жетті. «Елге ел қосылса құт» демекші, еліміздің

тәуелсіздік алуымен байланысты сыртта жүрген ағайындардың елге оралу көші де басталды.

Ертеректе бір атамыздан: «Бақыт деген не, байлық деген не?» деп сұраған еken. Сонда дана қария: «Бақыт қолға қонған құс, байлық қолға үстаған мұз. Құс үшады, мұз ериді, дүниенің қызығы – Сіз бен Біз» деп жауап қайтарыпты. «Біздің халықтың өuletі асып, дәuletі тасыған дәурені де бар, басынан бағы тайып, тар заманға тап болған қылыш кезеңі де көп» [57, 409].

Сондай замандарда жаңағы атамыз айтқандай, бақыт үшып, байлық көшкенмен, сіз бен біз қалыпты. Халық қалыпты.

Мінеки, заманында бір ұлт бол үйисудың өзі қанша қын болғандығын, ел тағдырының, ұлт тағдырының басынан кешкен қасіреттердің ауыр салмағын осыдан – ақ аңғаруға болады. Содан кейін – ақ, дүниенің төрт бүршішінде тіршілік кешкен қандастарды бір ғана ұлттың, қазақ атты қайсар ұлттың үрпағын жаңа XXI ғасыр басында Ұлы қазақ топырағына қайтарып алуға мүмкіндік туғаны «Қазақ Елі шаңырағының» тым биік болатынын, Ұлы Ордаға айналатын халықтың нағыз «қой үстіне бозторғай жұмырқалаған» заманы туарын аңдатса керек.

*Азат – азан айтқанда дала таңы,
Атажүрттың ашылып алақаны.
Ана Отанға оралды аңқылдаган,
Ақының ақырғы балапаны.*

*...Ұымды ұрттап, тасты екеш қүшіп өпті,
Қаққан қанат, аққан жаса қүші лепті.
Бурылтаудың бауырын елжіретіп,
Кішілігін арқалап Kicі кепті [54, 13 б.].*

Ақынның бұл өлеңі – окушысын толғандырып қана қоймай ойландыруға да жетелейтіні бар. «Азат - азан», «Ана Отан» «Ақының ақырғы балапаны» деген ақындық қолданыстағы эпитеттердің сан қырлы сыры көп мәселенің мән – жайын баяндап түрғандай. Сондай – ақ, «Кішілігін арқалап Kicі кепті» деп

ақынның айтқысы келген ой – сезімі, арман – мұраты әрбір өкірманды өзінің терең де түңғиық, беймағлұм болмысының бояуымен баурай түседі.

Ұлы жүртқа оралып, қандастармен қауышқан қазақ ағайындар жылы жүрек, ашық қабақ, таза пейілден басқа нені қажет етсін?! Ал, Бекен Қайратұлы болса:

*Жан мұжымды айтайынши деп келдім,
Қазақ қүйін тартайынши деп келдім.*

Өлең шумағындағы «Қазақ қүйін тартайыншы» деген сөздер нағыз шын сырын айтып тұр. Бұл да тәні сыртта жүрген қазақтың жаны – тарихи Отанында екенін жасырмай, жаппай айтқан бір сөз!

Ақын Бақытбек Бәмішұлы «Сені ойлаймын» атты өлеңінде:

*Ешкім де жоқ,
Менде гажсан үстаным.
Қүйдім, сүйдім, жсандым,
Азап үстадым.
Жар саламын,
Өле-өлгенише жаһанга
Сүйемін тек сені, Қазақстаным!*

Біз қазақ халқы, көп құғын-сүргінді көргенбіз. Қайғылы «Ақтабан шұбырынды» қазақ жеріне бір ғана келмеді, не сан оралды. Тек XX ғасырда 1916 жылғы ойраңда 60 мыңнан астам патша жендертерінің қолынан қаза тапты. Осындаі азапты көрген халыққа тәуелсіздіктің ақ таңы да арайладап атты.

*Аспанымда азат күн!
Айыгар бастан азап мұң!
Онықі емес,
Мен енді,
Қазагымын Қазақтың!
Мен бақыттымын! [54, 13].*

деп жырлады.

Ақын «Мен бақыттымын» өлеңінде:

...Көзіммен көрдім,
Күлагым
естіді еріп жыладым.
Қазагым ел бол жаққанда,
Төуелсіздік шырагын!

деп, тәуелсіз Ел қуанышын өлеңіне өзек етті.

Атажұрттым, Ар ма?—деп
Ағайын, қандас бар ма?—деп.
Кіре елдің шетіне,
Тастабанга аунап ек!
Біз осылай саулап ек.
Атажұртқа ауган ек!
Иә, құдай, тәубә!—деп
Иә, құдай, тәубә!—деп

«Отан!» – деп лұпіл қаққан жүрегі бар ұлы еліміздің азаматы ел тағдырын ойлайды, ойламасқа болмайды. Ол – халықтың, ата-ананың, жаратылыстың, туған ортаның перзенті. Оның парызы – Отанының отымен кіріп, құлімен шығу, оның туының жоғары болып, мәртебесі биік болуына қызмет ету.

Әлемде бір ғана қазақ ұлты болғандықтан оның бір тілі мен әдебиеті ғана бар екені аян. Ал, Қазақстаннан тыс жерлердегі қазақ әдебиетінің үлгілері сол алып бейтеректің бұтақтары, яғни тармақтары болып саналады. Себебі, олар қазақ халқының генетикалық, биологиялық тарихи, мәдени, рухани дамысының заңды жалғасы екенін естен шығаруға болмайды. Қазақ халқының әрбір бөлігі, әрқилы заман кешіп келсе де, ұлттық қасиеттерін, тілін, дінін, салт – дәстүр, мәдениетін шама – шарқына сәйкес сақтап, әрі қарай жалғастырып, өз тарараптарынан жаңа әдеби үлгілермен байытып келді. Монголиядағы қазақтар жалпы қазақ әдебиетінің нәрін өз бойына терең сіңірумен бірге, қазақтың ауыз

және жазба әдебиетінің үлкен арнасына өздерінің лайықты үлесін қосып келгенін атап өтуге болады. Осы әдебиет үлгілерінде өздерінің өмір тарихы, болмысы, саяси жағдайдың өзгеруі, арман – мақсаты, мұн – мұддесі сырын шерткен туындылар жасап, халық қадесіне жаратып келді.

Монголия қазактары Алтай тауының теріскей бетіне қоныстанған кезден қазақ әдебиетін өзіндік үлгілермен байытты. Бұлар жалпы қазақ әдебиетінің терең тамырынан нұр алғып, жалғасын тапты. Мұндай әдеби үлгілердің пайда болуына өз бағдарынан өткен өмір, арман т.б. бейнелеу қажеттігінен туындаған еді. Монголиядағы қазақтар қазақ әдебиетіне өз үлесін қосып, үшан – теңіз, әдеби мұралар жасады.

«Алтайдың арғы бетіндегі қазақ ақындарының туындылары қазақ халқының рухани үлттүқ қазынасын өзіндік өрнек – нақышымен сырлы сазымен байытқан өзгеше бір әлем» [58, 26].

Халықта мақал бар: «Өскен ел тарихын таспен жазады, өшкен ел тарихын жаспен жазады». Жаңа тәуелсіздік заманда өз халқымыздың тарихын өзіміз жазып, жаңа егемендік ел, халық тұрғысынан жазуға мүмкіндік алдық. Халқымыздың Еділ үшін егескендігін, Тептер үшін тебіскеңін, Жайық үшін жандасқанын, Қиғаш үшін қырылышқанын дауылпаз Махамбет жыр қылып, хаттап кетуі осыдан. Жер мәселесі – ел тағдыры екенін білген атам қазақ әрбір шөкім жер үшін қанын төккен халық екендігін тарих тағылым дәлелдейді. Ана тілі, бөбек жыры, азамат үні, халық сырьы Отан деген мұхитқа құяды. Ата тарих, міне, сол Отан шежіресі, оның нысаналаған қазығы, үрпақтардың жан азығы.

Қазақ қауымының ел тәуелсіз болған кездегі негізгі парызының бірі елін коргайтын, жерін қорғайтын перзент тәрбиелеу, ата-баба салтын, үлтжандылықты, үлтқандылықты (патриотизм) бойына ана сутімен дарыту болса керек.

Жаңа үрпақтың ой-санасында қайта тірілген күрескер рух та қазақ жырында айышықты өрнек тапты.

1991 жылы Тәуелсіздігімізді, яғни саяси бостандығымызды жарияладық, ата заңымызды қабылдадық, мемлекетіміздің

рәміздері – әнұраны, туы, елтаңбамыз бар, шекарамыз айқындалды. Ел егемендігін алғаннан кейінгі бұл жаңалықтарды өнердің тарланбоздары сан қылышының сирмен бедерлей білді. Қылқалам иесі майлыштың бояумен әсем Астана көркін, көне тарихымыздың беттерін магыналы етіп айшықтаса, әнші-сазгер қауымы жырлы, сирлы ән-әуездерін арнады дегендей, ал ақын-жазушы қаламгерлердің қаламдарының қарымына жан берген, шабыттарына қуат берген тың тақырып болды. Тәуелсіздік, Елдік және Елтаңба, Әнұран, Ту, Ата заң, Қазақ тілі мәселелері т.б. қазақ поэзиясында тұрақты тақырыпқа айналды.

Байтақ қазақ жері – Отанымыз көшпелі өркениет, мемлекеттік дәстүріміз, салт-санамыз, бір өзі талай тұлғаларды тудырған ұлылар галереясы, сайын даланың сақшысы, жерінің құтын, тәуелсіздігін қорғаған қайраткерлер, дамыған әдебиетіміз, құлашын әлемге сермеген мәдениетіміз, тіліміз, дініміз–осының бәрі көнеден келе жатқан халық мұрасы. Біз тарихтың сарғайған көне параптарын актарып, жаңаша көзқараспен қайта саралап қарай білсек оған ежелгі Сактан, Гүннен жеткен көне жыр-дастандарымыздың, тасқа бедерленген түпкі-түркі тарихымыздан сыр шертетін еркіндігіміз пен азаттығымыздың аңсар арманға толы сыңдарлы жолдарын танимыз. Ежелгі түркілердің арғы ата-тегі саналатын сақтар мен ғұндардың ерлік дастандары және Түркі қағанаты түсінде жазылған қаһармандық жырлар мен қазақтың батырлық жарлары арасында сан ғасыр бойы бір сөтке үзілмей, жалғасып келе жатқан азаттықты аңсау сарыны қөнеден жеткен еді. Қазақ поэзиясының арғы арналарынан жеткен азаттық жырлары, жыр-дастандары мен өлеңдеріндегі азаттық аңсарының арғы бастауларының ғасырлар қойнауында жатқаны, тарихимәдени кеңістіктегі дуниеге келген құнды әдеби жәдігерліктеріміздің ғибратты тағылымдарын тілге тиек еттік. Жалпы жер бетінде тірлік етіп жатқан қай халық болса да, әлемік өркениетте өз орнын алуға үмтүлуге – тарихи құбылыс. Ал олардың ішінде ата тарихы, аты, заты бар, ұлан-байтақ жері, тілі, діні бар–осы қазақ халқы. Сан мың мәрте жауға шығып шайқасып, қасықтай қаны қалғанша

ұлтарақтай жері үшін жан-беріп, жан алысқан ата-баба арманы XX ғасырдың соңы, XXI ғасыр басында Қазақ Елінің Егемендік алуымен орындалғандай.

Тәуелсіздік! Жаңа ғасыр басталар шақта Елдік егемендігін алған тәуелсіз Қазақстанымыздың тарихында түбейлі өзгерістер мол болды. Осы заманауи оқиғаларды ақын-жазушыларымыз өз өлең - жырларында, туындыларында әр түрлі жолмен суреттеп берді. Қазақстанның тәуелсіз мемлекет болып танылуы, оны дуние жүзінің көптеген елдері мойындауы әртүрлі тарихи кезеңдерде тағдыр тәлкегімен шет жүрттарға ауып кеткен, әлемнің әр елдерінде тұрақтап қалған қазақ ақындардың поэзиясындағы үлтжандылық рух (патриотизм), ой - арман, ұлы отанға деген сағыныш сазы, өлеңнен жасаған өмірлерінің шежіресі, ата-бабалар аманаты өлең өзегіне айналған туындылардың өзіндік ерекшеліктері, жырлаған тақырыптардың көп шиырланбаған сонылығы тәуелсіздік түсындағы қазақ поэзиясына келіп қосылған жаңа арна ретінде сараланды.

Тоқсаныншы жылдардағы қазақ поэзиясындағы идеялық-көркемдік ізденістерге көніл аударғанда біз мұндай үғым-түсініктегі жаңа өлшемдерді өзгешелеу сараптадық. Қазақ жырында да кенес дәүіріндегі шек пен шекарадан аспау, идеологиялық қалыптың шеңберінен шықпау дағдысы бірте-бірте жойылып келе жатқаны анғарылады. Еркіндік бар. Бірақ бұл еркіндік ... Қазақ жырында мадақ сөз азайып, имандылық арналары кеңеюде.

Қазақ әдебиетіне тәуелсіздік жылдары жаңа толқын – ақындар легі келіп қосылды. Тоқсаныншы жылдардың орта түсінан бастап шыққан жыр жинақтарында тәуелсіздіктің тыныс-демі сезіле бастағаны идеялық-танымдық деңгейде жүйеленіп, тәуелсіздік тақырыбының жаңа мазмұнда көрініс табуы, ел, жер, тіл тағдырының толғантуы, мемлекеттік нышандардың жыр арқауына айналуы, т.б. талданды. Сондай-ақ, кейбір тақырыптардың қазақ поэзиясында жаңа көркемдік шешімдер табуға, үлттық дәстүрден тамыр алатын ізденістерге өріс ашуға, жаңа үғым мен көзқарас

қалыптастыруға жетелейтіні (мәселен, тәуелсіздік жылдарындағы қазақ поэзиясында күрескөр рухтың қайта жаңғыруы, оның өзіндік ерекшелігі) сараланды.

Қазақ халқының әдебиеті – қазақ халқының көне ғасырлар қойнауынан жеткен рухани, мәдени мұрасының бір түрі. Қазақ әдебиеті өте ерте заманнан басталады. Тамыры тереңде жатқан қазақ әдебиетінің бастаулары көне дәүірлерден бізге жеткен рухани мұраларымен ерекшеленеді. Қазақ фольклоры мен көне түркі ескерткіштері халық даналығы тудырган ұлы мұралардың сабактас жалғастыры. Ол ғасырлар қойнауынан жалғастырын жоғалтпай рухани мәдениеттің алтын қорына айналып отыр.

МЕН - ТӘҢІРІМ ШАШҚАН ТАРЫ ЕДІМ...

(Ақын Д. Кәпұлының поэзиясы негізінде)

Бірлескен авторлықта

(Догдорхан Г.

*«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының
4-курс студенті)*

Дәүлеткөрөй Кәпұлы - Өр Алтайдың ар жағынан атажүртқа көшіп келген, жай ғана келмей мәдениетімізге, өнерімізге, бүгінгі рухани өмірімізге өзінің қолтаңбасымен, өзіндік үнімен, өзіндік өнерімен келген азамат. Ол келген бойда айтыс ақыны ретінде танылды. Айтыстың өзіне жаңа қолтаңба енгізді.

Айтулы ақынның алғашкы жыр жинағы «Сүтті іңір» (2006 ж) деп аталады. «Дәл қазір жасын жырымен әдебиет көгінде жарқылдаپ жүрген Дәүлеткөрөйдің ақындық болмысын ұлтына танытатын екі мотін бар: бірі – өз қаламынан туған «Бұлдірген ағып түскенше...» жинағына енген туындыларының көркемдік әлемі болса, екіншісі оның таланттын бағалап. ақ жол тілеп жинағына алғысөз жазып отырған Тыныштықбек ағасының және басқа да әдебиет дүлдүлдерінің өр кезде, әр қылыштың қисында берген бағасы»

сонымен бірге «Шертолғақ» атты айтыстағы үздік өлеңдерінің жинағы мен жақында “Жаңа заман әдебиеті” сериясымен Алматыдағы “Хан тәнірі” баспасынан жарық көрген “Бөрісірғақ” жыр жинағы оқырманға жол тартқан кітапқа ақынның өлеңдері мен айтыстары енген.

«Ақындық құдіреті бойына дарыған шығармашылық иесі өзінің кез келген амаляттық іс-әрекеті барысында ата-бабасынан мұрага қалған дүниетанымдық, өміртанымдық қозқарасы аясында белгілі бір мәнді іздейді. Бұл оның өмірлік ұстанымының мақсаты, тұртқісі және амал-тәсілі болып табылады. Ж. Женеттше айтсақ, туынды уақыты тек қана хаттық уақыттың анықталмаған мезеті емес, сонымен қатар оку және жадылық уақыттың да айқындықсыздығы болып табылады да, кітаптың мәні оның артында емес алдында жүреді» – дейді « Дауылпаз Даuletкерей» мақаласында Әбіл-Серік Әбілқасымұлы Әліекбар.

Ақын шығармашылығы жанрлық жағынан, тақырып жағынан адам, қоғам, адамгершілік, салт-сана, елге, жерге, отанға деген махабbat сияқты алуан түрлі тақырыптарды қамтиды.

Дәүлеткерей ақынның поэзиясы туралы өнердегі ағасы, ақын Несіпбек Айтұлы: «Дәүлеткерейдің жазба ақын екенін жүрт біле бермейді, қалың қазақ айтыстың жүйрігі деп таниды. Айтыс оның бір қанаты ғана, онда да сол қанаты. Ал оның мықты қанаты, он қанаты – жазба поэзиясы. Ақындық оған әкесінің күшімен, анасының сүтімен келген. Бұл сонау бір жылдарда Алтайдағы көшкен елді көрген, қазақтың салт-дәстүрімен сусындаған, киіз үйдің ішінде туған бала. Асфальтта емес, желінің басында құлынға мініп, тайдан жығылып өскен бала. Дәүлеткерейдің поэзиясынан соның бәрі сезіліп, көрініп тұрады. XXI ғасырда Дәүлеткерей сияқты ақындар бірен-саран ғана болуы мүмкін», – деп ақын өнеріне жоғары баға береді. Бұл ақын поэзиясын мақтау емес, Дәүлеткерей поэзиясына берілген ең әділ, ең шынай баға деп білем. Мұны дәлелдеп жатудың өзі артықшылық. Ақын өлеңдерін оқыған әр оқырман мұны бірден анғарады.

Дәuletкерей ақынның поэзиясы туралы, жазушылар одағының мүшесі, айтыс жанашыры, ақын Жұрсін Ерман: «Айтыс ақындарының жазба өлеңдері өзге ақындардан бір мысқал да кем емес. Мысалы, Дәuletкереидің өлеңдерінің отты екендігіне ешкім күмән келтірмейді», - деп жылқы мінезді, от ауызды, орақ тілді ақынның поэзиясына өз пікірін білдіреді.

Бір байқалатыны Дәuletкерей өлеңдеріндегі идея мен мазмұн ақынның ішкі әлемін бір жерге жүйелеп тоғыстыратын бірдей, парапар ахуал, тұрақтылықтан тұрады. Басқа тұстас ақындарда түрлі қырынан түрленіп, жаңарап ұсынылатын идеялар Дәuletкереиде үнемі тұрақты бағзыдан тамыр тартқан сол бір кіршіксіз күйінде жырына табынушы оқырманына жол тартып отырады.

Дәuletкерей өлеңдерінің мәтіндік мәнінің бойынан: біріншіден, қысқа қайырымдық мазмұнды; екіншіден, бірден бір басты ой – идея; үшіншіден, автордың алабұртқан түрлі ахуалдағы сезім толқынын айшықтайтын пафосын; төртіншіден, оқырманымен сұхбаттастыққа құрылған мәтінінің бойындағы емеуірінің ұшыратамыз.

Психиканың терең түпкіріндегі лықсыған жол беру мен жол бермеудің оппозициялық ойы, сені дәуір дәуренінің оқырманы ретінде таңқалдыра толғантады. Осылайша өмірге келген асыл ой тірі образдарға: дәмесі дардай есектерге, Қыранның жолын кесіп қарқылдаған қара қарғаға, нағыз тұлпарға, текті қыранға, өмірлік қас пен ғұмырлық досқа айналады:

...жалғанның мынау жамалы ерікті арбаса,
Кереметіне көз жетер көріп барласа.
Жол берем бірақ, ажалаға алдыннан өтсін,
Қасқа маңдайдан қасқайып келіп қалмаса?! [59, 19]

Осы туындыдағы жанынды дүр сілкіндіретін қазақтың батырлығының қас сипаты «Ер кезек» өмірлік философиясы

ажалсыз жаугердің өлімді қасқайып қарсы алуы алашының ойы мен жүргегін жаулайды.

Қalamгердің дуниетанымы оның қазақ өмірін терең танып, ұлттық сипатымыз бер ерекшеліктерімізді өз дарын талантты негізінде аша білгінен тұрады. Махамбеттің қызығышы Дәuletкерейдің кекілігіне айналып:

*Тастан да тасқа секіріп,
Тауда бір ойнар кекілік.
Біздің елде жалғыз гана жетім үлт,
Сен, ешкімге айтпа, кекілік!*

*Кекілін самал сүйген құс,
Тау тұғырында билер құс.
Бұратаналар – хан ұлындаі шіренген,
Мен Қазақ бол қалдым – именгіш, [59, 22]-*

деуінде сананы сарсылтқан сүмдүк зәреңді зәр түбіне жіберетін ой жатыр.

Қазақ әдебиетінің дамуында өмірді зерттеген, одан соң, оны өз туындысы бойында көркемдікпен айшықтаған автордың эстетикалық көзкарасы, әдеби ағымды (неоклассицизмді) үстануына орай жыраудың «абыздық жалғыздығы» мотивіне құрылған жаңа дәүірдің реалистік шындығын шырылдатып, бас кеспек болса да тіл кеспек жоқтықпен тайсалмай жария етеді.

Дәuletкерей Кәпүлұның өлеңдерінде, оның сөздерінде біздің ескі дәстүрлі формалар, дәстүрлі сөз тіркестер, дәстүрлі образдар жиі көрінеді. Жалпы, қазақ поэзиясының қайсыбірін алсақ та, көнілге қонымсыз қиялдан туған сурет-бейнелер емес, ақиқат өмірмен жалғастығы мол бейнелер мен образдар қолданатындығын көреміз. Айталық үлкенді, биікті халық таумен, қаттыны, қаталдықты тасқа үқсатып дәстүрлі образben бейнелеген. Міне, осындаі дәстүрлі образдарды Дәuletкерей өлеңдерінен, тіпті әр өлеңінен байқауға болады десек артық айтпағанымыз.

*Көне жоста көз тастап қырымына,
Туган далам – телмірдім тұғырыма.
Құлынымда қоңырау тақсан елім,
Риясыз сенім ем ырымыңа [59, 53]*

деп өзінің балалық шағын құлынмен теңестіре отырып, дәстүрлі образ жасайды.

Немесе:

*Anam: «Сақта, Құдай!» – деп құбірлесін,
Тербететін жсанымды қыдыр бесік.
Додага ендім құйғыта шапқан күйде,
Домбырага жырыммен дүбір қосып [59, 54]*

деп өз ойын ары қарай сабактайды. Елі сенім артып додаға қосқан құлынының, додаға түскенде арғымақтай қүйғыта шапқандығын, қазақтың қара домбырасымен елінің мұнын мұндал, жоғын жоқтап жыр арнағанын осылайша ақын образды түрде суреттеп береді.

Дәүлеткерей -бүгінгі өмірдің ғана суреті емес, біз ұмыта бастаған әдемі ойларды, тіркестерді өмірге өкелген ақын.

*Қарагай басын күн шалып,
Жүректің басын мұң шалып.
Сусылдай берді ақырын,
Уақытты жүзден құм шарық. [59, 56]*

немесе

*Fұмырыма сәулесін шашып өлең,
Тұніменен шабыттың шашын өрем.
Арманымның ақ жсолын багдарлаймын,
Ай-арудың керілген қасыменен [59, 66]*

дейді ақын жүргегі.

Бұл өлендердегі «Жүректің басын мұң шалып», «Тұніменен шабыттың шашын өрем» деген тіркестер бұрын соңды қазақ поэзиясында кездеспеген, тың дүниелер екені бірден-ақ байқалады.

Ақынның қай өлеңдерін оқысақ та, оның ешкімге үқсамай жазылғандағын көреміз. Мұның өзі, менің ойымша, ақынның жас болса да өзіндік дара бағыт қалыптастырып, қазақ әдебиетінде ойып тұрып орын алатын, өзіндік қолтаңба қалдырып, қазақ поэзиясына тың дүниелер әкелгендігінің көрнісі деп ойлаймын.

Боз талың бүршік жарғанда бозбала ақындаі,

Кусақтың күйін жетатын боз дала тыңдай.

Қоңырлан самал ескенде қоңырқай кеште,

Қонжық жсон қоңыр жеталар қозгалатындаі [59, 106] –

дейді ақын «Тарбагатай» өлеңінде. Бозбала талды, бозбала ақынмен тенең отырып, табиғатты осылай әдемі суреттеу, ақынның дара қолтаңбасының көрінісі болса керек. Көз алдыңызға сол табиғатты өзіңіз көзбен көргендей болып, әсер аласыз. Бірде:

Шылқығанменен төсіңде шайыр-акынның,

Мақтауга сені жетпейді қайыра тілім.

Анам айтатын сен бе едің сол Тарбагатай –

Төрт түлік түгіл, адамы жаійылатұғын?! [59, 107]

– дейді ары қарай өз ойын аталмыш өлеңде жалғастырған ақын. Ақын тілі – наркессен десек, сол наркессен тілдің өзі мақтауға жетпейтін қандай табиғат екен деген ойға қаласыз. «Мақтауға сені жетпейді қайыра тілім» деген бір тармағынан-ақ көп нәрсеге қанық боласыз.

Үлттық поэзияға “Бейбітшілік пен Соғыстың” қайсысы керек? Ақындарымыз момындықты ма, өлде шу асаулықты ма қайсысын әдеби уағыздап ұлықтауы тиіс. Бұл тақырыпты өз жырына өзек еткен ақын поэзияны – философияға, философияны – поэзияға айналдыруы шарт. Сонда ғана біз үлт әдебиетіндегі жырлардан казақтың жанын үғына аламыз.

Оған бабалар даңқын, Хан Кененің, Батыр Оспанның, Иманжүспітің басқа да тарихи тұлғаларымыздың өр бейнесін ту

етіп, данқты жорықты күндерді жыр еткен Дәuletкерейдің мына жолдарын оқи отырып, риясыз ойға қаламыз:

*Бабамның багзы күйін үлгі етем,
Ата жсолыма сыйынып өтем.
...Ал, Абылайдың түсіне неге,
Бақа мен шаян, бүйі кірді екен?! [59, 32]*

Ұлы Хан Иеміз Абылайдың ұлттың сипаты “Болу немесе бордай тозу” пәнсапалық риторикалық сауалына ақынның көсемсімей, өзіндік жауап іздеуді оқырман еншісіне қалдыруы білгірлігі дер едік. Әр оқырман жетпеген жерін жеткізудің стилистикалық тәсілмен өз ойын ортаға салып, ақынның қосар авторына айналып шыға келеді.

Бірі – хан иеміздің жолын дұрыс ұстанып отырмыз деп кеуде қақса, екіншісі – біз одан айнып кеттік деп зар қағады. Пікірді қаққа жару тек шын сөз зергерінің ғана басына қонатын бақыт.

Дәuletкерей Кәпүлінің өлеңдерінің басым бөлігі атажүртқа, Отанға деген риясыз махаббаттан, сағыныштан туған өлеңдер.

*Атамекен тек өзіңе бақ, құрмет,
Сағынышым саган деген сан бүрлеп.
Жақпарда өскен жсалқы, қасқа қайыңдай,
Жанарыңда жәудіреймін тағдыр бол, [59, 44]*

– деп атажүртқа деген сағынышын жеткізе отырап, «Жанарында жәудіреймін тағдыр бол» деген соңғы тармағы арқылы әдемі түйін жасай отырып, кез-келген адамға үлкен ой салады. Тағы бір өлеңінде:

*Беу, атажүрт – ақ босага, бақ ордам,
Жер бетінде жасасап, жайнап жаңарған.
Сениң азат тұгырыңа жете алмай,
Қанша жанның самай шашы агарған.*

*Сагынышы көзмөншақ бол жанардан,
Әр кеудеде аһ үрумен сан арман,
Бұл дүниеде саган жеттім, арман не,
Алла дәмін бүйіртқасын адалдан.
Шөгір сенің табаныңа кірмесін,
Мына менің маңдайыма қадалған, [59, 44]*

— деп атажұртына деген махаббатын ашып көрсетеді. «Шөгір сенің табаныңа кірмесін, Мына менің маңдайыма қадалған» - деген соңғы екі тармағы арқылы, атажұртына деген ыстық ықыласының қаншалықты екендейін көрсетіп, өлеңді осындай әдемі тармақ арқылы түйіп тастайды.

Дәүлеткерей өлеңдерінің тағы бір ерекшелігі кез-келген ақын поэзиясында кездесе бермейтін, ұмыт болып бара жатқан немесе ұмытылып кеткен көне сөздер мен көне салт-дәстүрлерді өз өлеңдерінде орнымен қолдана білуінде. Мына бір өлеңіне көніл бөліп көрейікші:

*Кызыл тілге қыргиқөз шоқ тастаган,
Атаң анау Алтайдан текке аспаган.
Бастықтырар ме екенсің бағыидай,
Бәсіре атып қояйын көк қасқадан, [59, 115]*

- дейді ұлына арнау өлеңінде. Бұл жердегі «бәсіре» сөзі көнерген сөздер қатарына жатады. Оның мағынасы – жаңа туган сәбиге белгілі-бір төл арнау салты.

Ақынның осы сияқты көнерген сөздерді өз өлеңдерінде орынды қолдана білуі, оның тіл байлығының молдығын көрсетсе, екінші жағынан оның ұлтжанды ақын екенін танытады. Бұлай дейтін себебім, өз өлеңдерінде осындай көнерген сөздерді қолдана отырып, ұмытылып бара жатқан салт-дәстүрлерімізді қайта жаңғыртуға тырысады.

*Ал, ауырса жсан ауырсын,
Емі қайдан табылсын.
Үлар үшиған жайлалауда,
Мен – жсалғыз тал қауырсын! [59, 62]*

– деп жырлайды ақын бір өлеңінде. Ақын бұл өлеңде өзін көшпендейтінің үрпағымын деп сезініп түрған жоқ. Қайта үлттық уақыт кеңістігінің бір бөлшегіндегі адам баласының ұлардың үшін түсken жалғыз тал қауырсынына айналған мифо-поэтикалық образын жаңғыртып отыр. Бүтін – Үлар образында, оның бөлшегі – ақын бейнесінде үшінрасу шетіндеу көрінгенімен финалдық шоғырдың авторлық айтпақ ойын тантытып тұр. Ол – “данышпанның ғаламға сыймас” жалғыздығы мотивін дәuletкереjше ашып, үлт оқырманына таныту.

Қаламгердің дүниетанымы оның жеке бастық көзқарасынан туындаған ойымен шектеліп қалмайды. Уақыттың талабына көсемсөздік үн қосуымен де таңбаланады.

*Мен- Құлтегін бабамның,
Моласының тасы едім.
Қазақ деген халқымның,
Тарихының басы едім,
Мың жылдан кейін сөйлеген! [59, 74]*

-деп қосарланып, бірін-бірі толықтыра білуі Дәuletкереjді өрі сөз зергеріне, өрі ойшылға айналдырып тұr. Үлт болмысын көркем игерудегі суреткер дүниетанымы әдебиетте ең бірінші орында тұратын дүние.

Қазіргі өр ақын қазақ қоғамының саналы азаматы ретінде тарихи кеткен есеміздің орнын жырларымен толықтырып жүр. Соның жарқын айғағы Дәuletкереjдің “Тамыр” өлеңі:

*Тағдырым тоқсан толгақты,
Қай бақыттымды жек көрөм?
Жайлап та қыстап жүргенде,
Опынтып өмір бір демде,
Шекара сызып шеттегем.
Өкпек жесел үрдыш- ау өкпеден.
Тәңірі Түркі тегімнен,
Елімнен солай бөлінген,
Ұлыған айға көкбөрі ем.*

*Асаулығынан қанымның,
Ардақтылығынан арымның,
Шекемнен ешкім шертпеген.
Мен – ТӘҢІРІМ шашқан тары едім,
ӘР ТОПЫРАҚҚА КӨКТЕГЕН! [59, 76]*

Осындағы соңғы екі жолдағы “әр топыраққа көктеген Тәңірдің шашқан тарысы” ақынның әлемдік (европа-қытай-ұнді-иран) тәртағандық докторлық үғымдарға қарсылығын, оларды поэзия тілімен жоққа шығаруын «көсемсөздік» аңыстағы поэтиканан аңғарамыз. Бұл кеңестік кезеңдегі партияны ұлықтаған жалаң плакаттық өлеңдерден бір бөлек.

Ұлық ой мен талант, идеялық көкжиеқ пен дарын бірін-бірі алмастырмайтын, қайта бірін-бірі демеп жебейтін құбылыс. Олардың осы бірлігінен, біртұтаса жымдасуынан “Қозы көрпеш – Баян сұлудың” махаббаты арқау болған шынайы көркем дүние өмірге келіп:

*Бас қойдырып мөлдір сезім бұлаққа,
Ей, тағдырым, жүргегіме кінө артпа.
Базар-жасаған, Қодар қазған ешқашан,
Күдігіңнің құдығына құлатпа!*

*Аягөздің аспанында Ай, Таңсық,
Жан мұңыңды түсінер ме ем қайта аршып?!
Енді, Қазақ, махаббатты жылатпа,
Жолама енді кірпігіме сайтан шық! [59, 79] – дег,*

Дәuletкереj қаламының сиқырымен өз оқырманына эстетикалық ләzzat қана сыйлап қоймайды, мәңгілік махаббаттың басына ақындық құлпытасын орнаттырады.

Негізі, қазіr бұрынғыдай қазақ әдебиетінің есігін біr кілтпен аша алмаймыз. Оны аша алмайтындығымыз жастар шығармашылығындағы жаңа толқынның әдеби білімінің артынан қазақ әдебиеттануының кейбіrде ілесе алмай қалуынан байқалады. Оның себебі ақындардың өлеңдеріндегі түрлі көркемдік әдістің мидай араласып кетуінде жатыр.

Жас ақындарымыздың өздері жалына жармасқан көркемдік әдіс әлеміндегі туынгерліктері, жаңашылықпен үлттық поэзиямыздың алға ілгерлеушіліктері әлі өзінің болып толған нүктे қояр сөтіне жеткен жоқ. Талантты шоғыр үлкен ізденіс үстіндегі шығармашылық процестерін еш толастатар емес.

*Мұскініңді мұсіркеме мөлтек түн,
Енді кімді сендірмексің ертек күн?
Сагым сонар көлеңкемді зорайтып,
Дүниенің дауысынан селк еттім.*

*Ерке қыздың елесіндей ескі күн,
Көз алдында көлбеңдейді кешікүрим.
Байырқалап батқан Айдың жосыны,
Келер күннің танытады кеспірін [59, 37]*

Ақынның өзі өmіr сүрген қоғаммен, оның белгілі біr тобының өкілдерімен байланысы уақыт өте келе оның идеялық көзқарасын қалыптастырып, сөз зергерінің шығармашылығының басты нышандылығын анықтауда көркемдік әдістің үлкен маңызын көрсетті.

қатуы да болып табылатыны жасырын емес. Елорданың ұлт өміріндегі бүтінгі келбеті Дәuletкереi қаламы үшінде жат емес:

*Ақмола кеше аттақ моласың,
Келімсектерге баттақ қорасың.
Заманың өтті басқа шыгарған,
Басқаның жиып баспақ, танасын.*

*Астана бүгін асқақ қаласың,
Жаһанга өлі жақсы атманасың.
Өз тілін жаңа үйренгендерге,
Талай жыл өлі «тақпақ» боласың [59, 85]*

Жаңаны тереңінен сезіне білген күні туып келе жатқан рухани және эстетикалық сұранымдарды аңғара алған сөз зергері кейде оның берік негізін тұзіп, бұрын үстемдік жасап келе жатқан күні өткен ескімен күреске түсіп, заманы туған жаңаның сезін сөйлеп, оның жақтаушы тілеулемесіне айналады. Осы қорғаушылық идеялық ұстанымы, көркемдік әдісті тұтынуы әр қылыш қаламгерлердің басын біріктіреді.

Әсілі, бізге мұндай жаугер рухты поэзия керек. Міне, осындай поэзия Дәuletкереi Кәпүлы өлеңдерімен бірге әдеби өмірізге енді. Ақын өлеңдері қазақтың ұлттық санасының түпкірінде бұғып жатқан бағзы алаштық жадыны оятатыны сөзссіз.

Қорыта айтқанда, Дәuletкереi Кәпүлы - шын мәнінде ұлттық ақын. Оның жырларының арасынан қазақтың ұлттық оюларының өрнектері анық көрінеді. Қазақы сөздің қаймағына жарып, байырғы бабалар ғұрпындағы көшпелі тірліктің уыз дәмін сезіну бақыты бүйірған перзент жырлары түлпар мініп, ту көтерген арда халқымыздың армандай алыстағы адудынды да асқақ рухты шақтарын аңсау, төлтума қасиеттерін ұлықтау, туған топыраққа тағзым, атажүртқа деген сағыныш сезіміне толы.

ҚАЛАМНЫң ҰШЫМЕН ӘЛЕМНІң СЕЗІМІН ТҮРЛЕНТКЕН...

(Ақын Б.Қарағызыұның поэзиясы негізінде)

*Бірлескен авторлықта
(Ертай Жақсылық
«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының
4-курс студенті)*

Ақын – талант. Ал талант болса, адам бойына әкениң қанымен, ананың ақ сүтімен даритын қасиет. Асылында, ақын – шығармашылық тұлға болса, ақындық – өз алдына бір әлем. Мұның өз аспаны, өз ауасы, өз демі... бар.

Қазақ поэзиясына өзіндік үнімен келген талантты ақын Бауыржан Қарағызыұның топтама өлеңдері «Жас толқын», «Женімпаз жас ақын-жазушылар антологиясы» т.б. жыр жинақтарда жарық көрген.

Талантты ақынның өлеңдері биік патриоттық, рухани қуат алар моншақ жыр екендігі әркімге айқын. Ол жазған өлеңдерде жастық сезімнен бастау алып, ақындық қиялға үласатын философиялық терең мағыналы ой толғамдар кездеседі.

Ақынның рухқа, қазақильтыққа бастар жырлары санауды сусыннадады.

*Алтыс екі тамырымда ой
балқын,
Өлең аңқып өзегім.*

*Кешегімнің күлгін сөулелі
іздерін,
Бүгінгімнің күрсінісінен
ізdedіm.
Көкірегімде ақ раушан*

бүр жарып,
Бір Аллаға жүргіндім...
Кеше...
Кеудемде Құн тұтылып;
Жанарымда ай қоргалап;
Көкейімде үнім тұнышығып;
Самайымнан сорым соргалап;
Таңдайымда Тілім буралып;...
Қасиетімді қанаган –
Ей, тәубесіз тотаритарлық
тор – қогам,
Имансыз идеологияңа
түкірдім!

Иманды жүртты арбаган!
Мен – Қазақ деген ақынмын –
Сегіз қырлы өткір сөзіммен
Адырнасын тартып ақылдың,
Адыра қалғыр арам тигылга
ақ жебе болып атылдым!

[60, 71-72]

Кешегі бабаларымыздың аңсаған азаттыққа қол жеткізіп, туымызды тік қадап, болашақта өлем мойындаған алып ел болатынныңға ақын көміл сенеді. Осы өлең жолдарын оқи отырып, есінізге Мұхтар Шаханов туседі. Тіліміз бен үлтимыздың, тіпті өлемдік проблемаларды қозғағанда, осылардай жанашыр табылмайды.

Жан дүниенде қоярға жер таппай, күйзеліп жүрген кездерінде ақын өлеңдерін оқып рахат аларың сөзсіз. Бауыржан Қарағызыұлы өлеңдерінің ішкі мазмұны өте күрделі, кең болып келеді. Оны бір ауыз сөзбен түйіп айту мүмкін емес.

Бауыржан қазақ поэзиясындағы ақ өлең үйқасын жаңғыртып, жандандырған ақындардың бірі. Оған ақынның кез келген өлеңі дәлел бола алады. Мағжан Жұмабаевқа арнаған «Ақын рухымен серттесу» өлеңі:

*Қош келдің, Жанарым!
Тұған жер топырагын толгатып,
жібектей жесімен сырласып,
шөбімен, аңымен, құсымен мұңдастып,*

*Түбі бір Түркі үшін,
Алтайдай құлазып,
Арқадай аңырап,*

*Тұранның төсіне жүлдөздөй ойлары жамырап...
Қаламның үшімен Әлемнің сезімін турленткен
Ұлы Ақын!*

*Қош келдің Тәуелсіз Түркіге!
Қош келдің Тәуелсіз Қазаққа!...
...Хас ақын,
Мен саган Ант етем!
Алланың жұпарлы Атымен Ант етем!
Әлемге сүйгізем Қазақтың хұсни жүргегін! [60, 108-109].*

Ал, бұл өлеңнен таба алмадым десеңіз, онда ақынның кітабын алып оқыңыз, сөзсіз көзіңіз жетеді.

*Гүлім,
әуелгі “жогалған” Ұақыт,
дыбыстар ішінде құтия сыйырлап,
Жалған мен Ақиқат вальсін билейді жүректе...[60, 8].*

Керемет! Бейне бір басқа әлем, тылсым дүние көз алдыңызыға келеді. Жастыққа төн әлем жаңарған бір күйде өрілген.

Әдебиет зерттеушісі, ақын Ерболат Баятулының сезімен айттар болсақ: «Бауыржан өлеңдерінің өн бойында өріліп жатқан қоңыр сарынға, пәлсапалық ой қорытуларға ә дегенде тосырқай, түсінбей қарағаныңызбен, тылсым тыныштықтың жөргегінде уілдеген өзгеше үн мәңгіліктің сұрактарын көлденең қойып жатқанын еркін сезіне бастайсыз».

Өлең деп атаяға лайықты нағыз ойларды ақын тілінен табасыз. Сол өлеңдерімен жүректерге сәуле шашып, иман нұрымен нұрландырғандай.

*Өзін Құдай санаган пенделерден түңіліп,
Дала жатыр құңғареніп қайғысына үгіліп.
Сайтан сақ-сақ қүледі санасында патшаның,
Қаның исі мұңқиді сиқырынан ақшаның.*

*Жын билеген галамның жаңалығы – сандырақ,
Сандырақтың дертінен Жер жсанары қан жылап,
Жер домалап барады, қасіретті қаралы,
Күрсінеді кеңістік, Күн – жүргегі жаралы. [60, 99].*

Бұл ақынның “Дауа” атты өлеңінен үзінді. Бүгінгі мынау көз алдымыздың даламыздың, дәретсіз басып жатқан жеріміздің ауыр күрсінісі.

Өздерін Құдайдай көріп, жер мен көктің тірегіндей сезініп жүрген кеудеге деген лағнеті. Ауыр айттылса да, шындық жазылып, ақиқат өрілген. Бұл – ақынның батылдығы. “*Ойында ойнап Ібіліс, сезінде Жын қагынған*” астарлы ой жатыр түсінген жанға.

Осыған кім кінәлі?!
Тұн...
Тұн кінәлі!
Неменеге мына жесел жұлқынады???
“Сүйеді... Жо-жоқ.., мені сүймейді ол,”
Үмытты...
...Сагынады мұмкін әлі

Есімде тымық тұнде, тұнық таңда...
Жаңымды жалғыз сөзі жылтықанда...
Ол және Мен, күллі өлем талықсыған,
Ол шомылып мендегі қылыштарға...[60, 26].

Бауыржандағы махаббат иірімдері өсерлі де, әдемі. Ақын өзінің бұл бағыттағы өлеңдерін табиғатпен байланыстыра суреттеген.

*Кірпігіңе Күн шомылып, сезім күлген, арайлым,
Ғаламтордагы гажайып суретіңе қараймын...
Қарай-қарай қабагымда бүршік атып аппақ мүң,
Ғашықтықпен ақыры маңдайыңа тоқтаптын. [60, 39].*

Ақын мәңгілікті қөксейді. Өз өлеңінің, ақындығының жемісін жұмақтан іздейді. Алладан тілер ақ дүғасы да сол.

*Бауырым,
Санамды қалтыратқан құрысын мүң,
Бес күндік тірлігімнің тынысы мың.
Жемісін жұмақ жақта көрем, бәлкім,
Жұпарлы Өлең деген – ұлы ісімнің.*

Ақындық асыл өнерін Алланың қалауымен берілгенін де мойындаиды:

*Сыр тартып Жаратқанга жақындардан,
Мұсылманның ұлы бол мақұлданғам.
Жылатып сабырыммен сайтаныңды,
Алланың әмірімен Ақын болгам! [60, 67]*

— дей келе, ойларым мұхитттан да терен, арманым — аспаннан да биік, мына өлемдегі жамандық атаулыға, әділетсіздік- ке қарсы тұрып, пенденің өзін пенде екенін танытуға өлең құдіретімен ой салсам екен деген жан айқайы бар.

*Дос етем ерегескен ел мен елді,
Ей, неге бірін-бірі кем көреді?!*
*Жырымның нұрыменен жусам деп ем,
Жүргегі кірлеп кеткен пенделерді?! [60, 67]*

Ақындық пафоспен айтқан, асқақ рух, жүрек үні.

Ақының өлеңдерінен иманның, ар-ожданның исі аңқыл, намыстың туы желбіреп тұрады. Сонысымен-ақ, жүректерге жылу сыйлайды, нәр береді.

*Ақиқаты таңбаланған ақылдан,
Төрткүл дүние төрт кітаптай оқылған.
Құран сүйіт, қолын жайса жүргегім,
Санаңдагы сорлы сайтан ах үрган... [60, 102].*

Бауыржан Қарағызыұлының жырына арқау болған осы бір мәңгілікті аңсау болып түргандай. Ал, оның мәңгілікті аңсал, жыр жазуы қазақ поэ-зиясина омырауына тағылған алтын алқа.

Сөзімізді ақынның өз сезімен аяқтайық: «Жазған өлеңдерімді әркім өзінің өресі мен таным-талғамына қарай түсінер. Түсініксіз ештеңе жазған жоқпын, бөрі түсінікті. Қөңіл көзі күмәнданса, жүрек көзімен оқып көрсін. Әр өлеңімді үлттың иммунитетіне егілген үміт вакцинасы деп қабылдаймын».

МОНГОЛИЯ ҚАЗАҚТАРЫ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ӘДЕБИ СЫННЫҢ ТУУЫ МЕН ҚАЛЫПТАСУЫ

Әдеби сын – Монголия қазақтары әдебиетіндегі ең жас жанр. Қазақ кеңес әдеби сыны әлдеқашан кемеліне келіп, оңаша отау көтерген кәсіби жанрға айналған уақытта, Монголия қазақтары әдебиетіндегі әдеби сынның қанаты енді ғана қатайып, бұғанасы беки бастаған еді.

Жалпы, әдеби сынның идеялық көркемдік дәрежесінің деңгейіне қарап, саналық даму биігіне көз салып, қай әдебиеттің болмасын, бітім болмысын, білімдік көрсеткішін аңғаруға, анықтауға болады.

Ал, қалып айтып көрмеген халықтың даналығы, сынның маңызы, рөлі туралы тоқсан ауыз сездің тобықтай түйінін «Сын түзелмей, мін түзелмейді» – деп дәл жеткізеді. Алдыңғы қатарлы іліммен, талғамды теориямен мықты методологиялық тәсілдермен

қаруланған әдеби сыны бар әдебиет шоқтығы биік әдебиет. Қазақ әдебиеті, қазақ сыншыларының еңбектері жайлы: «Қазақтың әдеби сыны – бұл күнде жан-жақты өркендер отырған өнер саласы, әлемге даңқы жайылған әдебиетіміздің өзіне лайықты отау тіккен профессионалды жанры» [61] – деп жазады, ғалым Тұрсынбек Кәкішев «Оңаша отау» еңбегінің беташарына.

Әдеби сынның дамуы және оның биікке көтерілуі – көркем әдебиетті дамытудың және оны бүгінгі дәүір талалтарына байланысты жетілдірудің, жеделдетудің бірден-бір шарты болып табылады. Әдеби сын біргутас әдеби үрдістің бір арнасы болып отырып, көркем әдебиеттің, оның жеке үлгілерінің қофам өмірінде алатын орнын анықтайды, солардың таңдаулы туындылары негізінде барша халықтың эстетикалық талғамын, қөзқарасын қалыптастырады.

Кейде әдеби сын әдебиет көшінен көп белес кейін қалып отыратының дүниежүзілік әдебиет тарихынан білеміз. «Әдеби сын жанры көркем әдебиетіміздің қарқынынан қалып келе жатыр» [62] – дейді сыншы Куанған Жұмаханұлы.

Монголия қазақтары әдебиетіндегі әдеби сын да әдебиет көшінен көп белес кейін қалып келгендейін жасыруға болмайды.

Монголия қазақтары әдебиетінің тарихына көз жүгіртсек, алғашқы мақалалық сын-пікірлер жиырмасыншы ғасырдың екінші жартысында жарық көріпті. Мысалы: Баят Жанатұлының «Ертіс жырлары» жайында рецензиясы Баян-Өлгійде қазақ тілінде жарық көретін «Жаңа өмір» газетінің 1960 жылғы №63-64 сандарында жарияланды.

Қатшанұлы Ш. Оқып үлгерген кейбір өлеңдер жайлы бірер пікір. Рецензия. «Жаңа өмір», 1962, №66-67.

Қатшанұлы Ш. Әдебиетіміз бер үлгінгі күннің талабы. Сын мақала. «Жаңа талап», 1963, №4.

Қатшанұлы Ш. Ән өлеңдері және поэзиялық талғам. Сын мақала. «Жаңа талап», 1965, №1.

Қатшанұлы Ш. Әңгімелер тағдыры туралы ойлансақ. Сын мақала. «Жаңа талап», 1968, №2

Дікейұлы Д. Қыыннан қыстырыңық. Рецензия «Жаңа өмір», 1962, №6

Арысбайұлы Қ. Белгісіз хат. Рецензия. «Жаңа өмір», 1963, №22

Мұқамәдиұлы Қ. Әр өлең әсерлі болсын. Рецензия. «Жаңа өмір», 1963, №79

Шәріпақынұлы З. Очерк жайлы ойланып. Рецензия, «Жаңа талап», 1968, №1.

Шәріпақынұлы З. Әңгіме өткірлігімен өміршен. Әдеби сын. «Жаңа талап», 1968, №3

Жұмажанұлы А. Творчестволық өсу. Рецензия «Жаңа өмір», 1969, №30.

Жұмаханұлы Қ. Сын тағдыры хақында. Әдеби сын. «Шұғыла», 1971, №1

Шәріпақынұлы З. Ақ қайыңға айттар сөз. Рецензия «Шұғыла», 1972, №1

Шәріпақынұлы З. Қауия – лирик ақын. Рецензия «Шұғыла», 1972, №1

Арысбайұлы Қ. Ашылған сырмен сырласу. Рецензия, «Шұғыла», 1972, №1

Арысбайұлы Қ. Гүлдәридың өлеңдері. Рецензия, «Шұғыла», 1973, №1

Арысбайұлы Қ. «Халық жырларын» оқығандағы ойлар. Рецензия, «Шұғыла», 1974, №1

Тоханұлы Б. Халық ақындары және Ақыт. Рецензия «Шұғыла», 1974, №1.

Мұхамадиұлы Е. А нам менің. Рецензия «Жаңа өмір», 1974, №8.

Арысбайұлы Қ. Өлең мәнді де мәнерлі болсын. Әдеби сын, «Жаңа өмір», 1975, №91

Арысбайұлы Қ. Көркем әңгіме жайлы сөз. Рецензия, «Шұғыла», 1976, №2

Мұхамадиұлы Е. Ерлік іздері. Рецензия «Шұғыла», 1978, №3.

Жұмажанұлы А. Проза және оқырман талабы. Шолу мақала «Шұғыла» 1977, №1,

Жұмаханұлы Қ. Әдебиет шежіресі. Мақала «Жаңа өмір», 1978, №28

Қалаубайұлы Д. Фашық көзбен қарасақ. Рецензия «Жаңа өмір», 1978, №8

Қалаубайұлы Д. Бір кітапты оқығанда. Рецензия «Шұғыла», 1978, №4 т.б

Осы сын мақалалар мен рецензияларды Монголия қазақтары әдебиетінің әдеби сынныңдағы алғашқы қарлығаштары деп есептейтін болсақ, әдеби сын одан бері қарай жарты ғасырға жуық шығармашылық жолдан өтті. Эрине, бұл әдебиетіміздің тарихымен салыстырғанда өте қысқа мерзім. Алайда, бүгінгі заман жылдамдығымен салыстыра қарасақ, жеткілікті уақыт.

Белгілі ғалым Т.Кекішұлы: «Сын жанры—коллективтік ой-пікірдің жемісі. Оның дүниеге келуіне, есіп-әркендеуіне негізінен үш шығармашылық /творчество/ арна әсер етеді. Қай әдебиетте болмасын, сын жанрының тарихына көз салған уақытта, ең алдымен, өздерінің бар қуат-дарынын, ақыл-ойын, эстетикалық талап-талғамы мен білігін сарқа жумсайтын профессионал сыншылардың, екіншіден, әдебиеттің кезеңдік мәселелерін өзінің және қаламdas құрбы-құрдастардың күнделікті тәжіиесіне сабақтай отырып сарапқа салатын ақын-жазушылардың, үшіншіден өзінің оқығаны жайында ағынан жарылып, ойындағысын ашық айтатын, пікір толғайтын әдебиетшіл қауымның шығармашылық күш біріктіруі әрқашанда сынның өнерпаздық алымын көнектіп келе жатқанын көреміз. Осы үш арнадан өрбіген ақыл-ой, тасқындаған сыншылық пікір әдебиет теңізіне келіп құйылғандаған сын жанры марқаяды, өркендейді, көркем өнердің дамуына игі әсерін тигізеді»[61] – дейді.

Монголия қазақтары әдебиетіндегі әдеби сынның да шығармашылық шағын тарихы бар еken. Монголия қазақтары әдебиетіндегі ең жас жанрға саналып отырган, уақыт пен кезеңдік сан қылыш толғақты мәселелерді басынан кешіріп келген әдеби

сынның тарихы, оның идеялық көркемдік биігі проблемалық мәселелеріне тоқталсақ.

Монголия қазақтары әдебиетіндегі әдеби сынның творчестволық тарихын даму ерекшеліктерімен идеялық-көркемдік жағынан көтерілген сатыларын ескере отырып, шартты түрде үш кезеңге бөлуге болады:

1. 1940-1975 жылдар аралығындағы туу, қалыптасуы кезеңі.
2. 1975-95 жылдардағы өсу, жетілу кезеңі.
3. 1995 жылдан бергі толысып, даму кезеңі

Монголия қазақтары әдебиеті сыннының 1940-1975 жылдар аралығындағы жүргін көтерген, өлкелік балаң әдебиеттегі сын жанрының өмірге келуіне, өркен жауына еңбек сіңіргендер – ақын-жазушылар болды. Олар көркем шығармалар жазуға бар күш-жігерін, ақыл-ойын, талап-талғамын, білімі мен білігін арнай жүріп, «өнер мен әдебиет туындыларындағы әдемілік пен кемшілікті ашатын, әдеби сын жанрын да назарларынан тыс қалдыра алған жоқ. «Сөз шынға, пышақ қынға тоқтайды» – дейді дана халқымыз, әділін айтсақ, ақын-жазушыларымыздың қаламынан шыққан сын-мақала, рецензиялардың идеялық-көркемдік дәрежесі жоғары, алымы кең, теориялық түрғыдан терең талдаулар жасалған деп кесіп айту қын. 1940 жылдан бастап «Өркендеу» /«Жаңа өмір»/ газеті мен «Жаңа талап» /«Шұғыла»/ журнальында әртүрлі сын-мақалалар, рецензиялар жарияланды. Олардың барлығының авторлары тек қана ақын-жазушылар. Бұл кезеңде бойындағы құллі күш қуатын, талабы мен дарынын, ақыл-ойы мен парасатын, эстетикалық талғамы-танымы мен білімін арнап, сын өнерін мұрат тұтқан кәсіби сыншылар болған жоқ. Сол себепті де 1940-1975 жылдар аралығында үлкен сындарлы ойға құрылған, терең теориялық түрғыда жазылған көркемдік-идеялық дәрежесі биік сүбелі бірде-бір сынни еңбек жазылмапты. Ал, жарық көрген материалдар сын-мақала, рецензия көлемінде. Мәселе, әрине, сынның көлемінде емес. Белгілі сыншы, академик Мұқамеджан Қаратаяев: «Сынның табысын сын еңбектерінің тек саны мен сапасынан іздеу бір жақтылық болар еді. Сондықтан мұны оның

беделі мен ықпалынан да, озса әдебиет процесіне, қалса жеке жазушыға еткен ықпалының нәтижесінен де іздеу керек» – деген талап қояды.

1940 жылдан бергі жазылған сын-мақалалар мен рецензиялардың ішінде көркемдік-идеялық салмағы, сыншылық шеберлігі және эстетикалық-теориялық деңгейі әрқылы болғанымен, балаң әдебиетіміздегі кейбір көкейкесті мәселелерді қозғап, басылып жатқан кейбір көркем шығармалар – повестер мен поэмалар, өлең жинақтары мен әңгімелер – туралы көнілге қонарлық, ой салатында сын-мақалалар мен рецензиялар да жарық көріп отырды. Олардың қатарында:

1. Шәріпақынұлы З. Әңгіме өткірлігімен өміршен. 1968. мақала
2. Байбатырұлы И. Әңгіме жайлы ортақ ой. Мақала. 1972.
3. Қалиасқарұлы Қ. Толысу жолында. Мақала. 1972. (М.Қаратасев. Революция рухымен. Алматы. 1978.)
4. Қ. Арысбайұлы. Өлең мәнді болса. Мақала. 1975.
5. Мұхамәдиұлы Қ.. Әр өлең әсерімен. Мақала. 1963.
6. Илиясұлы Я. Балаларға базарлық керек. Мақала. 1972.
7. Т.Сұлтан. Творчество сапасын қастерлейік. Рецензия. 1972.
8. Н.Тоқталған. «Телқонырды» оқып шығып. 1970.
9. «Көрімдікке» көрімдік. Рецензия. 1970.
10. Ж.Куанған. Сын тағдыры қақында. Мақала. 1971.

қатарлы сын-мақалалар мен рецензияларды жатқызуға болады. Сондай-ақ, сыншы Ц.Хасбаатар, ақын-жазушылар Б.Бааст, Қ.Шабдарбайлардың Монғолиядағы қазақ әдебиетінің бәйтерегі Ақтан Бабиұлының шығармашылығына талдау жасаған сын-мақалаларын атап ету ләзім.

Жоғарыда аталған сын-мақалаларды – рецензияларды, жалпы 1940-75 жылдар аралығында жазылған үзын саны елуге жуық сынни материалдарды сараласақ, әдебиетті толғандырып отырған проблемалар туралы, көркем шығармалар жайлы ой-өрісінің, білім

мен білігінің жеткенінше артық-кем пікірлер айтылыпты, ой қозғалыпты.

Ш.Зұқайдың 1968 жылы «Жаңа талап» журналының 38 - санына басылған «Әңгіме өткірлігімен өміршен» мақаласы, сол журналдың 1968 жылғы 1-санында жарыққа шыққан «Әңгіме туралы ортақ ой» сын - мақаласында әдебиеттегі көлемі шағын қын жанр - әңгіменің аймақ әдебиетіндегі алып отырған орны, көркемдік деңгейі, әңгіменің өз ерекшеліктері, оның жеке жанрлық табиғаты туралы түщымды ойлар айтылады. Мұндай пікірді К.Арысбайұлының «Өлең мәнді де мәнерлі болса» /1975/ сын-мақаласына, М.Құрманханның «Әр өлең әсерімен» сын-мақаласына және Н.Тоқтауханның «Телқонырыды» оқып шығып...», «Көрімдікке» көрімдігіндей» сын-мақалаға бергісіз рецензияларына да айтуға болады. Бірақ теориялық талдау тұсы кемшін түсіп жатқандығын айтпасқа да болмайды.

Сын-қын өнер. Сыншы талантты сирек кездесетін талант деп бекер айтылмаған. Ісіне үлкен жауапкершілікпен қарайтын, ақыл-ойымен қара қылды қақ жаратын әділдікті сүйетін, терең білімі мен биік эстетикалық – талғамы бар адам ғана шын мағынасындағы сынды жаза алады, көркем шығарманың әдемілігі мен кемшілігін ешкімге талас тудырмайтын әділдікпен аша береді. Тіпті, шағын рецензия жазу үшін де ізденіс қажет, жауапкершілік және білім керек, парасаттылық керек. Сын-рецензия бір шығарманы басынан құс ұшырмай мақтау емес, кемшілігін көзге шұқып көрсетіп, даттау да емес.

Бұрынғы жылдарда жазылған сын рецензияларды қайта парақтап қарағанда, кейде ақын-жазушылар мен оқырмандар осы мәселелерді ескере бермегендігі, белгілі бір туынды жайлышты я асыра мақтау, я болмаса артығымен даттау, немесе, тәп-тәүір туындының табиғатын жете түсінбеу салдарынан болар, шығарманың өн бойынан кемшілік іздел, жіпке тізу деректері де кездеспей қалмайды.

Әдебиет зерттеушісі, сыншы Қуанған Жұмаханұлы: «Н.Тоқталхан кейбір авторлардың шығармасын лепірте мақтайды

/Н.Құлданның «Жүзінші көктем», Д.Даниялдың «Нұрлы күн» жинақтары/, кейбір шығармаларды ешбір дәлелсіз сынайды» - деген ой түйеді. – Кемшіліктерді бұркемелей отыра көтере мақтау сияқты жағдайды Қ.Шабдарбайдың белгілі жазушыларымыздың бірі – Ж.Икранбектің әңгімелеріне, Н.Шериязданнның жас ақын Қ.Даянның «Жас дәурен» жинағына жазған сын-мақалаларынан жолықтыруға болады» [62], – деген пікірлері дәлел болмак..

Куанған Жұмаханұлы Монгolia қазақтары әдебиетіндегі әдеби сын мәселелерімен айналысқан санаулы зерттеуші, сыншылардың бірі. Ол өзінің «Сын сапары» [62] кітабында сын мақала, рецензиялардың идеялық-көркемдік дәрежесі туралы былай деп жазады: «Сыншыларда талаптану, талпыну бар да, еңбек пен іздену жок. Белгілі бір шығарманы талдағанда объектілік пен талғамдылық, теориялық білім, философиялық мәдениеттілік жетіспейді. Сынымызда шыншылдық, өткірлік кем.

Сыншыларымыз бірде кемшілікті айтуға келгенде күмілжіп қалса, бірде уыстап топырақ шашуға әзір тұрады...

Сынымыздағы тағы бір олқылық – кейбір сын мақалалардың өн бойы жаландаушылықтан, қарадүрсінділіктен аяқ алып жүргісіздігі...

Сыншыларымыз шығарманың атмосферасына сырттай көз салудан, қошемет көрсетіп, мақтау, мадақтау немесе даттаудан аса алмай келе жатқаны қинайды. Сөйтіп, шығарманың ішкі жан дүниесіне талдау жасаудан гөрі жалпылай шолу, таныстыру сипаты басым. Үлгі тұтарлық, ой түсіріп, толғандырлықтай сын өте керек. Кейбір сындар шығармаларға қарап, үңіле зерттеліп емес, сол шығармалардың авторларының атақ-дәрежесіне, бел-беделіне қарап асыра мақтау немесе мұқатып, тұтыртып тастау мақсатында жазылып жүр» - деп келеді де белгілі мысалдар арқылы факті көлтіреді.

Сыншы Куанған Жұмаханұлы әдеби сынның хал-ахуалі төңірегіндегі тартымды талдауын әрі қарай былай деп жалғастырады: Сыншылық маманы жан-жақты сан-салалы білімді талап етеді. Әдебиет сынинда алыпқашпа пікір-ой тастау,

қорғаншақтық немесе тартыншақтау, немесе екішты дәйексіз түжырым жасау болмауы керек. Сын өткірлігімен, әділдігімен өміршең болса керек. Әйтпесе, талдаудағы ала-құлалық пен екіштылықabyрой әпермейді, сынға, сыншыға деген сенімді әлсіретеді. Қорыта айтқанда, сынныңда әдебиетіміздің көкейкесті проблемалары төнірегінде салиқалы ой, құнды пікір айтып, өрелі биіктен өрісі кең сын жазу әлі жетіспейді. Көпшілік сынның идеялық-көркемдік дәрежесі төмен, құныға оқып шығатындағы өзекті ой, құлпырған тіл жоқ» – деген пікірін «Сын сыры» (Өлгій, 1985) еңбегінде, талап түрғысында алға тартады, «Әр алуан тақырыптарда қалам тартып жүрген қаламгерлердің шеберлігін, стилдік мәнерін, ерекшелігін, шығармаларының идеясы мен тақырыбын, көтерген мәселелерінің қыры мен сырын ашық көрсетуге, эстетикалық-теориялық толымды талдау жасауға ықылас-ынта, ізденіс жасап, тер төгілмейді. Сонымен бірге, қоғамныңдағы, қунделікті өміріміздегі, елімізді әдебиетте қалай қойылып, шешімін табу керектігі турасында сез алып, сын мінбеге батыл көтеріле алмай отыр. Сынның әдебиетіміздің даму жолы, жеткен межесі мен жарқын болашағы туралы әдебиетшілерге ҳақ жол көрсететін болуы керек» – дей келе, аймақ әдебиетіндегі әдеби сынның кенже қалып келе жатқанын айтады. Жарық көрген сын-мақалалар мен рецензияларда көркем шығармалар қандай эстетикалық-теориялық деңгейлерде талданылған, сынның тілдік шұрайлылығының қандай сапада екендігі туралы фактілер келтіре отырып, жақсы талдайды. Куанған Жұмаханұлының бұл талдауларын ғылыми-теориялық түрғыдан терең – объективті талдау деп айту қын шығар. Әйтсе де, сыншы, зерттеушінің еңбегі өлкелік әдебиет алдындағы сыншының үдесінен шыға білгендігімен құнды дер едік.

Монголиядағы әдеби сын жанры әдебиеттің жалпы табысына ілесе алмай, замана талабына жауап берे алмай келген болса оның себептері неде? Куанған Жұмаханұлы 1970 жылы «Шұғыла» журналына жариялаған «Сын тағдыры» мақаласында: «Біздіңше, сынның көптен кенже қалып келгендігінің басты себептері:

біріншіден әдебиет теориясынан хабардар жолдастардың сын жанрынан ат-тонын ала қашатындығы. Иә, сын бейнеті көп, зейнеті аз жанр.

Екіншіден, ат төбеліндегі азғана ақын-жазушыларымыз сын айтуға келгенде бір-біріне қошемет көрсетіп, жалтарып кететіндігі.

Ушіншіден, сын-мақалалар газет-журнал редакциясына келіп түспей жатып, қақпақыл, өгейлік көріп, кейінге сырғытыла береді. Әсіресе, қатты айтылған сындар сергелденге түсіп кете береді. Біздіңше, міне осындағы нақты себептер әдеби сыннымыздың дамуына кері әсер етіп келеді. Сын жанры мейірім, ілтипатқа зәру боп отыр. Сондықтан, жұмыла көтерген жүк женіл дегендегі алдағы уақытта сынның еркендеуіне кең өріс ашуға көп болып ат салысусымыз керек. Жазушылар бөлімі мен газет-журнал редакциялары сын төңірегінде жоспарлы жұмыстар үйымдастырып, атап-нақтап айтсақ, әдебиеттің дамуына сол кезеңде түрган кезек күттірмес проблемалары туралы талқылау салып, пікір айтысар конференциялар үйымдастырса демекпіз» [63] – деген ойларын ортаға салған.

Әдебиет, сөз өнері – қоғамдық сананың әрі күрделі, әрі орасан маңызды саласы. Сондықтан да, әдебиеттің дамуына сол кезеңде партия үйимдары мен идеологиялық орталықтар әрдайым қадағалап, идеялық бағыт беріп келсе, көркем әдебиет сынны назардан тыс қалып келді.

Бұл кезеңде, әдебиет сүйер қауымның – оқырмандардың әдеби дайындығы, эстетикалық талғамына байланысты болды. Халық әдебиетті оқымай қойған жоқ, сүйіп оқыды. Бірақ, өздерінің оқығаны жайында ағынан жарылып, ойындағысын ашық айтып пікір толғауға дайындықтары жоқ болды.

Әдебиет сынның кәсіби биікке көтерілуі үшін, ең алдымен, қара қылды қақ жарған әділетті сын айта алатын, білім-парасаты жогары, ой-өресі биік маманды сыншылар болуы керек-ті.

Бұл кезеңде әдебиеттегі әдеби сын жанрының артта қалуындағы ең басты себеп сол – маманды кәсіби сарапшылар туып шықпағандығы.

Әдебиет теориясын жетік менгерген, жан-жақты білімді көсіби сынның оқытып, тәрбиелеп алуға Жазушылар бөлімі, тиісті үйымдар тарапынан сұраныс болмағандығы.

Жазушылар бөлімі, әсіресе «Жаңа өмір» газеті мен «Шұғыла» журналының редакциялары жарияланатын сындық материалдарға ешқандай талап қойылмады.

Сын-мақала, рецензия жазып жүрген әдебиетшілерге әдеби сынның міндеттері мен мақсаттары турасында қажетті ақыл-кеңес, нұсқау болмады әрі редакцияға түсken сынни материалдар талдаپ, таразыға салынбастан басылым беттерінде жарық көрді.

Сыншылар жауапкершілік пен ақыл-ой, парасаттылық жағына, кішкентай рецензия жазу үшін де үлкен ізденіс, тиянақты теориялық дайындық, оқып-үйрену керек екендігіне назар аудармады. Олар әдеби сынның мақсаттары мен міндеттеріне, әдеби үдерістегі маңызына немқұрайлы қарады. Ал, әділ сын, тіпті шағын рецензия жазу үшін белгілі мағынада білім, мәдениет, іліп алар ой-пікір, эстетикалық талғам және шүрайлы тіл болуы шарт.

Бұл жағдайлар өз ретінде әдеби сынның да, әдебиеттің де талғам, талап таразысына түспегендіктен белгілі деңгейде кері ықпал етіп отырды.

Ғалым Тұрсынбек Кәкішевтің: «...жалпы мәдени дәрежесі жоғары болмай, әділетті де терең сын жазуға, әдебиет әлеміндегі процестер мен құбылыстарды жыға түсінерліктең эстетикалық талғамның ұшталмай көркем шығармаға білікті талдау жасау мүмкін емес. Осы қасиеттер табылмаған жерде сыншылық ойдың жауапсыздығы, туады. Шығарманың жаңын түсінбей жауапсыз пікір айтуды, сол автордың үтішин былай қойғанда, бүкіл сынның беделін түсіруге апарып соқтырады» [61] – дейді.

Біз жоғарыда, қайнауы жетпеген шикі сындардың көп болуына, әуелі «Жаңа өмір» [64] газеті мен «Шұғыла» [63] редакциясы тарапынан кеткен ағаттықтарды айттық. Сөзіміз орынды, нақты болуы үшін тағы да филология ғылымдарының докторы, профессор Т.Кәкішевтің сөзін келтірейік: Белгілі ғалым былай дейді: «сынның беделді болуы көбіне газет-журнал

редакцияларының үқыпты және талғамды жұмыстарына тығыз байланысты. Олар сыншылармен тығыз қарым-қатынас жасап, әр сыншының творчестволық нысанасын, бет-бағдарын, стилін танып, қай жанр жайында айттар ойы қомақты болатындығын айқындал ала білсе, «энциклопедист» сыншылар мен жаны ары қиналмай жаза беретіндер аяғын тартар еді» [61]. Жарық көрген сындар аз да болса сапалы болар еді, беделді болар еді. Ал, шынайы бедел, сондай-ақ сапа қажеттілік туғызып еді...

Әдебиет сынның өз ішінен шартты түрде бірнеше салаға бөлуге болады. Қазақ кеңес әдебиет сыншының қалыптасу процесі туралы, жалпы оның тарихы туралы «Оңаша отау», «Сын сапары» секілді еңбектерінде, белгілі ғалым Тұрсынбек Кәкішев: «сонымен, поэзия мен проза сындарын жалпы сын жанрының қалыптасу дәүірінің өзекті арнасы ретінде қарап, олар жайындағы ой-пікірлердің бәрі де әңгіме арқауына тартылғанын ескеріп, енді өзіне тән талай ерекшелігі бар драматургия сынына тоқталған кетсек, қазақ әдеби сыншының қалай қалыптасқанын аңғарар едік» [61] – дейді. Яғни, сын жанрын салыстырмалы мағынасында:

1. Поэзия сыны
2. Проза сыны
3. Драматургия сыны деп топтап алғып қарауға болады екен.

Әдебиет сынны туралы сөз болған кезде әдебиет зерттеушілер творчествосына ат басын бүрмай өту мүмкін емес. Өйткені, Т.Кәкішев: «М.Қаратаевтың сөзімен айтқанда, әдебиет сынны мен зерттеуінің арасында белгілі шекара жоқ, екеуінің де құяр арнасы біреу, ол – әдебиеттану. 1945-1975 жылдар аралығындағы әдебиет зерттеу ісінің жағдайы қалай болды деп көз салсақ, ауыз толтырып, мақтансып айттарлық табысты қадамдар болмаса да, күр алаңан емес екен.

Монголиядағы қазақ әдебиетінде әдебиет зерттеу ісін алғаш қолға алған, бүгінде белгілі ғалым, филология ғылымдарының докторы Қабидаш Қалиасқарұлы. Ғалым 1968 жылы «Монголия қазақтарының ауыз әдебиеті» [65], 1970 жылы «Халық жырлары» [66], 1972 жылы «Халық ақындары» [67] деген ғылыми еңбектер

жазды. Фалымның бұл жылдары зерттеген негізгі обьектісі – ауыз әдебиеті. «Монголия қазақтарының ауыз әдебиеті» еңбегінде жалпы қазақ ауыз әдебиетінің қандас, туыстас бір бөлімі – Монголия қазақтары ауыз әдебиетінің мол үлгілерін алғаш рет жинақтап, жанрлық түрге жүйелеп, теориялық талдау жасайды. Бұл еңбек, ақиқатын айтқанда, теориялық талдаудың терендігімен де емес, идеялық көркемдік дәрежесінің биіктігімен де емес, өлі соқа тісі тимеген тың өлкені батыл, жігерлі шешіммен бірінші болып игеруді қолға алғандығымен құнды болды. Ел арасындағы бірте-бірте жоғалып бара жатқан әдеби мұраларды дер кезінде жазып алып, оларға ғылыми-теориялық түсіндірмелер жасалынуы оқырман көпшіліктің жылы ілтишатына бөленді. Еңбекте Монголия қазақтары арасынан жиналып алынған ауыз әдебиеті үлгілерін

1. Ертегілер
2. Тұрмыс салт-жырлары

Фашықтық жырлар

Батырлық жырлар

Мақал-мәтелдер

Аңыз-әңгімелер және халық ақындары творчествосы деген жанрлық түрге жіктей отырып, жеке-жеке талдау жасайды. Қорыта айтқанда, бұл еңбектің танымдық сипаты басым. «Халық жырлары» еңбегінде халық арасынан жиналған фашықтық, тұрмыс-салт, батырлар жырларының яғни, «Құралай сұлу», «Зуха батыр», «Арқалық батыр» секілді жырларына идеялық-тақырыптық және көркемдігі жағынан талдау, жасайды. Жалпы айтсақ, ғалым ауыз әдебиті үлгілеріне «Монголия қазақтары ауыз әдебиеті» еңбегінде де, «Халық жырлары» және «Халық ақындары» еңбегінде де идеялық-тақырыптық, мазмұндық және тілдік жағынан ғана талдау жасайды.

Қорыта айтқанда 1940-1975 жылдар аралығында Монголиядағы қазақ әдебиетінде әдеби сын пайда болу, әрі қарай даму үстінде болды.

Әдеби сынның өсіп, жетілуі /1975-1995 жылдар аралығындағы кезең/.

Монголия қазактары әдебиетіндегі әдеби сын жанрының арғы-бергі шығармашылық тарихын сөз еткенде, оның даму жолдары мен идеялық-көркемдік тұрғысынан көтерілген сатыларын ескере отырып:

1. 1940-75 жылдар аралығын туып, қалыптасу кезеңі
2. 1975-95 жылдар аралығын өсіп, жетілу кезеңі
3. 1995 жылдан бергі аралықты толысып, өрлеу кезеңі деп үш кезеңге бөлу дұрыс.

Әдеби сынның 1940-1975 жылдар аралығындағы тууы, қалыптасуы туралы, идеялық-көркемдік деңгейі туралы жоғарыда айтып өттік. Ал, 1975-95 жылдарда Монголиядағы қазақ әдеби сынның өсу кезеңі басталды. Бұл тұстағы сынның даму процесінен 1940-1975 жылдармен салыстырғанда әлдеқайда жоғары және жан-жақты жетілу толысу үстіндегі өзгешеліктерін байқауға болады. Бұл қысқа мерзімде балаң әдеби сынның идеялық-көркемдік дәрежесі жаңа сапалық сатыға көтерілді.

Әдеби сын мен әдебиет зерттеу ісін жедел қолға алып, кең көлемде өркендету мәселеі МХР Партиясының 16-съезінде қабылданған қаулыда: «Шығарманың идеялық-тақырыптық шеберлігін тыңдау, қандай бір керітартпа қайши көзқарастармен ымырасыз күресуде әдебиет пен өнердің принципті сынның өрістету маңызды болып отыр» - деп әдеби сынның маңызын атап көрсеткеннен кейін жолға қойыла бастады. Монголиядағы қазақ әдебиетінің дамуына әрдайым көніл қойып, идеялық бағыт нұсқап отырган МХР-ның Орталық Комитеті Монголия Жазушыларының II-съезіне келтірген құттықтауында:

«Монголия қазактары әдебиетінің таңдаулы шығармаларын байыптылықпен зерттеумен қатар жаңадан жарық көріп жатқан туындыларға да уақыт үттірмай тиісті баға беріп, жөн сілтеп отыру ісі – әдеби сын мен әдебиет зерттеудің бүгінгі таңдағы басты міндеті», – деп әдеби сынның мақсаты мен міндетін анықтап берді.

Бұл әдебиетіміздің бүгінгі қарқынан артта қалып келе жатқан әдеби сыннымыздың жемісті жанрға айналып, жедел өркендеуіне ықпал етті...

«Жаңа өмір» газетінде және «Шуғыла» әдеби журналында сын-рецензиялар тұрақты жарияланатын болды. Сонымен бірге, «Үнән», «Утга зокиол урлаг», «Цог» қатарлы орталық баспасөздерде де кейбір қазақ сыншыларының мақалалары және Монголия қазақтары әдебиетінің көрнекті туындыларына монғол қаламгерлерінің, мысалы, сыншы Ц.Хасбаатардың, Б.Баастың «Бабийн Актаны яруу найраг» мақалалары Д.Цөндінің ақын Д.Даниялдың «Миллион жүрек» жинағына жазған сыны басылып шықты. «Утга зохиол урлаг» орталық газет пен «Цог» орталық әдеби журналында атап айтсак, Ж.Куанғанның «Актаны яруу найрагийн тухайд» деген мақаласы, Т.Сұлтаннның «Утга зохиол урлагын чанар», «Шұғыла сәттүүлий тухай» деген мақаласы және т.б. қазақ ақын-жазушылар мен сыншыларының материалдары жарияланды. Сөйтіп, монғол сыншылары мен қазақ сыншыларының арасында творчестволық қарым-қатынас орнады. Монғол сыншылары Ц.Хасбаатар мен Б.Бааст өздерінің сындарына Бабиұлы Ақтанның поэзиясына теориялық баға беріп, өте құнды пікір айтты. Ал, сыншы Д.Цэнд монғол тілінде жарық көрген Баян-Өлгій жазушыларының біріккен «Жасыл дөң» жинағындағы О.Қаһардың «Орамал», М.Құрманханның «Жасыл дөң», Б.Ақтанның «Досымбек пен Балқия» шығармаларына әділ пікір айтып, теориялық талдау жасай келіп: «Монголиялық қазақ жазушыларымыздың творчествосы шындалып келеді» - деп атап көрсетеді. Сыншы Д.Цэнд келесі бір сынның Даниял Дікейұлының монғол тілінде жарияланған «Миллион жүрек» кітабына достық көнілден еш бүклемсіз әділ баға берді. Ақынның /Д.Даниялдың/ сәтті шыққан өлеңдерінен гөрі ойсыз өлеңдеріне көбірек орын берілгенін риясyz көнілден сынап, ескертулер жасады.

Монголия қазақтары әдеби сынның 1940-1975 жылдар аралығындағы жүгін жалғыз ғана творчестволық арна – әдебиеттің кезеңдік мәселелерін өзінің және қаламдас жолдастарының құнделікті тәжірибесіне сабактастыра отырып сарапқа салатын ақын-жазушылар ғана көтерсе, 1975 жылдан берігі жаңа кезеңде әдеби сынның жүгін мынадай творчестволық топтар көтерісті:

1. Әдеби сынды мұрат тұтқан; өздерінің ақыл-оый мен қуатын, білімі мен эстетикалық талғамын сол әдеби сынға арнаған Қуанған Жұмаханұлы, Яки Ілясұлы, Қабидаш Қалиасқарұлы секілді сыншылар туып шығуы әдеби сынның беделін арттырып, идеялық- көркемдік жаңа сатыға көтерді.

2. Ақын-жазушылар да қатарлас қаламгерлерінің шығармалары төнірегінде өз ойларын ортаға салып, баға беріп отырды және әдебиеттің кейбір келелі мәселелерін шешуге қашаннан алдынғы қатарда ат салысты.

3. Қазақ ақын-жазушыларының туындыларына монгол қаламгерлері мен сыншылары да риясіз көңілден сын айттып, өз ойларын ортаға салды. Әдебиет сыншылары Ц.Хасбаатар, Б.Бааст, Д.Цэндінің әр түрлі тақырыптардағы сын мақалалары туралы осы тараудың алғашқы беттерінің бірінде қысқаша айттылды. Сөйтіп, қазақ әдебиетшілері мен монгол әдебиетшілерінің арасындағы шағырмашылық байланыс, дамып нығайды.

4. Әдебиет сүйер оқырман қауымның талғамы өсті, әдеби дайындығы артты. Олар қай шығармаға да, ол мейлі прозалық жанрда болсын, поэзия жанрында да болсын, өзінің оқығаны жайында ағынан жарылып, ашық пікір айта алды.

Міне, Монголия қазактары әдеби сынны жанрының осы төрт арнадан өрбіген ой, пікір, сынны 1975-95 жылдардағы өсіп, жетілу кезеңінде көркемдік-идеялық дәрежесінің бұрынғыдан әлдекайда өскенін танытты. Бірақ, бұл арқылы Монголиядағы қазақ әдебиетіндегі әдеби сын толысып, кемеліне жеткен, көсіби деңгейге көтеріліп қойған дегенді айтпақ деген үғым тумауы тиіс. Қоғамның, ғылымның, адам санасының, әдебиеттің үздіксіз өсіп, өзгеріске түсіп отыруымен бірге әдеби сын да бұл кезеңдерді бастан кеше отырып әрқашан дамып, кемелденіп толыға отыратынын естен шығармағанымыз азбал.

Оның 1940-1975 жылдар аралығында тек сын-мақала, рецензия көлемінде өмір сүрген және творчестволық арнасын тек ақын-жазушыларға тағайындалған түу қалыптасу кезеңімен салыстырғанда, 1975-95 жылдар аралығындағы өсіп, жетілу

кезеңінде сапалық ілгерілеу басым болып еді. Сыни материалдар мақала-рецензия көлемінен сын кітабы, монография, дәрежесіне жетсе, сыншылар құрамы тек ақын-жазушылар тобынан маманды сыншылар, оқырман қауым және монголдың сыншылары сияқты үлкен-үлкен 3 творчестволық арнамен толықты. 1975-95 жылдар аралығындағы сынни материалдарды идеялық-көркемдік, теориялық түрғыдан сараптағанда оларды /сыни материалдарды/ жоғарыда сипаттап өткен творчестволық әрбір арнадан таратып таразыға салмақпаз. Демек, 1975-95 жылдар аралығындағы Монголия қазақтары әдебиетіндегі әдеби сынның шығармашылық тарихын әдеби сынды мұрат тұтып, соған маманданып жүрген әдебиетшілердің еңбектерінен бастаймыз. 1975-95 жылдар аралығында тек әдеби сынға арналған:

1. Куанған Жұмаханұлы

Сын сыры. Өлгий – 1985 [62]

2. Яки Ілиясұлы

Шеберлік деңгейі. Өлгий – 1985[68]

3. Яки Ілиясұлы.

Қаламгер парызы. Өлгий – 1982[69]

Тәрізді үш сын кітабы және әдеби зерттеуге арналған:

1. Қабидаш Қалиасқарұлы

Өскелең өлкенің өршіл әдебиеті. Өлгий қаласы – 1976[70]

2. Куанған Жұмаханұлы.

Бабийн Ахтаны яруу найраг. Өлгий қаласы – 1980[71]. деген екі еңбегі жазылды. Бұғынгі қазақ әдебиетінің және оның әдеби сынның асқар биігінен қарағанда, бұл еңбектер саны жағынан да, сапасы жағынан да көңіл толтырмағанымен өлкелік әдебиет яғни, Монголия қазақтарының шағын әдебиеті үшін, оның әдеби сынны үшін саны аз болса да сын кітаптары мен ғылыми зерттеу еңбектерінің /монография/ туып шығуы қуанарлық оқиға болды.

Әдебиетке 1965 жылдары келген Қунған Жұмаханұлының оқырман қауымға «Әнім сен едің», «Іңкәр сезім» атты жыр-жинақтарымен және «Монголша – қазақша атаулар», «Сөйлеспелі

сөздік» деген кітаптармен таныс. Ақын Куанған Жұмаханұлы 1970 жылдардың екінші жартысынан бастап әдеби салымен де шүғылданып, дұрыс беталыс жасайды. Оның қаламы өткір ойлы, образды өлең жазудан гөрі жаңаша ойға құрылған тартымды, салмақты сын жазуға жүйрік екені «Шұғыла» журналында жарық көрген алғашқы «Сын тағдыры», «Әдебиет пен өнер», «Ауыз әдебиеті туралы » деген сын мақалаларынан байқалып, танылады. Сонымен бірге, қазақ және монгол тілдерінде шыққан «Сын сыры», «Бабиұлы Ақтанның поэзиясы» атты кітаптары Куанған Жұмаханұлының әдебиеттегі бағытын, жанрын анықтап берді.

«Сын сыры» – қаламгердің әдеби сын саласындағы тұнғыш жинағы болғанымен 1975 жылдан бері жазылған әдеби сын және зерттеу енбектері ішіндегі ұтымдысы. «Сын сапарында» Монголия қазақтары әдебиетіндегі жаңашылдық, дәстүр жалғастығы, әдебиеттер байланысы және кейбір көрнекті ақын-жазушыларымыздың творчествосы туралы, сонымен қатар соңғы жылдардың сүбелі туындылары туралы сынни ойлар топтастырылған.

- Кітап:
1. Барлау
 2. Толғау
 3. Талдау

деген 3 үлкен бөлімнен құралады. «Барлау» бөлімі:

- а) әдеби байланыс, әдеби дәстүр
- б) сын сыры

деген екі тарауға бөлінеді. «Барлау» деп аталатын бірінші бөлімінде сыншы негізінен әдебиеттер арасындағы байланыс төңірегінде толғанады. «Горький және монгол әдебиеті» деген мақалада пролетариаттың ұлы жазушысы Максим Горькийдің монгол әдебиетіне тигізген ықпалы, әсіресе, ұлы жазушының Италиядағы Сорренто қаласынан Монголия зиялышарына жіберген хаты туралы ол хаттың аударма мәселесін шешудегі үлкен рөлі туралы сөз болады. 1925 жылдың 12 май күні Монгол Халық Республикасының Ағарту министрі Эрдэнэ Батхаан бастаған бір топ зиялышлар М.Горькийге хат жолдап: «Орыс әдебиетінен монгол тіліне аудару керек болып отыр. Бұл жауапты істе қандай принцип

ұстанып, неден бастасам екен?»- деп ақыл-кеңес сұраған-ды. Қуанған Жұмаханұлы: «Бұл уақыт талабынан, аударма өнері проблемасынан туындаған саяул еді. Монгол әдебиетінде шығыс әдебиетін аудару дәстүрге айналып келсе де, батыстың классикалық озық әдебиетін төржімалау тәжірибесі мүлдем дерлік жок еді. Сондықтан да, ... жана әдебиетті жасау тауқыметін арқалаган алдыңғы толқын интеллегенттеріміздің ұлы жазушыдан нұсқау алуы заңды нөрсе, заман талабынан туған қажеттілік болды», – дейді. Дархан жүректі ұлы кеменгер жазушы Италияның Сорронт қаласында емделіп жатып, хатқа жауап қайтарды. «Өзімнің монгол халқы жайлы оқығандарыма сүйеніп, Монголия адамдарының сана-сезімін топшылауымша....сіздің халық үшін белсенділік принципін насиҳаттау,күрескердің жігерлі бейнесін айқын көрсеткен және ержар бостандықты емес, керісінше нағыз бостандыққа шақырған,бостандық пен әділеттілік идеясын ұстанған адамдардың қаһармандық істерін айқын да өткір көрсеткен шығармаларды аудару пайдалы болар еді», - деп жазды Максим Горький хатында. «Максим Горький және монгол әдебиеті» деген мақалада пролетариаттың ұлы жазушысы мен монгол әдебиетінің байланысы, Горький шығармаларының монгол тіліне аударылуы жайлы, жалпы, Голький творчествсының монгол жазушыларына үлкен маңызды ықпалы туралы жан-жақты әңгімелесе, «Қазақ совет әдебиеті монгол тілінде» атты мақала қазақ совет әдебиетінің монгол тіліне аударылуының хал күйіне арналған. Қазақ совет әдебиеті монгол тіліне екі тілден – қазақ және орыс тілінен аударылуда. Орыс тілінен М.Цедендорж, Л.Хушаан, Д.Алтанхуяк, Ц.Адийхуу; қазақ тілінен аударған Ш.Жамлиха сияқты аудармашылар жемісті еңбек етіп келеді. Монгол оқырмандары қазір XX ғасыр әдебиетінің өлемдік шоқ жүлдзидарының бірі, қазақ кеңес әдебиетінің кеменгер жазушысы М.О.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясын, «Өскен өркен» романын, С.Мұқановтың «Ботагөз», F.Мұсіреповтің «Қазақ солдаты», Ә.Әлімжановтың «Махамбеттің жебесі», Қ.Әбдіқадыровтың «Кажымұқан», Ш.Өтеповтың «Шығыс қызын», және ақындар

М.Молдағалиев, О.Сұлейменов, С.Мауленов, М.Әлімбаев, F.Қайырбеков, Т.Молдағалиевтің өлең, поэма, дастандарын өз ана тілінде оқуда», – деп мәлімдейді автор қазақ совет әдебиетінің монгол тіліне аударылуы хақында. Сыншы аудармалардың көбі сәтті шығып жүргенмен кемшіліктердің де көрініп қалатынын атап көрсетеді.

Бірінші бөлімнің «Сын сыры» деген екінші тарауында Монголия қазақтары әдебиетіндегі әдеби сын жанрының творчестволық тарихына барлау жасап, жас жанрдың кемшіліктері мен жетістіктері, әдеби сынның алдындағы көкейкесті проблемаларына талдау беріледі.

«Әдебиеттің әділ төрешісі – дейді Куанған Жұмаханұлы. – сындарлы сын болуға тиіс. ...әдебиетіміздегі сын жанрының жағдайын жақсартып, кең өріс ашу - өбден толғағы жеткен мәселе. Егер өресің биік, өміршең әдебиет жасаймыз десек, өзекті сынды жолға қоюымыз ауадай қажет». Сыншы әрі қарай бүрүн басылған сын-мақалалар мен рецензиялардың идеялық-көркемдік деңгейіне талдаулар жасап, нақты кемшіліктерді атап, ашып көрсетеді. Аймақ әдебиеті сыншыларының ішінен алғаш рет әдеби сынның тағдыры туралы мәселе қозғап, әдеби сынды өрістетуге жол ашуды қолға алған – Куанған Жұмаханұлы.

Сыншылардың әдебиет мәселелері турасында жаңадан жарық көріп жатқан көркем шығармалар турасында өз бағаларын беріп, теориялық талдаулар жазып жүргенмен өлкелік әдебиетте әдеби сынның хал-ахуалы жалпы жағдайы, еткені мен болашағы турасында мәселе көтермепті.


Осы тұрғыдан алып қарағанда, сыншы Куанғаның Монголиядағы әдеби сынның тағдыры жайлы, оның айналасындағы күрделі проблемаларды қозғап мақала жазуы мезгілінде қолға алынған дүние болды.

Сыншының бүрүннан жарияланып келе жатқан сындардың идеялық-көркемдік деңгейіне теориялық талдау жасап, әдеби сынды артқа тартып келе жатқан кемшіліктерді ашып, сын тағдыры туралы терең ойлар толғаған мақаласы аймақтық Жазушылар


Бөлімшесі мен «Шұғыла» әдеби журналының әдеби сынды жедел дамыту ісін қолға алуына түрткі болды. 1986-жылдың ақпанында Әлгіде болған Жазушылар Бөлімінің әдеби қорытынды мәжілісінде жасалған баяндамада әдеби сын туралы: «Әдеби сынды жедел өркендетуге байланысты – басылатын әдеби туындыларды рецензиядан өткізіп, редакциялық талқылау жасап отыру, сондай-ақ жарық көрген шығармаларға Жазушылар Бөлімінде, әдеби үйірмелерде және оқырмандар конференциясында талдау, пікір алмасу, ол сын пікірлерді «Шұғыла» журналында тұрақты жариялау, әдеби сын мен рецензияларға жүлде жариялау, жыл сайын поэзия, проза жанры бойынша есеп беріп отыру сияқты жұмыстар жүйелі түрде жолға қойылуда» деп атап көрсетуі соны айғақтайды.

«Сын сырының», «Толғау» деп аталатын екінші бөлімі аты айтып түрғандай аймағымыз әдебиетінің ақсақалы Бабиұлы Ақтанның / «Екі дәуір жыршысы», ақын Кәп Құмарұлының / «Жыр балтап, шәкірт баулыған», ақын Елікбай Іңіrbайұлының / «Балаларға базарлық»/ творчествосы туралы толғанысқа толы. Сыншының талдаулары дәлелді, ойлы болғанмен де бір жақтылау. Себебі, сыншы атальыш ақындардың өлеңдері мен поэмаларын тек идеялық-тақырыптық түрғыда ғана алғып қарайды. Сыншы Куанған Жұмаханұлы «Сын сырьы» кітабы туралы ғалым Қабидаш Қалиасқарұлы: «Сын сырьындағы» әдеби өмірге жасалған барлау, толғау, талдаулардан біз әдебиеттану мәселесіне білімдарлықпен үніле қарап, әділ қазы бола алатын жақсы сыншы туып келе жатқанын байқадық. Барлау, талдау бөлімдеріндегі мақалалар әдебиет мәселесінде оның, нақты материалдарды теориялық елекten өткізіп, проблемалық ойлар қозғауда, зерттеуге пайымдылықпен байыпты үнілуде сөтті қадамдар жасаған автордың толық мағынасындағы сын-зерттеулер берер қуатын танытқан туындылар» – деп баға береді.

Әдеби сын мәселесімен әдебиет отауын алғаш 1960-жылдардан аттаған бірден бір ақын, жазушы **Яки Ілиясұлы**. Ол бар күш-қуатын, білімін әдеби сынға аударған қаламгер. Соның



нәтижесінде «Шеберлік деңгейі» [68], «Қаламгер парызы» [69] деген сын кітаптарын өдебиет сүйер кауымға сыйлады.



Яки Ілиясұлы 1937 жылы Монгол Халық Республикасы, Баян-Өлгий аймағының Тұлба елді мекенінде дүниеге келген. Әдебиеттегі алғашқы қадамын 1960 жылы бастап, оның поэзия, әдеби сын саласымен шұғылданды. 1968-1981 жж. аймақтық «Жаңа Өмір» газетінде әдеби қызыметкер, жауапты хатшы, 1981-1991 жж. осы газеттің бас редакторы, 1991 - 1996 жж. Баспахана директоры қызыметтерін атқарды.

«Дала перзенті» (Өлгий, 1969), «Көңіл көктемі» (Өлгий, 1978), «Таң шұғыласы» (Өлгий, 1982), Цоорын аялгуу (Сыбызығы сазы) монгол тілінде, (Улаанбаатар, 1985) /өлеңдер мен поэмалар/, «Қаламгер парызы» (Өлгий, 1979), «Шеберлік деңгейі» (Өлгий, 1985) /сын-рецензиялар/ кітаптарының авторы.

Монголияның көрнекті акын-жазушылары Д.Нацагдорж, Ц.Дамдинсүрэн, Ч.Чимәд, Ч.Лхамсүрэн, Б.Явуухулан, Ч.Лодондамба, Б.Бааст, Д.Цоодолдардың бірқатар шығармаларын аударуға ат салысты. *Аударма кітаптары*: С. Дашиборов. «Сахара сандалы». Роман-дилогия. 1 - кітап. (Өлгий, 1980), 2 - кітап. Өлгий, 1983), Д. Цоодол. Нұрлы әлем. (Өлгий, 1980), М.В.Захаров.

А.Н.Грылев. Шығысты азат етудің зор міндеті. Тарихи очерк. (Өлгій, 1986).

Әдеби журналистика саласындағы еңбектері ескеріліп, «Еңбек құрметі» медалімен, халық революциясының 50, 60, 70 жылдық мерекелік медальдарымен және «Баспасөз-ақпараттың озат қызметкері», «Ұздік баспағер», «Жас үрпақты тәрбиелеуші озат қызметкер», «Еңбек екпіндісі» атақ белгілерімен сыйланды.

Яки Ілиясұлы алғашқы туындылары жарыққа шыққан 1963-жылдан бастап-ақ поэзиямен қатар әдеби сынды да жемісті жазғандығын басылым беттеріндегі өлеңдері мен әдеби сынға арналған мақалалары айғақтайды. 1963 жылы «Жаңа талап» әдеби журналының 172-санында басылған «Лирика өрісін кеңейте түсейік» атты әдеби сынны қаламгерді әдеби білімі, эстетикалық талғамы, философиялық мәдениеті жеткілікті сыншы ретінде танытады. «Лирика өрісін кеңейте түсейік» – бұл проблемалық мәселе қозғаған мақала.

«Қаламгер парызында» сыншының жазушының қоғамдағы рөлі мен жауапкершілігі, оның творчестволық бейнеті мен зейнеті жайлы толғаныстары, сондай-ақ аймақтық ақын-жазушылардың шығармашылығы төңірегіндегі әдеби сын-пікірлері жинақталған, әдебиеттегі проблемалық мәселелер тілге тиек етілген.

«Әдебиетімізде бертінге дейін лирика қағажау қалып, шеттетіліп келген жанр болды. Өлеңдердің басым көпшілігі, тіпті түгелге дерлігі Отан, партия, жаңа заман, күрес, бақыт туралы азаматтық тақырыпта жазылды. Азаматтық лирика барынша қажетті де өте-мөте маңызды. Және ол сұраным деңгейінен шығатын, көңіл қанағаттандырлық дәрежеде жазылды. Қазір де жазылуда. Болашакта да жазыла бермек».

Әйтсе де, халық, оқырман көпшілігі нәзік, сыршыл лирикаға зәру еді. Ал, ақындарымыз болса сол баяғы азаматтық тақырыпты асқақ әуенмен жыраумен жүр еді... Міне, осындағы мәселе «Лирика өрісін кеңейте түсейік» сын-мақаласында қозғалды.

Сыншының идеялық-көркемдік деңгейі жоғары, нақты теориялық талдауға құрылған, қаламы төсөлген, қалыптасқан

эстетикалық талғамы мен мәдениеті, білікті білімі бар сыншының құнды ойлары шүрайлы тілмен шебер өрнектелген еңбегі – «Шеберлік деңгейі» сын кітабы.

«Жаңа талап» журналында жарияланған сындар /«Өлеңде өмір лебі болсын», «Әңгіме жайлы айтар сөз», «Әңгіме және жазушылық шеберлік» және т.б./ Яки Ілиясұлының қалыптасқан білімді сыншы екендігін айғақтаса, «Қаламгер парызы», «Шеберлік деңгейі» атты сын кітаптары оның сыншылық шеберлігін дәлелдейді.

Филология ғылымдарының докторы, ғалым, белгілі сыншы, әдебиет зерттеушісі Қабидаш Қалиасқарұлы аталмыш еңбекке төмендегідей үлкен баға береді: «Көптен бері семсердің жүзіндегі өткір сындарымен танымал сыншы, ақын-жазушымыз Яки Ілиясұлы биыл «Шеберлік деңгейі» деп аталатын сын еңбегін ұсынды. Сыншы бұл кітабында соңғы кезде жазылған прозалық, поэзиялық комақты туындыларымызға және аудармаларға, кейбір ақын-жазушыларымыз творчествосына теориялық талдау жасайды. Сыншының мақалаларынан әдебиетіміздің өсу бағдарының, қаламгерлеріміздің белгілі мезгіл, уақыт аралығындағы айқын динамикасы байқалады. «Әңгіме сыры», «Аудармада ақаулық болмасын», «Өткелсіз өзен» мақалалары келелі, келісімді ойларға толы. Әсіресе жас талап, жаңа толқын ақын-жазушылар туралы сабак боларлық жақсы пікірлер берілген. «Сынға сын» мақаласында әділетті де орынды, өткір фактілер солақай сын-рецензияларды талассыз сынға алады.

Яки Ілиясұлы – әдебиет теориясын толық менгерген. Ізденісі көп санаулы сыншыларымыздың бірі. Оның «Шеберлік деңгейі» сын кітабындағы қай мақаланы алғып сараптасақ та, салмақты теориялық талқылауларымен, салиқалы ойларымен тартады. Кітапқа қолемді 12 мақала енгізілген. Олардың әрқайсысы әр түрлі тақырыптарға арналған талдаулар болса да түпкі мазмұны, түйісер жері – біреу, ол – шеберлік, жазушылық шеберлік. «Шырайлы шыншыл шығарма жазу үшін ең әуелі – шеберлік пен дарын, таланттылық болуы керек» - деп түйеді сыншы... Сонда шынайы шеберлік дегеніміз не, ол нeden басталады? Бұл сауалға сыншы:

«М.Горький: Әдебиеттің ең бірінші элементі - тіл» деген болатын. Шеберлік демек, тілден басталады. Шығармада құнарлы да айышықты көркем тіл болмаса көңілден шықпайды» - деп жауап қатады. Сыншы аймағымыз жазушыларының әңгіме, повесіндегі көркемдік деңгейін тіл түркісінан електен өткізіп табыстары мен кемшіліктерін қатар ашып көрсетеді. Сыншы «Шеберлік тілден басталады» - деген талапты тек көркем туындыларға да емес сын-мақалаларға да қояды. «Әңгіме және жазушылық шеберлік», «Шеберлікті шындағы түсейік», «Суреткер талантты», «Өз қолымен» өміршең туынды бола алған ба?» сияқты мақалалар шығармашылық талабы туралы, шеберлік пен ізденіс туралы, жауапкершілік пен шыншылдық туралы сыр шертеді. «Ауылдан сәлем», «Өткелсіз өзен», «Жыр арқауы» мақалалары И. Байбатырұлы, Т.Рысбек, К.Илиясұлы сияқты ақындарымыздың өлеңдерінде ой, образдылық жетпейтінін ескертеді. «Өлеңнің өзегі – образды ойда» – деп көрсетеді.

«Сырға сын» мақаласында «Жаңа өмір» газеті мен «Шұғыла» журналында жарияланған сын-мақалалар мен рецензиялардың идеялық-көркемдік, тағылымдық деңгейін белгілейді. Сын-мақала, рецензиялардағы жетістіктер мен олқылықтарды айта келе, «А.В.Луначарский: Сыншы – суреткердің үстазы» деген ғой. Ендеше сыншылық шеберлігімізді арттырумен, талмай ізденумен, теориялық білімімізді әрдайым толықтырып отырумен қара қылды қақ жарған әділ, семсердің жүзіндей өткір сындар жазып, суреткерлеріміздің – ақын-жазушыларымыздың сүйікті үстазы бола білейін» - деген тілек айтады.

Монголиядағы әдеби сынды өркендетуге ақын-жазушылар да ат салысып, өлкелік әдебиеттің жетістігі, биігі туралы өз пікірлерін ортаға салып келді. Бұл жылдары «Шұғыла» журналымен «Жаңа өмір» газетінде Даян Қалаубайұлының «Фашық көзбен қарасақ» /акын Имашхан Байбатырұлының «Фашық көзбен қарасам» жинағына рецензия/, Елеусіз Мұқамәдиұлының «Ерлік іздері» – ізденіс жемісі» рецензиясы, Имашхан Байбатырұлының «Сыр маржандарын сырласаң» рецензиясы, Қаржаубай Сартқожаұлының

«Күрмаштың әңгімелері қақында» сын-мақаласы сияқты сан ондаған сынни материалдар жарық көрді. Сыншы Куанған Жұмаханұлы: «Бұлар сапасы, көркемдік-идеялық және творчестволық-эстетикалық денгейі әр қылы болғанымен, әдебиеттің көкейкесті мәселелеріне үн қосып, кейбір проблемаларды қозғауымен, сол арқылы көркем сынды дамытуға ат салысумен қуантады. Әсіресе, И.Байбатырұлы, Ш. Қатшанұлының сын-рецензияларында әдебиетіміздің ақсақалы Бабиұлы Ақтанның поэзиясын теориялық тұргыдан қорытындылап, құнды пікірлер айтқанын атап ету керек» – деген баға береді.

Монголия қазақ жазушыларының туындыларына жазылған сындардың қатарын көрнекті монгол сыншыларының аймақтық қазақ әдебиеті жайлы, қазақ ақын-жазушыларының туындылары туралы сын-мақалалары мен рецензиялары да толықтырады. Олар Ц.Хасбаатар, Б.Бааст, Д.Цэнд қатарлы белгілі монгол сыншылары қазақ қаламгерлерінің туындыларын үзбей қадағалай оқып, қамқор көңілден сындарлы ой-пікірлерін бөлісе білді. Ц.Хасбаатар мен Б.Баастың ақын Ақтан Бабиұлының поэзиясына жасаған теориялық талдаулары, Д.Цэндінің қазақ ақын-жазушыларының монгол тілінде басылған «Жасыл дөң» біріккен жинағы туралы рецензиялары берер тағылымы бар, сабак боларлық сындар қатарына жатады» дейді сыншы Куанған Жұмаханұлы.

Бұл кезеңде әдебиет сүйер оқырмандар да өздерінің оқығандары жайлы ағынан жарылып, көкейге түйгенін айтқан ой-пікірлері қатары көбейе бастайды. «Шұғыла» әдеби журналы мен «Жаңа өмір» газетінде оқырмандардың да рецензиялары тұрақты жарияланып отыр. Олардың ішінен Жақсыбай Шәпешұлының «Бір кітапқа екі пікір», Тоқталхан Нұғыманұлының «Жол басы» туралы Қ.Ауғанбайдың «Оқып, шығып, ойланғаным» секілді идеялық-көркемдік сапасы салмақты рецензияларды атауға болады.

Монголиядағы қазақ әдебиеті жалпы қазақ әдебиетінің құрамдас, туыстас, тамырлас бір саласы.

Өзінің ғасырға жуық шығармашылық жолының өзінде жарқын табыстарға жетіп, толысу биігіне көтерілді. Монголиялық

қазақ ақын-жазушы, драматургтерінің поэзиялық, прозалық, драматургиялық шығармалары тек Баян-Өлгій аймағындағы қазақ халқының ғана емес «тағдыры басқа» болғанмен «тамыры бір» үлттық әдебиетіміздің алып айдынына құятын бір арнасы ретінде дамып қалыптасты. Ақыт Үлімжіұлының алғаш баспа бетін көрген кітаптары, Бабиұлы Ақтаниң «Бүркіт», «Досымбек-Балқия» поэмалары, Мұқамәдиұлы Құрманханың «Жасыл дөң» пьесалары, Арғынбай Жұмажанұлы, Имашхан Байбатырұлы, Кәкей Жаңжұнұлы және т.б. ақын-жазушыларымыздың үлттық әдебиетіміздің күнды әдеби мұралары қатарына, үлттық мәдениетіміздің руханиятына қосылған шоқтығы биік туындылары аз емес. Әдебиеттің негізгі жанrlары болып есептелетін поэзия, проза, драматургия Монголия қазақтары әдебиетінде әбден қалыптасып, жемісті жанrlарға айналды.

Ал, әдеби сын Монголия қазақтары әдебиетінде кеш дамыған жанr. Оның 1940 жылдан бергі творчестволық тарихына көз салып, сараптаған уақытта біз алғашқы сын рецензиялар 1950-1960 жылдар аралығында жарық көргенін, көтерген мәселелері жағынан, жалпы идеялық-көркемдік дәрежесі жағынан сәл кемшіндікті байқадық. Оларда сыншы Куанған Жұмаханұлының сезімен айтқанда, «нақты теориялық талдау жоқ, жалаң баяндауға қарадүрсінге құрылғандығы». Өлкелік әдебиеттегі мәселелерді қозғап, жарық көрген шығармаларға теориялық талдау жасаған сындар 60-жылдардың ортасында жазыла бастады. Зұқай Шәріпақынұлының «Әңгіме өткірлігімен өміршен», «Очерк жанрының жағдайы қалай?» т.б. Имашхан Байбатырұлының «Әдеби журналды парактасаң» Саны бар, сапасы ше?», «Әңгіме жайлы ортақ ой», «Монгол әдебиетінің үлттық және интернационалдық сипаты» сын мақалалары Яки Ілиясұлының «Лирика өрісін кеңейте түсейік», «Өлеңде өмір лебі болсын», «Жазушылық шеберлік» т.б. сын мақалалары әдебиеттің белгілі мәселелеріне арналған, теориялық-эстетикалық талдауымен салмақты болды. Бірақ, бұл кезеңдегі сындардың көбі көлемі жағынан рецензия, сын-мақала түрінде жазылды, әрі идеялық көркемдік деңгейлері төмен еді. Сапалы сындардың саны азшылық болды.

Монголия қазақтары әдебиетіндегі әдеби сынның жаңа сатыға көтерілген тұсы – 1975-95 жылдар аралығындағы кезең. 1971 жылы Улан батырда болып өткен МХРП 16-съезінің әдеби сынның рөлін анықтап, міндеттерін белгілеп берген қаулысынан кейін бүрын жазушылар бөлімінің, газет-журнал редакцияларының қамқорлығына ешқашан ілінбеген, елең –ескерілмеген, ақын-жазушылар да ерекше мән беріл, маңызын түсініп, назар аудармаған әдеби сын жанры жедел қолға алынды. Әдеби сынды пәрменді дамытып, көш соңында келе жатқан жанрдан көшбасшы жанрга жеткізу үшін айрықша жұмыстар жүріле бастады. Әдебиетті толғандырып отырған проблемалар туралы, жаңадан жарық көрген туындылар туралы ақын-жазушы, драматургтердің, сыншылар мен әдебиет зерттеушілерінің біріккен конференциясын, сұхбатын тұрақты үйымдастырып отыру, мұндай сұхбат, пікір алмасу жиналышын оқырмандар арасында да жүргізіп отыру дәстүр болып қалыптасты.

«Жаңа өмір» газеті мен «Шұғыла» әдеби журналының өз беттерінде басылатын сындарға талабы күштейтілді, редакцияға түскен мақала-рецензиялар идеялық-көркемдік деңгейін талқыдан өткізген соң ғана басуға жіберілді. Осындағы соны серпілістер өз нәтижесін берді: «Жаңа өмір» газеті мен «Шұғыла» журнальында жарияланып отыратын сындардың идеялық-көркемдік дәрежесі көтерілді. Монголиядағы қазақ әдебиетінде тікелей сын жанрына бет бүрып, барлық білімі мен творчестволық қуатын сынға арнаған әдебиетшілер туып шықты. Куанған Жұмаханұлы, Қабидаш Қалиасқарұлы, Яки Ілиясұлы өздерінің салиқалы да семсердің жүзіндегі өткір сындарымен сарабдал жанрдың жүгін көтере білді. Яки Ілиясұлы «Қаламгер парзызы», «Шеберлік деңгейі», Куанған Жұмаханұлы «Ихтаны яру найраг» және «Сын сыры», Қабидаш Қалиасқарұлы «Өршіл өлкенің өскен әдебиеті» деген сын-зерттеу еңбектерін жариялады. Бұл еңбектер ақын-жазушыларымыздың да, оқырман көвшіліктің де ықыласына бөленді.

Ал 1990 жылдардан кейін Ұлы Отан – Атамекенге көш түзеген Баян-Өлгійлік ағайын киелі Атажүрт топырағының қасиетінен талаптың талmas тұлпарына мініп, қайраттың қажымас

куатында қанаттанды десек асыра өсірелегеніміз болмас. Оған дәлел, сандаган жылдар сағымына жұтылған сағыныштың шер күйі елең өмірге, өлең өнерге айналып өрнектелді. Бабажұрттағы байырғы болса да басқаша болмыс әсерлері көркем, кестелі тілмен көмкеріліп әдеби көркем әлемге айналды.

Елімізге егемендік әкелген еркіндік есіп, есіл көңілдерді азаттықтың ақ арман қанатында арғымақ шабытқа шақырды.

Бұл әдебиет үлттық әдебиетіміздің айдынына өзіндік ерекшелігімен тоғыса, толықтыра келген бір арна болды. Ақын Мұрат Бұшатайұлының сөзімен айтсақ: «Алтайдың аргы бетіндегі қазақ қаламгерлерінің туындылары қазақ халқының рухани үлттық қазынасын өзіндік өрнек-нақышымен сырлы сазымен байытқан өзгеше бір өлем».

ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ӨРКЕНДІ БІР БҰТАҒЫ

Алтайдан жеткен азаттық өуен

Шетелдерде тұратын қандастарымызды тарихтың талқысы ата жүртттан алыстатып жіберсе де, туған топырақтағы әр жаңалыққа құлақ түріп, ел мен ел арасындағы саяси жағдайларды қалт жібермей қадағалап отырды. Қазақ жүрттының ертеңіне деген ізгі сенім, жақсы үміттен айнымады.

Монголиядағы Баян - Өлгій аймағына қазақтар осыдан жұз елу жылдай бұрын көшіп барған.

«Тарихи деректер бойынша қазақтың бір тобы Алтайдың Қобда бетіне келіп, мұңғыл жерін мекен ете бастаған тұсы 1860 жылдар» [70, 42 б.].

Содан бері олардың тұрмыс - тіршілігі, кәсібі, өмір сүретін ортасы мұлде дерлік өзгерген жоқ. Орналасқан жердің жағдайына байланысты оларға Батыстың да, Шығыстың да әсері аз болды. Сөйтіп, Байөлке қазақтардың шын мәніндегі қаймағы бұзылмаған үлттық ортасы ретінде сакталды. Жеке аймақ болып өмір кешкен

қазақтар әдет - ғұрпы, салт - санасы, тіл мен дінін сактай отырып, өздерінің рухани мұраларын да дамытты. Халық әдебиеті негізінде біргіндеп жазба әдебиет туып, дамыды. Өйткені үлт бар жерде әдеби процесс те болары белгілі.

Қазақ диаспорасының рухани мұрасын қазақ әдебиеті мен өнерінің бір бұтағы ретінде зерттеу мәселесі еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін қолға алынған тың проблемалардың бірі. Өйткені шетелдердегі қазақ әдебиеті – қара шаңырақтағы қазақ халқының рухани - мәдени мұрасының бір тармағы. Сондықтан Монголиядағы қазақ қаламгерлерінің поэзиялық шығармаларының туып, дамуын бүгінгі күн талабы деңгейінен саралау мақсат етілді.

«...Құйынданай құбылмалы құндерде жат жүрттық болып кеткен қазақтардың тарихы, әдебиеті туралы ұн демей келдік. Олардың тағдыр-тарихын рухани дүниесін білуге ырық беріп, ыңғай танытпадық. Сөйтіп, сырттағы қазақ диаспорасының әдебиеті актандактар катарында қалып келді» [71, 4-5 б.] – дейді ғалым З.Сейітжанұлы. Шын мәнінде ата жүрттан алыста жүрген ағайындардың әдебиетін жан - жақты зерттемейінше рухани мұрамыздың ілгергі - кейінгі тарихын тұтас тану мүмкін емес.

Монголиядағы қазақ әдебиетінің туып, даму жолдары соңғы кездері ғана зерттеу объектісіне айнала бастады. Көкей шығармашылығы қазірге дейін арнайы зерттелген жоқ. Оның мұралары жөнінде айтылған ой - пікір, сын рецензиялардың өзі саусақпен санарлық. Жалпы Монголия казақтары әдебиеті жайында алғашқы пікір айтқан ғалым – Қабидаш Қалиасқарұлы. Оның «Өскен елдің өршіл әдебиеті» (Өлгій, 1976), «Халық ақындары» (Өлгій, 1970), «Баян - Өлгій қазактарының халық ауыз әдебиеті» (Өлгій, 1969) атты зерттеулерінде Баян - Өлгій аймағы әдебиеті, соның ішінде Көкей поэзиясы туралы құнды пікірлер айтылады. Сырттағы қандастарымыздың әдебиетін жүйелі зерттеп келе жатқан адамның бірі – ғалым З. Сейітжанұлы. Ғалым «Монголия казақтарының әдебиеті» және «Қытай және Монголия казақтарының әдебиеті» атты зерттеулерінде Монголиядағы қазақ әдебиетінің даму жолдарын зерделейді. Осы ретте Көкей

Жаңжұңұлы шығармаларына да назар аударып, оны өзіндік өрнегі бар ақын ретінде бағалаған.

Сондай-ақ, Р. Зұрганбайұлы «Кәкей Жаңжұңұлы туғанына 50 жыл» және Л. Шалдыбаевтың «Тау қыраны» атты кітапшаларда авторлар Кәкей ақынның өмірі мен шығармашылығы жайлы естелік аралас ой айтады. Фалым Тұрсынбек Кәкішевтің «Рухани байлығымызға ие болайық» және «Үш қоңыр» мақалаларында кеңестік дәүірде рұқсат етілмеген шетелдердегі рухани мұрамызды жинап, насиҳаттаудың кезі келгенін атап өтеді. Ал фалым С.Негимовтің «Тойлыбай толғаныстары» атты мақаласында Тойлыбай ақынның поэзиясына көніл аударып, ақынның өзіне тән дара мәнерін, көркемдік сөз саптау үрдісін зерделейді. Әдебиетші Л.Шалдыбаев «Атажұртын аңсап өткен» атты мақаласында Кәкей ақынның ұлтын сүйген азаматтық болмысын, қазақ халқының жанашыр асыл ұлдарының бірі ретінде танитынын айтса, Бақытбек Бәмішұлы «Қазақ әдебиетінің бір бұлағы» мақаласында, автордың өз сөзімен айтсақ: «арын адамгершілік шеңберімен өлшеген шымыр да шыншыл шешім, болат байламды» Кәкей «жібектей өріліп, маржандай тізілген өлеңдерімен қазақ әдебиетіне бір – бұлақ болып құйылған» ақын ретінде өте орынды атап көрсетеді. Б. Мақабылұлы «Оспанханның ізбасары» деген мақаласында, шетелде өмір кешіп, өзінің саналы аз ғұмырында артына қомақты мұра қалдырған қазақтың талантты сыйқақшысы ретінде таниды. А. Рахатұлының «Ел есінен өшпейсің» мақаласында, сыншы Қ.Жұмаханұлының «А.Бабиұлының өмірі мен шығармашылығы», әдебиетші Н.Қазыбековтың «Ой таразысы» (Тамыры бір, тағдыры басқа), Е.Кәпқызының «Монгол қазақ әдебиетінде проза жанрларының қалыптасып, дамуы» еңбектерінде Монголиядағы қазақ әдебиетінің даму барысы мен өкілдері, шығармалары жайлы пікірлер, жалпы қазақ әдебиетіне сүбелі үлес болып қосылғандығына назар аударады.

Жоғарыдағы үлкен-кіші зерттеулерді басшылыққа ала отырып Монголиядағы қазақ поэзиясы жайында ғылыми тұжырым жасау қажеттілігінің мәні зор.

Қазақ халқының, соның ішінде Монголия қазақтарының поэзиясын қазақ әдебиетінің бір саласы ретінде қарастыра келіп, аймақтық поэзияның дамуындағы зерттелмей, бүгінгі оқырманына жетпей жатқан қыр - сырын тереңірек талдап, түсіндіру. Үлттық әдебиетті өздік ерекше сипатымен толықтыратын бір арнасының сырын аша тұсу.

«Қобда қазақтарының ауыз әдебиеті XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап дами бастады. Бұл осы өлкеге қазақтардың келіп қоныстана бастаған кезеңіне сәйкес келеді. Дәл осы тұста бірінші болып ел көзіне түскен ақын Тауданбек Қабаулы (1830 - 1908). Ол ауыз әдебиеті мен көркем әдебиетімізді жалғастыруышы өкілі болды» [72, 6 б.]. – дейді ғалым Қ.Қалиасқарұлы.

Тауданбек Қабаулы (Қаба өзенінің бойында туылғандықтан) Шығыс Қазақстан жерінен сүйгені Жайлышбаланы алып қашып, Алтай жерінен өтіп, Қобда қазақтары арасына келіп тұрақтайды. Бұл жердегі ағайындар ақын жігітті жылы шыраймен қарсы алады [73].

Тауданбек Қабаулының:

*Болғанда таудан найман, мастан найман,
Мен Тауданбек болғалы бірталайдан.
Атамекен артта қап, арман жұтып,
Жылқышыга сіңгенім осы жайдан. [74, 6 б.].*

деген өлең жолдары ақынның Қазақстан жерінен Алтай тауының теріскей бетіндегі қазақтар арасына келіп өмір кешкендігін дәлелдейді.

Бұл өлкеге қазақтар қоныстанған кездерден бастап - ақ өздерінің рухани қажеттілігін өтеу борышын жалғастыра білді. Бұл мұраттың жолында адамдар өздері бастан кешкен тарих, өткен өмір, белгілі оқиғаларды арқау еткен әдеби мұраларын тудырды.

Тауданбек ақын бір өлеңінде:

*Төрде отырган торсын төрелерім,
Жеке - жеке бір тәбе бұл пелерің?*

Есіктің алды толған жаман тонды
Табаққа жетпеді гой кедейлерім, – [74, 9 б.]

деп ақын «терде отырып торсиган» шен - шекпенділерді сынға алады. Жаман тонды жалбырлар есік алдында қалған. Табақтағы тاماққа көздерін сатудан басқа амалдары жоқ. Бұл қазақ аулының бір көрінісі еді. Әлді мен әлсіздің арасындағы теңсіздікті көрсете келіп, төрдегі төрелерге мейір – қайыр қайда деп сауал тастайды. Әлеуметтік теңдікті талап етеді.

Ақын «Бақ қайтқанда адамнан бейіл кетеді» атты екінші өлеңінде адам болмысына үніледі.

Бақ қайтқанда адамнан бейіл кетеді,
Бейіл кетіп артынан безілдетеді.
Еріншек пен жалқаулық жиылып ап,
Сол адамның дәүлетін кейіндetedі. [74, 11 б.]

Пейілі кетіп, араны ашылған адам қандай болмақ? Араны ашылудың арты жақсылыққа апармайды. Қанагат жоқ жерде дүние - қоңыз тойымсыздық бой көтереді. Бұл адамгершілікке дақ түсірер жаман өдет.

Еріншек пен жалқаулық біріксе ше? Онда адамның бақ - дәүлеті кемиді. Абай айтқан бес дүшпаның бірі – осы еріншек пен жалқаулық емес пе? Мұндай жаман істің бәрі де адамның бағын байламақ. Сондықтан адам дейтін ардақты атқа лайықты болудың бір жолы пейіл - инетті түзеп, ерінбей еңбек ету екенін айтады.

Тауданбек өз өлеңдеріне сол кездегі өмір шындығын өрім етеді. Қоғамдық - әлеуметтік қайшылықтарды аңғара білген ақын үнемі имандылық пен ізгілікті дәріптейді. Сана - сезімдегі кертартпа - кесепаттық тәрізді қасиеттерді сын тезіне салады.

Сондай - ақ, ақынның «Сұрасаң менің атым Тауданбекпін», «Ескілер қалған екен баршын тартып», «Бұркіт пе?», «Тазқара», «Жексенбі аңшы», «Біреу кетсе тозаққа молда кетер», «Алдаберген баласы атың Тәжі», «Сақыға» атты өлеңдерінен оның өз өмірінің қылы кезеңдері, өмір сүрген ортасы, өмірге деген көзқарасы айқын

аңғарылады. Халық ішінде ақынның наданды, озбырды, олақты әжүа - сұқақ, жақсы мен ігі істі мақтан еткен өлеңдері кеңінен тарап, үлкен беделге ие болған. Ақынның мұраларының шағын бір бөлігі ғана бүгінгі үрпаққа келіп жеткен.

Тауданбек ірі айтыс ақыны, оның Ыбысжан, Есбосын, Жолды, Мешел, Женсікбайлармен айтыстары белгілі. 1908 жылы қайтыс болады.

Ірбітұлы Оңашыйбай (1892 - 1953) қазақ әдебиетінің өкілдерінің бірі. Ол XX ғасырдың алдыңғы жартысындағы осы өлке қазақтарының өмірі мен тарихының күөгері болды. Талантты ақын назарынан өлке қазақтарының басындағы әрбір оқиға қалт кетпеген, өз тарапынан қорытынды жасап, оны жыр тілімен білдіріп отырды. Жаламаға ...ді (?) өлтіргенде айтқаны:

*...Есіктің алды тал еді,
Еліне тыныш жсан еді.
Құдай атқыр Жалама,
Не жазығы бар еді.
Айдағың, қырдың, қираттың...
Өзіңді атсын қан енді!*

Жалама (Жалама) (Даа - лама) - 1911 жылы Қобда қазағын Увс бетке қырғын салып айдаған монгол феодал билеушісі) бастаған жендеттердің қазаққа салған ауыр күндерін сынап, жауыздыққа қарсы батыл үн қосады. Өлең біріншіден, Махамбеттің «Хан емессің қасқырың, Қас албасты басқырың, Дүшпаның келіп табалап, Достарың сені басқа үрсын» – деп хан Жәнгірден қаймықпай, қасқайып тұрып айтатын батыл, да түкті жүрек ерлігін еске салса, екіншіден «еліне тыныш жан еді, не жазығы бар еді» деп жазықсыз, әділетсіздіктің құрбаны болған азамат ерді жоқтауынан тағы Махамбеттің Исатай досын жоқтағаны еске түседі. Қазақтың үлтym, халқым деген қаншама есіл ер Азамат үлдары дүниеден баз кешпеді десенізші!

I. Оңашыбай ақынның шығармаларынан бұл өлкедегі қазақтардың әдебиеті өкілдерінің рухани өмірінде болған өзгерістер, шығармашылық деңгейі т.б. жайлардың бейнесін байқауға болады.

Қазақ халқының басынан небір нәубет, зұлматты жылдар өтті. Ел басына туған азаптың «елдің ауыр қайғыдағы мұнлы үнін» – заманының аңы шындығын жеткізген өлеңдер өміршендеңдігімен бүгінгі үрпаққа жетіп отыр.

XIX ғасырдың екінші жартысынан XX ғасырдың 30 - жылдарына дейін өмір сүрген қазақ диаспорасының көрнекті ақындары Тауданбек, Төлебай, Жолды, Отарбай, Мешел, Жеңсікбай, Бұрқасын сынды талантты тарландар өз заманының өткен - кеткенін, бастаң кешірген айтулы оқиғаларын өлең - жырларында өзек етулері сол кезеңнін шындығын паш еткендігінін айғағы. Бұл өткен қоғамның тарихын жырлау, рухани нәр беру анығырақ айтсақ, сол заманың шынайы болмысын, бет - бейнесін көрсету еді. Олардың көбі суырып салма тәсілмен ауызша өз туындыларын таратқанымен араларында жазып шығарушылардың да болғанын зерттеушілер мойындайды. Олай болса, Монголия қазақтарының жазба әдебиетінің де осы тұстан бастау алатыны дау тудырмайды.

Бабажұрттан шалғай өлке топырағында бұл фәнидің тұзын тауысса да «қазағым, туған халқым, Азаттыққа жетсе, бірлік пен ынтымақ болса» деген үкілі үміттерін болашақтың арайлы таңдарына артып, үрпак - жұрағаттарға жауһар жырларын аманаттап өткен Ақыт хажы, Тауданбек, Оңашыбай сынды тарлан таланттар туындыларының тәлім - тағылымдық мәні зор. Ұлан байтак дағы төрінде көшіп - қонып журіп, өлеңнен өмірлерінің шежіресін жасаған ақындардың төл әдебиетіміздің алтын қорынан алар орны бар. Себебі, қазақ әдебиетінің көне нұсқалары бар қазаққа ортақ мұра. Ал, қазақ шашырандылары да сол әдебиеттің заңды мұрагері, жалғастырушысы.

«Дүниеде қазақ деген үлт, қазақтікі деген ата жұрт, қара шанырақ, қазақтың мәдениеті деген тіл, мәдениет біреу ғана» [70, 4 б]. – деп жазды З.Қинаятулы.

Қазақ халқының әрбір бөлігі, әрқиң заман кешіп келсе де, үлттық қасиеттерін, тілін, дінін, салт - дәстүр, мәдениетін шама - шарқынша сақтап, әрі қарай жалғастырып, өз тараптарынан жаңа әдеби үлгілермен байытып келді. Монголиядағы қазақтар жалпы қазақ әдебиетінің нәрін өз бойына терең сінірумен бірге, қазақтың ауыз және жазба әдебиетінің үлкен арнасына өздерінің лайықты үлесін қости. Осы әдебиет үлгілерінде өздерінің өмір тарихы, болмысы, саяси жағдайдың өзгеруі, арман - мақсаты, мұн - мұддесі туралы сырын шерткен туындылар жасап, халық қадесіне жаратып келді. Қысқасы, Монголия қазақтары жасаган әдеби мұра олардың қазақ әдебиетіне қосқан үлесі, қазақ үлттының ортақ қазынасы. Басқаша айтқанда, Монголия қазақтары арасында дара қазақ әдебиеті жоқ, тек қазақ әдебиетінің, қазақ поэзиясының жергілікті ерекшелігін бейнелеген үлгі түрлері ғана бар.

Қазақтың әрбір дарын, талант иесі, қашанда дербес қазақ әдебиетінің өкілі, оның ғасырлар бойы жасалған мұрасынан нәр алып, ары қарай дамуына үлес қосушы болып есептеледі.

Қыырдағы қазақы әуен серпіні

1940 жылы Монгол Халық Республикасының жаңа әкімшілік бірлігі Баян-Өлгий аймағы құрылды. Ол әдебиет пен өнерді өркендедудің жаңа болмыстарын қалыптастырырды. Үлт аймағы болып бас біріктіргенде соның рухани жаршысы ретінде қазақ тілінде «Өркендеу» газеті, 1958 жылы әдеби - көркем «Шұғыла» журналы жарық көрді. Бұл жағдай қазақ қаламгерлерінің басын біріктіруге әсер етіп 1955 жылы қаламгерлер үйірмесі құрылды. «Монголия қазақтарының жазба әдебиеті 1940 жылдардан бастап бой көрсетіп, бұл күндері шығармашылық түргыдан қалыптасып, толысқан әдебиетке айналды» [73,3]. деп тұжырымдайды ғалым К.Қалиасқарұлы.

Монголия қазақтарының жазба әдебиеті 1940 жылдардан бастап бой көрсетті – деген тұжырымға бүтінгі күн түрғысынан қарасак, көп мәселені аңғартатын сияқты...

Ғалым Қ. Мұхамадиұлы: «Қазіргі кезге дейінгі зерттеу еңбектерде көбіне «Монголия қазақтарының жазба әдебиеті 1940 жылдан бастап «бой көрсеткен» – дегенді жазып келді. Олай болса Қазақтың Абақ – Керей тайпасынан туып шығып жазба әдебиетінің шексіз мол мұрасын жасаған Ақыт қажы Үлімжіұлы Қарымсақов Алтайский тағы басқаларды қайда қоямыз. Ал, 1940 жылдарға дейін Монголиядағы жазба әдебиеті үзіліп қалмады. Тек саяси - экономикалық жағдайларға байланысты өз шығармаларын баспа бетінде жариялай алмай өткендері көп болды» [75, 46 б.] – деп өткен уақыт сырына сын көзben қарап, орынды пікір айтады. Осы пікірдің растығын біз жоғарыда сөз өткен ақындардың мол мұрасын қарастыру барысында көз жеткіздік. Сондай - ак, Монголия қазақтарының жазба әдебиетінің негізі халық революциясынан бұрын «Ақыт қажы Үлімжіұлының 1897 жылы Қазан қаласында өз кітабын бастырып, шығарған» [76, 46 б.] кезінде қаланғаны белгілі. Ал әдебиет зерттеушілері С.Қажыбайұлы мен Қ. Қалиасқарұлының мәлімдеуінше, Монголия қазақтары халық ақындарының жыр шығармалары сонау XIX ғасырдың соңынан бастап ел арасына ауызша да, қолжазба түрінде де тарады. Халық ақындарының шығармалары көбінесе ауызша тарағанымен ішінәра қолжазба түрінде болған. Ақыт қажы 1897 жылы Қазан қаласында кітабын алғаш рет бастырған. Бұл Монголия қазақтарының тарихындағы ірі мәдени прогресс еді» [74, 21 б.]. – деп көрсетсе, ғалым З. Сейітжанұлы «Ақыт ақын» атты еңбегінде Ақыт ақынның Қазан қаласында алғаш жарық көрген кітабы 1891 жылы деп анықтайды [77, 4 б.].

Ендеше, Монголия қазақтарының әдебиеті (поэзиясы) 1940 жылдан бастап «бой көрсетті», 1950 жылдары «жана қазақ жазба әдебиеті туып шықты» деген пікірлер біржакты, үшқары айтылған.

Алайда, 1940 жылдан бастап жазба әдебиет емес тек, «жана түрпatty» (яғни социалистік революция жеңісінен кейін) әдебиет (поэзия) дамудың жана жолына түскендігі шындық еді.

1940 жылдан бастап қалыптаса бастаған әдебиет қандай бағытта дамыды?

Бұл тұста поэзия жетекші жанр болып, бірнеше ақындардың есімдері белгілі бола бастады. Бұл жайында қаламгер Ш. Нығышұлы: «Әдебиетіміз тарихы алғашқы қадамын поэзиядан бастаған - ды. Әсіресе 1940 - 50 жылдары поэзия – негізгі де басты жанр ретінде балаң әдебиетіміздің жүргін көтерді. Мұның өзіндік сыры бар еді. Біріншіден, поэзия халқымыздың ежелгі жан серігі, бұрыннан жалғасқан дәстүрлі жанр, екіншіден, уақыт жаңаңықтарына дер кезінде үн қосуға үшкір да ұтымды жанр» [78, 14 б.]. –деп ой айтады.

1941 жылы октобрьде «Өркендеу» газетінің шыға бастауы жас әдебиеттің туу, өсу жолында маңызды роль атқарды. Қөлемі шағын бола тұра оның алғашқы сандарынан бастап - ак әдеби туындыларға кеңінен орын беріліп отырды. Жаңа әдебиеттің негізін қалаушы алғашқы қарлығаштары А. Бабиұлы, Қ.Мұхамәдиұлы, А.Жұмажанұлы, М. Құлышбекұлы, Д. Дікеіұлы, Ш. Нығышұлы бастаған аға буындар ең әуелі «Өркендеу» газеті арқылы жүртшылыққа танылды.

1942 жылы аймақтың баспасынан латын әрпімен тұнғыш әдеби кітап – «Өлеңдер жинағы» деген атпен басылып шығуы қазақ тілінде әдеби кітап шығарудың алғашқы игі қадамы болды. Сондай - ак, Улаанбаатар қалалық баспахананың жанынан 1947 жылы қазақ тілінде кітап басатын бөлім ашилып, 1956 жылы Баян-Өлгійде аймақтық баспахананың құрылуы үлкен мүмкіндіктерге жол ашты.

Үлттық баспасөз бен баспахананың құрылуы монголиядағы қазақ әдебиетін өркендедүде үшан - теңіз роль атқарғандығын айрықша атаған жөн. Алайда жекелеген қаламгерлерден ең алғашқы өлең жинағы Жұмажанұлы Арғынбайдың «Тақпактар» атты кітабы 1949 жылы шықты. 1957 жылы Өлгій баспа

өндірісінен Бабиұлы Ақтанның шығармалар жинағы басылып шығуы – көркем әдебиеттің бастамасы болды.

1958 жылды мамырда Монгол Халық Республикасының Жазушылар одағының II съезі шақырылып, оған аймақ әдебиетінің негізін қалаушы ақсақал Ақтан Бабиұлы қатысып сөз сейледі.

Жас қазақ жазба әдебиетінің тез еселеіне 1960 жылдан бастап Қазақстандық бүкіл баспасөз өнімдері мен әдеби туындылардың халықаралық кітап саудасы арқылы тұрақты келе бастауының да зор маңызы болды. Сонымен бірге, 1956 жылды музикалық драма театры, 1968 жылды өкімет қаулысымен Қазақ Жазушылар белімшесі құрылды. Осы сияқты іс - шаралар әдебиеттің тез арада қалыптасып, дамып кетуіне әсер етті.

1950 - 1980 жылдар аралығында әдебиетке Қазақстан мен Монголияның жоғары оку орындарынан білім алған талантты жастар топ - тобымен келіп қосылды. Бұлар көркем әдебиеттің дамуының қозғаушы күштеріне айналды.

Әдебиет елуінші жылдардың екінші жартысынан бастап дамудың жаңа жолына түсіп, қalamгерлер қатары артты. Олар: Даян Қалаубайұлы, Кәп Құмарұлы, Ақын Алақанұлы, Имашхан Байбатырұлы, Кәкей Жаңжұнұлы, Кеңес Ілиясов, Тойлыбай Құрманмолдин, Куанған Жұмаханов, Рысбек Зұрғанбайұлы, Зұлкәпіл Мәулітұлы, Шеріяздан Қатшанұлы, Яки Ілиясов т. б. Аталған ақындардың алды жеті - сегіз, соны бір - екі кітап шығарып, қазақ поэзиясының дамуына өзіндік үлес қосқан өнер иелері болып табылады. Уақыт озған сайын қalamгерлер қатары жаңа есімдермен толығып отырды.

Бұл ақындар шығармаларының басты тақырыптары - сол тұстағы қазақ халқының тыныс - тіршілігі мен заман өзгерістері болды. Ел өміріндегі қоғамдық - әлеуметтік өзгерістерден сырт қалмады.

1960 жылдардан бері Монголиядағы қазақ қalamгерлері қазақ әдебиетіне өзіндік үлесін қости деуге болады. Өйткені, бұл жылдары әдебиетке дайындықпен келген жастардың қаламынан

тың, соны шығармалар туды, біртіндеп әдебиеттің белгілі өкілдеріне айналды.

Осы тұста әдебиет өз алдына қандай мақсат қойды? Әрине, алдымен компартия басшылығын, оның көсемі В. И. Ленинді, Октябрь революциясын жырлау міндеп түрдү. Бұл ретте ғалым Т. Қекішевтің мына бір парасатты пайымдауы сөзімізге дәлел бола алады: «Революция жылдарында тендік алу күресіне шақырған, ғасырлар бойы меншіктік психология санасына сіңген халыкты коллективтік меншікке үгіттеген, үйымдақтан еңбектің нәтижелі болатындығына жүрттың көзін жеткізуге арналған өлеңдер аз болған жоқ» [79, 40 б.]. Сондықтан карт қаламгерлер Ақтан Бабиұлынан бастап, соңғы буын өкілдеріне дейін бұл тақырыпқа қалам тартпаған ақын жоқ десек асыра айтқандық болмайды.

1940 - 1990 жылдар поэзиясының басты тақырыбының бірі партия болса, екіншісі оның көсемі В. И. Ленин болды. Ақтан, Құрманхан, Тойтыбай, Имашхан, Даниял, Даян, Зухай т. б ақындардың бәрі де көсемге өлең арнап, адамзатқа жарқын жолды нұсқаушы идеал ретінде көрсетуге үмтүлды.

Сондай - ақ көсем басшылығымен құрылған жаңа қоғам – октябрь төңкерісінің де шапағаты аз болмағанын ақындар үнемі тілге тиек етіп отырды. Осы кезең поэзиясы туралы ғалым Қ.Қалиасқарұлы: «Поэзия алдымен үгіт - насиҳаттық өлеңдер түрінде көрініп көп жылдар өмір кешті. Ол біртіндеп азаматтық лирика ретінде ақындар творчествосынан молынан орын алды. Үгіт - насиҳаттық және азаматтық лириканың бұл ерекшелігі әдебиетке таңылған таптық, партиялық, интернационалдық принциптерге, яғни коммунистік идеология тікелей қатысты болды» [72, 47 - 48 б.]. деп орынды атап көрсетеді.

Ол тұс осылай жазбаса бір нәрсе жетпей тұратындей заман еді. Әрине, ақындарды біз кіналаудан аулақпыв. Бұл – уақыт, дәуір талабы. Кеңес заманының ғибраты мен қысымы қатар жүрген қайшылығы мол кезең екені көпке аян. Ғалым М. Қаратасев: «Тарихтың аскар асуы, жаңа дүниенің табалдырығы, халық бақытының қайнар бұлақ көзі болған Ұлы Октябрь революциясы

тақырыптың тақырыбы, мәселенің мәселесі болды» [80, 183 б.]. – дейді. Соңдықтан бұл кезеңде Монгол қазақ поэзиясының да негізгі тақырыптарының бірі компартия мен оның көсемі Ленин және Октябрь төңкерісі болған деген тұжырымға келуге болады.

1960 - 70 жылдар Баян - Өлгій қазақ қаламгерлері қазақ әдебиетіне жаңа туынды берді. «Әдебиет жанр, түр, мазмұн жағынан да байыды. Әр автор өзіндік қырын танытуға, бағыт - бағдарын айқындауға мүмкіндік туды. Өлең - өнерге деген талап деңгейі көтеріліп, ақындардың шеберлігінде дараланған ерекшеліктер айқындалып, қалыптасты. Б. Имашхан, Қ. Тойлыбай өлеңдеріндегі сыршыл лиризм, А. Қауия, И. Яки, Ш. Зухай өлеңдеріндегі түсінуге оңай көркем оралым, М. Қабдай, Ж. Кәкей өлеңдеріндегі жанды да кою сурет, Ш. Жәмлиха, Ж. Қуанған өлеңдеріндегі ішкі логика - өскен поэзияға, шебер ақындыққа тән ерекшеліктердің қалыптаса бастағандығын анғартады.

Бұл кезең поэзиясының өзек - өріміне айналған тақырыптың бірі – халықтар достығы. Бұған да аға буын ақындардан бастап, соңғы буын өкілдеріне дейін жыр арнаған, онда халықтар достығы бейбіт өмір сүрудің кепілі ретінде суреттелгені анық.

Ақын Ж. Арғынбайдың «Болгар әсерлері» атты топтамасы халықтар достығын, туысқан социалистік елдер жетістіктерін өлеңмен өру арқылы оқырмандарды жаңа әсерге бөлейді, әрі ақын поэзиясының тақырып ауқымының кеңеңе түскендігін көрсетеді.

Ақын Зуқай Шәріпақынұлының «Кавказ тауында» өлеңінде:

*Ерімеген құрсаулы мұзы қалың.
Көз алмастан қарайсың құзына мың.
Бір қуысы жасап-жасыл, бірі – ақ ұлпа,
Осы гажап суретке қызығамын [81, 29 б.].*

деп совет еліне сапарындағы бір әннің сыры етіп қарт Кавказ тауын жырына қосады. Ақындық таныммен, ақындық сезімталдықпен жырга қосқан қарт Кавказ бейнесінің «Көріп көшкін биіктен құлағанын» деген суреттеуден ақ таң қалатындаі

тамаша табиғатын танытады. Әрі оқырманының «осындай ел - жерлерді бір көрер ме еді» дейтіндей күштарлығын оята түседі. Бұл жайды айтып отырғанымыздың сыры – ақын болсын, жазушы болсын ел - жер жайлы жырларымен адамдардың табиғат әлеміне, туысқан халықтардың өзара түсінісуіне, олардың жан - дүниесіне бойлай түсуіне дегендегі дүние танымдық көзқарастарын қалыптастыратыны белгілі. Түйіндей айтсақ, халықтардың бейбіт өмір сүруіне, бір - бірімен тату - тәтті тіршілік жасауына сөз құдіреті арқылы жасаған ықпал өсері үлкен болатынын айту. Яғни, әдебиеттің қоғамдағы атқаратын қызметінің, соның ішінде поэзияның үшқыр жанр ретінде орнын тағы да дәлелдей түседі.

Сондай-ақ, ақынның «Эльбурс», «Балқарда» т.б. өлеңдері халықтар достығының айғағындағы әсер беретін әсерлі туындылар екендігі дау туғызбайды.

Өмірбек Қабылханұлы Орыс монгол халқының үшқыштарына арапп «Қос қыран» атты өлеңін жазды.

*Көк теңізін наизагайдай,
Жарып өтіп қос қыраным.
Космостық кең сажнада,
Шырқатты бір достық өнін.
Бүкіл әлем дүр сілкініп,
«Үшты аспанга Монгол» – деді.
Салтанатты сазды әуен ,
Байқоңырда күмбірледі.
Мерейімді өсірді деп,
Туган елің қуанышта.
«Рахмет, Батырларым
Жәнібеков, Гүргагчаа» [82, 53 б.]*

И. Байбатырұлы да осы тақырыпқа өлеңдер топтамасын арнапты. «Ленин ескерткіші алдында», «Көреді үлым үйден Москваны», «Алтайдың ақ гүлдері», «Аппак жаңбыр жауып тұр», «Петефи алаңында», «Совет қаһармандарының ескерткіші», «Мәңгі

гүл» т.б қатарлы өлеңдерінде Монголия, Совет Одағы, Венгрия елдерінің арасындағы достықты, сапарға барған сәттегі әсерлерін сөтті жеткізеді.

Бұл ретте К. Жаңжұнұлының да қаламынан бірнеше өлең өріліп, оралымды ой түйеді. Ақынның «Айхай Русь» атты өлеңі:

*Айхай Русь, тербетіп өлеңіммен,
Нар төсінди қақ тіліп келемін мен [83, 526.]*

деп, өршіл рухты ақын жырымен жар салғандай-ак, ұлы далаға да, ұлылар аруагына да тағзым етеді:

*Уа, Есенин! Бір қара үл келеді аңсан,
Бидай шашың жасалтылдан алдынан шық! [83, 526.]*

Міне, осы бір қос шумақтан азамат ақынның алысқа қанат қаққан асыл арманы аңғарылатындей.

Басқаны былай қойғанда атажүрт – Қазақстанға, ондағы өнер иелері, әйгілі адамдар туралы ақындар қаншама өлеңдер жазған. Ақындар дәүлеті мен сәулеті биіктей түскен қазақ елін, үлкен мақтанышпен еске алады. Әлем таныған елге айналғанына мақтанады. Имашхан ақынның Қазақтың елі мен жеріне деген ықыласы ерекше және оны әр қырынан әдемі жыр жолдарына айналдыра білген.

*Маужырап жамылғанда көктем көк нұр,
Ер елдің ерке ұлындай өктем деп бір.
Аралап аңсар басып қайтар ма еді,
Алмалы Алатауды бөктерлеп бір [84, 199 б.]*

Бұл ақынның көңілін көлегейлеп жүрген сыр - сезімі екені даусыз. Тіпті бей - жай қалдырмайтын сағыныш сазы десек те жарасады. Ал Қекей ақын не дейді:

*Бұл орда да бақыты бар талаідың,
Бұл орда да арманы бар ақ айдын.
Бұл орда да столы түр Сәкеннің,
Бұл орда да есімі бар Абайдың [83, 33 б.]*

Ақынның осынау бір қасиетті Орда, киелі шаңырак жайлы жырлаған өлеңіндегі сөз қуатының байыбына барып, ой сарабына салсақ айттар сыры мол дүние. «Бұл орда да столы түр Сәкеннің, Бұл орда да есімі бар Абайдың» деп қайталап екпін қоя сөйлеп отырған ақынның өзіне де, өздері сынды көптеген білім іздеген жастардың қиялышына қанат бітіріп, қыран қып самғатқан киелі Орданы құрмет тұтып, оның қасиетті сырын жеткізгендігі тартымды, шынайы.

Ақынның «Сәбит Мұқановқа», «Мұхтар тойында», «Фани», «Бурлактар» (Репиннің картинасы) сияқты өлеңдері жылы әсер қалдыратын туындылар. Тұстастай алғанда ел мен ел арасындағы жанасымды жараптық осы кезеңдегі поэзияның бір ағынды арнасы іспетті.

Уақыт лұпілін, қоғамдық құбылыстар мен әлеуметтік өзгерістерді зергерлікпен бейнелеу ақындардың азаматтық көзқарасы, дүниетанымының өрелі өрісін танытады. Азаматтық лириканың бағыт - бағдары жөнінде әдебиетші Яки Ілиясұлы: «Ақындарда азаматтық лириканың біршама сөтті жырланғандығы байқалады. Отан, партия, Ленин, туған ел, әскери тақырыптарда жазылған жырлардан ақынның азаматтық үнін, өзіндік ой түйіндеуін айқын аңғаруға болғандай» [85, 64 б.]. – деген пікіріне қосылуға болады.

Кез келген ақын заман перзенті, дәуір жыршысы. Өз кезінің шындығын жырлау азаматтық парызы. Қолына қалам ұстаған өнер иелері бұл міндеттерін шама шарықтарынша атқарды. Уақыт сипаты өлеңдерінен көрініс тапты.

Монголиядағы қазақ қаламгерлерінің поэзиялық туындыларын ғалым Қ.Мұхамадиұлы үш бөлікке бөліп карастырады: «Біріншісі – таза мөлдір қазақ әдебиеті туындылары. Екіншісі алаң - құбаң

қазақ әдебиеті туындылары. Бұған 1930 жылдардан 1990 жылдар арасында жазылған шығармалар қамтылады. Бұл кезде қазақ әдебиеті өз заңдылығымен емес, әкімшілдік, әміршілдік жүйеге қызмет етіп, төңкеріс, социализмді мадақтауға арналып шындықтан алашақтап кетті» [86, 110 б.]. – деді. Осы кез поэзиясы «социалистік реализм» таптық, партиялық, жалған интернационалдық талапқа сәйкес жазылып, қаламгерлер қатары соған бой ұрып отырды. Тағы бір топ шығармалар «социализм құрылышы дәуірі», «еңбек адамы», «жұмысшы табы» сияқты тақырыптарға арналды. Осы дәуірдегі поэзиялық туындылардың түрі мәні, нәрі, нақышы сүйілген, қолемі қалындаста да, халық көңілінен шықпай, бүгінгі күндері мән - мағынасыз «шығармаларға» айналғандығы шындық. Дей түрғанмен, «социалистік реализмді бетке ұсынатын» шығармалар болса да, халқымыздың өмірін, кешіп өткен тағдырын көрсететіндіктен бұл кезеңдегі туындыларды тарих беттерінен өшіре алмайтынымыз да ақиқат.

Монголиядағы қазақ әдебиетінің басты бір тақырыбы – табиғат. Ақындар өздері мекен еткен өлкесінің қысы мен жазын, күзі мен көктемін, буырқана бұлқынған өзені мен айнадай көлін, биік таулары мен орманын – бәрін сан түрлі бояумен келісті суреттейді. Ақтан Бабиұлы «Қыс» өлеңінде:

*Жамылып ақ көрпесін жатқан жерді,
Жел келіп оятады бетін ашил - [87, 64 б.].*

десе, Бесбоғда туралы:

*Өсем сұлу , кербез тау,
Күмістен сауыт киіп түр.
Аймалап құшып алтын күн,
Ақ бетінен сүйіп түр - [87, 115 б.].*

деп сөзбен сурет салады.

Тағы бір өлеңге назар аударайық:

*Күнді неге асығыс дала тынбай,
Тойынан құрбысының қалатындай.
Жүгірді бұлақ неге қырдан ойга,
Алдынан ана күтіп алатындай [87, 25 б.].*

Бұл И. Байбатырұлының «Көктем көріністері» атты өлеңі. Ақын табиғатты қауырт қымылға келтіреді. Дала асығыс киінеді, бұлақ тәмен қарай жүгіреді. Имашхан ақын табиғатты жандандыра отырып, үлттық сипат береді. Көктемдегі тіршіліктің түлеуін барынша тартымды бейнелейді.

Өлеңді тағы да жалғастыра оқып көрейік:

*Тіршілік жер астынан шыға келіп,
Жапырақ талға қонып сілкінеді [87, 21 б.].*

Немесе:

*Табиғат қаз даусына құлақ түрді,
Терезе қысты ұзатып жылан түрді.
Өзендер мұз көрпесін сілкіп ашып,
Жагага жұлып - жұлып лақтырды [88, 22 б.].*

Образды ойлау дегеніміз осы болса керек. «Табиғат талға қонып сілкінеді». Қандай әдемі айтқан. Табиғат түлеген, түрленген. «Өзендер мұз көрпесін сілкіп ашып» – дейді. Сендерді, иланасың. Көктем көркі бар бояуымен сан құбылады. Табиғат алыстан ансан жеткен қаз үніне де құлақ түреді. Тынысы кеңіген табиғат басқа қырынан алуан түрлі ажарымен айшықтала түскен.

Осы сияқты табиғат лирикасы аймақ поэзиясының өзекті тақырыптарының бірі болғанын көреміз. Кез келген ақынның жыр жинағынан табиғат туралы өлеңді оқуға болады. Мәселең, Зухай ақын да жазғы тұн суретін жанға жайлы қалпында беруге тырысады. Ол:

*Келе жатыр айлы түн тыныштықты арқалап,
Тұнгі самал жайлышты мәуәжисираган шартарап.
Іңрттікten бой жазып өрістеді жылқылар
Айқара ашып құшагын төскей жатыр шалқалап [81, 20 б.].*

деп, даланың мамыражай бір көрінісін көз алдыға әкеледі.

Жұмаханұлы Қуанған ақынның «Іңір» деп аталатын өлеңінде:

*Ауыл. Мамыражай іңір еді
Көлбен-көлбен көлеңке жүргіреді.
Түн – жолаушы ат согып, шөліркеген,
Шұғыланы құныға сіміреді.
Көлбен-көлбен көлеңке жүргіреді.
Ойдым ойдым ойпатқа сүрінеді.
Еңку-еңку еңісте жер бауырлап,
Шалдыққандай мамырлап кідіреді [89, 76 б.].*

деп табиғатты тартымды суретпен бейнелейді. Қайталанып келген тармақтар жыраулар поэзиясының өсерін танытқандай. Бұл өлеңнің кемшілігі емес, қайта оған соны сурет дарытқан. Фалым З. Бисенгали: «Қазақ әдебиеті замана, уақыт, өмір, қоғам, адам тіршілігінің пәлсапасын эстетикалық игеру бағытында халық әдебиеті мен мәдениетінің інжу - маржандарын қолданды. Қазақ халқының сез өнеріне етene жақындығы, ерекше қабілеті белгілі. Оның дүниені эстетикалық қабылдау, бейнелеу әрекетінің аса еркіндігі, өткірлігі, шеберлігі әлемге аян» [90, 264 б.] деген пікірі ойымызға орайласады.

Имашхан табиғат құбылыстарын үлкен суреткерлікпен бейнелеп, оқырманның көркемдік таным әлемін көңейте түседі. Ол «Теңіз» атты өлеңінде теңіз көрінісін былайша бейнелейді

*Жел тұрса жон терісі үректеліп,
Атады ақ қоғағін сүйреп келіп.
Жел тынса жайланауды, ойланады,
Жұзінің әжімдері үректеліп [88, 21 б.]*

Бір шумақ өлеңде поэзияға тән нәзік сезім бар. Көз алдына сырлы теңіздің әдемі суретін әкеп береді. Бұл тек теңіз суреті ғана емес, бүгінгі өмірдің бет-бедері, арынды ағысы мен толқыны.

Табиғат көркін сан түрлі бояуларымен жандандыра тартымды суреттейтін өлеңдер И. Байбатырулы шығармаларында молынан үшырасады. Ол «Күз суреті» өлеңінде:

*Жамылды даға үстіне сары кілемін,
Әлі де қызықтары бар білемін.
Ертең-ақ сақалды аяз келіп,
Сұгады қойындарга қар білегін [88, 16 б.]*

«Тағы да көктем күле кеп» өлеңінде:

*Шойырылған таулар емделіп,
Жіңсіді дене ақ самай
Моншагын жаздың тәңденіп,
Келеді орман қапсагай – [88, 16 б.]*

дейді. Табиғатты адам бейнесіне келтіріп, өзінше бір қарым - қатынасты бейнелейді.

Әлем жаратылышының заңдылықтары көркемдік таным мүмкіндіктері жайында ұлы ақынымыз Абай: «Әуелі көзді көрсін деп беріпті, егер көз жоқ болса дүниедегі көрікті нәрселердің көркінен қайтіп ләzzат алар едік?» деп ой түйеді. [91, 27 б.].

Байбатырұлы Имашхан:

*Асыға жүгіргенде бұлақ қырдан,
Тау бейне қайғылы адам жылап тұрған.
Жылауды жер бетінде үйретсін деп,
Табигат оны жерге лақтырған – [88, 17 б.]*

деуі де ақынның өзіндік ой өрнегін тапқандай.

«Табиғат, мезгіл көріністерінің түрлі суреттерін беруде, оны түрлі бояулармен астастырып, адам санасының астарымен алып жүруде, оны өзінен тыскары емес өзімдікі деп баурына басуда, сөйтіп, осынау көркем табиғатқа ақыл көзімен қарауда ақынның ой сергектігі басым, сөз құбылтуды соншалықты үйлесімді, соншалықты әсерлі» – деп бағалады Е. Баятұлы [92, 37 б.].

Екінші бір «Көктем таңы» өлеңінде де ойды образben айтуда бейімділік байқатады:

*Сал көктем, сен де осынша киелі ме ең,
Таулардың тер сорғалап иегінен.
Оянып үйқысынан маңгаз дала
Жыртылып өзен жатыр жисегінен [88, 20 б.]*

дейді.

Немесе:

*Шапанын тыстап киіп бүліспенен,
Өзеннен белбеу буып күмістеген,
Жігіт – жер сыланғанда сал табигат,
Аспанның алқасы гып күн істеген [88, 19 б.].*

деген жолдарда бірінші, ақынның шеберлігін өлеңмен өрнек салу, құбылысқа қимыл беруінен байқасақ, екінші бұл үлкен сезімталдық пен талғампаздық нышаны. Әсем сурет пен әдемі құбылыстың үйлесімі сөтті көрініс тапқан.

Зұлкәпіл Мәулітұлы «Жаңбыр. Жайлау. Мен» деген өлеңінде табиғат құбылысын ауыл өмірімен қабыстыра суреттей келіп:

*Тағы да пайды болып таспа бұлақ,
Тағы да секіреді тасқа құлан.
Тек қана ақбас таулар міз бақпайды,
Болар ма ем мен де сондай асқагырақ! [93, 24 б.].*

деп түйіндейді. Ақынның суреткерлік үшқырлығы бірден аңғарылады. Көшпелі елдің дағдылы тіршілігі де қаға беріс қалмаған Табиғат көріністерін бейнелегендеге нақтылық, дәлдік және оны жандандыру үштасқан кезде суреткер әрі табиғат өдемілігін ашады, әрі сыр - сезімін жайып салады. Дүниені өзгеше қалыпта елестетеді. Мәселен, осы ақын тағы бір өлеңінде былай жырлайды.

*Күміс жсанар төбеден ай қарайды,
Самал гашық тұлымды аймалаиды.
Ақша бұлттар ашуашаң дода - дода,
Айдын көлдер қыз міnez жсанга жайлы [39, 33 б.].*

Бұл да сурет.

«Адамның өзін рухани байытудың жолы біреу ғана. Ол табиғаттағы сұлулықты, әсемдікті көру, сезінудің сезімді үштайтыны секілді, әдебиет пен өнердегі эстетикалық сезім бұлағындаі білу» [94, 10 б.] – деп С. Әшімбаев айтқандай, адамның рухани жан дүниесін сұлуландырып, нәр беретін құдірет те осындай өлеңдерден дарыса керек.

Куанған ақынның «Сырғалы жағасында» өлеңін оқығанда ақын шеберлігі айқын аңғарылады. Ақын «шарбы» деген эпитет арқылы өлеңге үлттық ерекшелік дарытады. Мәселен:

*Шарбы бұлттар шалдыққан шудаланып,
Жалбыраган балагын суга малып.
Бүркыраган бұрымын тарқатылып.
Жатыр жосып өріле, тұлан ағып [89, 53 б.].*

ақын табиғатты жандандырып, күш - қозғалыс беріп, өсем картина жасайды, яғни табиғаттың сұлулығына баса назар аударады.

Ақындар әдемілік негізін әдетте тек табиғат әлемінен іздеген. Әдемілік – жаратылыс сырына таңдана, тамашалай қарайтын адам жанына сырттан құйылатын, сырттан даритын ізгілік нұры. Ендеше адам сезімінен тыс табиғат шын мағынасында эстетикалық сапаға ие бола алмайды, ол үшін әр адам сұлулықты тани және бағалай білу қажет. Бұл жөнінде З. Қабдолов былай дейді: «Нагыз пейзаж – поэзия! Мінез! Адам! Неге десеніз, адамның қабылдауынан, сезіну, түйсінүлерінен, көніл - күйінен тыс табиғат суреті – пейзаж жоқ» [95, 63б.]. Қазақ поэзиясында табиғат пен адам тағдыры, айналып келгенде, ен алдымен табиғат суретімен, өлеңдері пейзажben, олардың көркемдік сипатымен ерекшеленеді.

Аймақ ақындарының шығармаларын оқып отырғанда әдемі бояумен өрнектеген жыр жолдары молынан ұшырасады. Әр ақын өзіндік қалам тартыс, сөз саптастымен дарапанады. Бұл жөнінде кезінде сыншылар да орынды пікір айтқан - ды.

«...Көркемдік поэзия деген не: Бұл – сөзбен сурет салу. Бұл – әдемі бояу. Бояулы жанды сурет – кино лентасындағы көз алдымыздан өтіп жатуы керек. Поэзия – сөүле шашқан сезім, адамдардың қыр - сырлары. Өлеңдегі сөзді сөз жарқырата ашып, сөзге сөз сөүле түсіріп тұруы керек. Әр сөз өсем болуы керек» [96, 30 б.] – дейді Д. Белдеубайұлы.

Монголиялық қазақ ақындарына тән басты бір ерекшелік – табиғатты кескіндеуде қазақ халқына тән тыныс - тіршілік, әдет - мінез, салт - дәстүр белгілерін молынан қолданатындығы. Яғни, ұлттық болмысқа тән бояудың көптеп кездесетін тұсын айтпай қоюға болмайды

«Бұл табиғат көрінісін жалаң, жалпылама баяндан түсіндіру емес, бұл – туған өлке тынысын мейлінше образды мұсіндеу. Осы жолдардың өзінен - ақ, риясыз ақын жанының дүние көркіне рухани көзқарасын, бағалау пафосын айқын анғаруға болады.

Табиғат бейнесінен біз біте қайнасып, бауырласып кеткен екі бірдей қатынас шамасын байқаймыз: таныту сипаты, бағалау сипаты. Өнер туындысында өдеге жаратылыс шындығы осылай таныла отырып, сұлулық көрінісі ретінде бағаланады, образды, өрнекті келісімін табады» [97, 51 б.].

Ақындар өлеңдеріндегі табиғат суреттері бір жағынан адамдардың қарым-қатынасын терең көрсету үшін олардың харakterін, сезім күйлерін бейнелеу үшін алынса, екінші жағынан, табиғаттың өз образы арқылы оны терең тануға, сол жолмен дүниенің, әлемнің сырын түсінуге көмектеседі. Табиғат құбылыстарын адам сезімінің өзгерістерімен көмкеріп, зерделеп жеткізуінде сол табиғат құбылысы көрініше, адам бойындағы нәзік сезім, көңіл - күйінің өзгерісі тәрізді болып кетеді. Сұлу сөз арқылы құлпырған табиғат, құдды адам бойындағыдан қасиеттерімен тіршілік процесіне айналады. Бұл ақын зердесінің тылсым дүние сұлулығын саралай билетін талғампаздығын білдіреді.

«Әдеби тіл қарапайым да сазды болуға тиіс. Асылында қарапайым әрі сазды жазу дегеніміз түсінікті жазу деген сөз. Тіл құдіреті таңғажайып. Адамның табиғат әлемінің сарқылмас түр - түсін, қозғалысын бейнелейтін ең абсолюттік ой - санасын белгілейтін сөздің шексіз мүмкіндігін тіл құдіреті дегеннен басқа лаж жоқ» [97, 7 б.].

Ақындар табиғатты бірыңғай тамашалап қоймайды. Оны қазақ ауылының тұрмысымен байланыстыра суреттейді. Әсіреле шырайлы да шұрайлы шумақтар Имашхан Байбатырұлының мұраларынан көп табылады. Тағы бірер мысал келтірейік:

*Келді көктем. Келіп атып май таңы,
Тірлік біткен көктем өнін айтады.
Қар күпісін,
Мұз – көрпесін сүйрептіп,
Алжыған қыс жалаңаяқ қайтады [88, 22 б.].*

Имашхан ақын өлеңіндегі жансыз нәрселердің өзі тіршілік иесінің қасиеттеріне ие болып, түрлі қимылдар жасайды. Ол үшін ақынды бүкіл ізгілік атаулыға қиялы үшқыр, фантазиясы бай болуын, бір сөзben айтқанда автордың өзі эстетик болуы керек. Сонымен бірге табиғатты шынайы суреттеуге шеберліктің ролі күшті екені белгілі. Осы жауапты талаптардан лирикалық кейіпкер жоғары көріне біледі

Адам тілі – біздің кәдімгі құнделікті өмірде қолданып жүрген карапайым сөздеріміз ақын жүргегінің мыс қазанына түсіп, асқақ шабытпен қайнап қорытылғанда небір құлақ естіп, көз көрмеген ғажайыптар туады. Бұған окушы былай тұрын, сол поэзияны өз қаламынан тудырған ақынның өзінің де жағасын ұстап, таңдана қарайтын кездері аз емес. Поэзия қашан да өзінің осы сиқырлы күшінен адам баласының басынан кешірген арғы - бергі бүкіл өмір тартысының, ізгі арман - мұратының, сұлулығын, ұлылығын, өміршеңдігін бейнелеп келді. – деген пікірге ақынның туындылары дәлел болып тұрғандай.

*Жер – ананың сал денесі балбырап,
Күн – келіннің беті нарттай албырап.
Сығалайды түлкі аңдыған аңшыдай,
Жылғалардан бас қотеріп балқұрақ [88, 22 б.]*

Алдымен табиғатты ол тұтастықта таниды. Табиғат та адам сияқты кейде көңілді, кейде мұнды. Соған лайық ақын да оны әр - күйде суреттейді.

Абайдан бастау алған табиғатты жаңдандыра бейнелеу дәстүрі Монголиядағы қазақ ақындарында жалғастық тапқан. Аймақ ақындарының шығармаларында табиғат лирикасы сүбелі орынға ие. Сондай - ақ, табиғат туралы өлеңдердің көбі - ақ адамның сыр - сезімін дәп басатын айшықты туындылар десек асыра айтқандық болмайды. Мұндай даралтық өсіресе 1960 - 70 жылдары әдебиетке келген бір шоғыр ақын мұраларынан анық аңғарылады. Олар И. Байбатырұлы, К. Жанжұнұлы, К. Жұмаханұлы, К. Бақтыбайұлы т.б.

Сөз дәлелді болу үшін Имашханның «Жаздың жайлы кешінде» өлеңінен үзінді келтірейік.

*Жылқышы да көрсем деп құдашамды,
Бір сұғымга жылқысын бұра салды.
Күн жеңгетай болды да, құбылагаса,
Қызыл торғын шымылдық құра салды [88, 24 б.].*

деген жолдардағы малшы ауылдың кешкі көрінісі бейнелі суретімен әсерлі.

Ақынның қолтаңбасын айшықтайтын нәрсе - поэзиясындағы уыздай тұнған ұлттық балама сездер еді. «Ат жарысы алаңында», «Алтыбақан» атты шоғыр жырларында тарихи - этнографиялық жанды сурет, логикалық нақтылық бар. Табиғат лирикасы ұлғісінде өлеңдерінде ақындардың ой - сезімі, жан - дүниесі де терен ашылған. Туған ел табиғатын сипаттауда оның суреткерлік шеберлігі айқын аңғарылады.

Монголиядағы қазақ әдебиетінің дарынды өкілі, асқақ үнді ақындардың бірі – Тойлыбай Құрманмолдин.

Ақынның туындыларына тоқталып, жақсы баға берген ғалым С. Негимов: «...Тойлыбай толғауларында сезім терендігі мен ой кемелдігі, құлшыныс пен бұлқыныс, қанаттылық пен арманшылдық, киял еркіндігі мен тіл серпінділігі бар. Әсіресе, «Ару Алтай – Ана Алтай» – Тойлыбай толғаныстарына поэзиялық сұлулық дарытады. Сыршыл, мұңшыл кеудесіне, нәзік жанына күміс маржан түндырады. Ақынның көргіштігін, сезімшіл түйсігін, Сұлу жаратылыстан ұн - сыр аулап, сырбаз да көркем сөйлетуге икем - бейімін, қабылдау қабілетін мына бір сымбатты түйдектерден аңғаруға болады. Мысалы:

*Шомбал таулар шоқтықты, шүйделірек
Ол жасайында естімін күй көбірек.
Күн қадайды жасап - жарық қарашиығын
Бұл жалғанда бір өзің сүйгенім деп,
Балуан Алтай шоқтықты шүйделірек.*

*Tac ta мұнда айшықты, бейнелірек
Бұлттың қаны ысиды кейде еңіреп...
Су ішеді кешкілік қос шалқардан
Сынық мүйіз, сиыр тіл ай мөніреп,
Tac ta мұнда бедерлі бейнелірек.*

Тойлыбай атамекен сәулетін, ақбоз орда қасиетін, таңғажайып табиғатты құбылта, құлпырга, келістіре сипаттайды. Ол өзінің тұтас болмысымен біржола берліп жырлағандықтан, оның бойындағы іңкәрлік пен құштарлық оқырман санасын, оның ішкі дүниесін дүр сілкінгеді, жаңғыртып жайнатады, шырақтай маздатады. «Күн қадайды жап - жарық қараышын», «Сынық мүйіз, сиыр тіл ай мөніреп», «Ақ тиіндей ақ бұлақ секіреді» дейтін ажарлы жарасымды тізбектер ақынның алғыр - тапқыр өрелі өнерпаз екендігін кіршіксіз дәлелдейді» [99, 15.], деген пікірін орынды айтылған деп білеміз.

Осы тәрізді айшықты өлеңдерді Д.Дікейұлының туындыларынан да молынан ұшыратамыз. Ақынның дара қолтаңбасын танытатын айшықтардан қазақ болмысына тән, қазақтың тіршілік әрекетін, салт - санасын бедерлеген эпитет, теңеу метафора т.б. көркемдеу құралдарын көптеп кездестіруге болады. «Дікейұлы Даниял – көрікті ой, нәзік сезіммен жырлауға көбірек көңіл бөледі. Ақын – табиғат суретін салуға шебер. Әсіресе, бұл – «Көктем», « Жазда», «Даян көл жағасында», «Сыргалы суреті», «Жайлауым» қатарлы табиғат лирикаларында айқын көрініс табады. Мұндай өлеңдеріндегі сыршылдық жанды суретпен образдылыққа ұласады. Бұған «Еркінсіп асау өзен сақ - сақ күлді» [100, 29 б.]. - деген жалғыз жолды алсақ та жеткілікті.

Монголиядағы қазақ поэзиясына тән басты бір ерекшелік: ақындар жырларының бойында Абай салған образдылық, бейнеліліктің сан алуан қырлары, бір мағына емес, бірнеше мағыналылықтың сырларының болуы.

Ақындардың табиғат лирикаларын оқып отырғанда ең алдымен Абай, Шөкөрім, Мағжан лирикалары ойымызға оралады. Абайдың атақты «Жаз» өлеңінде козғалыстағы яғни қөшпелі қазақ жазы көрініс табады. Бұл өлең бойында махаббат та бар, әлеуметтік ортаның түрмис тіршілігі де бар, философиялық ой тереңге тартқан, уақыт пен кеңістіктің, дәстүр мен салт бәрі көз алдыңа келеді. Абай жазған табиғаттың классикалық үлгісінен тәлім алған Монголиядағы қазақ ақындарының шығармаларында лириканың бұл түрі көптеп кездеседі. Ақындардың табиғат тақырыбына жазған өлеңдерінің көбі - ак суреткерліктің жақсы үлгісіндей туындылар. Қауия Арысбайұлының «Қантар» өлеңіне сөл назар аударайык.

...Үйып қалған айрандай,
Ұлта қардың тұс - түгі.
Таулар үйықтап қалғандай,
Тыныш жатыр қыс күні [101, 78 б.]

тәрізді бейнелі сурет, тың теңеу осыған дәлел. Табиғат – өмірдің бір сөттік көрінісі ой тезінен өтіп сезім сырымен үштасып жатады.

Қай үлттың әдебиетінің тарихына зер салып қарасақ та ақындар соқпай өтпейтін бір тақырып – табиғат екенін көрер едік. Сезімтал ақындар жанына жылдылық дарытып, бойына қуат беретін де туған топырақтың қасиеті екенінде дау жоқ. Сондықтан да болар, балауса жанын жырға малындырып, ақ қанатына қайрат дарытатын, ақын жүргегіндегі табиғаттың келісті көркем суреті шумақ-шумақ жыр түйдегіне айналып сұлу өлең күйінде өрілетіні, сөйтіп поэзия әлемінен орын табатын табиғат туралы толғаныстардың орны үлкен. Қолына жаңа ғана қалам ұстаған балауса балғыннан бастап әлемдік классиктер атанған ұлы тұлғалардың табиғат, Отан, Туған жер туралы жазбағаны кемде - кем.

Табиғат, Отан, Туған жер тақырыбы – монгол қазактары поэзиясының өзекті бір иірімі. Перзенттік махаббатының алауына,

сезім сәүлесінің шұғыласына бөленіп, ақындар жүргегін жарып шыққан мұндай өлеңдер ақындардың азаматтық тұлғасын отан сүйгіш қаламгерлік сезімін айқын танытады. Сонымен қатар өлеңдеріне азаматтық асқак леп, сыршыл саз, арайлы ажар беріп тұрады.

Тұған жерін тұғыры санамайтын адам бола ма? Ал ақын үшін оның жөні мүлде бөлек. Аймақ поэзиясында тұған жер туралы толғаныстар сүбелі орынға ие. Қарт қаламгер Ақтан Бабиұлының «Мениң Отаным», «Өлгий» өлеңдерінен бастау алаған бұл тақырып кейінгі буын шығармаларынан үзілмейтін желі тартқан. Мұбәрак Тастанбайұлының «Мениң ауылым» өлеңінде:

*Мениң аулым, бақыт, байлық мекені,
Көпке өзігілі даңқы биік екені [102, 15 б.].*

деп ауылын мактаныш етсе, Эбдікей
Кондырган дарындылық талап маган,
О, далаң, асау таймен далақтаган.
Аңсаган айдын көлін жыл құсындаі,
Асыға өзің жаққа қанат қагам [103, 9 б.].

деп сағыныш сазын тартымды жеткізеді «Дала» атты өлеңінде. Есейіп кетсе де тұған жеріне деген ыстық сезімі сұымаған.

Қандай суреткерді де туған жерінің тарихы мен тағдыры, ескен жердің бұрынғысы мен бүгінгісі туралы ойлауға мәжбүр етеді емес пе? Үлкен парасаттылықпен ойлайтын, сезімтал, талғампаз ақындар да бұл тақырыптан шеттеп қалмастан, мұндай тақырыптарға да бірнеше өлеңдерін арнағанын білеміз.

Ақын Қуанған Жұмаханұлы өзінің балалық базары өткен жеріне сағынышпен келгенде:

*Келгенімде алыстан сені көрмей,
Тұра алам ба жағаңда тебіренбей? [89, 7 б.].*

деуі өте орынды. Аптыға алып үшқан көңілдің бір емі туған жер екені мәлім. Алғаш қанат қағып, қадам басқан үшқан ұның орны бөлек болмақ.

Одан әрі:

*Шіркін-ай таба алмадым бір-бірін де ,
Түспеді көз алдыма ізім мұлде
Кім білсін қанбактайын жел ұшырып,
Кеткен бе борасынды бір күзінде – [89, 7 б.]*

дейді. Бұл ақынның «Қаратұмық» деген өлеңінен үзінді. Туған жерінен алыстап кеткен ақын «Қарауменен жанарын талдышып» жетеді. Сағыныш пен өкініш қос өрім тартқан жолдардан лирикалық кейіпкердің жеңіл мүң оранған сыр - сезімі айқын анғарылады.

Құмар Белдеубайұлының «Көктөбе» өлеңі де жүрекке жылы әсер қалдырады. Көктөбенің басқа таудан биік көрінуі табиғи, нанымды. «Әркімнің туған жері Мысыр шаһары» деген қағиданың ақиқатына қалтқысыз сенеміз.

*Басқа таудан биігірек көрінесің көзіме,
Жеткение мен асығамын алыс жүрген кезімде.
Өн кернеген сағыныш бар саган деген сезімде,
Өмірімнің жақсылығын арнап өтем өзіңе [104, 51 б.]*

Өлеңде ақын туған жердің небір тамаша сұлу да әсем көрінісін сөзбен сурет салып көркем шындықпен, поэтикалық терең оймен, эстетикалық түрғыдан шебер бере білген. Бұларды оқи отырып жаныңа рухани азық, эстетикалық, тәрбиелік әсер алып, ақынның ақиқат жыр дүлдүлі екеніне сүйсінесің әрі таңданасың.

Туған жер туралы сәтті жазылған өлеңдер Имашханда да барышылық. «Қызылтөбе», «Қарғалы», «Туған жер дидары», «Туған ел, туған жерге» т. б.

«Жүргегінің асыл арманына» айналған Қарғалы туралы:

*Алаулы жысыр бол жсанғалы,
Қиялым сени шарлады.
Жүректің асыл арманы,
Айналдым сенен Қарғалы [84, 85 б.]*

десе, екінші бір өлеңінде:

*Сенің нұрың – жсанымда аққан ағын,
Сенде жсанған, туган жер, бақ талабым!
Сеніменен баймын да бақыттымын,
Сеніменен өзгеге мақтанамын [84, 86 б.]*

дейді. Өскен елі, туған жеріне табан тіреп түрғанда ғана баймын, бақыттымын деуге қақысы бар. Лирикалық кейіпкер туған жеріне бүкпесіз сыр ашады, ағынан ақтарылады.

Поэзия туған жердің сұлулығын аша отырып, патриоттық сезімге тәрбиелейді, оқырмандардың эстетикалық талғамын үштайды, адамның рухани әлеміне жан ләззатын сыйлайды.

«Сөз ұстасы мейлі жарқырата өлең өрсін, мейлі ақ өлеңді селдете драмалық туындылар әкелсін дүниеге, болмаса сырға толы проза жазсын, жанр салмағын жақутша жарқыраған поэзияның сұлулығы басып кетіп жатады. Ол туындыда алдымен ақындық таным, ақындық толғам көзге ұрады. Қай жанрда жазылған қандай үздік шығарма да адам жанын қозғап, тербел, тебіреніске түсірер болса ол – поэзия!» – дейді өлең сөздің құдіретін жанымен үққан, жүргегімен сезінген ақының ақын Т. Айбергенов [105, 12 б.].

Отан, туған жерге деген махаббаты ақындар жырларында кеңінен орын алған. Осы халыққа, туған елге деген жалындаған сезімді терең оймен біріктіріп, құнды көркем бейнелі туындылар жасайды.

Қай ақын болмасын алдымен өзінің өзекті өлең өрімдері арқылы туған топырақ, өскен өлке өмірін жыр етеді. Осы үдеден шыға білген ақынның бірі – Тойлыбай Құрманмолдаулы. Ақын –

поэзияға өзіндік үн, өзіндік талант қырларымен келіп қосылған. Өзінің өскен өлкесі мен туған елінің бүгінгі жаңаған келбетін, адамгершілік достықты, махаббатты жырына арқау етіп, өз өуенімен жыр моншағын тереді.

Отанға, туған елге деген перзенттік махаббатын осылайша жүрек жалынымен, сыршыл сезіммен жырлайды. Өлеңдерінде образдылықпен жырлау басымырак.

Ақын Тойлыбай бүгінгі дәуір келбетін өзгертуші жасампаз адамдардың ұлы құшін, ерлік жігерін, ісін мақтаса да, дархан даласының өсем табиғатын суреттегісі келсе де, жастық махабbat сырын шертсө келісті суреттер мен нақышты теңеулер қолдануға, философиялық ой түзуге тырысады.

*Қайратын қанат қылған қия асуда,
Жаңған өрт, тасып жатқан құла суда
Болмаган оған бөгет гұмыр бақи,
Адамның алыптығы міне, осында [106, 33 б.].*

Тойлыбай өлеңдерінде соны теңеулер, көрікті суреттер, нақышты жолдар кездеседі. Ақын шындықты бүкпесіз ашық, көңілге қонымды сезім отымен жырлайды. Ақынның «Ең алғаш кіндігінді кесіп өзі» деп басталатын өлеңі өте қарапайым әрі сезімді баурап алар шынайылықпен жазылған.

*Жөргекте түңгыш рет үйреніп өн,
Бойына шыр еткенде күй дарыған.
Қараши туган жерге анықтап бір,
Анаңың айнымайды дидарынан... [106, 4 б.].*

Автор өзінің бүкіл адами болмысының, ақындығының тамырын туған жерден алғандығын паш етеді. Әрине, ақындықты туған топырақ сыйлайтыны даусыз.

Ақынның туған жерге деген терең махаббаты – зерек көңіл, зерделі ой тасқынымен, зор шабытпен жүрек тебірентерлік пафоста

жазылып, айтар идеясы өте тереңде жатқандығымен оқушысында туған жерге, Отанға деген патриоттық ыстық сезімді оятады.

Жалпы, 1960-80 жылдардың талантты ақындары бүтін Отанның бөлшегі – кіндік кескен ауылын өлең тілімен өрнектегендеге азаматтық ойға тән ауқымдылықтан айнаған жоқ; әр ақын өз шама - шарқынша жалқы арқылы жалпының да жайын жырлай білді

Туған жердің қадірін білген бір жан болса, ол – қазақ. Қазақ ұшін кең даладан, тауы мен өзен-көлінен артық құдірет жоқ.

*Басталғандай жсанғырып жаңа бір өн,
Саргалдақтар майысып сабагынан.
Күй төгілген сияқты кең далага,
Шаң қобыздың шымырлап шанагынан [107, 19 б.].*

Мұрат Бұштатайұлы «Қайдасың көктем» өлеңінде осылайша әдемі жыр өрнегін сала білетіндігін аңғартады.

Ата-баба аманат еткен туған жер әр қазақтың кіндігінен байланған қасиетті мекен. Зейнешқызы Гүлдәри жырларынан да табиғаттың тамаша көріністерін, туған жердің көрікті келбетін көз алдыңа келтіретіндей көңіл ашар тебіреніс пен сыршылдық байқалады. Гүлдәри «Неткен сұлу көркем едің» деген өлеңінде:

*Баурашы көңілімнің сыршыл багын,
Мөлдіреп таң шығындаі түрсын жсаным.
Мен перне, саусагыңмен шертіп қал да,
Омірдің оятайық тылсым таңын [108, 37 б.].*

дейді. Көктемнің көрікті келбеті ақынның таңғы шықтай мөлдір сезімінің пернесін дөп басып, «сыршыл бағының» құпия құдіретін ашып жібергендей.

Тағы оқып көрейік:

*Уа, далам,
Бір уыс топырагың қымбат маган.
Келгенде шабыт өзен жырлап қалам,
Өзіңде өскен бойлап ақ қайыңды,
Анашым иіп өкен құндақтаган [108, 41 б.].*

деп туган жерге оның табиғатына деген махаббатын шынайы көңіл - әсерлерімен тартымды толғаған. Өлең мазмұны табиғи ой, сезім нұрымен көмкерілген. Ақын туган жері мен оның табиғатын бірлікте алып жырлайды.

М. Әуезов: «Өлеңге қоятын шарт: еркін ой, шарықтаған терен қиял, нәзік өткір сезім, қүйылған сұлу сурет, кестелі, таза, қысқа, анық тіл. Әркімнің жүргегінде бір жасырын сыр, жасырын тіл, жасырын күй бар. Ақынның ақындығы сол жасырын сырды тауып, жүректі тербелтіп, қуантып, мұнайтып, жасырын күйдің ішегін шертіп, әрбір пернесін тап басу. Ондай өлеңді оқығанда оқушының шері қозғалып, ой көзі жүргегіне үнілетін бір әсер пайда болады» [109, 162 б.]. – деп түйіндейді

Осы талап түрфысынан келгенде Монголиядағы қазақ әдебиетінің өкілдері үнемі өсу, шеберлікті шындау жолында тер төккендері байқалады. Аймақтағы қазақ поэзиясының тақырып ауқым аясы кең.

Тіпті өлең - мұза жайында қаншама шығармалар жазып, өлеңді үлкен өнер ретінде қараған. Ақын болуды мақсат еткен. Зухай ақын:

*Өлең деген өнеріңе,
Бала күннен гашықпын [110, 92 б.]*

деуі осы ойымызды дәлелдей түседі.

Ақын өлең - өнерге деген көзқарасын, жан сырын осылай жеткізсе, енді бірде:

*О, іңкөрім аңсаган жыр - өлеңім,
Өлеңге алман өзгенің мың өнерін [110, 92 б.]*

деп ақындыққа құштарлық сезіммен қарайды. «Үста өлсе артында заты қалар, ғалым өлсе артында хаты қалар» дегендей өлең - хатты бәрінен жоғары қояды.

Ақын Кәп Құмарұлы «Келемін» өлеңінде:

*Қиялдар заулап,
Тербейді өлең.
Арманды шыңға,
Қондырып келем.
Мұхиттай терең,
Фасырдың сырын,
Арқалаї берем [56, 80 б.]*

деп өзінің азаматтық мақсатын, ақындық мұратын ағынан ақтарыла жырлайды.

Академик З. Ахметов: «Поэзия – сөз өнері, көркемдік шеберліктің тенденсі жоқ озық үлгісі. Оның үстіне поэзияның аса маңызды әлеуметтік, қоғамдық құбылыстарды бейнелеп көрсете алатын зор мүмкіншілігі бар. Ол айналамыздағы дүниені, өмірді танып - білудің, күшті құралы, біздің қоғамдық ой - санамыздың, көркемдік эстетикалық сезіміміздің үлкен, өнімді саласы» деп жазды [112, 7 б.]. Бұған қарағанда поэзияны қоғамдық ой - санадан бөліп қарауға болмайды екен.

Әдебиет өлеміне келген әрбір ақынның алдында – ақын болу, ақын болып азаматтық парызды өтеу мұраты бар еді. Ел, қоғам алдында қызмет көрсетіп, жүртшылыққа бар болмысымен танылу мақсаты түрдү. Ақын Кәкей:

*...Сан жүректер сырына,
Жақын болғым келеді.
Қанат беріп жырыма,
Ақын болғым келеді [113, 14 б.].
«Ақын болғым келеді»*

деп өу бастан-ақ «қанат беріп жырына, жүректердің сырына» жақындауды мақсат етеді. Өзі айтқандай ол өз жырларында жан

сыры, ішкі сезімдерін оқырмандарына барынша жеткізуді мақсат тутты. Әрі айтарын айтып та кетті.

Ақын Зұлкәпіл Мәулітулы:

*Көкірегімде күн дидарлы сәуле бар,
Тек көлеңке түсірме!. [114, 52 б.]*

«Жыр жазамын бар дүние жайында»

— дейді. Ақындық сезім сырын « көкіректе күн дидарлы сәулеге» балаған ақын. Зұлкәпіл ақындық болмысты таза пек күйінде сезіне отырып, осы жолдағы міндеттін кіршіксіз, адаптация арқылы халқына қызмет етуді арман етеді.

«Поэзия материалы – сөз емес, өмірдің өзі», «Материал поэзии – не слова, а сама жизнь» дегендегі, өмірдің өзінен алынған ақындық таным, ақындық ой - түйін, дүние болмысының сырь әдемі өлеңге, өлеңнен соң өнерге, өмірге айналып құлпырып шыға келеді де әр жүректер жырына айналған сазды әуен болып қалады. Өмірдің өнерге айналған, өлеңге айналған бір шырайы болып қалады.

Ақындар табиғатты, туған жер, атамекенді шынайы сезіммен жырлайды. Ақын болып өздерінің сыр - сезімдерін өлең өрнегімен жеткізуді мақсат етеді. Дүние – өлемге деген өз қатынастарын олардың шығармашылық әлемінен сыр тарта отырып пайымдауымызға болады.

Ғалым Т. Тебегенов сөз өнері жайлы: «Әр халықтың да уақыт заман ағымындағы тарихи көшінде жылдар жылжып, ғасырлар ауысса да уақыт сынына бой алдырмайтын, тот баспайтын мәңгілік рухани құндылықтары болады. Мұндай қундылықтар. әрине, алдыңғы кезекте үлттың өнеріне қатысты.

Өнер оның ішінде сөз өнері – мәңгілік құндылық» [115, 82 б.]. деп ой білдіреді. Олай болса осы үлттық қазынамыздың сөз өнерінің сырын игеруге, оның құдіретін тануға талпыныс танытқан ақындар өлең - өнері жайлы әрқылы сыр шертеді.

Алпыс-жетпісінші жылдары әдебиетке келген бір шоғыр жастар ақындықтың қыындығын біле тұра соған үлкен сенім-сертпен келгендігі байқалады. Соның бірі Зейнешқызы Гүлдәри «Журегімнің пернесі» өлеңінде:

*Таңмен бірге өлең тербеп оянаң,
Күннің нұрлы шұғыласына боянаң.*

*Келгенім жоқ өмірден бос өтүге,
Жыр бұлагын неге ағызбай қоя алам? [108, 19 б.]*

деп таңмен таласа оянып, жыр жалауын биік көтеруді мақсат етеді. Өлеңді өмір, өмірді өлең деп қабылдасақ осы өлем арқылы ақын өзі көрген, кекірегіне түйген тіршіліктің тынысын жырлау, сол арқылы пенде пешенесіне жазылған қысқа ғұмырын мәнді мәмлеке айналдыру үдесінен шығатын тәрізді. Нәзік жанды ақындар болмысы бар игілік пен жақсылық атаулыны алғы қүннің еншісінен күтіп, періште пейіл, ізгі ниетті болашаққа бағыштамаушы ма еді?!. Өзінің тағдыр талайына жазылған қысқа ғана ғұмырын өмір - өлеңге айналдырып, сол мұратының жолында пенде - фәни-тірлікті мәңгілікке, ұмытылмас ұлы рухқа ұластыра білген, Гүлдәри ақын бар үмітін үкілеп, сенімінің тінін септінетпей, өлең өлкесінде өзінің өшпес ізін қалдырды. Расында да өлең өлімді жеңіп түрғандай. «Абай үғымында, поэзия - поэзияның ғана құралы емес, өмірдің де, шындықтың да құралы» [116, 192 б.] – деп жазушы С. Мұқанов айтқандай, ақындар үшін поэзия - расында да өлмес, өшпес өмірдің белгісі болмақ.

Гүлдәри ақын «Күміс күн» өлеңінде өнер жолының оңай емес екенін айта келіп, бір сәт күміс күнге тіл қатып, сыр ашады.

*Арман алыс жсол қылы,
Жыр нөсерін төгейін.
О, Күміс күн, төбемде!
Сен мәңгілік күлімде! [108, 32 б.]*

Қылыш жолдағы алыс - алыс арманына жетпесін сезген аса сезімтада ақындық болмыс «О, Күміс күн төбемде, Сен мәңгілік күлімде» дей отырып жырларының жақұт тамған тамаша тіңін тұрғызып кетті. Дүниеден ерте еткен талантты ақындардың халықтың ыстық - ықыласына бөленіп жататын себебі, өлеңдерінің астарында ақынның айта алмай кеткен арман - аңсары мен іңкөр көңілінің луппілі жатады.

Поэзия құдіреті – адамның рухын биіктетеді. Адамның жан - дүниесін құнделікті қүйкі тірліктің шаң - тозақынан аршып алуға көмектеседі.

Адам жанын нұрландағыра алатын, адам әлеміне шуақ пен жылылық бере алатын қасиет – поэзия қуатына ғана тән, өлеңнің сазды өуеніне ғана тән. Асылы – «ақындық өнер Алладан беріледі» дегеннің ақиқаттығына жүгіндіретін сияқты.

Куанған Жұмаханов өлең – музага тіл қатып:

*Кіндікtestім, сыңарым егізім бе ең,
Айта алмаган ақ жарма сезімім бе ең [89, 5 б.]*

деп поэзияның қасиетті табалдырығынан осылай аттайды.

Көкірегі поэзиясыз адам аз. Өмірдің бүкіл құбылысы мен қимылына зер салып махаббатпен қарай алғандықтан да, ол – нағыз ақын. Нағыз өлең – адам денесі сияқты құрамды құбылыс. Оған ой да, сезім де, шеберлік те, бәрі де керек.

Мұқағали Мақатаев «Музага» :

*Отырганын қараши күйім келмей,
Қайда кеттің?
О, Муз! Күйын желдей.
Аузымды ашсам өкпемнен жел үреді.
Қаңыраган иесіз дірмендей.
Мұздатады жсанымды бүйым көрмей [117, 6 б.].*

«Поэзия – адам көкірегінің ең алыс түкпірлеріне дейін шымырлап - жаңғырып, шулап - буырқанып жететін ең сұлу жан

сыры, тұғас бір халықтың басынан кешірген рухани өмірінің көркем тарихы. Адамның сол ішкі жан-дүниесінің шынайы адал сыры жайлы бүкпесіз ақтарыла сөйлегендіктен де, нағыз поэзияның ғұмыры шексіз» [97, 13 б.]. Ендеше, ақындық жолдың ауыр аманаты да бар. Ол ақынның халық қамын, мұн - мұддесін, тыныс - тіршілігін, арман - тілегін, басқаша айтқанда ғасыр жүгін, заман сырын, дәуір келбетін шынайы көрсету, сезім сырына бөленип шыққан ақиқат сырын айнитпай айта білу болмақ.

Ақын Зұрғанбайұлы Рысбек «Ойхой, Өлең!» деген өлеңі:

*Ойхой, Өлең,
Сен бір асқан құдірет,
Тегеурінің шыдаса екен бұжүрек!
Қиялдаймын...
Арманыма балаімын,
Қиял емес, Ақын үлдүң жүргі деп! [118, 6 б.]*

деген жолдар арқылы поэзия өлеміндегі мұрат - мақсатын айқындаі түседі.

Өлеңдердегі әрбір ақынның алғашқы үндерінен, алғашқы қадамдарынан - ак поэзия өлеміне келудегі мақсат - мұраттарын тани түсеміз, өнер сапарына поэзия өлеміне үлкен дайындықпен, азаматтық жауапкершілікпен келгендерін аңғарамыз.

Ақын - белгілі бір қоғамның өкілі деп қабылдасақ оның жырларынан уақыт шындығын, қоғам тынысын сезінеміз.

«Түрлі дәуірдің өзіндік ерекшеліктерін, сол тұстағы қоғамдық сананың негізгі белгілерін поэзиядан айрықша тани аламыз. Әр заман поэзиясының өзіне лайық күйі бар, өзіне лайық үні бар. Адам баласының бүкіл тарих бойына ілгері өсіп дамуы қаншалықты тынымсыз, толассыз жүріп жатқан процесс болса, көркем бейне жүйесімен ойлау, дүниені образben танып баяндау, суреттеу өнері де тоқтаусыз дамып, жаңаланып, жақсарып келе жатқан құбылыс. Қоғамдық сананың бір түрі регінде көркем әдебиет қай ғасырда болса да, сол заманғы адамдардың бір-біріне деген қатынасын, ой-

арманын, дүниетанымын байқатпақ. Соның ішінде поэзияның ғана құдіреті қелетін, тек өлең ғана айта алатын тебіреніс бар. Ол –заман күйі, адам күйі , тіршілік еткен жанның мұңы мен зары, ішкі ой-сезімі, арманы, күйініші мен қуанышы» – дейді М. Базарбаев [119, 91 б.]. Демек дәуірге тән қоғамдық көніл-күй ең алдымен поэзияда, өсіресе, лирикада бейнеленеді деген сөз.

1990 жылдардан бастап монгол қазақ әдебиеті жаңаша бағытта дами бастады. Тақырып ауқымы кеңейіп, идеялық түрғыдан биіктеп, көркемдік қасиеті жоғарылап жаңа сапа, жаңа сипатқа ауысты.

Ақындар өлеңдерінде жаңа заманмен бірге елдің оянуы, өмірге, еңбек пен шаруаға жаңа көзқарасы, уақыт – кезең көріністері, рухани сілкінісі баяндалады. Әрі осы кезеңнен бастап монголиядағы қазақ ақындарының негізгі тақырыбы – бүгінгі күн тақырыбы болып келді. Болашақта да солай болмақ. Өз дәуірінің жыршысы болсам деген қаламгердің арман - мұраты мен еңбегі қайта құру кезеңінде бұрынғыдан да күшті қуатпен қанаттанып, оның көш басынан көрінуін, жаңартудың барша тағдырын баянды ету жауапкершілігі түрғысынан бүгінгі күн тақырыбын сапалы да, салиқалы, кемелді де келісті түрде көтеруі орынды талап етілді. Әкімгерлік белең алған кездегі формализм, жалаң марапат, желекпе ұраншылдықтың ескірген іс - тәсілдерін батыл аластан, өмірді нағыз шындығымен шебер бейнелеу көркем әдебиеттің бүкіл жанрларынан көрініс берді.

«...Қоғамдық болмыс айнасы – қоғамдық сана екендігін, бұл екеуі диалектикалық бірлікте болатынын бірде - бір философиялық жүйе жоққа шығармайды. Өнер, әдебиет қоғамдық сананың бір түрі ретінде қоғамдық болмыс пен адам өмірінде жүріп жатқан реалды процестерді көрсетеді» [121, 36 б.]. Олай болса өлең өнерінде көрініс берген кезең шындығы ақындық таныммен суреттелгенін осы шумақтар дәлелдейді.

*Саясаттың сан қылы сандырағы сарсытқан,
Еліктегіш сезімнің –Елпектігін мансуқта,
Патуасыз айгайдың аулын менен алыстат.
Толып бітті көмейім былаптамен балышықта.
Көз жасына кенде емес –менде мұңлық, жетімек.
Сагым сынған сан рет –сенім тіні сепінеп! [118, 42 б.].*

Келмеске кеткен кенес қоғамының бет - бейнесін Зұрғанбайұлы Рысбек ақын да асқан шеберлікпен береді. «Саясаттың сан қылы сандырағы сарсытқан» жағдайда боданда болған халықтың жай - қүйі, халі «еліктегіш, елпек» сезімге бой алдырмай қайтсін?! Ақынша айтқанда, « патуасыз айқай» – жалаң ұран, жалған насиҳаттың да уақыты өтті. «Көз жасына кенде емес –менде мұңлық, жетімек» . Отірік деп айта алмаймыз. Қазақ халқының басынан қылы - қылы, азапты, тозакты жылдар өтті. Енді ақын өлеңінің соңғы жолына келсек, айрықша назар аударатын мәселе түр. Фалым Т. Рахымжанов: «Жалпы өнер адамы – сол дәуірдің ірі тұлғасы. Ол замана рухы. Уақыт ырғағына қапысыз құлақ түріп, өмірдің тылсым сырына терең бойлап. өз шығармаларында қоғам шындығы мен қарапайым адамдардың мақсат - мұдде қайшылығын аша түскені ақиқат. Ал өнер адамы–туындылары толғаныс, тебіреністен, шалқымалы шабыттан туатыны белгілі» [121, 218 б.]. деп парасатты пайымдаса, бұл ойды ақын туындысына орайластыруға болатын сияқты.

*Құрбандығы болдырмай –гұмырымды көр -жөрдің,
Бағзы менен бүгіннің арасына көпір ет!*

деп, халқының тілеуін тілеп, арман жолына жетуді Алладан жалбарына сұрайды.

*Жаулап алып ырқымды алдамышы үміт, құр сагым,
Тұрақ таппай ой -санда, тұмшалады тұмса мүң.
Анда-санда құлаққа еміс-еміс жетеді,
Тыңдаsam деп ежелден аңсан жүрген бір САРЫН!*

Тағдыр талайына жазған тауқыметтерді тастай берік қайратпен жеңе білетін қазақ халқын «кек тәңірі желеп - жебеп», ата - бабалар аруағы қолдап тұратынына сенеді. Рухы биік туған үлттының үзілмес үмітін, болашаққа сенімін, аскан қайсар қайраттылығын, жігерлілігін өлеңіне өзек етеді.

*Тұңғызыққа тартады гасырлардың қойнауы,
Күн түбінен көз арбап батырлардың байрагы .
Кек тәңірі жесебеген көк сұңгілі Күлтегін.
Көкірегімнің төрінде көк бөрідей ойнады [118, 45 б.]*

Өмірге құштарлық пен талпыныстың қуаттылығын Түркілік рухтың қайта оянуына балап суреттеген ақынның тапқырлығы таңдандырады. Олай деуімізге себеп, заман өзгерісінің бүгінгі, жаңа ғасыр басындағы жаңалыққа толы жаһандану дәуірінің жаңа көрінісін сыр мен сезімге орап, ой оралымдарын тым алыстан орағытып әкелген ақындық дара қолтаңба. «кек сұңгілі Күлтегін, Көкірегімде көк бөрідей ойнады» екінші сөзben айтқанда Күлтегін рух бой көтерді, қайта рухтанып «туркілік көк бөрі» баба қайратына мінді, оянды. Қысқасы жаңа заман туды. Бұрынғы заман өзгерді.

Заман өзгерісі жайлы ғалым F. Есім былай дейді: «Күллі мақұлықтың, заманның, адамзаттың өзгерісте болуының өз ішкі есебі бар, қысқаша айтқанда, өзгеріс деген түрмис, тіршілікке ынталану. Өмір сүруге талпыныс. Бұл қасиет табиғаттың өзінің бергені... Өзгерісті ешкім ақылмен жасамайды, ол болмай қоймайтын қажетті іс» [122, 58 б.]

Жоғарыда келтірілген екі өлеңдегі философиялық түйін - түжірым орайлас. Бұларда халықтың өткені мен бүгінің салыстыра

бейнелеу басым. Әсіресе Имашханда анық аңғарылады. Енді қалай? Заман өзгерді. Енді басқаша яғни шындықты көркемдікпен көмкеріп айту керек.

«...Азаматтық лирикасы – әрбір ақынның адамдық және әлеуметтік бейнесі, оның барлық поэзиясының қан тамыры, тірлік беретін жүргегі; азаматтық лирикадағы айқын сезілеттін ақындық тенденция, қоғамдақ көзқарас» [123, 57 б.].

Олай болса, монголиядағы қазақ ақындарының адамдық, азаматтық болмысын аңғартатын, деңгейін дәлелдейтін дүниелер ретінде осы өлеңдердің көтерген жүгі үлкен.

«Әлеуметтік қоғам мен поэзия тығыз байланыста. Әлеуметтік ортанды, қоғамның, жалпы өмір процесі – поэзияның өлшеміне айналды. Ақын өз ортасын көріп өсу арқылы, өз ортасын бағалау арқылы ой түйеді. Поэзия тілі мазмұнмен үндесіп бірге өмір сүреді. Мазмұн болса өмір мен қоғамға келіп тіреледі. Өмір мен қоғам ақын сезіміне әсер берсе, керісінше ақын да өмір мен қоғамға ықпалын жасайды. Ықпал жасау дегенді жалаң үгіт - насихат деп қарамау керек, оның түп - тамырында бейнелілік жатыр. Тіл, ой, сезім сөз сиқырынан бейнелілік туады. Бейнелі сөз қашанда әсерлі, қуатты. Поэзия құдіреті де – бейнелілікте. Сол бейнелілік арқылы келешекте шығармашылық көркем өнер қызметі жер бетіндегі халықтың бәріне тән ортақ қазынаға айналады» [120, 16 б.].

Имашхан Байбатырұлының поэзиясында уақыт жүгі, заман талабы, халықтың мұн - мұқтажы көрініс береді. Оның әлеуметтік - саяси лирикаларымен қатар сол кезеңдік оқиғаларға үн қосып, көзқарасын білдіруі айқын, бедерлі.

Ақынның мына өлеңіне тоқталайық:

*Көтерілсе көкжисектен қызыл күн,
Балам күнге, мен балама қызықтым.
Бір - бірінен айнымаган бұларды
Өзі деймін өмірдегі қызықтың. [84, 16 б.].*

Ақын адам өміріндегі үш кезең: балалық, жастық, көрілік шақты табиғат құбылыстарының үш мезгілі – «көтерілсе көкжиектен қызыл күн», «талтұс болып күн тәбеден қараса», «күн еңкейсе шуақ кетіп өзектен» арқылы салыстырады. Ақындық осынау жолдарда терең сыр, оралымды ой, тегеуірінді түйін бар. Табиғат құбылысы мен адам өмірін психологиялық параллелизм тәсілі арқылы, яғни, жұптастырып синтездейді.

Ақын өлеңінің мәні, айтқысы келген негізгі идеясы «өмірдің өткіншілігін», «куллі дүниенің өзгеріп, дамып» отыратындығын философиялық тұжырымдауы.

Әлімсақтан ән - жырдың арқауы болып келе жатқан жастық, көрілік, өмір - әлім туралы дәстүрлі тақырыптар да монғолиялық қазақ ақындардың да көніл күй әуендерінен лайықты орын иеленеді. Мұндай өлеңдердің психологиялық ой өрімі, философиялық түйіні – өмір туралы толғанысы, қуаныш - қайғысы, сүйініш - күйініші.

Абай Мауқараұлы «Асығу» атты өлеңінде өмір-болмыстың бар зандаудығын жарыстыра қатар қояды.

*Жер асығын галактика шегіне,
Зымырайды Күн аргуга жұтылып.
Асыгады – сөби жарық көруге,
Анасының құрсағында бүлқынып [124, 42 б.].*

Ақын өлеңінің келесі бір шумағындағы ойға азық болған мына бір жайтқа кеңіл аударсак, өмір шындығын үлкен суреткерлік шеберлікпен бейнелегенін байқаймыз.

*Шықкан күн де барып қапты белеске,
Қас - қагымда көкжиеекке асылып.
Кіндігінен ажыраган нөресте,
Талпынады жігіттікке асығып.
Ертеңгіге асықтырар бар үміт.
Өкіндіріп тооса да алдан көрілк! [124, 43 б.].*

Бұл өлеңде контрас арқылы ой өрбітеді. Жер асығады құн-аруга жүтылып, сәби жарық көруге асығады. Өзгермелі қозғалыстағы тіршілік тынысын философиялық астармен суреттейді. Өлеңде ақынның азаматтық өресі, философиялық ой өрісі көрініс береді.

Махабbat лирикасы – қашанда пәк жүректің сезімін сол махабbatқа деген адалдық пен айнымастықты, мұң мен сырды, ынтызарлық пен сағынышты, күту мен қоштасуды сол бір тұңғылық тереңнен тартып жүректен - жүрекке жеткізетін поэзия.

«Махабbatсыз – дүние бос, хайуанға оны қосындар» – демей ме ұлы Абай?!

Әрбір түйсік - сезімі бар адам біреуді жақсы көру немесе жек көруден тыскары тұра алмайды. Өмір де болсын, өнер де болсын сүйіспеншілік қастерлі сезім. Әсіреле адам жанын нұрландыраар күшке ие. «Адам табиғатына тән жан құбылыстарының ең асылы - сүйіспеншілік, махабbat сезімі» [125, 145 б.].

Осы түрғыдан келгенде аймақтағы қазақ әдебиетінің бір тақырыбы – сүйіспеншілік. Арыдан арна тартқан бұл тақырып өзінің дәстүрлі жалғасын тапты.

Ақын К. Жаңжұнұлы махабbat тақырыбын жырлауда – адал жүрек, пәк сезімді өлең өрісіне айналдырды. Шынайы ақындықтың терең тебіреніске толы әсем лирикаларына: «Үркіт бағында», «Сен ар жақта қалқатай, мен бер жақта», «Депсің сені аңсадым», «Қызығаныш» т. б. өлеңдерін жатқызуға болады. «Жанарымды алмадым» атты өлеңінен үзінді алайық:

*Жанарымды алмадым,
Жүргегімді жалғадым,
Ол – Баяннан аумады,
Мен – Қозыдан аумадым [83, 25 б.]*

Кәкей ақын сырбаз сезімнен сыр шертіп, терең тебіреніске толы әсем, әдемі лирикалық өлеңін окушысына ұсынады. Көңіл

ауанын нәзіктік шеберлікпен үндестіре отырып «қыыннан қыстыра» көрікті сөзбен көркем ойға жетелейді.

*Сен жысмисаң, көз алдыннан өтеді,
Көлбең қагып пері бақыт ертегі.
Жадыратып жіберуге өлемді,
Жалғыз рет езу тартсаң жетеді [83, 33 б.].*

Ақын жан сырын бүкпесіз өлең өріміне айналдырған. Арман – қыздың « жалғыз рет езу тартуы бүкіл өлемді жадыратып жібереді» деуі іңкәрлік сыр. Мұнда ақын өмір шындығын романтикалық өсірелеумен ажарлап, асқақтата суреттеген. Сол арқылы ынтызар адамының сулу сымбатын көтере көрсете отырып оқырманын да тарта түседі. Асқақ сезімнің алдында әркім де болса мойынсұнудан басқа лаж жоқ күйде болатындығы шындық.

Сүйіспеншілік – биік сезім. Нұр – дидардың жанында жарқылдауынан ешкім де сырт қала алмақ емес. « Махабbat деген қасиетті күш. Дүниеде махабbat болмаса, адам баласы қуаныш пен қайғының, бақыт пен бақытсыздықтың не екенін білмей өтер еді. Махабbat бір ақку құс емес пе, өзі де сөнді, өні де сөнді. Дүниеде аққудан әдемі құс бар ма? Сондай - ақ махаббаттан арт ық әдемі сезім бар ма?» [125, 392 б.].

Көкей Жаңжұңұлының «Қара шашың –қара орман» өлеңі:

*Қара шашың – қара орман.
Көз сүзем де кете барал адасып:
Бақыттым боп жолыма кеп жараплан ,
Бәлкім, бәлкім сорыма кеп жараплан,-
Осынау бір қара орман! [113, 34 б.].*

дегенде де ақынның екі үдай сезімін анғарар едік. « Қара шаш – қара орманда» не адасады, не жол табады. Адасса – соры, жол тапса – бақыты. Жаны қалаған жанмен жұптасып өтсе, оны тағдырыңдың сыйы деп білген жөн. Махаббатты қай ақын жырламады, жақсы

жарды кім аңсамайды. Екі адамның жүрек қалауымен табысқан жаразстықты неге үлгі етпеске? Бұл Абайдан бастау алған дәстүр жалғастығы, екіншіден сүйіспеншілікті шынайы тебіреніспен жырлаған үкілі үміт көрінісі.

Бәмішұлы Бақытбек ақынның сылқым сезім сырын өзіндік өрнектерімен өрген өлеңдері де оқыған жанды бей -жай қалдырымайды:

*Сен – жібек,
Сенің қасың,
Шашың – жібек.
Шашыңнан шашу шуақ шашылды кеп,
Шымырлан шартараабым шамырқанып,
Шарқ үрад шау жүргегім жасын тілен,
Асылышы кеп [126, 81 б.]*

Пенде болмысынан тыс ерік пен сананы билеп журе беретін махаббат атты тылсым сезімнің қуаты асқақ. Әркім үшін де сүйген жанның бейнесіне, ынтық жардың жаратылышына жетер сұлу, сымбатты ешкім болмақ емес. Оған иланбасқа амал жоқ. Ақын колданысындағы жаңа эпитеттер үлттық сипат сырның қайталанбас үлгісі.

Тоханов Бодаухан ақынның «Сагынам, өзің жайлы ойга оралам» өлеңі өзінше өрнекпен өрілген. Ақынның үшқыр киялына бағынған жаратылыш жаңаша түр тапқаны таңдандырады:

*Сагынам, өзің жайлы ойга оралам,
Сен – айсың он бесінде қоргалаган.
Үркер бол үдеремін көк төсіңде ,
Тогысар күнді күтіп болғам алаң.
Болысар жайдары жаз, болысар күз,
Орақ Ай орталамай толысар жүз.
Шілденің он бесінде сен екеуіміз,
Үркер мен Айдаіт тогысармыз [127, 33 б.].*

«Сен – айсың он бесінде қорғалаған, Үркөр боп үдеремін көк төсінде» деп сүйгенін айға, ал өзін Үркөр жұлдызыға балайды. Махаббат атты сұлу сезімнің сырларын «Шілденің он бесінде сен екеуіміз, Үркөр мен Айдай тоғысармыз» деген оймен түйіндейді.

Сөз ретіне қарай айта кетер мәселе, ақынның жеке дара қолтаңбасын айшықтап көрсеткен өлеңіндегі Үркөр мен Айдың тоғысуы.

...Үркөрді білмейтін қазақ болmas, ол – Торпак шоқжұлдызының құрамындағы, жыптырлап, біріне - бірі өте жақын орналасқан, бір топ жұлдызы. Қазақ есепшілері Үркөрдің тууы мен батуын ұдайы қадағалап, бақылап отырған, шаруашылық маусымдары соған сәйкестендірілген. Үркөр бойынша тоғыс есебі жүргізілген.

Тоғыс есебі – уақыт есебінің Үркөр шоқжұлдызы бойынша жүргізілетін жүйесі, яғни Үркөрге негізделген календарь. Ай орағының немесе Ай табағының Үркөрді « басып өтуі» тоғыс, тоғысуы немесе тоғаю деп аталады. Тоғыс кезінде аспан әлемінің аядай участесіне шоғырланып жиналған Үркөрдің айқын 6 жұлдызы Айдың арғы жағында, тасада қалады да, жердегі бақылаушыға көрінбейді. Ай ақырын жылжып етіп кеткенде тоғыс аяқталып, Үркөр көрінеді. Ай мен Үркөр үнемі тоғыса бермейді. Тетелес келетін екі тоғыстың аралығында өтетін уақытты қазақ халқы тоғыс айы деп атаған» [128, 206-226 бб.]. – деген.

Олай болса ақынның өлеңіне арқау болған Үркөр мен Айдың тоғысуы аса тапқырлықпен суреттелген танымдық мәнімен, көркемдік күші сезімге эстетикалық әсер беретін саздылығымен, өзіндік тіл ойнақтылығымен оқушы қиялын билеп алады.

Осы сияқты көңіл күй тылсым сезім іірімдерін шынайылықпен жырлайтын шығармалар басқа ақындардан да молынан табылады. Зұрганбайұлы Рысбек:

Mахаббат па!

Mахаббатты пір түттым.

Сыр ауладым өр талынан кірпіктің [118, 5 б.]

«Тамсауменен тіршіліктің көкпегін»

деп осы бір әдемі сезімді қарапайым да сазды, өлеңің өзіне тән жарасымды өрнегімен беру арқылы окушысын баурап алады.

Ал ақын Солдатхан Орайханұлы өлеңі парасатты пайымдауымен, окушысына ой салатын салмақты сырымен оқырманының қиялын қанаттандырып, жаңын жадырата түседі.

*Көктем келіп талдар бүрін жарғанда,
Сен екеуіміз батып талай арманга.
Болашагын жалғауга ұзақ осы үйдің,
Салдық екшеп,
Парасатқа, талғамга [129, 52 б.].*
«Сырласу»

Лирикалық кейіпкерлер бір - бірін ұнатқан екі жастың өмір айдынындағы алғашқы армандары, болашақтан күткен бақыт пен жақсылықтары, үлкен үмітке толы ізгі тілектері мен қатар жауапкершілікті сезіне отырып алдағы өмір жайлы сырласқаны, бір - біріне деген айнымас адап сезімдерінің айғағындай.

Ақын Куанған Жұмаханұлының «Бір өнім бар айта алмаған», «Көктем еді - ау», «Мен сені ойладым» қатарлы туындыларының арқауы – сүйіспеншілік. Лирикалық кейіпкер өзінің ынтық болған адамына бірде айта алмай жүрген арманын білдірсе, бірде сартап болған сағыныштың жеткізеді.

*Барып сенің жүргегіңді қагатын.
Мәңгілікке қымасың бол қалатын.
Сол бір өнім айта алмаган шырқатып,
Саган деген маҳаббатым болатын... [89, 56 б.].*
«Бір өнім бар айта алмаган»

Ал ақынның «Көктем еді - ау» өлеңі:

*Ақша шатыр қанатын жайған аппақ,
Аққудайын айдынга қонған аппақ.*

*Дидарыңды аймалап жүргегіммен,
Жанарыңда жсанарым тайганақтап [89, 57 б.].*

Қуанғанның махаббат лирикасында сөз суретінің терең ірімдері тартып әкетеді.

Жазушы I. Есенберлиннің: «...Шын жақсы көру – ғашықтық адамның түрінен, мінез - құлқынан, ақыл - ойы, сана - сезімінен, кісінің кісі етіп тұрган бүкіл қасиетінен, жан - тән гармониясынан туады. Шын сүю – адамды түгелдей сүю» [125, 392 б.], – деген пікірінің шындығын ақынның махаббат туралы туындылары толықтыра түсетін тәрізді.

«Мен сені ойладым» деп аталатын өлеңі:

*Мен сені ойладым,
Көктеменің көгілдір кештерінде.
Бозша бұлттар бошалап қошкенінде.
Қызы - жігіттер қыр кезін кеткенінде,
Тырау - тырау тырналар керуені,
Желі тартып көгімнен өткенінде.*

*Мен сені ойладым,
гашиқтардың тойында болғанымда,
Қоңырлатып «Гаккуды» салғанымда.
Билегендеге жүрт жалғыз қалғанымда.
Айтиши аяулым, жасырмай жсан сырныңды,
Ал сен ше, мені бір сөт ойладың ба? [89, 66 б.].*

Ақынның өлеңі «талаілардың жүрегін лұпілдеткен» махаббаттың беймағлұм болмысын шынайы бейнелеуімен қымбат.

Махаббаттың жолы мың бұралаң екені әйгілі. Шынайы сүйіспеншілік сезімді бастаң кешкен лирикалық кейіпкердің көңілінің күйі, шын тебірене, толғана білген жүрегінің лұпілі берілген. Өлеңде адамның нәзік сезімінің қылын шертіп, ішкі жан дүниесін байқатады.

Ақын Мәүлітұлы Зұлкәпілдің өлеңі өзіндік саздылығымен, суреттілігімен, өзіндік тіл ойнақылығымен оқушысын баурап алады.

*Таңдай қақсын жұлдыз бенен ай қарап,
Мен тұрайын самал болып аймалап.
Қос жүректің дұрсіліне шыдамай,
Қуаныштан жас құласын тайғанап [93, 63 б.].
«Үй сыртына келіп тұрмын тагы да»*

Зұлкәпіл ақынның осы өлеңінде шығыс поэзиясының сарыны бар. «Шығыс лирикасы өзінің саздылығымен, еркін толғамымен адам жанына терең бойлайды» [130, 96 б.]. – дейді ғалым Б. Майтанов. Ғашық жандар үшін бар айнала құлпырып түрғандай күйде. Тіпті, табиғат та. «Таңдай қақсын жұлдыз бенен ай қарап», «Мен тұрайын самал болып аймалап» деп лирикалық қаһарманның сезімімен қоса сырласатын да төрізді. Нағыз ғашықтардың қуанышын, шаттығын, мұны мен жырын табиғат та бірге жырлап, бірге әндептіп, бірге бөлісетін сияқты. Өйткені адам сырьина күә, жырына күә болатын да сол табиғат – Ана. Ал Адам сол табиғат жаратылысының перзенті. Ақынның өлеңінің «Қос жүректің дұрсіліне шыдамай, Қуаныштан жас құласын тайғанап» дегенінде өзіндік сыр - түйін бар, ақындық бояу бар. Лирикалық қаһарман – махаббатымыз мәңгі – мәнді болсын, «табиғаттың таң қалуы» бәлкім, қос жүректің бір - біріне деген сенімі мықты болсын дейтін сияқты. Осындай ізгі ниетін сәулелі сезімге бөлеп, терең оймен тебіренте жырлайды.

Зұлкәпіл ақынның «Ақ жастыққа қолаң шашың төгіліп» атты өлеңінде:

*Ақ жастыққа қолаң шашың төгіліп,
Жатырсың - ау шырым алып, көз іліп.
Ойда жоқта қалғандаймын, қалқатай,
Ертегінің аруына кезігіп.
Жалпақ әлем үжымсақ бол сезіліп [93, 59 б.].*

Мұнда ақын жыры өзіндік өрнегімен, өзіндік өуезділігімен ерекшеленеді.

Адамның махаббаты – адамның құдіреті. Кейде адамдар айналасындағы сұлулық әлемін сүйгенінің көзімен көретінге үқсайды. Сол бір асыл адамның от күлкісі, нәзік үні, нұрлы көзі – бәрі де бір - бір қасиет бол өзіне баурайтындей. Сүйген жүрек үшін өзінің аңсар адамынан өткен сұлу – сымбатты ешкім жоқтай сезілетіні рас. Сүйген жар бейнесі – оның күлкісі де, бет - әлпеті, болмыс - бітімі де бір міні жоқ «періштедей» көрінеді. Лирикалық кейіпкердің ынтық көнілі өлеңде сезіммен суретке сіңіріле сәтті берілген.

Зұлкәпіл ақынның өлеңін тағы да оқыык:

*Рубенс жазып кеткен мадонна,
Өзің бе едің, таңданамын, ой алла!
Жібексің бе, Құртқасың ба, беу шіркін,
Дидарыңа қараудан бір тоям ба,
Күзетейін үйқыңды мен оянба! [93, 59б.].*

Ақын сүйдім, қүйдім деуден аулақ. Өзінің үнатқан адамына жан сырын басқаша жеткізуге үмтыйлады. Қөп ақындар жырлаған шынайы сезімді салыстырмалы түрде айтуды лайық көрген. Ардақ тұтқан адамына сезімін шынайы қалпында толғайды.

Ілиясұлы Кенес «Сырымбет» өлеңіндегі ой сүйіспеншіліктен гөрі өн-өлең жайындағы толғанысын танытқандай. Ақын арман - аңсардың тереңіне бойлайды.

*Бір ыза бар көкіректі кернеген,
Ой, сүм тағдыр еркіндікті бермеген.
Екі гашық өтті бәлкім арманда,
Бірақ, мынау – махаббаты өлмеген. [131, 55 б.].*

«Махаббат – машахат» дейді. Барлық кезде махаббат жыры сөтті бола бермейді. Ұлы сезімнің құдіреттілігінің өзі сонда бірде тәтті мүң, бірде сағыныш, бірде алаулаған өрт сезім, тіпті кейде қайғы - қасірет әкелетін кездері де аз болмайды.

Адамзат тарихында тек осы бір сезімнің құрбаны боп, өмір атты дарияда бақытсызыдықтың қамытын киіп, бұл жалғаннан баз кешіп, бақиға аттанып кете беретін мұнлықтар да мол кездеспеуші ме еді. Тек пәк сезімді аялап арман атты айдында бақыт кешу ғашықтарға қиял бол қалған кездер де жоқ емес - ау. Осындай бір сәттерде отты, ойлы жырлардың қазіргі жастарға берер мән - маңызы, тәлім - тәрбиесі қөп болары шындық. Кеңес ақынның « Сырымбет» өлеңінің оқырманға берер сырты осы түйінге тірелетін тәрізді.

Ұлы Абай «Ғашықтық тілі тілсіз тіл, Көзбен көр де ішпен біл» демей ме?!

«Өзіңмен бірге қартайып барып сөнген махаббаттан, әрине, өмір бойы қиял сезімінде от боп жанып мәңгі сөнбейтін махаббат артық. Мейлі ол жаныңды қүйдірсін, жандырысЫн, бірақ ондай арманың мәнгі өзіңмен бірге ғой! Қолың жетпей қалса да өзіңмен бірге. Мұндай арманды болуыңың өзі не тұрады! Ондай арманы бар адам – бақытты адам. Өйткені ол сүйе білген, сол үшін күйе де білген жан...» [126, 3926.]

Мәгежұлы Серік ақынның өлеңі өзіндік жұмсақ сезімімен, мағыналы да, ойнақы тілімен, өзгеден өзгешелеу өрнекпен өрілген.

*Елік қызы-ай, жсанымды нұрга малган,
Нұрга малган, жарқырап тұрган алдан.
Сен маган қарыздарсың, сен гой менің,
Мен-мөлдір он жетімді үрлап алған[132, 10 б.].*

Махаббат болса – шынайы болсын. Шын сүйіспеншілік қана адам жанын « нұрга малып» нұрландауды. «Нұрлы махаббат» деп Серік ақын қолданғандай бар айналаның жадыратып, өміріңе гүл рен, қуаныш сыйлайтын, шаттыққа шомылдыратын құдірет күші – нағыз шын махаббатқа ғана тән. Өмірдің қыын сәттерін, қасірет –

қайғысын жене білетін, жанға жігер - қуат беретін де осы махаббат. Өмірге құштарлық пен ынтығушылық та осы саналы сүйіспеншіліктен туындары хак, сейтіп, бұл жалғанның мағыналы мәніне айналатын пенде тағдырының сыйы да – осы махаббат жыры, махаббат сыры, махаббат өні, махаббат әуені!

*Елік қызы-ай, еліткен есімді алған,
Ерегесін миыма көшип алған[132, 10 б.].*

Еліткен сезімге елтімейтін пенде бола ма? «Махаббатпен жаратқан адамзатты» деп ұлы Абай айтқандай, осы махаббат – нұр адам жаратылысының мағыналы, бедерлі беттері болмай ма? Саналы жан махаббат өнін сүйсіне тыңдайды, махаббат сырын мөлдіретіп шерте біледі, махаббат үніне қызыға құлақ түреді.

Бұл фәни дүниенің мәнді, сәнді бір сырьы. Махаббат жайлыша айлар, қаншама жылдар тіпті, неше ғасыр жырланса да аз болмас. Өйткені ол пенде ғұмырының мәңгілігімен бірге жасайтын және жасай беретін мағыналы тақырып. Ақын:

*Бөлкім, алда арманның алтын өні,
Бөлкім, алда сәтті күн жасатыр өлі.*

деп, толғана отырып, кенеттен ой шегініс жасайды. Ол енді:

*Елік қызы-ай, сарғайып бара жасатыр,
Жан бағымның жасап-жасасыл жасапырағы,
жасап-жасасыл жасапырағы... [132, 10 б.].*
«Елік-қызы»

дейді. Алау атқан махаббат сезімді, қимас жастық шақты « Жан бағымның жасап - жасасыл жапырағы» деп сағынышқа бөлейді. Шынайы көніл назын табиғи жылы сезіммен бейнелейді.

Қаламгер I.Есенберлин: «Махаббат мәңгілік тақырып. Адамзат баласы осы бір асыл да ардақты сезімді сан ғасырлар бойы жырлап келе жатыр. Бірақ қанша жырланса да махаббат өні толастамақ

емес. Әр адамның жүрегі өзінше соғады, өзінше сүйеді. Бірін - бірі қайтала маіттың ғашық жүректер үнін тындаудан адамдар да жалықкан емес. Махаббат мәңгілік әңгіме. Одан қызықты да тартымды әңгіме және жоқ. Ол адамның жанын нұрландырып, шаттандырады» [125, 392 б.] деп айтқан уәжіне қосыла тоқталуды дұрыс санадық. Өйткені, махаббат жыры қай ақынның да сырлы сырына, жырына арқау бола беретін, өлеңіне өлмес өрнек бітіретін мәңгілік жыр - дастан екендігінде дау жоқ.

Поэзиялық шығарма тілінің бейнелілігі ойдағыдан болмаса, ондай туындының көркемдік-эстетикалық әсері солғын тартар еді. Поэзияның керемет күшінің бір сиқыры ажарлы айшығына байланысты екені даусыз.

Көркем шығарманың тілі күрделі, қыры мен сырлы мол құбылыс. Әр суреткердің тілді қолдану амал - тәсілдері әр түрлі.

Поэзия – сөз өнері, көркемдік шеберліктің тенденсі жоқ озық үлгісі. Оның үстіне поэзияның аса маңызды әлеуметтік, қоғамдық құбылыстарды бейнелеп көрсете алатын зор мүмкіншілігі бар. Ол айналамыздағы дүниені, өмірді танып - білудің күшті құралы, біздің қоғамдық ой - санамыздың, көркемдік, эстетикалық сезіміміздің үлкен өнімді саласы. Сондықтан поэзиядағы сөз суреттілігі, бейнелілігі өмір шындығынан нәр алып, соған тікелей жалғас туады. Сөз қолдану шеберлігі, көркемдік шеберлік дегеніміз өмір құбылыстарын танып - білу, үғып - түсіну қабілетімен, көркем ой - сезім қуаттылығымен терең тамырласып, қабысып жатады «Поэзиядағы, өлең жырлардағы бейнелі, өрнекті сездер әлдеқандай бір ерекше сұлулап сөйлеуге әуестіктен емес, эстетикалық сезімнен, образды, бейнелі ойдан, дүниені ақынша, суреткерше қабылдаудан туады» [112, 65б.].

Жазған шығармаң көлемді болсын, шағын болсын оның тілі шүрайлы да шырайлы болуы керек. Бұл қаламгерге койылар басты талап. Бірақ бұл талап оңайлықпен орындала қоймайды. Ол үшін суреткерге шеберлік қажет. Өлеңде ажар болса әсерлі болады. Поэзияның өрнек - нақышына оқырман түшінса ғана ондай өлең

көптің талғамына татиды, рухани ләззат берे алады. Өлеңдегі өрнек деп отырғанымыз көркемдеу құралдары.

«Лирикалық шығармада ақын өмірден, айналасынан көргені мен білгендерін ғана жазып қоймай, сол өзі жазып, суреттеп отырған өмір құбылыстарының лирикаға арқау боларлықтай ең басты асыл қасиеттерін тани білуі керек» [133, 10б.] – дейді ғалым Ж. Дәдебаев.

Демек, тыңдан тауып орынды қолданылған бейнелеу құралдары, сөз жоқ, лириканың өміршең болуына әсер етеді. Шығарма қарабайырлықтан арылып, оқушының эстетикалық талғамын байыта түседі. Қазактың сөз өнеріне өзіндік өрнек, сырлы сұрымен келіп қосылған бір арна – шет жерде жасаған қазақ ақындарының туындылары екені де дау туғызбайды. Ата-баба топырағынан шалғай жүріп туган тілдің қадір - қасиетін жоғалтпай, сағ таза бойында сақтап, қазақы нақышымен үлттық бояуын қанықтыра сан сырлы, алуан қырлы өлең - өмір жасап үлттық әдебиетке қосылған диаспорадағы қазақ әдебиетін жан - жақты зерттеу бүгінгі басты міндеттердің бірі.

Ғалым Б. Әбдіғазиевтің: «Қазақ халқының басына тәуелсіздік бақытын сыйлаған соңғы оншақты жылдың көлемінде рухани дамуымызда бірқатар оң өзгерістер дүниеге келді. Бұрын жоғалтқан, жоғалта жаздаған асыл қазыналарымызды қайта таптық, өшкеніміз жанды» [134, 3б.]. деген пікірін қазақ диаспорасында қалыптасып, дамыған қазақ әдебиетіне де айтуға болатын сияқты.

Монғолиядағы қазақ әдебиеті қандай деңгейде, көптің көnlінен шыға ала ма? Осы мақсатпен біз бірнеше ақынның өлеңдерінің көркемдік ерекшеліктеріне тоқталуды жөн санадық.

Қай ақын болмасын қыннан қыстырып, бұрын көп ешкім айта қоймаган сөз өрнектерін қолдануға тырысатыны белгілі. Ақын Көкей Жаңжұнұлын поэзиясының тілдік қуатына, ақынның әсемдік әлеміне, ондағы көркемдеу құралдарына назар аударып көрейік.

Ақын өзі жырлап, суреттеп отырған құбылыстың қыр - сұры, мән - жайын, қадір - қасиетін ашатындаі сөз өрнегін іздең,

барынша қарапайым баяндауға күш салады. Осы қарапайымдылығының өзінен ақынның ұлттық сөз өнерін халықтық тіл байлығын қаншалықты меңгергендігін айқын байқауға болады. Ақынның тіл байлығының өлшемін аңғартатын жәйттердің бірі – синонимдер немесе мәндес сөздер. Бұл бір мағынаны, үгымды басқа-басқа болып келетін бірнеше сөзben беру тәсілі екені белгілі. Синонимдер ақын шығармашылығында бір құбылысты, бейнені өлең ішінде бірнеше қайталануынан сақтандырып, өлеңнің нәрін кіргізіп, тартымды көркем бейнелеуге көмектесетін және ақынның тілді игеру өресін, суреткерлік қасиетін танытатын бірден-бір құрал деп қараған жөн.

Көкей ақынның «Бабам менің» өлеңі.

*Кек тасқындал, кеудеге мұң батқан шақ,
Қас жсауларын жайтап өткен аттан сап.
Жығылганда қан жамыла қайысып,
Үрпақ үшін келер күнді жасты аңсан [135, 216.]*

Ақын ата-бабалардың «қасық қаны қалғанша « қүресіп, жапырақтай жерін жат жүрттыққа бермей үрпағына аманат еткен асыл текті ер рухына арнап жазған өлеңі.

Қабырға қайысатын қындықты бастан кешкен бабалардың сол бір ауыр жылдардағы жағдайларын шынайы жеткізу үшін «кек тасқындал, кеудеге мұң батқан шақ», «жығылғанда қан жамыла қайысып» деген контекстік синонимдерді бірінің үстіне бірін үстемелей колданады. Бұл жердегі сөздер мен сөз тіркестері қындықты қүшнейтіп, әсірелеп жеткізу қызметінде жұмсалған. Жаңжұңғыл «Дана даусы» өлеңі:

*Ауыр тірлік сүм дәуірмен белдесін,
Азар сүйреп келе жасты шер кешіп,
Қайран гасыр мұң жолында толгатып,
Бір алыпты өлділейді жер – бесік [135, 246.]*

«Қазақ өнері, оның ішінде сөз өнері әдемілік пен сұлулықтың, эстетикалық ләzzаттың қайнар бұлағы болумен қатар үлкен мемлекеттік, қоғамдық - әлеуметтік деңгейге көтерілгенін естен шығармаған абзал» [136, 346.]. дейді ғалым Т.Кәкішев.

Ақынның ерекшелігі оның өмірді танып білуі, қабылдауынан, оны бейнелеуде тіл қазынасын меңгеріп, қалай қолданатынан байқалады.

*Қырық келіп өмірге,
Қылау тұсті көңілге.
Қырау тұсті шашыма,
Құрау тұсті сенімге* [135, 626.].

Ақын бір ғана ойды «кәрілік келді» дегенді осындай синонимдер қатарын қолдана отырып әрі ойнақылыққа негіздел, әрі ойлануға салмақ сала түседі.

Ақын Қауия Арысбайұлы «Өлеңімнің шарапаты шаршы топта» деген өлеңінде:

*Өлеңімнің шарапаты шаршы топта,
Бетіңді қыздыргандай шарпып отқа.
Желпінтің жетелейді, төтелейді,
Дегендей қызған шақта айтып тоқта.*

*Жаңагы қызы жалын жалп етеді,
Кім білсін қайта қашан жалт етеді.
Толқиды, торығады, тойпаңсиды,
Өзінен зордық үні саңқ етеді* [101, 66.].

Осы жолдарда ақынның шабытты шағы аса шынайы берілген. Мұндағы «желпінтіп жетелейді, төтелейді», «толқиды, торығады, тойпаңсиды» деген сөздер жеке түрғанда бірнеше үғымға ие болғанымен, бұл контексте синонимдік қатар жасап қолданылған. Ақын бір сөзден бір сөзді асырып, үстемелей дамытып, толықтырып синонимдердің мол мүмкіндігін мақсатты пайдалана білген.

Өмірде ақынға тақырып болмайтын құбылыс жоқ. Әңгіме сол құбылыстың ішіне үңіле қарап, сырын ашып, нағыз ақындық қуатпен, зерделі шеберлікпен өрнектей білуде.

Ой көркемдігін, пікір дәлдігін арттыратын, поэзиялық шығармаға күш - қуат беретін компоненттердің бірі антоним сөздер. Антоним мағыналары бір - біріне қарама - қарсы қолданылатын сөздер еkenі ғылымнан белгілі. Ақындар лирикаларында да антоним сөздер молынан кездесіп отырады. Антонимдерді қолданудағы ақынның негізгі мақсаты ой айқындығы, мазмұн тереңдігі, өлеңнің эмоциялық әсерін күшейту.

Көкей ақынның «Бабам менін» өлеңінде:

*Кетсе де дос сүрініп, қас ақталаып,
Жау болып аттанбатты жасақтанып.
Көндіріп нарасатпен адамзатты,
Игілік талай істі жасасатты алып.*

*Болса да өзі « көн етікті пұсырман»,
Ақ арманы қара бұлтты ысырган,
Кейінгіге ер рухым қалсын деп,
Зеңгір көкке бейбіт құсын ұшырган.*

«Біз олармен біргеміз»

*O, Вьетнам!
Тұлпар мініп қайраттан –
Бір күн дамыл етпестен,
Қас дүшинаның жайратқан.*

«хирург Құзықейге» өлеңінде:

*Жабырқатып жаз көңілімді қыс алып,
Көкірекке шер бол қатып құсалық [83, 9-10; 186.].*

Контекстік қолданыста «жаз көніл»-ді «қыс алып» деген тіркестер мағыналық түргыдан бір - біріне қарсылық мәнде жұмсалған. Немесе, зейін қойып қарағанда, бірінші тармақтағы «жабырқаған жаз көнілге» келесі тармақ «көкірекке шер бол қатқан құсалық» барынша қарама - қарсылықты айқын берे алады..

Ақын өзі суреттеп отырған объектісін жан - жақты ашу үшін айшықты сөздермен бедерлеп, оқушы сезіміне әсер берерліктеі тартымды етіп бейнелеуге тырысады.

«Поэзия, эдеби шығармаларда сөз, тіл жаңалығы деген жеке сөздерді қолданудағы жаңалық қана емес, ол алдымен белгілі бір ой - пікірді, сезімді жеткізу дегі шеберлік, көркемдік. Зор қоғамдық пікірді, көркемдік қуаты құшті ақындық ой - сезімді барынша жатық, тауып айтылған, қарапайым сөздермен айтып беру поэзияның таңдаулы туындыларында үнемі кездеседі және мұның өзі асқан шеберліктен туады» [112, 149б.].

Омонимге мысал Кәкей ақынның «Жазғы тұн» өлеңінде:

*Қақ айырып көк төсін,
Баяу жұзіп барады Ай.
Жер сұлуға телміріп,
Қарады - ай кеп, қарады - ай [83, 86.]*

Ақындық шеберліктің деңгейін танытатын бір тетік – теңеулердің дәлдігі мен молдығы, шығарма шырайын кіргізу дегі қызметі. «Теңеу – құбылысты басқа нәрсемен салыстыру арқылы сипаттау төсілі» [137, 166.].

Кәкей ақын туындыларындағы көркемдік бейнелеулер талғампаздықпен таңдалған теңеулер арқылы да, заттық құбылыстың ерекше үқсас белгілері нақты, дәлдікпен түрлендірілген.

*Ақ сазандай лагыл төні жарқырап,
Ай шомылып жатар төмен суатта.
Енді бір сәт көл анау ырықты алған,
Тас аяқта тамашыдай тұнып қалған.*

*Мұзтаудың тентегі осы Құрті деген,
Дауысы күндік жерден күркіреген.
Ақбұйра, аждадаға өзен дотша қуып,
Үйдей - үйдей қойтастар дүркіреген. [83, 86.]*

Ақынның өлең шумақтарындағы эпитет, теңеу, метафора, инверсия т.б тәсілдер образдылық жүйеде бірін - бірі толықтырып отырады.

Мұндай көркемдеу құралдарын қолданудағы мақсат – ақын - жазушылардың айтайын деген ойын терең мағыналы, мазмұнды етіп жеткізу, оның сезімге эстетикалық өсерін күшету. Осы жағынан келгенде ақын көркемдеу құралдарының алуан түрін ой айқындығы, мазмұн тереңдігі жолында шебер қолдана білген.

«Бейнелеу құралдардың бар арсеналы – қазақтың кең даласы, ондағы табиғат көрінісі, жан - жануарлардың өмір – тіршілігі, күн сәуле сі, айлы түн келбеті, соққан жел лебі, қамысты қөлдің айдыны тағы басқалар» [97, 86.]. деп тұжырымдайды ғалым Ә. Нарымбетов.

Көкей ақынның өлең шумақтарында кездесетін бейнелеу құралдарының кейбірі ұлттық болмысқа тән бояумен бедерленген. «Көл көріністері» өлеңі:

*Самал – балдыз асылса кім шыдайды,
Бұлк - бұлк құлғен көл беті тынышымайды.
Бұлт передесін бетінен сырып тастап,
Күн – келіншек қайнысын шымшылайды.
Күнге согып маңдайын «мұз» жылады.
Суга төніп құғыншы құз құлады.
Көл серінің қойнына кіріп кетті.
Қашып келіп төскейдің қызы – бұлагы. [83, 16 б.]*

Самал желді – балдызға, көлді – сері жездеге, күнді – келіншекке, бұлақты – қызыға балай отырып, табиғат көріністерінен көркем де тартымды кейінтеу бейнелер жасап суреттеген. Өлең

шумақтарындағы табиғат суретін алсақ та, метафора түріндегі бейнелі сөздерді алсақ та қазақ ауылдарының адамдарына тән болмыс - бітім, әрекет, мінез, әдеттерінен елес береді.

Ақынның өлең шумақтарындағы эпитет, теңеу, метафора, инверсия т.б тәсілдер образдылық жүйеде бірін - бірі толықтырып отырады.

*Шаруадан шаршаган дара батыр –
Алқам-салқам көсіліп дала жастыр.
Көкжиектің бір шеті күреңітін,
Жалын шарпын өртегеніп бара жастыр.*

*Жылқышы « сал » қыр гүлін теріп кепті,
Отын алған арга беріп кетті.
Сол шекер қызы тәп - тәтті қылышымен,
Құшагында жігіттің еріп кетті.
Күннің беті үяттан шиедей бол,
Ар жасына таулардың еніп кетті. [83, 6 б.].*

Өлең шумағы аса ойнақылықпен, образдылықпен, ұлттық бояумен бейнеленген. «Жазушының тіл шеберлігі оның лексикон байлығымен ғана өлшенбейді, сол байлықты жазушының шығармада пайдалану шеберлігімен өлшенеді» [80, 226.] – дейді ғалым М. Қаратаяев.

«Ақын образben ойлайды, ол шындықты дәлелдемейді, оны көзге елестетіп көрсетеді» – дейді В. Г. Белинский.

Осы тұжырымға сүйенсек, Қатшанұлы Шабдарбайдың «Алтай суретін» осындағы өлең қатарына қосуға болады. Оқып көрейік:

*Қайыңға тобылғысы жсанай өскен,
Жарына қолын артқан жаса келіндей.
Жамылған қардан сәлде керіп үзын,
Сергек түр сақшысындаи еліміздің.
Бұлттары камшат бөрік үкісіндей.
Басында бұлғактаған сері қыздың [84, 316.].*

Адамның ақындық құдіретін айқын танытатын әрбір көріністі суреттеуде көркем бейнелеу мен жаңа теңеулерді барынша әдемі қолдана біледі.

*Кең қолтық Алатаудың туысындай,
Жайқалған бетегесі түгі сынбай.
Сыртынан алшаң басқан қызды ауылдың,
Кәдімгі сал жігіттің тұрысындай.
Көз алдымызга жанды бейне елестейді. [84, 316.]*

Тілші ғалым Т. Коңыров «Қазақ тіліндегі теңеулер» атты еңбегінде қазақ теңеулерінің он түрлі тәсілмен жасалатындығын көрсетеді.

1. Жүрнақтарының көмегімен;
- 2.-дай, дей, тай, -тей, дайын, -дейін –ша, - ше жүрнақтарының көмегімен;
3. Шығыс септік жалғауының көмегімен;
4. Тәң сөзінің көмегімен;
5. Бейне сөзінің көмегімен;
6. Секілді сөзінің көмегімен;
7. Үқсас сөзінің көмегімен;
8. Параллелизм тәсілінің көмегімен;
9. Араплас тәсілінің көмегімен;
- 10 Қосалқы сөзінің көмегімен.

Өлеңде көптеген әдеби бейнелер осы тәсілдер арқылы жасалады.

«Табиғат – поэзияның объектісі ғана емес, оның бойына қуат бітіретін, өнін кіргізетін сұлулықтың арсеналы да тәрізді. Тіпті көркемдік-бейнелеу амалдарының неше алуан түрлерін ақындардың табиғаттан алатыны белгілі» [16, 316.] – деп жазады поэзия жанрын зерттеуші ғалым Ә. Нарымбетов.

К. Жанжунұлы поэзиясындағы көркемдеу құралдарының сонындығы мен байлығы, ерекше қасиеті, айрықша назар аударады.

«Поэзияның көркемдік құрылышына ойды образды жеткізуге айқындаудың мәні ерекше елеулі. Айқындау сөз айқындалушы мүшениң маңызын сыр - сипатын, ерекшелігін анағұрлым тереңірек баяндайды» [81, 316.]. Кәкей ақынның «Сал үйқы» (1969) өлеңіндегі сөз саптау сыры талғамды да тартымды.

*Отаяу үйдің оң қанатын нұр қаптап,
Оңашада ару жатыр бұлгақтап.
Құмай төсті бүркеуге де бата алмай,
Шайы көрпе сусын түскен сырғақтап.*

*Қос анарды көтере үстап жогары,
От көкірек алау атын согады.
Елік жанар, зер кірпікпен бүркелген,
Ояу да емес, үйықтаган да жсоқ өлі.*

*Аққу мойын, алишы иықта өр талы,
Қанат жайған қара бұрым тарқалып
Саңылаудан созылып кеп Ай-жігіт
Құс төсекке боз білегін артады [83, 40 б.].*

Келтірілген шумактардағы «құмай төс», «шайы көрпе», «мас көрбездік» «сал дене», «ақ сазан тән» , «бұла тұн» , «алышы иықта қанат жайған қара бұрым» сияқты көркемдік айшықтаулар контексте ерекше мәнді, сәнді, сезім мен суретке сіңірілген сырлы болу сырындей әсер берсе, ал « Елік жанарды зер кірпік бүркеуі» , «Саңылаудан созылып кеп Ай – жігіт, Құс төсекке боз білегін артуы» ақынның жеке дара сөз қолданысының қымбат қазынасынан алынған шеберлік өрнегі деуге болады. Кәкей ақынға тән мәнер – сурет.

Кәкей ақын да кез - келген қаламгер өріптерестері сияқты бұрынғы жолды шиырламай, тыңдан эпитеттер табуға, жаңадан жасауға, өзіндік түрлерін туғызуға күш салады.

«Айқындау – суреткердің белгілі бір құбылысты, заттың жаратылыс табиғатын немесе адам жан - ділін үғынуының өлшемі болып саналады» [137, 526.] деген анықтаманың растығына ақынның өлгі сипаттауы, сәтті сипаттама қаламгер кемелдігінің де көрсеткіші.

Ақынның лирикасының тілінде адамның жан тебіренісін, көңіл толғанысын, жүрек лұпілін, сезімнің сан құбылуын көрсететін сипаттамалар, эпитет, метафора, теңеу т.б бейнелі сөздер көптеп кездеседі.

*Сәт таппай сыр ақтарар бір ыңғайлы,
Бозбала сыр үрлайды, қырындайды.
Жас бүршік көкіректе гүлін жайды,
Тоқтамай торғай жүрек шырылдайды [135, 276.]*

Алғашқы махаббат сезімнің бозбала жүрегінде оянған шағын «Жас бүршік көкіректе гүлін жайды» деген жолмен аңғартқан, яғни үлғайған метафораны қолданған. Бала сезім, «гүл жайған жас бүршіктің» қауқары - өлі «торғай – жүрек» күйін кешуде, қорғансыз. Метафоралы эпитетте, сырттай түр - тұлғалық үқастық болмағанмен, мағыналық ішкі байланыс мықты.

Ақынның ерекшелігі өр өлеңіне айшық беріп, мағыналық танымдық қасиетін, өсерін қүшетуге барынша ұқыпты қарап отыратындығы.

Өлеңге шырай, айшық берудің ерекше түрі – эпитет немесе айқындау. Бұл көркем шығармада жиі кездеседі. Себебі құбылыстың ерекше сын - сипатын, айрықша мінез - қасиетін анықтап көрсететін сөздерсіз шығарма ешбір көркемдік дәрежеге жете алмайды. Соған орай әдетте ақындар айқындаудың өр түрлі формасын қолданды. Сонымен қатар ақын эпитеттерді көркемдеу құралдарының басқа да түрлерімен араластырып қолдануға да,

түгел шумақты эпитетке құруға да шебер. Сөзімізге ақынның өлең шумақтары дәлел бола алады.

«Ақын» атты өлеңінде:

*Кеудесіне шабыт құсын қондырып,
Ақын отыр, асау жырга толгатып
Тау сілкініп, жаңғырыға жар құлан,
Тасығандай кеудедегі бар бұлақ.
Арындаиды ол бір сөтке;
Алып қашып, асау қалам – аргымақ [83, 196.]*

Өлең шумағындағы қанатына жел біткен қаламды – асау арындаған арғымаққа балаған және нар шабыттың жемісі болатын жырға ақынның толгатып отыруы – балама тіркестер арқылы үқсас құбылыстардың сыр – сипатын да бірге, қатарластыра суреттеген. Өлеңнің келесі шумақтарында:

*Дір еткізіп жесел қаққандай қияқты,
Көкіректен шымыр - шымыр күй ақты.
Жүрек тулас тербеледі жыр - сезім
Жапандагы жалғыз шынар сияқты.
...Бітті өлең нар шабыттың шәрбеті,
Кең маңдайдан жалғыз моншақ үзілді – [83, 196.]*

деп ақын сөзбен сурет салуда, көркемдік бейнелеуіш сөздерді құбылтып, түрлендіріп, олардың эстетикалық өсерін күшейтіп отырған. Бұл мысалдар ақынның тіл орамының икемділігін, өлең айшықтаудағы шеберлік қырларының ерекшелігін танытады. Ақын шығармаларындағы сөздің рецин кіргізіп, ажарлап, көркемдік көріктеулер беріп түрған эпитет, тенеу, метафора т.б тәсілдердің сөтті, мәнді қолданысынан суреткөр шеберлігін байқауға болады.

...Көркем ойға, образды, бейнелі ой жүйесіне тән өзгешелік – не нәрсенің, қандай құбылыстың болсын маңызды, ішкі қасиеттеріне және көптеген үқсас құбылыстар мен нәрселердің ортақ

ерекшеліктеріне қоса олардың жеке, өзіндік, жалқы сипатын танып - білуге үмтүлу.

«Поэзиялық сұулұлық дегеніміз жүректің миуасындағы гүлдей жайнаған, ақықтай жарқыраған үздік туған сөздердің сапқа, қатарға, сымға тартқан күмістей тізілуі, кестедей төгілуі, ішкі байланыстар жүйесінің беріктігі, құйқылжыған үнге ие болуы. Ендеше, Тойлыбай толғаныстарының мәні мен сәні ерекше елеулі.» [99, 96.]. – дейді ғалым Серік Негимов. Ғалымның пікірін тағы да тындалап көрейік: «...Әлемдік фольклорда «Күн», «Ай», «Жұлдыз» бейнелері ала – бөтен көркемдік қуатпен мұсінделген. Осынау бейнелерді көркемдік - эстетикалық мұратқа орай небір қырларын жан-жақты ашып көрсетуде, образ әлемін көркейтуде Тойлыбайдың көркемдік олжасы, ойлау жүйесі зейін аудараптық.

*Ақ денесі агараңдан Ай шығар,
Он жетіде гашықтардың алдынан.*

*Қызыл Ай миығынан күліп,
Дарияның ақ төсінен сүйіп алады.*

*Су ішеді кешкілік қос шалқардан,
Сынық мүйіз сиыр тіл ай мөңіреп.*

Шынайы зердеден, қиял серпінінен туындаған, зергерлікпен тоқылған мейлінше нәзік, бейнелі оралымдар жігерінді, рухынды оятады, жанынды, жүргегінді толқытады, фарышқа самғатады»

Біз Тойлыбай ақынның көркемдік қазынасындағы көрікті әрі жаңа айқындаудың образын мысалға алғып, тілге тиек еттік. Ондағы мақсатымыз – сөз зергерінің өрелі өнерінің бір қырын таныта кету. Өлеңде көптеген әдеби бейнелер осы тәсілдер арқылы жасалады.

Ақын Қауия Арысбайұлының өлеңдерінде өмір, тіршілік, дүние туралы алуан үғымдардың шешуі қыын түйіндері, соңдай-ақ, сырлы әлемнің әсерінен тұған сезім саздары өрнектелген. Өлеңнің қыры мен сырын, астары мен тынысын өзінше аңғарып, қолтаңбасын

әлдекашан оқырман көкірегіне қалдырған ақынның әдемі сөз, өсерлі сурет жасаудағы бейнелілігі көзге бірден үрады.

...Қайран шешім күн маңдай, [101, 33б].
«Өзімді айтсам»

...Қалғиðы қарт қарагай,
Бурыл самай, боз кірпік [101, 13 б].
...Көкірегінде бұла таудың,
Жатқан қыстай тұнышығып [101, 6б].

Сөз жоқ, бұл эпитеттер сонылығымен ақын тіліне жаңа ажар үстеген. Әрі ақынның шығармашылық бетін айқындай түскен. Бұдан ақынға тән машық-мәнерді де аңғаруға болады.

Поэзиялық жанрға тән ерекшеліктердің бірі – дыбыс қайталаушылық.

Фалым Серік Негимов: «Орнымен үндескен сөздер әдеби тілдің өрнек кестесіне әдемі ажар, айшық қосады. Ассонанс сөздің интонациялық - музикалық мәнін, экспрессивтік - эмоционалдық бояуын күштейтіп, ерекше елеулі тұстарды дыбыстыандырып, ой - сезімінің өсерлілігін арттырады» – деп көрсетеді Тойлыбай Құрманмолдаұлының «Ақ інгеннің аппақ сүті сел болып» деп аталатын төрт шумақ өлеңі түгелдей ассонансқа құрылған.

Ақ інгеннің аппақ сүті сел болып,
Ақсын өзен көбіктеніп, көл болып.

Ат шаптырып, ұлан - асыр той жасап,
Алтын арай күн жарқ етсе қуандым,
Ай жарқ етсе арасынан тұманның.
Ақбоз пырақ зымырасын даламен,
Арқасына жел тимесін құланның [99, 51б].

«Әдеби тілге дауыс ырғагы емес - ау, тіпті дыбыс қайталаулар арқылы да әжептәуір ажар бітіруге болады» [138, 13 б.]. Ал

«Арасанды асқар таулар, шалқар дала шалқайған» атты алты шумак өлеңі тегіс ассонанска құрылған.

*Арасанды асқар таулар, шалқар дала шалқайған,
Асау толқын, көгілдір көл көбіктеніп шайқаған.
Ақсақалдар сүңқар салған, алма мойын арулар,
Аттандырды астанага қасиетті Алтайдан [106, 436.]*

Ақын әлгі талаптарды яғни дыбыстық гармонияны қатты сақтайды. Сондай-ақ аллитерация талабына да ақын үқыпты.

*Тозбас күйін пернеңнің басын біліп,
Тамылжыған шуагы ашық күліп.
Теңбіл аспан ақ бүлті мамырлаган,
Телміртті ме мөңгілік гашық қылып?*

*Тарлан тау ма толқытқан көптен бері?
Тарихтың талайғы өткелдері.
Топырагы алтын бүл менің далаам.
Тұл батырдың өлерде өткен жері.*

*Таң кеудеден тасқын бол ақпай ағын,
Таянумен қойышының ақ таяғын.
Татырда анау, өтіпті сабаз бабам,
Тастап артқа сүт құйған сапты аяғын.
Торғын бөкттер көрдің бе көгал басқан,
Таддырымды тұсагам оған бастан. [106, 246.]*

Кемел азаматтың кіндігі туған ауылынан, туған топырағынан үзілмеуі парыз екенін ақын осылай аңдатады

Кәкей ақында «Сағындың ба» өлеңі осы әдіспен өрлене, әсерлі беріледі.

*Боз қайыңды бозша айга шомылдырган,
Бозгыл түннің санынан жаңылдың ба?*

*Сексеуілдей сиңсыған шагыл құмда,
Саргаюмен, бөленіп жсаның мұңға,
Сагындың ба, ұлыңды сагындың ба?*

немесе:

*Көмескі айды көк жиекке батырып,
Көлеңкелер шөгіп қалды қаптырық.
Көпке дейін шәу - шәу етіп им үріп,
Көпке дейін үкі тұрады шақырып,
Бүгінгі түн қаптырық [83, 246.]*

Қызай Бақтыбайұлының «Бесбогда» өлеңінен мынадай шырайлы шумақтарды оқуға болады:

*Жұлдыз көрпе жаздагы түнін түріп,
Жөнелерде Бесбогда шыңын сүйіп.
Тамылжып бір, толқып бір моп - момақан,
Келе жасатса керіліп, таңың құліп [139, 296.]*

Өнер туындысында әдетте жаратылыс шындығы осылай таныла отырып, сұлулық көрінісі ретінде бағаланады, образды, өрнекті келісімін табады.

Бейнелі сөздердің, көркем баламалардың маңыздылығы әдеби шығарманың мазмұнын ашуға, ондағы айтылатын ойды әсерлі етіп жеткізуге қаншалықты себі тиетіндігімен өлшенеді. Имашхан ақынның «Жаңбырдан соң» өлеңі де көркемдік құнарымен назар аудартады.

*Найзагай тентек бұлтқа дүре салып,
Қашты ол сұтті емшегін жүре сауып.*

*Төбемде жыныңдайды сылқым аспан,
Шекеге күн үкісін іле салып.
... Таулардың төбесіне тұман құлап,
Жуынып бұта, бүрген сыланды нақ.
Етекке шұғыл түсіп келе жатыр,
Жүйелеп жылғаларды жылан бұлақ.* [88, 226.]

Имашханның табиғат лирикасын жасаудағы шеберлігі, өлеңмен өрнек салуы, құбылысқа қимыл беру, асқан сезімталдық пен көрегендік жемісі, әсем сурет пен әдемі құбылыстың үйлесімін тапқаны сөтті. Мәселен:

*Жұлдыздар тайганақтап төбесінен,
Сөгілді тегене аспан көбесінен.
Жантайып жата кетті Ай мен Үркөр,
Тұнімен көз алартып төресіген.*
«Көктем таңы» [88 226.]

Табиғат – поэзияның объектісі ғана емес, оның бойына қуат бітіретін, өнін кіргізетін сұлулықтың арсеналы да тәрізді. Тіпті көркемдік – бейнелеу амалдарының неше алуан түрлерін ақындардың табиғаттан алатыны белгілі» – деп жазады поэзия жанрын зерттеуші Әбділхамит Нарымбетов [97, 326.].

Табиғаттағы сұлулықтың сырын түсіне, сезіне білмеген адамдар жыр жазып та жарытпайтыны белгілі.

«Табиғатты жырлауда екі өзгешелік бар, – дейді сыншы әдебиетші I.Омаров, – бірінші – табиғатқа сүйсіну, дәлдікпен суреттеу, көрген жердің фотографиясын беру, екіншісі – табиғатқа жан беру, тірліту, адаммен, қоғам өмірімен теңестіру» [140,546.].

I. Омаров айтқан пікірдің екіншісі аймақ әдебиетінде көбірек көрініс тапқаны аңғарылады.

Келді көктем. Келіп атып май таңы,

Тірлік біткен көктем өнін айтады.

Қар күпісін.

Мұз – көрнесін сүйретін,

Алжыған қыс жалаңаяқ қайтады [88, 31б].

Имашхан ақын өлеңіндегі жансыз нәрселердің өзі тіршілік иесінің қасиеттеріне ие болып, түрлі қымылдар жасайды. Ол үшін ақынды бүкіл ізгілік атаулыға қиялыштырып, фантазиясы бай болуын, бір сөзben айтқанда автордың өзі эстетик болуы керек. Сонымен бірге табиғатты шынайы суреттеуге ақын танымының ролі күшті екені белгілі. Осы жауапты талаптардан лирикалық кейіпкеріміз жоғары көріне біледі.

Жер – ананың сал денесі балбырап,

Күн – келіннің беті нарттай албырап.

Сығалайды түлкі аңдыған аңызыдай.

Жылғалардан бас көтеріп балқұрақ [88, 31б].

Ақын қарапайым сөйлеп отырып-ақ өзгеше бейне мен өзгерістерге толы дүниемен жолықтырады. Өйткені, ол – ақынның шының жүргегінен шыққан шынайы жырлар. Бұл шынайылықтың өзі адамда, ақында парасатты ой, сырлы сұлулық, иғі жақсылықпен табиғи байланысып жарасым табады.

Болмаса мақтасын деп бір ісімді,

Бота таң бозторгайга жыыр ұсынды.

Алтын күн қоржыны тоқ жолаушыдай.

Арқалап келе жатыр ырысымды

Сал көктем! Сен де осынша киелі ме ең,

Таулардың тер сорғалап иегінен,

Оянып үйқысынан маңгаз дала,

Жыртылып өзен жатыр жисегінен [88, 33б].

Табиғат ақын үшін тек материал, ақын идеясы, суреткерлік шеберлік пен талғампаздық нәтижесінде ол поэзиялық өрнек арқылы түрліше құбыла алады. Бұл нағыз лирик ақындарда болатын жетістік деп ойлаймыз.

«Адамның өзін рухани байытудың жолы біреу ғана. Ол табиғаттағы сұлулықты, әсемдікті көру, сезінудің сезімді үштайтыны секілді, әдебиет пен өнердегі эстетикалық сезім бұлағындай білу» [94, 36б.]. – деп С. Әшімбаев айтқандай адамның рухани жан дүниесін сұлуландырып, нәр беретін құдірет те осындай өлеңдерден дарыса керек

«Әдеби тіл қарапайым да сазды болуға тиіс. Асылында қарапайым әрі сазды жазу дегеніміз түсінікті жазу деген сөз. Тіл құдіреті таңғажайып. Адамның табиғат әлемінің сарқылмас түртүсін, қозғалысын бейнелейтін ең абсолюттік ой-санасын белгілейтін сөздің шекіз мүмкіндігін тіл құдіреті дегеннен басқа лаж жоқ».

*Шарбы бұлттар шалдыққан шудаланып,
Жалбыраган балағын суға малып.
Бүркыраган бұрымын тарқатылып.
Жатыр жосып өріле, тулат ағып* [88, 31б.]

Имашхан ақын «жалбыраган балағын суға малғызып» адамша әрекет еткізеді.

Ақын пейзажды адамның тұрмыс кешетін табиғи ортасы, мекен жайы ретінде ала отырып, әлеуметтік өмірмен, қазақ халқының көшпелі тұрмысымен тығыз байланыстыра көрсетеді. Ол өзінің шығармаларында жыл маусымдарын соны, ажарлы бояулармен әрлендіре суреттейді.

Метонимия да ой образдылығын арттыратын тәсіл. Илиясұлы Яки «Жастық шағым» өлеңі:

*O, Менің жастық шағым жасындаған,
Болат түяқ қырансың.
Шырқап салар жыр, өнсің,
Қамалсың сен жасуына алынбаган.
Секілдің наркескен,
Жұзінде от бар дескен.
Найзагайсың қара бұлтты тілгілер,
Ақ жаңбырысың сіркірер.
Сениң жайсаң мінезің бол күн күлер.
Көк өрімсің жайқалған,
Сәйгүлікің тайпалған [141, 166.]*

Өлеңде он бір буын мен жеті буын аралас келіп отырады. Орынды қолданылған құбылту өлеңге өзгеше рең дарытқан.

Негізінде, бейнелегіш – суреттегіш құралдар жүйесі ақынның көркемдік дүниетанымына, қабылдауына, көзқарасына қатысты.

Поэзиялық шығармадағы көркем түр, тіл, өлең өрнегі өз алдына оқшау, бөлек қаралмай, бір - бірімен сабактас, тутас алынып, олардың шығарма мазмұнын ашу дағы мәнін анықтау түрғысынан қарап талданады.

Көңілдегі сайрап жатқан ойды ықшам, көрнекті , ажарлы етіп үсына алу, әрине суреткердің тіл байлығына байланысты.

Тойлыбай Құрманмолдаұлының «Ногоннуурдағы қызыл тастар» өлеңі де ақынның өзіндік ойлау, өзінше бейнелеу тәсілін аңдататындей.

*Омырауы өксік өрт, жсаны жара,
Орқаш - орқаш, мүжілген бұжыр - бұжыр,
Үйдей - үйдей секпіл бет қызыл - қызыл.
Шомбал - шомбал, су шайған, жұмыр - жұмыр
Ашылмаган қабагы гұмыры бір...
Тіріледі мың сурет... Ойланамын,
Согатындаи тула бір бойда қаным.
Сәл кідірсем көретін секілдімін,
Ақ толқынмен солардың ойнағанын [106, 166.]*

Шынайы шабыттан тұған нағыз поэзиялық туындының мағыналық сыйымдылығы, көркемдік әсері де өлшеусіз той.

«...Бейнелі сөз не сөз тіркесінің өлеңнің мазмұнынан, идеясынан нәр алып, қуаттанып, әдеттегісінен ғөрі анағұрлым зор мағынаға ие болып шығатының мазмұн мен түр байланысының, мазмұнды көркем түрге айналдыратын поэзияның керемет күшінің ғажап бір көрінісі деп үгүймиз керек» [142, 166.].

Куанған Жұмаханұлының «Бес сала» өлеңіндегі төмендегі жолдар да адамның көркемдік танымын көздейтеді.

*Аспаныңнан жаңбыр моншақ төгіліп,
Жатса сіңіп, қасат қарға көміліп.
Жалбыр бұлттар омырауыңа түнейді,
Жұлдызы ілген шың - сүңгіге согылып. [87, 266.]*

Шеберлікпен қолданылған троптың түрлері өлеңге сұлулық дарытып, ойды көркемдей түскен.

Қ. Қалиасқарұлы «Талантқа сай талап болса» атты мақаласында: «Халқымыз дүниеге өлеңмен көзін ашып, дүниемен қоштасатын жыр жанды, күй конілді қасиеті бар жұрт. Анадан шыр ете құлағын әнмен аштырып аузына жыр үрлетіп өмірге араласқан қаламгерлеріміз әдебиетіміздің әлбетте поэзия жанрын дамытып келеді» - деп орынды пікір айтады. Аймақ оқушы қауымына ерте танылған «ойға жеңіл, жүрекке жылы тиер» өлеңдерін түйдегімен жазып көшшілік оқырманның ыстық ықыласына бөленген ақындар Байбатырұлы Имашхан, Мәулітұлы Зұлкәпілдердің туындыларын үздік деп танып, жақсы бағалайды.

Ғалым тағы да: «Сондай - ак осы бір сөз маржаның жасаушылар сапында Даян Қалаубайұлы, Қауия Арысбайұлы, Тойлыбай Құрманмолдин, Кәкей Жанжұнұлы, Зухай Шәріпақынұлы сияқты көптеген ақындар елерлік еңбек сіңіріп келеді. Әсіресе жалынды да жан тебірентер жыр иесі жас дарын Кәкей өзінен көп үміт күттіруде. Оның «Айхай Русь», «Анаға», «Отаным менің, айдының», «Тұған жер», «Бұлғының» атты сезімге

тола лирикалары монгол қазақтарының әдебиет әлемінде жаңа жүлдyz туғанын бірден - ақ көрсете алады» [144, 126]. – деді ғалым пікірін «Шұғыла» журналының 1975 жылғы (Өлгій – 1975) санынан ала отырып «Кәкей ақынның жас ақын бола тұра өзгеден ерекше, өзіндік даралығымен поэзияға келіп қосылғанына» көзімізді тағы бір мәрте жеткіземіз.

Поэзия деген сөздің өлең - жыр деген мағынасынан басқа, ретіне қарай, көркемдік әсемдік деген мағынаны беретіні тегін емес. Поэзия терен, нәзік сезімнен туады. Ол көңілдің толқынын, жүректің лүпілін білдіреді. Жалпы поэзияға тән қасиет – айтылып, баяндалып отырған нәрсе жайлы ұғым, түсінік беру емес, оны бейнелі түрде сипаттау, суреттілік десек, осы ерекшелік лирикалық өлеңдерден айрықша байқалады.

Қуанған Жұмаханұлы «Тан» өлеңінде:

*Көкжиектен көгілдір,
Тұн тундігі түрліліп.
Шылбырын шық зерлеген,
Кұлыншақ күн құлдырап,
Шешіліп шықты кермеден [89, 21 б.]*

Ақын күн шығып келе жатқан мезгілді қандай әсерлі суреттейді. Әрі халықтың түрмис - тіршілігінен туған сөздерді қолдану арқылы үлттық сипаттағы үздік өлең үлгісін тудырған.

Монголиялық казак ақындар лирикасында сөздерді әр алуан контексте ойнатып, құлпыртып, құбылтып, қайталап беруге өте шебер. Бұл барлық ақынның бүкіл шығармашылығына тән ерекшелік. Ақын өзіне қажетті әрбір сөзді лирикаларында бірнеше рет қайталаудан тартынбайды, қайта осындаі сөздерді, ойлы сөз тіркестерін, суретті сөздерді өлеңнің шырайын шығаратын, көркемдік дәрежесін көтеретіндей етіл, өзінін айттар идеясына бағындырып қолдана білгені анық көрінеді. Ақын өлеңдерінде үйқас үшін немесе буын санын толықтыру үшін

қолданылып тұрған басы артық сөздер жоқ, әр сөз, әрбір тіркес әр тармақ өз орнында тұр.

Байбатырұлы Имашханның «Бүркіт тау» өлеңіндегі табиғат көріністері арқылы ойды беру тәсілі тартымды.

*Дұлығасы аспан төсін түртеді,
Бұлт қалжыңдан бетіне су бүркеді.
Шың басында қыран бүркіт сілкініп,
Етегінде тауешкілер үркеді.*

немесе «Сыргалы суреті» атты өлеңінде:

*Шыршалар сыланбай - ақ сал қайыңдай,
Құбылып қалы кілем таңдаіындаі.
Алыстан жарқырайды Сыргалы көл,
Даланың маңғыл қасқа маңдаіындаі [88, 121 б.].*

Ал, ақынның сәтті теңеу, метафора, эпитет – образды сөздері қаншама!

Екі нәрсені салыстыра бейнелеу арқылы өлеңдегі өрнекті құлпырта тусаді.

Осының бәрі тұтасып келгенде құрделі де қызықты сырлы әлем құрайды. Жырларындағы дархан даланың кешегісі мен бүгінгісі, мезгіл мақамдарынан биік тұрған уақыт рухы, қазақ халқының ұлттық этнографиясы мен психологиялық күйлерінен тамыр тартқан сұлулық, гуманистік сипат аса шырайлы, шуақты, жарқын.

Ақынның суреткерлік дәрежесі мен сөз қолдану мәдениеті де, оның шығармаларының көркемдік сипаты да қолданылған сөздердің жалаң сандық молдығынан емес, ішкі ой сұлулығын берерлік үйлесімді сөз асылын сұрыптаған, талғап қолдана білуі арқылы танылады.

Сөздің әсерін арттыру мақсатында көркем шығармада кездесетін фигураның (айшықтың) бірі – қайталау болып келеді. Бұл жайында ғалым З. Қабдолов: «...қайталау – сөз әсерін күшейте

отырып, оқырман назарын айырықша аударғысы келген нәрсесіне құбылысты бірнеше мәртебе қайталап, айттар ойды, үктырап сырды үғымға мүқият сіңіре түсу» [95, 239 б.]. деген еді. Ендеше осы қайталау көркем шығармаларда қолданылуына қарай бірнеше түрге бөлінеді: Жай қайталау, еспе қайталау, әдепкі қайталау, әдепкі қайталау – анафора, кезекті қайталау эпифора деп аталаады.

К. Жанжұңұлының «Спектакль үстінде» өлеңінен алынған мына бір шумаққа көңіл аударайық:

*...Қарғыс анат солдырмады не ғұлди,
Қаниша бұтін қабыргадан сөгілді.
Қаниша шерлі Толғанайшар егілді,
Қаниша жасы әжелердің төгілді [83, 56 б.].*

Өлең – кең алып қарағанда әлеуметтік құбылыстың уақыттық аясы артып, рухани мәні теренеңнен қозғалады. Анафоралық тәсіл сезім қуатын күйлей өрнектесе, толымды үйқасқа негізделген шендерестіру амалы ақын жанының қызыу мен сындары үғымын көтеріңкі әсермен бедерленген.

Ақын өзіне қажетті әрбір сөзді лирикаларында бірнеше рет қайталаудан тартынбайды, қайта осындағы сөздерді, ойлы сөз тіркестерін, суретті сөздерді өлеңнің шырайын шығаратын, көркемдік дәрежесін көтеретіндей етіп, өзінің айттар идеясына бағындырып қолдана білгені анық көрінеді. Ақын өлеңдерінде үйқас үшін немесе буын санын толықтыру үшін қолданылып түрған басы артық сөздер жоқ, әр сөз, әрбір тіркес әр тармақ өз орнында түр. Көкей ақынның «Құмнан сусап құлағанда құмығып» деген өлеңі эпифоралық тәсілмен жазылған.

*Құмнан сусап құлағанда құмығып,
Демеп жібер, -
Әшейінде молышылығың не керек,
Шыңнан тайып жасатқанымда жығылып,
Жебеп жібер, -
Әшейінде елилігің не керек.*

Немесе:

*Ерлігіңді тарышылықта көреійін,
Байлығыңды жарышылықта көреійін.
Иығыма құш түскенде көреійін.
Басыма бір іс түскенде көреійін.*

*Досым болсаң сүйемелден атып қал,
Қасым болсаң қасқая кеп шалып қал
Бұлаң құйрық, арзан құлқі агайын,
Таныр болсаң, кезеңде танып қал [83, 42 б.]*

Кезекті қайталау – эпифора тәсілімен жазылған ақынның келесі бір өлеңі «Юуны төлөө уух вэ?» («Не үшін ішеміз?»)

Осы сатиравың өлеңінде автор қоғамда көрініс беретін жайсыз әдеттердің бірі үлкен - кіші арасында «айықпас дерт» боп тараған азы судың әлегін сынға алады. Сол арқылы үлкен ойға жетелейді. Автор тілімен айтсақ: «Бір зауал жазалап, Күн сайын талқыға түсеміз. Жүр сауал мазалап, Осы біз не үшін ішеміз?». Бұл өленді монгол тіліне аударсақ:

Манайхан нийләх дурттай
Мал болтол дампуурах зуршалтай
Ганцаараа хүртдәх
Гахай биш дәэ! [144, 38 б.]

Монгол өлеңіне тән ерекшеліктердің бірі – жол басындағы екпін – үйқасқа күрылатын әдіспен жазыллатындығы.. Монгол өлеңінің үлттық формалық түрі – екпін үйқасы көбінесе жол басындағы екі өріп бірдей болған сайын толыса түседі.

Көкей ақынның өлеңі монгол тілінде жазылғандықтан монгол үлтінің өлеңдік формасының заңдылықтары ескерілген. Ал осы өлеңнің қазақшасына назар аударайық:

«Інтымақ түбі – бірлік» дег,
 «Бірігүге» құмармызы.
 Бірігіп ап дүрлігүге құмармызы.
 «Өле ішкенше –
 Бөле ішкен жақсы» – дег,
 Стакан түбін көре ішкен жақсы» дег,
 Достар қолқалаган соң,
 Құмар тарқамаган соң,
 Солар үшін ішесің.
 Ишесің де
 Жалманыңнан түсесің [135, 53 б.].

Өлеңде оқырман назарын өзіне аударатын бірнеше элементтер бар. Қазақтың «Інтымақ түбі – бірлік» деген мәтел сөзі, мәтел сыныңды тілдік қолданыста көп кездесіп қалатын мәдениетті болмаса да «өле ішкенше – бөле ішкен жақсы» деген тіркес. Сондай - ақ контексте қайталанып келіп отырған

-бірігу, -бірлік, -бірігіп алып деген сөздердің үш рет; -өле ішкенше, -бөле ішкенше, -көре ішкенше және өлеңнің соңғы шумағындағы -ішесің сөзінің екі рет; сонымен қатар бірінші шумақта екі рет, екінші шумақта бір рет келіп тұрған -құмар сөзінің үш рет, яғни тармақ ішіндегі сөздердің қайталануы монғолшадан қазақша аудармасында да монғол тіліне тән занұлтылықты сақтап қалып отыр. Кәкей ақынның өлең тіліндегі үлттық ерекшелік ережесіне аса талғампаз, сөзге кіді, кіргияз екендігі таң қалдырады.

Өлеңді ары қарай оқығанда, әрбір мерекенің атымен басталатын шумақ тегіс осы жоғарыда көрсетілген тәсілдерді қатаң сақтай отырып жазылған. Мәселен, «Ал «Март» деген сез – Бір - екі грамм тарт деген сез», немесе «Жайрақ қағып май келеді, Көңілге тым сай келеді», «Арасында «Күлкі күн» бар, Ал енді күлмейтүғын кім бар?» дегендегі жалғаса береді. Өлең ойнақы тілмен жазылған. Ой бере алатын, толғандыра алатын, үздік туынды болуымен окушысын баурай жөнеледі.

Монголиялық жазушы, аудармашы С. Магауияұлының: «Менің ойымша қазақ сөйлемдер көбінесе шағын сөзден, монгол сөйлемдер кейде тым көп сөзден (көптеген құрмалас сөйлемнен) тұрады құралады» деген пікірін жоғарыдағы өлең шумақтары дәлел болып тұргандай. Мағыналық тұрғыдан өлең ешқандай да бөлшектеуге келмейді.

Өлеңді монгол тіліндегі нұсқасын ары қарай оқып көрейік:

«Хүхдийн өдөр» бас бий
«Үртэй бол жаргал»
Үүнийг эс тэмдэглэвэл нүгэл
«Нусгай хамартынхаа» төлөө
Нууцгай борынхoo төлөө
Сэтэрхий шүдээт ачийнхаа төлөө
Сэнжиг нь салаа охинҳоо төлөө
Хәний нь ч марталгүй хундага өргөнө
Хәсәж, хәсәж ирәед
Хаалгаар мөлхөж орно [144, 38 б.].

Осы елеңнің қазақшасы:

Улкен - кіши сагынар,
Балалар күні тағы бар.
«Балалы үй - базар» деген,
Мерекеде мына секілді.
Біраз «базарлан» қалмау –
Әкелеріне күнө секілді.
«Дымқыл мұрындарың үшін,
Түқыл тұлымдарың үшін,
Кемік тістерің үшін,
Қожсанөсір істерің үшін,
Айналайын қалқаларым,
Менің ішін жүргенім
Өздеріңнің арқаларың» – деп,
Айтышылап - айтышылап келесің,
Есік еңбектеп енесің... [135, 53 б.].

Бұл шумақтардың басында бала, базар, секілді деген сөздер екі реттөн қолданылса, келесі шумақта үшін сезі төрт рет (эпифора әдісімен) берілген. Бірақ сөздердің қайталануы өлеңнің мағынасына солғындық беріп тұрган жок.

Осы ретте қаламгер Ш.Нығышұлының мына бір пікірін көлтіре кетудің зор мәні бар: «Ақын - жазушыларымыздың көбі, әсіресе, жас таланттарымыз монгол әдебиетінен оның өз тілінде сусындалап, керегінше тәлім, өнеге алып, білім шеберліктерін, дарын таланттарын жетілдіріп келеді. Өз творчествосын монгол тілінде жасайтындар да тұа бастады» [145, 226.] – деген пікірінің нақты дәлелі осы.

Көкей Жаңжұнұлы поэзиясында алмастыру тәсілін де сәтті пайдаланады.

«Той көріністері» атты өлеңінде:

*Кызыққа қыран даға үздігүде,
Кім үйде отыра алар ізгі кунде.
Сексендер селк - селк етіп ат ерттетті,
Сегіздер жүйріктедің тізгінінде.*

Ақынның сексендер деп отырғаны қарттар, ал сегіздер деп отырғаны жеткіншек балалар болса керек.

Ақынның лирикасынан шенdestірудің небір үлгілерін көруге болады.

*Әлі кунге қалған жсоқ бала машық,
Баяғыдай құс көңіл ала қашып.
Жиырма бестің жесілкпе қиқуымен,
Қырқасынан қырықтың барам асып.
Шұқығандай сол көзім оң көзімді,
Талақ етті бұл кезім, сол кезімді.
Мініп өскен мойынга інілерім,
Келіп қапты құсырып ол да өзімді.*

*Хас жүйріктей жанса да талай багым,
Қаскөй уақыт қоймады алайғанын.
Бара жатыр шөмейіп бал айларым,
Бара жатыр көбейіп самаіда агым [135, 29].
«Қош, Көктем»*

Шендерестіру ақын лирикасында жаңаша және жақсы шыраймен көрінеді.

«Екі нәрсе қатар, яки қарама - қарсы келгенде арасындағы айырым көзге көбірек түседі. Биік пен аласа, ұзын мен қысқа, көрікті мен көріксіз, шебер мен олақ, ғалым мен надан қатар келгенде араларындағы айырмасын ашық көреміз» [137, 26].

Фигураның ендігі бір түрі – сөз тастап кету, яки эллипсис. Көкей ақынның «Емен» өлеңі.

*Өтті сол шақ, жалғыз - ақ күн «өлді» емен,
Кара жердің түп тамыры түршігін...
Таңсөріде орнында желменен,
Желкілдейді бір шыбық [135, 42].*

Қазақ тілінің бай сөздік қорын аса ұқыптылықпен орын- орнына орнықтыру арқылы олардың негізгі мағынасын тереңдетіп, кейде жаңартып, жаңғыртып қолданған.

Олардың ақындық сұрыптауынан өткен қарапайым сөздердің өзі жаңаша бір мағынаға ие болып, бұрынғысынан көріктене, әсерленіп шығады. Соның нәтижесінде ақындар өлеңдері ажарланып, айшиқталып құбылып келіп отырады. Шығармада көркемдік құралдардың бір ғана түрі қолданылмайтыны белгілі. Бір өлеңде, тіпті бір шумақтың өзінде бірнеше көркемдік құралдардың түрлері қатар келіп, өлеңдердің қадір - қасиетін арттырып тұрады.

Монголиядагы қазақ ақындар шығармаларының дені үлттық ерекшелігімен айқындалады.

«Үлттық ерекшелігімен көрінбеген шығарма тіпті көркем шығарма емес, неге десеңіз, көркемділік ең алдымен нақтылық,

нанымдылық, көркем өнердің қандай түрі болғанымен тек ұлттық негізде туады, ұлттық дәстүр, харakter, ұфым, тіл, салт, әдет - ғырып сияқты шындықта бар нақты элементтер мен категорияларды табиғи жолмен бойына жинайды».

Куанған Жұмаханұлы «Бәйге» өлеңі.

*Жанарлардан жаңбырдаі жасас парлатып,
Боз көдесін жайлалаудың аспанга атып.
Сәйгүліктер шашасын шаң шатмаган,
Адырнадай мәреден шыққанда атып [89, 19.]*

«Өлең неғұрлым образды, жанды суреттерге құрылған сайын ол көңілге жылы ұялайды, эмоциялық әсері арта түседі ғой. Образды ой мен сыршыл өүен астасып келген жағдайда өлеңнің құндылығы тіпті арта түсетіндігі мәлім. Мұндай өлеңдерді ақын Кеңес Ілиясұлынан көптеп кездестіруге болады» [100, 36]. -- деп көрсетеді Яки Ілиясұлы.

*Ақ көйлектің етегі дөңгеленіп,
Аққудайын ақ төсін жеселге беріп.
Қысын ұстап келеді ат тізгінін,
Аргымаққа ару қызы бермей ерік [100, 13.]*

«Қызқуар» деген өлеңінен алынған осы шумақта шабандоз қыздың әсем образы бейнеленген. Бұл өлеңде қыздың сыртқы жарастығын ғана емес махаббаттық ішкі толғанысы да сәтті жырланған.

*Жас жүрегі келеді - ау асықтырып,
Тұлқи ілемтін қырандай гашық жігіт.
Текжеу керек ат басын, сүйсін бір сәт,
Аққан судай көңілі тасып тұрып [100, 13.]*

Бұл психологиялық толғаныс пен сыршыл образдардың астасып, әсем сурет болып өрілуі ақында өте шеберлікпен берілген.

Яки Илиясұлы «Әткеншек» өлеңінде алма-кезек ауысқан тіршілікті «боз даланың тұғыры болған» әткеншек арқылы табиғи жеткізеді.

*...Айлар, жылдар жылжып жәй өтіпті алдан,
Үрпақтарга талай бір жетіпті арман.
Менің дагы жастығым әткеншекте,
Сезіледі ілесін кетіп қалған [100, 13.]*

Тойлыбай Құрманмолдаұлы «Шілдехана» өлеңіндегі ажалды өмірдің келеке етуі ақындық тапқырлық.

*Жақсы күн жаз күлкілі береке егіп,
Ажалды өмір үні келеке гып.
Көтеріп кеудесіне нәрестені,
Жатқандай жалпақ өлем мереке қып...*

ал «Балуандар» өлеңі:

*Билеп шықты. Жол берді жүргіт жарылып
Шойын жеслке, шалқақ кеуде ақиық.
Далпылдатып ауыр үлкен қанатын,
Жерден үшып барады бір самұрық, – [106, 336.]*

деген жолдарда көз алдыға жанды бейне елестейді. Балуанды «ауыр үлкен қанатын жайып үшқан самұрыққа» балауы да ұтымды.

*Қайсаң тұлға қайыспастан сірескен,
Шымыр мұсін шыққас мөңгі бір естен...
Женімпаздың жүзінде алау ойнайды,
Жауырыны жерге тимей күрестен!...*

Қатшанұлы Шабдарбай «Бәйге» өлеңі:

*Шулайды халық шығады бөтен, таңыс үн,
Елірді жүйрік, қызған жоқ білем жсан үшін.
Атының басын жіберіп еркін, өзінің,
Келеді бала қамышымен осын намысын.
Шабандоз өлі құйын боп кетіп барады,
Сағым боп үшып, оятып теуіп дааланы.
Өмірдің өзі адамдар үшін бәйге гой,
Бәйгесіз өткен минуттарым қаралы [138, 316.]*

Ш. Қатшанұлының бұл өлеңіnde бәйгеге шапқан сәйгүліктер бірде құйын, бірде сағым болып көз алдымыздан өтіп жатады. Өлеңнің соңғы екі тармағында философиялық ой түйінделеді. Өршіл рухқа шақыргандай болады.

Байбатырұлы Имашхан ақын да «Алаулап жана сала таң шырағы» атты өлеңінде:

*Алаулап жсана сала таң шырагы,
Ауылдың оянады « аңшылары» ,
Қанатын қалт - қалт еткен қомдай салып,
Шагала тұмсығымен шанышлады.*

*Ауылдың жастарын да билеп сауық,
Қойғандай биені де сирек сауып.
Желіден ағытылған қасқа құлышын,
Барады ноқта – жібін сүйреп шауып, – [89, 316.]*

деген өлеңі шуақты ойға жетелейді. Имашханға тән бір ерекшелік – іркіліссіз емін-еркін жырлау басым.

И. Байбатырұлының келесі «Тұрса да аспан төсі алаң-ашық» өлеңінде жазғы ауыл қөрінісінің бір сәтін көз алдыңа жайып салады. Өлең шынайылығымен баурайды.

*Тұрса да аспан төсі алаң - ашық,
Құяды бүршак, жсанбыр араласып.
Өткінші өте бере төбесінен,
Өресіп бүкіл ауыл салады ашып.*

*Келіндер кезқұйрықпен « жағаласып» ,
Оның да тоқтатпайды араны ашып,
Қойса да айбар етіп тымақ байлан,
Жас құртты барады, өне ала қашып [88, 256.]*

Ақын Рысбек Зұрғанбайұлының «Махамбет» өлеңінде

*Өзің жайлы ой теңізге батам көп...
(Отсыздығым кіл жсанымды жастар жеп!)
Өрт сезімнің от жүректің иесі,
Мәрт мінездің түп атасы Махамбет!*

*Селін кешіп тұл тағдырының қатал бек,
«Кескекті ердің сойы» болған Махамбет.
Алмас қылыш, алдастан сөз туысып,
Жүргегіңе тогысты егіз – қатар кеп, – [118, 146.]*

деп ағынан ақтарылады. Фажайып биік рухтың иесі болған, жауына жасын болып түскен ақынның ерлігін мадақ етеді. Дауылпаз ақын образын алдастандай жарқылдаған жолдармен сөтті, тапқыр бейнелейді. Бұл азаттық үшін арпалысқан Махамбет сынды ақынға бағышталған жыр-ескерткіш.

Ақын Садырбек Даілайұлының өлендерінде қазақ халқының жақсы салт-дәстүрі мен этнографиялық көріністері өзіне тән ерекшелікten тартымды жырланады. Ақындардың өлендерін оқып отырғанда олардың үнемі ізденіс үстінде екенін байқаймыз. Ақынның «Жолаушы», «Сыбызғы сарыны» т.б. өлендері бұл

оыймызға дәлел бола алады. Көптеген ақындар туындыларына тән бір жылы ағыс оқырман көңіліне шуақ сыйлас, жаныңды жадырата түседі.

Көркем тіл, образдылық – Монголия қазақтары поэзиясы үшін бір байлық. Мұны атап айту қажет. Монголия қазақтары поэзиясы үшін екінші арна – тарихи-этнографиялық сипат! Үлттық салт-дәстүрге адалдық, оны өлеңге өрнек ету – екінші арна, екінші бір ерекшелік.

Түйіндей айтқанда, Монголиядағы қазақ поэзиясының мазмұны терең, тілі бай. Өйткені ақындар үнемі ізденіс үстінде болғаны байқалады. Соның нәтижесінде тілдің бояу - нақыштарында соны қолданыстар барышылық. Өлеңдердегі орынды баламалар халықтың өмір - салтынан алынғандықтан, халықтың үғым түсініктерімен қабысып отырады. Оқырманның өсемдік сезімін оятып таңдай қактыратын тың, соны бейнелі сездер де аз емес. Талғампаздықпен қолданылған балау - салыстыру, ажар - айшық, ауыстырулар біз сөз етіп отырған кезеңдегі ақындар шығармаларынан молынан орын алған. Сонымен, Монголиядағы қазақ поэзиясы қара шаңырактағы қазақ әдебиетінің бір бұтағы десек орынды болмақ.

Фалым З.Бисенғали: «Бұғінгі әдебиеттану ғылымы мен тарихы әдеби шығармалар мен құбылыстарды, бағыттарды көкке көтеру мен оған дәлелсіз құдіктене қараудың кесел көріністерінен арылып, түрпайы социологиялық талдаулар мен дәлелсіз пікірлерді, дауларды артқа тастан, ғылыми фактілерге негізделген байсалды зерттеулерге тоқталды. Құн санап қосылып жатқан «көнениң көзі» – әдеби мұраларымыздың көбеюі, ғылыми-зерттеу жұмыстарының тәжірибесі мен этикасының, эстетикасының артуы осының айғағы» [120, 4 б.] деп айтқан пікіріндегі «құн санап қосылып жатқан» мұрагаттардың бірі де осы диаспорада жасалған әдебиет деп айтуға болады.

Оны зерттеп, зерделеп әдебиет тарихына қосу басты парыз.

Өйткені төрт құбыламызды түгендейтін уақыт келді. Егемен ел болып, тәуелсіздікке қол жеткіздік. Ендігі басты міндеттің бірі сыртта жүрген қазақ диаспорасының мәдени - әдеби мұрасын жалпы қазақ атты халықтың рухани қазынасының бір тармағы ретінде қаралу. Осы арқылы үлттық идеяның ұлы діңгегін нықтай түсуіміз қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Ақыт хажы. «Ғахылия». Құрастырган Шынай Рахметұлы. Өлгий, 1992. 256
2. Қалиасқарұлы Қ. Монголиядағы қазақ әдебиеті. – Алматы, «Арыс», 2009. – 130 б.
3. Бопайұлы Б. Иман жырау Ақыт қажы Үлімжіұлы. «Көш» газеті, 2001, №1, -4 - б
4. Әуезов М. Әдебиет тарихы. -Алматы, 1991 226-б.
5. Қалиасқарұлы Қ. Монголиядағы қазақ зиялышы // Шалқар. – 1993. – №21 – 12 – бб.
6. Әуезов М. Абай Құнанбаев. Алматы: Санат, 1995. 86-98 беттер.
7. Ақыт қажы. Жиһаншаш. Жыр, толғау, қисса, дастандар. – Өлгий, 1994. – 15-б
8. Ақыт қажы Үлімжіұлы. Қажыбаян. Өлгий, 1991. – 123 б.
9. Мұхамадиұлы Қ. Монголиядағы қазақ этникалық тобының қалыптасуы мен дамуы», Алматы, 2000. 448 б
10. Алланың көркем есімі // Құраст. Қадыров М. Алматы, 2008. – 88 бет.
- 11.Омаров Д. Ұлылар үндестігі (Абай мен Мұхтар Әуезов дүниетанымдары туралы философиялық толғамдар).- Алматы, Санат, 1999.-176 б
- 12.Ақыт Үлімжіұлы Ақыт. Ахирет-баян. Өлгий, 1993 ж.–150 б.
- 13.Шекерім. Қазақ айнасы. Өлеңдер мен поэмалар. Алматы: Атамұра, 2003.– 141 б.
- 14.Шетел әдебиеті / Құрастырган Бекбаев Ә. Алматы: Мектеп, 1972.–281 б.– 125-б
- 15.Абай. Мақсатым – тіл ұстартып, өнер шашпак: Өлеңдер. Поэмалар. Аудармалар. Қара сөздер.–Алматы, Білім, 2010.–304 б.
- 16.Ибрагим Д. Адамзаттың асыл тәжі (Мұхаммед (с.а.у.) пайғамбардың өмірі. I Мекке кезеңі.– Алматы, 2003.–125-б

17. Есім Ф.Сана болмысы. 9-кітап. Алматы: Қазақ университеті, 2005.–279-280 бб.
18. Құран Қәрім. Қазақша мағына және түсінігі //Ауд. Х.Алтай.– Медине, Мұнаууара Сауд Арабия, 1991.–600 б.
19. Корқыт ата кітабы.Оғыздардың батырлық жырлары: Эпос // Орыс тілінен ауд. Ә.Қоңыратбаев, М. Байділдаев.–Алматы: Жазушы, 1986.–128-129 бб.
20. Абай. Қалың елім, қазағым... Өлеңдер. – Алматы: Атамұра, 2002. – 224 б.
21. Сауытбеков С. Сөз төркіні. Зерттеулер, мақалалар, көсемсөздер. – Көкшетау, 2003.–566.
22. Сауытбеков С.Л. Үлес (өлеңдер жинағы) Алматы, «Жазушы», 1978, 45 бет.
23. Есім Ф.Сана болмысы. 10 - кітап. Алматы: Қазақ университеті, 2007.–271-272 бб.
24. Шапагат. Көкшетау: Көкшетау университеті, 2003. – 97 б.
25. Қажыбай Фазыл . Шапагат. Көкшетау: Көкшетау университеті, 2003. – 97 б.
26. «Қазақстан Республикасының Конституциясы», Конституция 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды, Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 4, 217-құжат.
27. «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы», Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі № 151 Заны, Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 13-14, 202-құжат.
28. Жаңқұнұлы К. Қош, Көктем. – Өлгий, 1992. – 198 б
29. Жаңқұнұлы К. Жаңқұнұлы К. Жауқазын. – Өлгий, 1981. – 54 б.
30. Келімбетов Н. Ежелгі әдеби жәдігерліктер. Алматы: «Алатау», 2005.–330 бет.

31. Мырзахметұлы М. Қазақстан – хас сақ мемлекетінің мұрагері / «Қазақ әдебиеті» газеті. Алматы, №30 (2982). 2006. – 4-5 беттер.
32. Есім F. Сана болмысы. Алматы: «Қазақ университеті». – 310 бет.
33. Жүртбаев Т. Дұлыға. – Алматы: Жалын, 1994. т.1. – 368 б.
34. Иманғазинов М. «Сақ Анахарис және оның тарихи-әдеби орны» // «Қазақ тарихы» журналы, №1 (106), қантар-ақпан, 2011.
35. Қазақтар. Энциклопедия. Алматы.– 1999. – 400 бет.
36. Сәтбаева Ш. Әдеби байланыстар. Алматы, Жазушы.– 1974. -216 бет.
37. Есім F. Сана болмысы. Алматы, Қазақ университеті. – 1997. – 223 бет.
38. Шәкәрім Өлеңдер мен поэмалар. Алматы, Жалын. – 1988. – 252 бет.
39. Есім F. Қазақ философиясының тарихы. Алматы, Қазақ университеті. 2006. – 215 бет.
40. Көкшетау жас ақындар антологиясы. – Көкшетау: «Мир печати», 2010. – 35-б
41. Бұхари, Рикақ, 15. 40 хадис аясында. Көркем мінез-құлық. Хикмет баспа үйі.ЖШС.2011
42. Елубай С. Қияметқайым ғасыры. «Жалын» республикалық әдеби-көркем және әлеуметтік журнал, 2011, №7.–28-52 бб.
43. Қинаятұлы З. Жылаған жылдар шежіресі. – Алматы: Мерей, 1995. – 298 б.
44. Қазақстан ұлттық энциклопедиясы.I том. А-Ә. «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы. Алматы – 1998. – 720 б.
45. Әбілқасымұлы С. Оспан батыр.Роман.Алматы, «Ана тілі» ЖШС, 2001 ж. 300 бб.
46. Бекей О.Кербұғы. Алматы: Атамұра. – 2003.– 84-б.
47. Бекей О.Тандамалы. I том.Алматы: Жазушы.1994. – 212-б.

48. Эбілқасымұлы С. Ақындың ақырғы балапаны». Алматы: Білім.
— 1997. — 232-б.
49. Асқар А. Алтай новелласы. — Алматы: Өлкө. — 2001. — 327 б.
50. Келімбетов Н. Ежелгі әдеби жәдігерліктер. Алматы: Алатау,
2005—330 б.
51. Жұмабаев М. Шығармалар. Алматы, 1989. — 252 б.
52. Жолдасбеков М. Асыл арналар. Алматы: Жазушы, 1990. — 3526
53. Есім F. Қазақ философиясының тарихы. Оқулық.—Алматы: Қазақ
университеті.—2006.—2166
54. Бәмішұлы Б. Тұмарлы таң. — Алматы: Көркем баспасы, 2003. —
519 б.
55. Қалиасқарұлы Қ. Монголия қазақтарының әдебиеті.—Өлгий,
1993.—85 б.
56. Құмарұлы К. Көрібоз. Өлеңдер мен дастандар.—Астана: Елорда.—
2001.—255 б.
57. Жолдасбеков М. Ел тағдыры — ер тағдыры.—Алматы: Санат,
1997.—685 б.
58. Бұшатайұлы М. Жібек бүйда тағылған Ойсылқара. Жұлдыз. №2.
1993
59. Қәпұлы Д. «Бұлдірген ағып түскенше» , Астана, «Фолиант»
баспасы, 2011 жыл
60. Қарағызыұлы Бауыржан. «Өң. Мен. Тұс.» Алматы, «Жалын
баспасы» 2011ж.
61. Қекішев Т. Оңаша отау. Алматы — 1982.— 300 бет.
62. Жұмаханов Қ. Жыр балтап, шәкірт баулыған. Сын сыры. —
Өлгий, 1985. — 146 б.
63. «Шұғыла» журналының 1970-1993 жылғы сандары
64. «Жаңа өмір» газеті. 1975-1980 жылғы сандары.
65. Қалиасқарұлы Қ. Монголия қазақтарының ауыз әдебиеті. Өлгий
— 1968.
66. Халық жырлары. Өлгий — 1970.— 450 бет.

67. Халық ақындары. Өлгий – 1972.– 396ет.
68. Шеберлік деңгейі. Өлгий – 1985.– 400 бет.
69. Яки Илиасұлы. Қаламгер парызы. Өлгий – 1978. – 350 бет
70. Қинаятұлы З. Жылаған жылдар шежіресі. – Алматы: Мерей, 1995.– 298 б.
71. Сейітжанұлы З.Шыңжан қазақ әдебиеті.–Алматы:Қазақ университеті,1999.– 185 б.
72. Қалиасқарұлы К. Монғолия қазақтарының әдебиеті. – Өлгий, 1993.–85 б.
73. Қалиасқарұлы К. Монғолиядағы қазақ зиялышары // Шалқар.– 1993.–№21 66.
74. Замана жыршылары//Күраст.Қалиасқарұлы К.Қажыбайұлы С.– Өлгий,1989.– 390 б.
75. Мұхамадиұлы К. Монғолиядағы қазақ этникалық тобының қалыптасуы мен дамуы» Алматы,2000. 448 б
76. Субханбердина Y. Ғашық наме. – Алматы, 1976. – 11 б.
77. Сейітжанов З. Ақыт ақын. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. 127 б.
78. Нығышұлы Ш. Біз шұғылаға қалай жеттік // Шұғыла.–1970.– №1.–5- 9 бб.
79. Кекішев Т., Дүйсенов М. Ұлы Октябрь шуағы.– Алматы:Мектеп,1981.–133 б.
80. Қаратайев М. Таңдамалы шығармалар. – Алматы, 1974.— Т.2. – 183 б.
81. Шеріпақынұлы З. Өлеңдер // Жаңа талап. – 1968. – №1. – 19- 26 бб.
82. Қабылханұлы Ә. Жаңа өлеңдер // Шұғыла. – 1983. – №3. – 52 -53 бб.
83. Жаңжұнұлы К. Маусым. – Өлгий, 1981.– 54 б.
84. Байбатырұлы И. Жүрек толқындары. – Өлгий, 1983. – 203 б.
85. Илиасұлы Я. Қаламгер парызы. – Өлгий, 1979. – 122 б.

86. Мұхамадиұлы Қ. Монголиядағы қазақ этникалық тобының қалыптасуы мен дамуы». Алматы: 2000. – 448 б
87. Жұмаханұлы Қ. А. Бабиұлы шығармашылығы: Монография. – Алматы, 1992. – 299 б.
88. Байбатырұлы И. Алтын сарай. – Өлгій, 1989. – 150 б.
89. Жұмаханұлы Қ. Інкәр сезім. – Өлгій, 1982. – 127 б.
90. Бисенгали З. ХХ ғасыр басындағы қазақ романы.-Алматы: Өлке, 1997.-2686.
91. Абайдың қара сөздері/Редакторлаған Х. Сүйіншәлиев.–Алматы: Ел, 1993.-98 б.
92. Баятұлы Е. Жақсы жырға жан құштар//Шұғыла. –1991. – №1. – 21–26 бб.
93. Мәулітұлы З. Ғашық жүрек. – Өлгій, 1988. – 82 б.
94. Әшімбаев С. Шындыққа сүйіспеншілік. – Алматы: Жазушы, 1993. – 623 б
95. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Мектеп, 1982. – 365 б.
96. Белдеубайұлы Д. Жыр жиһазы қандай? // Шұғыла.–1989.– №2. – 24-30 бб.
97. Нарымбетов Ә. Қазіргі поэзиядағы дәстүр тұғастығы. Қазақ поэзиясындағы дәстүр ұласуы. – Алматы: Жазушы, 1981. – 260 б.
98. Әшімбаев С. Шындыққа сүйіспеншілік. – Алматы: Жазушы, 1993.–623 б.
99. Негимов С. Тойлыбай толғаныстары // Қазақ әдебиеті. – 1998. - 18 ақпан.
100. Илиясұлы Я. Сегіз қырлы, бір сырлы ақын//Шұғыла.–1993.– №1.–28-31 бб.
101. Арысбайұлы Қ. Жол басы. – Өлгій, 1969. – 172 б.
102. Ташанбайұлы М. Жаңа өмір. Өлеңдер. – Өлгій, 1975. – 14 - 156б.
103. Қобда өзен толқыны. Жинақ / Құрастырып, редакторлаған Ш. Қатшанов. – Өлгій, 1975. – 208б.

- 104.Белдеубайұлы Қ. Жаңа өлеңдер // Шұғыла. – 1986. – №6 – 85 б.
- 105.Айбергенов Т. Өрнекті өлең өрісті // Жұлдыз. –1967. – №10. – 38-46 бб.
- 106.Кұрманмөлдин Т. Монголиям–миуа бағым. – Өлгий, 1982. – 158 б.
- 107.Бұшатайұлы М. Қайдасың көктем. Өлеңдер//Шұғыла.–1976.– №1.–13-18 бб.
- 108.Зейнешқызы Г. Жарқырап атқан таңдарым. – Өлгий, 1972. –145 б.
- 109.Аяпова Г. М. Әуезовтің әдебиет теориясына қатысты ой-пікірлері // ҚазҰУ Хабаршы. Филология сериясы. –2004. – №6. (57). – 164-165 бб.
- 110.Шәріпақынұлы З. Сыр маржандары. – Өлгий, 1976. – 145 б.
- 111.Кұмарұлы К. Кәрібоз. – Астана: Елорда, 2001. – 253 б.
- 112.Ахметов З. Поэзия шыңы – даналық. – Астана: Фолиант, 2002. – 143 б.
- 113.Жаңжұнұлы К. Жауқазын. – Өлгий, 1981. – 54 б.
- 114.Мәулітұлы З. Өлеңдер// Шұғыла,Өлгий, 1988. –3-4 бб.
- 115.Тебегенов Т // Қазақ әдебиетіндегі тұлға мәселесі. Ғылыми еңбектердің жинағы. – Алматы, 1998.– 82 б.
- 116.Мұқанов С. Жарық жүлдыз. – Алматы: Санат. 1995. – 268 б.
- 117.Мақатаев М. Аманат. – Алматы: Атамұра, 2002. – 303 б.
- 118.Зұрғанбайұлы Р. Фалам саған ғашықтын. – Өлгий, 1987. – 186 б.
- 119.Базарбаев. М.Өлең-сөздің патшасы, сөз-сарасы.–Алматы: Жазушы,1973.–256 б.
- 120.Бисенғали З. ХХ ғасыр басындағы қазақ романы.- Алматы: Өлкө, 1997. - 268 б.
- 121.Рахымжанов Т. Романның көркемдік әлемі. – Алматы: Рауан,1997.–222 б.
- 122.Есімов F. Хакім Абай. – Алматы, 1994. – 247 б.
- 123.Майтанов Б. Қаһарманнның рухани әлемі. – Алматы: Жазушы,1987.–229 б.

124. Мауқараұлы А. Жаңа қанат қаққанда // Шұғыла. – 1983. – №3. – 43-45 бб.
125. Бағыбаева А. Есенберлин романдарындағы махаббат тақырыбы // Жинақта: М.Әуезов және әлем әдебиеті. – Алматы: Қазақ университетті, 2004. – 390–393 бб.
126. Бәмішұлы Б. Тұмарлы таң. – Алматы: Көркем баспасы, 2003. – 519 б.
127. Тоханов Б. Өлеңдер // Шұғыла. – 1989. – №1.–80 б.
128. Исақов М. Халық календары. Алматы: Қазақ мемлекеттік баспасы, 1963.–210 б.
129. Орайханұлы С. Аяулы дүние. – Өлгий, 1987. – 116 б.
130. Майтанов Б. Сөз сыйны. – Алматы: Ғылым, 2002. – 145 б.
131. Ілиясұлы К. Тұз түлегі. – Өлгий, 1980. – 126 б.
132. Мәгежұлы С. Өлеңдер // Шұғыла. – 1991. – №1. – 10-11 бб.
133. Дәдебаев Ж. Жазушы еңбегі. – Алматы: Қазақ университетті, 2001. –336 б.
134. Әбдіғазиұлы Б.Шекерім поэзиясының көркемдік қайнары.– Караганды, 2003.– 144 б.
135. Жанжұнұлы К. Қош, Қектем. – Өлгий, 1992. – 198 б.
136. Қекішев Т. Қазақ әдебиеті сыйнының тарихы.–Алматы: Санат, 1994.– 448 б.
137. Әдебиеттандыру терминдерінің сөздігі/Редакторы Ахметов З.– Алматы: Ана тілі, 1996.–220 б.
138. Қатшанұлы Ш. Қөрімдік. – Өлгий, 1969. – 120 б.
139. Бақтыбайұлы Қ. Жаңа өлеңдер // Шұғыла. – 1983. – № 3. –23-24 бб.
140. Омаров І. Әдеби толғамдар. Алматы: Жазушы, 1988. – 230 б.
141. Ілиясұлы Я. Қөніл қектемі. – Өлгий, 1978. – 128 б.
142. Кенжебаев Б. Жылдар жемісі. – Алматы: Жазушы, 1984. – 299 б.
143. Қалиасқарұлы Қ. Талантқа талап сай болса // Шұғыла. – 1975. – №2 (68). – 10–16 бб.

- 144.Какей Ж. Диваажинд залрахын нууц.—Улаанбаатар:Есөн эрдэнэ хэвлэлийн хоршоо, 1994.—65 ц.
- 145.Нығышұлы Ш. Біз шұғылаға қалай жеттік//Шұғыла. – 1970. – №1.—5- 9 бб.

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз.....	3
---------------	---

ҚЫСҚА ӘҢГІМЕЛЕР

Жан дауа.....	5
Сағыныш.....	9
Күн қызы.....	14
Нәр.....	15
Тұмар мұн.....	16
Қызық лебіз.....	17
Әбу.....	20
Запыран.....	22
Әмірзая.....	25

ЭССЕ-ЕСТЕЛІКТЕР

Жақсы адам – басқаға жақсылық жасаған адам.....	36
Әке сенімін ақтаған.....	40
Откен күнде белгі бар...	45

ӘДЕБИ СЫН, ЗЕРТТЕУ

Алтайдан ұшқан ақын

Ақыт ақын.....	52
Ақын Ақыт қажы және Ислам ұлағаты.....	53
«Әуелі Әліп – Алланың есім заты, кітаптаған болар мың бір аты»	57
Ақыт қажының «Мұнаджат хази әл-хажат» туындысы.....	65
Ақыт ақын шығармашылығының зерттелуі.....	79
Сөз. Сөз өнері. Сейтен Сауытбеков «Сөз төркіні».....	85
«Адамға екі-ак нәрсе тіректегі, бірі–тіл, бірі–ділің жүректегі».....	96

Анахарсис – сақ ғұламасы.....	100
Қазақ әдебиетінің әлем әдеби мұраларымен байланысы (Шәкәрімнің «Крез патша» поэмасы және Солон)	104
Жүрші, әке, намазға жығылайық! (Жас ақындар поэзиясында Ислам құндылықтарының жырлануы)	108
Алтай тауының аясында.	118
Дүниеде дүр рухым – думан кешкен.....	124
Мен - тәнірім шашқан тары едім... (Ақын Д. Кәпұлышының поэзиясы негізінде).....	143
Қаламның ұшымен әлемнің сезімін түрленткен (Ақын Б.Қарағызыұлының поэзиясы негізінде).....	155
Монголия қазақтары әдебиетіндегі әдеби сынның тууы мен қалыптасуы.....	160
Қазақ поэзиясының өркенді бір бұтағы Алтайдан жеткен азаттық әуен.....	188
Қыырдағы қазақы әуен серпіні.....	195
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.....	277

ЕРКЕГҮЛ АРЫҚҚАРАҚЫЗЫ

ТҰМАР МҰҢ

Әңгімелер

Эссе-естеліктер

Әдеби сын, зерттеу

Басуға 22.05.2015 г. қол қойылды.
Пішімі 60x84/16. Көлемі 16,8 баспа табақ,
Таралымы 500 дана.

«Кекше» Академиясы баспасы
020000, Кекшетау қаласы, Капцевич көшесі, 243



ЕРКЕГҮЛ АРЫҚҚАРАҚЫЗЫ

МХР, Баян-Өлгей қаласында дүниеге келген.

1994 жылы орта мектепті алтын медальмен аяқтады.

1998 жылы Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеттің бітірген.

1999 жылы Абай атындағы Алматы мемлекеттік университеттің қазақ әдебиеті кафедрасында ізденуші, 2000 жылдан әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетті, қазақ әдебиетінің сыны мен тарихы кафедрасының аспиранты бола жүріп, 2005 жылы «Монголия қазақтарының поэзиясы және ақын К.Жаңжұнұлы шығармашылығы» атты тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады.

2007 жылы Білім беру мен тестілеудің мемлекеттік стандарттарының ұлттық орталығында «Қазтест» секторының бас маманы болып қызмет атқарды.

2008 жылы Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті «Отырар кітапханасы» ғылыми Орталығында аға ғылыми қызметкер, 2010 жылдан «Көкше» Академиясы «Қазақ филологиясы және жалпы ғылыми пәндер» кафедрасының аға оқытушысы, қазіргі уақытта атальыш оку орнының Гуманитарлық-педагогикалық факультеттің доценті, «Қазақ филологиясы және шет тілдері» кафедрасының менгерушісі болып жұмыс істейді.

«Құн қызы» атты қысқа эңгімелерінің топтамасы жастардың «Жас қаламгер» әдеби басылымында (Астана: Арай, 2007), «Көкшетау» ғылыми-танымдық, әдеби көркем журналында (2009), «Жұлдыз» Қазақстан Жазушыларының әдеби-көркем журналында (2011, 2012) жарық көрді.

«Монголия қазақтарының поэзиясы және ақын К.Жаңжұнұлы» атты монографиясы, 2009 жылы (Алматы «Ақотау» баспасы), «Шетелдегі қазақ әдебиеті» оку құралы 2011 жылы (Көкшетау, «Мир печати» баспаханасы) сонымен қатар 60 тан астам ғылыми мақалалары, баяндамалары халықаралық-республикалық әр түрлі басылым беттерінде, ғылыми - теориялық конференцияларда жарық көрді.